

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТІЛДІ

**Факультет/институт кеңесінің
шешімімен**

Факультет деканы

_____ Бексеитова А.Т.

(қолы) (Т.А.Ә.)

«__» _____ 201_ Ж.

МАҚҰЛДАНДЫ

Оқу-әдістемелік комиссиямен

«__» _____ 201_ ж.

№ _ хаттама

ОӘК төрағасы

_____ Жапарова К.Г.

ҚАРАЛДЫ

кафедра отырысында

«__» _____ 201_ ж.

№ _ хаттама

Кафедра меңгерушісі

_____ Кушпаева А.Б.

**ПӘННІҢ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ
(СИЛЛАБУС)**

Пән: Философия

Мамандық: барлық мамандықтарға

Тьютор: аға оқытушы , тарих магистрі Ахметова Гульмира Берлибековна
(Т.А.Ә., қызметі, ғылыми дәрежесі, e-mail)

Оқу түрі	Кредит саны	Сағатпен берілгендегі дәріс	Сағ.берілген практ., семин. сабақ	Сағ.берілген зертх.сабақтар	Сағ.берілген ОБСӨ Ж/ҚОТ	Сағ.берілген СӨЖ	Барлығы сағ.	Қорытынды бақылау
күндізгі	3	30	15	-	30	30	105	емтихан
сырттай	1	10	5	-	15	15	45	емтихан
кешкі	-	-	-	-	-	-	-	-

Пәннің пререквизиттері – Философия пәні тұлғаның адамға және әлемге деген көзқарасын қалыптастыруға және таным мен ойлаудың жалпы әдістері мен заңдылықтарын игеруге арналған Философия пәні студенттерді философия тарихы және теориясымен таныстырады. Сонымен қатар, студенттердің дүние туралы анық көрініске ие болуларына көмек көрсетеді.

Пәннің постреквизиттері – Философияны игеру үшін мәдениеттану, этика, эстетика, дінтану, саясаттану, әлеуметтану, экология сияқты гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің негізін білу қажет.

Курстың мақсаты: - әлем мен адам жөнінде ғылыми түсініктер беру;
 -плюралистік қоғамдық-саяси әлеуметтік көзқарастарды өз позициясынан таңдау еркіндігіне ие болу;
 -ғылыми философиялық дүниетанымды қалыптастыру мен әлемнің картинасының жан-жақтылық сипаттарын ұғыну;
 -ғылыми пәндердің методологиялық негіздерін, мақсаттарын анық игеру, көре білу;
 -объективтілікті, ақиқаттылықты, шынайылықты ажырату, көптүрлілікті.

Оқыту нәтижелері

Дублиндік дескрипторлар	Құзыреттер	Пән бойынша оқыту нәтижелері
А. білу және түсіну. В. білім мен түсінуді қолдану С. пікірлерді білдіру Д. қарым-қатынас орнату қабілеттері Е. оқуға деген қабілет.	Әмбебап: философиялық көзқарастарға дұрыс қарап, терең меңгеруге; командамен жұмыс жүргізе білу; өз көзқарасын айта білу; өз ойын толық айта білу; кез-келген тақырыпқа сараптама жасай білу; қазіргі заманғы отандық және әлемдік философияның өзекті мәселерін білу, талдау; Кәсіптік: философияның пәнін, қызметтерін, негізгі бөлімдерін және бағыттарын білу; арнайы философиялық терминологияны және философияның категориялық-ұғымдық аппаратын қолдануды; философиялық түпнұсқа мәтіндерімен шығармашылық және сыни түрде жұмыс жасауды; қазіргі заманғы жаһанданудың өзекті мәселелерін түсінуді; философиялық білімнің генезисі мен дамуының ерекшеліктерін сараптауды.	А. Философияның өзекті мәселері бойынша философиялық сұхбат және пікірталас жүргізу. Философия саласындағы, оның ішінде маңызды тұсау кесу арқылы негізгі тенденциялар білуін және түсінуін көрсету В. білімді кәсіби деңгейде түсіну үшін қолдану С. Философияға талдау жүргізу барысында дәлелдер жасап шығару және тақырып үшін ұсыныстар әзірлеу Д. Философия саласында маңызды деректер жинау және оларды түсіндіру Е. жеке және топтық тапсырмаларды орындау, оқуды жалғастыру, диплом жұмысын жазу үшін қажет материалдарды өздігінен зерделей білу шеберлігі мен қабілетке ие болу.

Сабақтар жоспары

Апта	Мазмұны	Оқыту әдістері	Оқыту нәтижелері	Бағалау құралдары
Модуль 1				
1 (3с)	Философия пәні, мақсаты және қызметтері. Семинар: Философия пәні, мақсаты және қызметтері.	Түсіндіру-көрнекілік, ізденіс-зерттеу, тақырыптық мәселені анықтау Сөздік, көрнекілік-тәжірибелік, зерттеу-ізденісті	Гуманитарлық пәндер саласындағы негізгі ағым, құбылыстар, соның ішінде философия пәні туралы білімі мен түсінігін көрсете алу	Сөздік жұмыс, конспект, тезистерді құрастыру; Жеке сұрау;
2 (3с)	Ежелгі дүние философиясы. Қазақтардың алдыңғы философиясы. Ежелгі Шығыс философиясы. Антика философиясы. Семинар: Ежелгі Шығыс философиясы. Антика философиясы	Ақпараттық-коммуникативтік, компьютерлік, түсіндірмелік-көрнекілік, тәжірибелік, зерттеу – ізденісі;	Қазақстандағы, Ежелгі Қытай және Үнді, Греция мемлекетінің тарихында орын алған негізгі оқиғалар, құбылыстар, процестерді білу;	Елдер бойынша реферат, слайдтар дайындау;
3 (3с)	Ортағасырлық Шығыс және Батыс философиясы. Семинар: Ортағасырлық Шығыс және Батыс философиясы.	Түсіндіру-көрнекілік, ізденіс-зерттеу, тақырыптық мәселені анықтау Сөздік, көрнекілік-тәжірибелік, зерттеу-ізденісті	Батыс тарихында орын алған негізгі оқиғалар, құбылыстар, процестерді білу; белгілі ойшылдардың пікірін талдау барысында дәлел ойларды, аргументтерді құрастыру;	Сөздік жұмыс, конспект, тезистерді құрастыру; Жеке сұрау; сөздікпен жұмыс;
4 (3с)	Қайта Өркендеу философиясы. Семинар: Қайта Өркендеу философиясы.	Ақпараттық-коммуникативтік, компьютерлік, түсіндірмелік-көрнекілік, тәжірибелік, зерттеу –	Қайта Өркендеу тарихында орын алған негізгі оқиғалар, құбылыстар, процестерді білу; белгілі ойшылдардың пікірін талдау барысында дәлел ойларды, аргументтерді	Реферат, сөздік жұмыс;

		ізденісі;	құрастыру;	
5 (3с)	Жаңа дәуір философиясы. Семинар: Жаңа дәуір философиясы.	Түсіндіру-көрнекілік, ізденіс-зерттеу, тақырыптық мәселені анықтау	Жаңа дәуір философиясындағы эмпиризм, рационализм және әлеуметтік-саяси бағыттарының негізгі өкілдерінің философиялық ойларын сараптау	Сөздік жұмыс, конспект, тезистерді құрастыру; Жеке сұрау; сөздікпен жұмыс;
6 (3с)	XVIII ғасырдағы Еуропаның Ағартушылық философиясы. Семинар: XVIII ғасырдағы Еуропаның Ағартушылық философиясы.	Ақпараттық-коммуникативтік, компьютерлік, түсіндірмелік-көрнекілік, тәжірибелік, зерттеу – ізденісі;	Ағартушылық тарихында орын алған негізгі оқиғалар, құбылыстар, процестерді білу; белгілі ойшылдардың пікірін талдау барысында дәлел ойларды, аргументтерді құрастыру;	реферат, слайдтар дайындау;

Модуль 2

7 (3с)	Классикалық неміс философиясы. Семинар: Классикалық неміс философиясы.	Ақпараттық-коммуникативтік, компьютерлік, түсіндірмелік-көрнекілік, тәжірибелік, зерттеу – ізденісі;	Неміс классикалық философиясының көрнекті өкілдерінің дүниежүзілік маңызы бар ілімдерін талқылау. Берілген тақырып игеруге күрделі және маңызды болып саналады, сондықтан дайындық процесінде ерекше салмақтылықты талап етеді;	Сөздік жұмыс, конспект, тезистерді құрастыру;
8 (3с)	XIX ғ-XX ғ Батыс философиясы. Семинар: XIX ғ-XX ғ Батыс философиясы.	Түсіндіру-көрнекілік, ізденіс-зерттеу, тақырыптық мәселені анықтау	XIX ғасырдағы Батыс философиясының сипаттық мазмұнын, негізгі мәселелерін сараптау; экзистенциализм, герменевтика, неопозитивизм ұғымдары туралы түсінік беру;	Жеке сұрау; сөздікпен жұмыс;
9 (3с)	Қазақ философиясы. Семинар: Қазақ философиясы.	Ақпараттық-коммуникативтік, компьютерлік, түсіндірмелік-көрнекілік, тәжірибелік,	Қазақ философиясының қалыптасу ерекшеліктерін, даму кезеңдерін анықтау; негізгі ойшылдарының көзқарастарын талдау;	Жеке сұрау; сөздікпен жұмыс; реферат, слайд жасау;

		зерттеу – ізденісі;		
10 (3с)	Болмыс – онтологияның орталық категориясы. Семинар: Болмыс – онтологияның орталық категориясы.	Түсіндіру- көрнекілік, ізденіс-зерттеу, тақырыптық мәселені анықтау Сөздік, көрнекілік- тәжірибелік, зерттеу-ізденісті	Онтологияның зерттеу объектісін анықтау, материя, қозғалыс, кеңістік, уақыт, даму категорияларын талқылау;	Сөздік жұмыс, конспект, тезистерді құрастыру; қорытынды бақылау;

Модуль 3

11 (3с)	Даму принципі: диалектика және синергетика. Семинар: Даму принципі: диалектика және синергетика.	Ақпараттық- коммуникативті к, компьютерлік, түсіндірмелік- көрнекілік, тәжірибелік, зерттеу – ізденісі;	Гуманитарлық пәндер саласындағы негізгі ағым, құбылыстар, соның ішінде философия пәні туралы білімі мен түсінігін көрсете алу	Жеке сұрау; сөздікпен жұмыс;
12 (3с)	Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылым и таным ерекшеліктері. Семинар: Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылым и таным ерекшеліктері.	Түсіндіру- көрнекілік, ізденіс-зерттеу, тақырыптық мәселені анықтау Сөздік, көрнекілік- тәжірибелік, зерттеу-ізденісті	Гносеологияның негізгі зерттеу мәселелерін, танымның формалары мен тәсілдерін талқылау; негізгі ойшылдарының көзқарастарын талдау;	Жеке сұрау; сөздікпен жұмыс; реферат, слайд жасау;
13 (3с)	Философиялық антропология Семинар: Философиялық антропология	Ақпараттық- коммуникативті к, компьютерлік, түсіндірмелік- көрнекілік, тәжірибелік, зерттеу – ізденісі;	Белгілі ойшылдардың адам туралы пікірін талдау барысында дәлел ойларды, аргументтерді құрастыру; жоғары мәдениет деңгейін иемдену, өзге адамдармен қажетті байланыстарды орнатып, еркін араласу;	Жеке сұрау; сөздікпен жұмыс; реферат, слайд жасау;
14 (3с)	Әлеуметтік философия. Семинар: Әлеуметтік философия.	Түсіндіру- көрнекілік, ізденіс-зерттеу, тақырыптық мәселені анықтау Сөздік,	Әлеуметтік философияның негізгі мәселелерін қарастыру және қоғамның тарихи дамуы туралы концепциялармен танысу; Жеке және топтық тапсырмаларды орындау, оқуды жалғастыру,	Жеке сұрау; сөздікпен жұмыс; реферат, слайд жасау; бақылау жұмысы үшін сұрақтарды әзірлеу;

		көрнекілік-тәжірибелік, зерттеу-ізденісті	өздігінен зерделей білу шеберлігі мен қабілетке ие болу	
15 (3с)	Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін философиялық пайымдау. Семинар: Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін философиялық пайымдау.	Ақпараттық-коммуникативтік, компьютерлік, түсіндірмелік-көрнекілік, тәжірибелік, зерттеу – ізденісі;	Жоғары мәдениет деңгейін иемдену, өзге адамдармен қажетті байланыстарды орнатып, еркін араласу; Экономика, саясат, мәдениет салаларындағы негізгі үрдістерді білу және түсіну;	Қорытынды бақылау (сұрақтармен жазбаша түрде)

Әріптік балама	Бағалау критерийлері	
	Тестілеу	Бақылау түрі
A	95-100	95-100%-оқу материалын игеріп, толық жауап берген. Терминдік аппаратты сауатты және мағынасына сай қолданады. Мәліметтерді теориялық тұрғыдан дәлелдеп, шығармашылық талдау жасай алады. Теориялық білімін практикада жан-жақты (креативті) қолдана алады.
A-	90-94	90-94%-оқу материалын түсініп, толық жауап берген. Терминологиялық аппаратты қолдана отырып, материалдың мазмұнын жүйелі түсіндіреді. Мәліметтерді теориялық тұрғыдан дәлелдей алады. Теориялық білімін практикада дұрыс қолдана алады.
B+	85-89	85-89%-жауап толық. Терминологиялық аппаратты қолдана отырып, материалдың мазмұнын сенімсіз (бірақ дұрыс) түсіндіреді. Жауап барысында аздап қате жібереді, бірақ оны өзі түзетеді. Мәліметтерді теориялық тұрғыдан дәлелдеп, талдау жасай алады. Теориялық білімін практикада стандартты қолдана алады.
B	80-84	80-84%-жауап толық. Терминологиялық аппаратты қолдана отырып, материал мазмұнын түсіндіруде бірнеше қате жібереді, бірақ оқытушының сауал қоюы арқылы оларды түзетеді. Мәліметтерді теориялық тұрғыдан дәлелдеп, талдау жасай алады. Теориялық білімін практикада қолдана алады.
B-	75-79	75-79%-жауап дұрыс, бірақ жеткілікті толық емес. Терминологиялық аппаратты дұрыс қолданады, материалдың мазмұнын ашып айтуда қиналады. Жауап бергенде маңызды емес қателіктер жібереді, бірақ оны

		оқытушының көмегімен түзетеді. Теориялық білімін практикада жеткілікті дәрежеде қолдана алады.
C+	70-74	70-74%-жауап толық емес, маңызсыз қателіктері бар, оны студент оқытушының көмегімен түзете алады. Одан әрі оқуда қажетті білімі бар. Терминологиялық аппаратты стандартты түрде пайдаланады, бірақ нақты үлгідегі білімін көрсете алмайды. Теориялық білімін практикада орташа дәрежеде қолдана алады.
C	65-69	65-69%-жауабы толық емес, маңызды емес және маңызды бірер қателіктері бар, оны студент оқытушының көмегімен түзетеді. Пәндік терминологиялық аппаратты қолдану дағдылары бар, аса қиын механизмдерді анықтауда қиындықтарға тап болады. Теориялық білімін практикада біршама қолдана алады.
C-	60-64	60-64%-жауабы толық емес, маңызды емес және маңызды екі-үш қателік жіберген, оларды оқытушының көмегімен түзете алады. Пәндік терминологиялық аппаратты пайдалануда қателіктер жібереді. Теориялық білімін практикада қолдану деңгейі қанағаттанарлық..
D+	55-59	55-59%-жауап толық емес, нақтылықтар аз. Маңызды және маңызды емес қателіктер жібереді. Терминдерді пайдаланады, пән бойынша негізгі түсініктер мен терминдерге анықтама бере алмайды. Теориялық білімін практикада қолдану деңгейі біршама қанағаттанарлық..
D	50-54	50-54%-көптеген қателіктері бар жауап. Маңызды қателіктер: терминологияны дұрыс пайдалана алмайды, түсініктер мен терминдерге анықтаманы бере алмайды, негізгі заңдар, ережелердің орналасуын білмейді, түрлерге бөле алмайды. Теориялық білімін практикада қолдану іскерлігі нашар.
F	0-49	0-49%-студенттің жауаптан немесе жауап беруден бас тартуы, студент оқу бағдарламасы бойынша білімінің толықтай жоқтығын көрсетеді. Бірде бір тапсырманы, жұмысты дұрыс орындай алмайды.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

- 1.Зотов А.Ф. Современная Западная философия.-М: Высшая школа, 2012
- 2.Мырзалы С. Философия.-Алматы: «Бастау», 2008.
- 3.Нұрышева Г.Ж..Философия. Алматы. Инжу-маржан, 2013.
- 4.Петрова В.Ф., Хасанов М.Ш. Философия. – Алматы, Эверо, 2013.
- 5.Сегизбаев О.А. История казахской философии: От первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия: учебник для вузов. – Алматы: Ғылым, 2001.
- 6.Философия: Оқу құралы/ Р.Е. Жүншеев, Ө.С. Төкенов, А.Ә. Ізтлеуов/ Алматы, 2007.
- 7.Сәрсенова Ж. Философия.-Алматы: «Өлке», 2010.
- 8.Философия: жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық /Құрастырған Т.Ғабитов. – Алматы:Раритет, 2004.
- 9.Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. Оқулық. –Алматы:Эверо,2004.

- 10.Философия тарихы: Оқулық./Ж.Алтай, А.Қасабек, Қ.Мұхамбетәли. –Алматы: Жеті жарғы, 1999.
- 11.Кішібеков Д. Қазақ менталитеті:кеше, бүгін, ертең.-Алматы:Ғылым, 1999.
- 12.Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. –Алматы: «Білім», 2005ж.
- 13.Қасабек А. Тарихи-философиялық таным: Оқу құралы. –ҚазГЗУ, 2001.
- 14.Рахметов Қ.Ж., Сәрсенова Ж.Н. Философия. Оқу құралы. –Алматы: «Өлке» 2004 ж.
- 15.Мәдени –философиялық энциклопедиялық сөздік / Құрастырған Т.Ғабитов, А. Құлсариева және т.б. – Алматы: Раритет, 2004.
- 16.Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні –Алматы, 2001.
- 17.Рысқалиев Т.Х.Даналық пен түсініктің үлгілері (философия тарихына шолу).«Ақыл кітабы»1999.
18. Қасымжанов А.Диалектиканың заңдары мен категориялары.Алматы,«Қазақстан»,1966.
19. Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат. Алматы: Қазақ университеті, 2004.
20. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы, Алматы.1999.
21. Нұрышева Г.Ж. Философия тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Зият Пресс», 2005.
22. Сегізбаев О.А. Казахская философия ХУ – начала ХХ века. –Алматы: «Ғылым», 1996.
- 23.Рысқалиев Т.Х. Философия тарихына шолу: Оқу құралы. – Орал: Дастан, 2005.
- 24.Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік – философиялық талдау. – Алматы, ҚР БҒМ Философия және саясаттану Институты.2000.
- 25.Канке В.А. Философия. Исторический и систематический курс. Учебник для вузов. – М.: Логос, 2000.
- 26.Сpirкин А.Г. Философия: Учебник. – М.: Гардарика, 1998.
- 27.Философия: учебное пособие / Под ред. Проф. В.Н. Лавриненко. – М.: Юрист, 1996.

Қосымша:

- 1.Алексеев П.В., Панин А.В. Западная философия. –М: Высшая школа,2012.
- 2.Барлыбаева Г.Г. Эволюция этических идей в казахской философии. – Алматы: К-ИЦ ИФП КН МОН РК, 2011.
- 3.Бегалинова К.К., Альжанова У.К. Философия. Часть 1,2.- Алматы: Жібек жолы, 2014.
- 4.Есім Ғ. Сана болмысы.-Алматы: Қазақ университеті, 2007.
- 5.Лавриненко В.Н. Философия.-М.: ИД Юрайт, 2011.
- 6.Кирабаев Н.С. Учебное пособие по курсу «Средневековая арабо-мусульманская философия». – СПб.: СПбГУ, 2005.
- 7.Немировская Л.З. Философия: История и теория. –М., Изд Российского Нового Университета, 2007.
- 8.Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау.-Алматы, БҒМ ФСИ баспасы, 2000.
- 9.Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов.- Алматы: Өлке, 1994.
- 10.Степанянц М.Т. Восточная философия: вводный курс. Избранные тексты.- М.: Восточная литература, 2001
- 11.Бэкон Ф. Соч. в 2-х т., М.,1977
- 12.Декарт Р. Соч.в 2-х т., М.,1989
- 13.Дж.Реале и Д.Антисери. Западная философия от истоков и до наших дней.,т.3., Спб,1996
- 14.Рассел Б. Мудрость Запада., М.,1998
- 15.История философии. М.,1998
- 16.Спиноза Б. Этика., Спб.,1993
- 17.И.Кант. Критика практического разума. М.,1996
- 18.Абдильдин.Ж. И.Кант. Алма-Ата.,1978
- 19.Гегель. Феноменология духа.Соч..т.4,ч.1.м.1959
- 20.Гулыга А. Немецкая классическая философия., М..1986

- 21.Быховский Э. Людвиг Фейербах.,М.,1972
- 22.К.Маркс. Тезисы о Фейербахе. Соч., т.3
- 23.К.Маркс. Экономически-философские рукописи 1844г. Соч., т.42
- 24.Ф.Энгельс. Л.Фейербах и конец немецкой классической философии. М.,1979
- 25.Марксистская философия в XIX веке. М.,1979
- 26.А.Шопенгауер. Мир как воля и представление., М., 1993
- 27.З.Фрейд. Я и Оно., М.,1991.
- 28.Г.Гадамер. Истина и метод. М.,1992
- 29.Х.Ортега и Гассет. Восстание масс. М.,1998
- 30.К.Поппер. Открытое общество и его враги., М.,Алматы.,1996
- 31.Рассел Б. Мудрость Запада. М.,1998
- 32.Ясперс К. Смысл и назначение истории. М.,1994
- 33.Камю А. Бунтующий человек. М..1996
- 34.Э.Фромм. Душа человека.,М..1995
- 35.Философия. , М.,1998
- 36.Бердяев Н.А. Самопознание. М.,1991
- 37.Соловьев В.С. Оправдание добра. М.,1996
38. Хрестоматия по истории философии. От Нестора до Лосева., М., 1997

Оқу пәнінің және академиялық этиканың саясаты:

Студент міндетті:

- сабақтан кешікпеу керек;
- сабақ уақытында ұялы телефонды сөндіріп қою және сағыз шайнамау;
- ауырған жағдайда болмаса, себепсіз сабақтан қалмау;
- сабаққа белсенді түрде қатысып отыру;
- сабақтан себепсіз кетіп қалмауы керек;
- үй тапсырмасын орындау, сабаққа дайындалып келу;
- оқу процесінде белсене қатысу, өзара байланысты қолдау;
- сабаққа дұрыс киініп келу;
- дөрекі сөздерді қолданбау, іс-әрекетіне жауап беру, оқытушының талабын нақты орындау;

Әзірлеуші _____ Ахметова Г.Б. _____
(тьютор) (қолы) (Т.А.Ә.)

Студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстарының тақырыптары. (СОӨЖ)

Тақырып. 1. Философия пәні, мақсаты және қызметтері.

Мақсаты. Философия пәні туралы түсінік қалыптастыру, оның құрылымы мен атқаратын қызметі жөнінде студенттердің сауатын ашу.

Жоспары:

1. Философия, оның пәні, объектісі және қызметі.
2. Философияның мәні мен мақсаты. Философия және әдеттегі сана. Философия және ғылым.
3. Көзқарас ұғымы. Мифология. Дін. Философия.

Сұрақтар:

1. Философия дегеніміз не?
2. Философияның мәдениеттегі орны мен ролін анықта.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау, зерттелуі.

Тақырып. 2. Ежелгі Шығыс және Антика философиясы.

Мақсаты. Ежелгі Шығыс философиясына, Антикалық мектептер мен грек классиктерінің топтамасы болған антикалық философиясына түсінік қалыптастыру, ерекшелігін көрсету.

Жоспары:

1. Көне үнді философиясының ерекшелігі, негізгі философиялық ұғымдары.
2. Веданта, джайнизм, буддизм.
3. Көне Қытай философиясының пайда болуы, негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері.
4. Конфуцийдің әлеуметтік – адамгершілік ілімі.
5. Ертедегі грек өркениетінің өзіндік санасының ерекшеліктері және алғы шарттары. Антикалық ойдың негізгі ұғымдары: Космос, Табиғат, Логос, Эйдос, Жан.
6. Пифагор. Сан негіз ретінде.
7. Эфестік Гераклит.

Сұрақтар:

1. Буддизм – адамгершілік – этикалық ілім ретінде.
2. Тянь діні және көне Қытай философиясы.
3. Легистердің саяси – этикалық ілімі.
4. Дүниенің қозғаушы күштері: Махаббат және Өштесу.
5. Клазомендік Анаксагор.
6. Элей мектебі.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау, зерттелуі.

Тақырып. 3. Орта ғасырлық Шығыс және Батыс философиясы.

Мақсаты.Орта ғасыр философиясының дамуы, ерекшелігі мен қалыптасуына назар аудару.

Жоспары:

- 1.Сенім және таным, философия және дін ертедегі латын және грек патристикасында.
- 2.Номинализм және реализм.
- 3.Араб – мұсылман елдеріндегі мәдениет және дін.
- 4.Суфизм – мұсылмандық діни – философиялық ойлардың бағыты ретінде.

Сұрақтар:

- 1.Ф.Аквинскийдің іліміндегі құдай идеясын негіздеу.
- 2.Араб тілді философиясының ортағасырлық батыс философиясына тигізген әсері.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау,зерттелуі.

Тақырып. 4. Қайта Өркендеу дәуірі философиясы.

Мақсаты.Қайта өрлеу дәуірі философиясының дамуы, ерекшелігі мен қалыптасуына назар аудару. Орта ғасырдағы ойшылдардың догматтық схоластикасына сынау мәселесі.

Жоспары:

- 1.Қайта Өрлеу Дәуірінің философиясының ерекшеліктері және негізгі сипаттары.
- 2.Қайта Өрлеу Дәуіріндегі ғылым.
- 3.Қайта Өрлеу Дәуірінің әлеуметтік – саяси философиясы.

Сұрақтар:

- 1.Қайта Өрлеу Дәуіріндегі утопиялық идеялар.
- 2.Қайта Өрлеу Дәуіріндегі эстетика

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау,зерттелуі.

Тақырып. 5. Жаңа дәуір философиясы.

Мақсаты.Жаңа дәуір философиясының дамуы, ерекшелігі мен қалыптасуына назар аудару. Негізгі гносеологиялық мәселе және оны шешудің жолдары. Әдіс мәселесі және рационалдық, эмпиристік бағыттар.

Жоспары:

- 1.Декарт философиясындағы күмәндану принципі.
- 2.Субстанция мәселесі және Б.Спинозаның пантеизмі.
- 3.К.А.Гельвецийдің әлеуметтік – философиялық және этикалық көзқарастары.
- 4.Д.Дидроның диалектикасының элементтері.

Сұрақтар:

- 1.Готфрид В.Лейбниц. Монадалар туралы ілім.
- 2.Ф.Бэкон: «Жаңа Органон».
- 3.П.Гольбах пен Ж.Ламетридің натурфилософиясы.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау, зерттелуі.

Тақырып.6. XVIII ғасырдағы Еуропаның Ағартушылық философиясы.

Мақсаты. Дәуір философиясының дамуы, ерекшелігі мен қалыптасуына назар аудару. Негізгі танымдық мәселе және оны шешудің жолдары.

Жоспары:

- 1.18ғ. Француз ағартушыларының философиялық көзқарастарының қалыптасу ерекшеліктері.
- 2.Ф.М.А. Вольтердің философиялық көзқарастары. Вольтер дін туралы.
- 3.Ж.Ж. Руссо шығармасындағы адам мен қоғам мәселелері. “Қоғамдық келісім” теориясы. Тәрбие мәселелері.
- 4.П.Гольбах материализмі.

Сұрақтар:

- 1.К.А.Гельвецидің әлеуметтік-философиялық және этикалық көзқарастары.
- 2.Ш.Л.Монтескьенің әлеуметтік-саяси көзқарастары. Билікті бөлу теориясы.
- 3.Француз ағартушыларының философиядағы ”ақылды эгоизм ” концепциясы.

Ойлануға берілген сұрақ:

Бүгінде француз ағартушылық идеясынан өзімізге нені алуға болады?

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау, зерттелуі.

Тақырып.7. Классикалық неміс философиясы.

Мақсаты.Классикалық неміс философиясының дамуы, ерекшелігі мен қалыптасуына назар аудару. Неміс философиясының идеализмі мен материализмі.

Жоспары:

- 1.И.Кант философиясы эволюциясының негізгі кезеңдері.
- 2.Этика – ақыл –ойдың іс жүзінде қолдану.
- 3.Гегельдің диалектикалық әдісі. Категориялар мен заңдар.
- 4.Л.Фейрбахтың жүйесі. Идеалистік философия мен дінге сын.

Сұрақтар:

- 1.И.Канттың антиномиялары.
- 2.И.Фихте философиясындағы субъект белсенділігі мәселесі.
- 3.Гегельдің философиясы.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау, зерттелуі.

Тақырып. 8. XVIII ғ. соңы -XXI ғасыр басындағы философия.

Мақсаты.Қазіргі заманғы батыс философиясының дамуы, ерекшелігі мен қалыптасуына назар аудару. Классикалық философиядан арылу. Сцентристік үрдістер мен позитивизмнің тарихи формалары.

Жоспары:

1.Классикалық философиясының дағдарысы және жалпыфилософиялық мәселелердің жеке бағыттарға ыдырауы.

2.Қазіргі заманғы постструктурализм.

3.Экзистенциализм.

4.Герменевтика және тексті түсіндіру мәселесі.

Сұрақтар:

1.К.Ясперстің тарих философиясы.

2.О.Конттың позитивизмі.

3.Структурализм. К.Леви – Стросстың концепциясы.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау,зерттелуі.

Тақырып. 9. Қазақ философиясы.

Мақсаты.Ұлттық философиясының дамуы, ерекшелігі мен қалыптасуына назар аудару. Дүние және адам туралы алғашқы көзқарастық бағыттар мен философиялық толғаныстар.

Жоспары:

1.Қазақ философиясының қалыптасуының әлеуметтік – мәдени алғы шарттары.

2.Жыраулар мен ақындар шығармашылығындағы дүниетаным.

3.Жеті жарғы және қазақ қоғамының құқықтық негіздері.

4.Қазақ ағартушылық философиясы және оның ерекшеліктері.

Сұрақтар:

1.Қазақ философиясының ерекшелігі неде?

2.Ш.Уәлиханов – ойшыл. Ш.Уәлихановтың әлеуметтік – саяси көзқарастары.

3.Абай және оның қазақ философиясының қалыптасуындағы ролі.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау,зерттелуі.

Тақырып. 10. Болмыс –онтологияның орталық категориясы.

Мақсаты.Болмыс ұғымы, оның мәні мен философиялық, физикалық түсініктері.

Материя ұғымының философиялық материализм жүйесінің ролі.

Жоспары:

1.Болмыс ұғымы, оның мәні және ерекшелігі.

2.Адам болмысының әлеуметтік – мәдени мәні.

3.Материяның философиялық ұғымының қалыптасуы.

4.Материя қозғалысының формалары.

5.Кеңістік пен уақыт – материя болмысының формалары.

Сұрақтар:

1.Заң қажеттілік ретінде, заң және мән.

2.Дүниенің бірлігі және көптүрлілігі.

3.Монизм. Дуализм. Философиялық плюрализм.

4.Тірі және өлі материяның ұйымдасуының негізгі деңгейлері.

5.Материяның философиялық және жаратылыстану – ғылыми түсінігі. Субстанция мәселесі.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау, зерттелуі.

Тақырып. 11. Даму принципі: диалектика және синергетика.

Мақсаты: Студенттерге диалектиканың таным процесіндегі теория және тәсіл ретіндегі мәнін ашып көрсету. Студенттерді диалектикалық ойлау өнеріне баулу. Диалектиканың тарихи даму жолын сипаттау (диалектиканың антикалық нұсқасы, Гегельдің идеалистік диалектикасы, материалистік диалектика). Студенттерге диалектиканың негізгі принциптері мен категорияларын түсіндіру, ерекшеліктерін ұғындыру.

Жоспары:

1. Диалектика теория және тәсіл ретінде.
2. Диалектиканың негізгі принциптері: тұтастық, жүйелілік, нақтылық т.б.
3. Диалектиканың негізгі категориялары: жалқы және жалпы, себеп және салдар, мән және құбылыс, қажеттілік және кездейсоқтық, мүмкіндік пен шындық т.б.

Сұрақтар:

1. Диалектиканың мәнін қысқаша қалай анықтауға болады?
2. Диалектиканың негізгі тарихи формаларының қайсысын білесіз?
3. Псевдодиалектика дегеніміз не?
4. Диалектиканың негізгі принциптері қандай?

Сұрақтар бойынша мазмұнын ашу, анализ жасау, зерттелуі.

Тақырып. 12. Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылыми таным ерекшеліктері.

Мақсаты: Танымның көптүрлілігі. Ғылыми, ғылымға дейінгі және ғылымнан тыс білімдер формалары. Танымның объектісі мен субъектісіне назар аудару.

Жоспары:

1. Таным – шындықты бейнелеу формасы. Танымның объектісі және субъектісі.
2. Ақиқат ұғымы. Ақиқат өлшемі.
3. Ғылыми танымның мәні және құрылымы.
4. Ғылыми өлшем.

Сұрақтар:

1. Ақиқат және адасу.
2. Ғылым және адамгершілік.
3. Ғылыми танымның шындықты игерудің әдеттегі, көркемдік және басқа тәсілдерінен айырмашылығы.
4. Логика және шығармашылық.
5. Ғылыми танымдағы дағдарыстар мен революциялар.
6. Диалектикалық логика – ғылыми танымның методологиясы.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау, зерттелуі.

Тақырып. 13. Философиялық антропология.

Мақсаты. Сана адамның өмір сүру формасы, рухани бағытын анықтау мен дүниені өзгерту құралы және сананың функцияларына назар аудару.

Жоспары:

1. Философиядағы сана мәселесі.
2. Сана адам өмір сүруінің формасы, рухани бағытын анықтау мен дүниені өзгертудің тәсілі ретінде.
3. Қоғамдық сананың формалары.

Сұрақтар:

1. Сана және ойлау.
2. Сана және шығармашылық.
3. Әлеуметтік шығармашылықтың ерекшеліктері.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау, зерттелуі.

Тақырып. 14. Әлеуметтік философия.

Мақсаты: Қоғамды анықтаудың әртүрлі тұрғысын қарастырып, олардың мәнді айырмашылықтарын ашу; қоғамдық дамудың формациялық және өркениеттік концепцияларының мазмұнын көрсету; қоғамның құрылымдық элементтерін талдап, ерекшеліктері мен өзара байланысын ашу.

Жоспары:

1. Қоғам – өзін өзі басқаратын жүйе ретінде.
2. Қоғам мен табиғаттың арақатынасы. Қазақстандағы экологиялық мәселелер және оларды шешу жолдары.
3. Қоғам өмірінің негізгі салалары: экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани.
4. Қоғамның әлеуметтік құрылымы. Қазақстан қоғамын рестратификациялау мәселелері. Орта тап түсінігі.
5. Тарих философиясы. Мәдениет және өркениет. Глобализм және антиглобализм. Глобализация процесі кезінде өзіндік мәдениетті сақтау мәселесі.

Сұрақтар:

1. Қоғам түсінігі. Қоғамды талдаудағы формациялық және өркениеттік тұрғыдан қарастырудың мәні.
2. Қазақстан қоғамын формациялық және өркениеттік тұрғыдан қарастыру.
3. Кезекті модернизация барысында Қазақстанның ерекшелігін есепке алу.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау, зерттелуі

Тақырып. 15. Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін философиялық пайымдау.

Мақсаты: Студенттерге бүгінгі таңда тәуелсіздікті нығайту жолында, ұлттық, халықаралық қажеттілік негіздерін, жан- жақтылығын айту. Студенттерді

адамзат алдындағы ғаламдық мәселелер философиясы бойынша алған білімдерін, әлеуметтік ортада, зерделі- тәжірибелік жолда жүзеге асыра білуге үйрету.

Жоспары.

- 1.Көз жетер болашақ және алыстағы көкжиек.
- 2.Ғылыми-техникалық революция және болашақ проблемалары.
- 3.Адам және адамзат ауқымды проблемалар алдында.
- 4.Жаһандану дегеніміз не?
- 5.Жаһандану үрдісі шеңберіндегі өзекті мәселелер.
- 6.Дүниежүзілік қауымдастық шеңберіндегі Қазақстан қоғамы.

Сұрақтар бойынша схема түрінде таблицалар құру, сонымен бірге мазмұнын ашу, анализ жасау.

№1 Дәріс тақырыбы: Философия пәні, мақсаты және қызметтері.

Дәріс жоспары:

1. Философияның пәні.
2. Философияның негізгі сұрағы мен қызметтері.
3. Философияның негізгі мәселелері.

Философияның ежелгі грек ойшылдарының дәуірінен бері “даналыққа құштарлық” деп анықталып келгендігі белгілі. Алайда философияның кең танымал осы ұғымынан өзге түсініктері де тарихи-философиялық очерктерде молынан ұшырасады. Мысалы, Платон “...геометрия және басқа философиялар” деген сөздерінде философия ұғымын “ғылым” сөзінің мағынасына жақын қолданады. Оның айтуынша Сократ “философия” терминін даналыққа құштарлықты, ақиқатқа жетуге деген құмарлықты белгілеу ретінде пайдаланған. Ал Аристотель ізбасарлары болмыстың іргелі негіздерін айқындауға мүмкіндік беретін жалпылама ғылым ретінде бұл “бастапқы философияны” *метафизика* деп атады.

Аристотельдік мағынада бұл термин болмыстың өзіндік тұтастығындағы эралуандықты игеруге бағытталған философиялық білім түсінігімен тығыз байланысты. “Физика”, әдетте, жаратылысты, натуралды табиғатты, оның заттар мен үрдістердегі сыртқы көрінісін зерттейді. Демек, “метафизиканың” үлесіне бұл құбылыстардан “кейін” орналасқан, олардың арғы жағындағы нәрсе тиесілі. Аристотельдің пайымдауынша заттардың, жағдайлардың, құбылыстардың, үрдістердің сыртқы көрінісінің арғы жағында *мәнділік* орналасқан. Метафизика осы мәнділікті, болмыстың универсалдық заңдылығын, яғни сезімдік таным деңгейінен тыс, тікелей және жанама қабылдаудан жасырын жатқан нақтылықты зерттейді. Демек, бұл “арғы жаққа үңілу” жасырын нақты мәнділікті ашуға бағытталған белсенді танымдық *ойлау* қозғалысы, пайымдаушы күш. Ал М.Хайдеггер былай деп жазады: “Метафизика – бұл мәнділікті жеке және тұтас түрінде принципіалды тану. Бірақ бұл “дефиницияны” мәселенің қойылуы ретінде ғана бағалауға болады, яғни мынадай сұрақ қойылады: “бар нәрсе болмысының мәні деген не?” Демек, осыдан күрделі сұрақтар тізбегі құралып, “не өмір сүреді?” деген мәселе туындайды. Мұны “не нақты өмір сүреді?” деген сұрақ жалғастырады. Бұл жерде бар нәрсенің өмір сүруі туралы мәселеден оның мәнділігі туралы мәселеге көшеміз. Бұл сұрақтардың тізбегін осы мәнділікті тану мүмкіндігі мәселесі аяқтайды, яғни бұл жерде таным үдерісінің мәні туралы мәселе қойылады. Сонымен, болмыс туралы сұрақ ойлау туралы сұраққа алмасады. Хайдеггердің 1935 жылы жазған “Тельдерлин және поэзияның мәні” деген еңбегінде осы айтылған цикл тіл туралы сұрақпен аяқталады. XX ғасырдың ұлы философының пайымдауынша тіл ең соңғы негіз, адамзат болмысының соңғы нақты тұрағы және сонымен қатар, оны игерудің жалғыз универсалды құралы болып табылады.

Енді “даналыққа құштарлық” деп анықталатын философияға қайта оралайық. Бұл жерде “құштарлық” белгілі бір нәрсеге тандануды, өзіңнен

жоғары тұрған нәрсені сезіміңмен мойындауды және басқа осындай әсерлерді білдірумен қатар, “өзге” үшін “өзіңді ұмыту”, өзіңнен бас тарту сезімін де аңғартады. Осы пәнилік өмірдің шектеулі екендігі мәлім. Былайша пайымдауға болады: адамды өзінің шектеулі шеңберінен шығарып, “өзгеге” құштарлықпен ұмтылуға мәжбүрлейтін құдіреттің бар екендігін ескерсек, оның жалғыз тәсілі – бұл рухани күш жігер болып табылады. Мұны идеалдық, руханилық, ақыл-ой және т.б. атаулармен атауға болады. Осылай зерделеудің нәтижесінен мынадай түйін келіп шығады: *философия дегеніміз – адамның өзінің шеңберінен шығуға мүмкіндік беретін рухани форма.*

Сонымен, философияны “даналық” түсінігімен байланыстырар болсақ, онда бұл соңғы ұғым “білімнің жоғарғы синтезі”, белгілі бір нәрсе туралы “толық жетілген білім” деген мағынаны білдіреді. Демек, философия осындай білімге деген құштарлық, ал бұл даналықтың объекті – менің өзімнен тыс табиғат және адамзат әлемі, сонымен қатар, өзім және феномен ретіндегі білімнің өзі.

Адам ақыл ойы бар әлеуметтік мақұлық. Оның іс-әрекеті белгілі бір мақсатқа бағынады. Күрделі қазіргі әлемде мақсатқа сай қимылдау үшін көп біліп қана қоймай, сонымен қатар адамның түбірлі мүддесі мен заман талабына сай дұрыс шешімдер қабылдап, дұрыс мақсаттар таңдай білу қажет. Ол үшін ең алдымен әлемді терең және дұрыс түсіну, яғни жалпы және жеке мақсаттарды, және оларға жету әрекетінің тәсілдерін таңдауға мүмкіндік беретін дүниетанымның қажеттілігі шарт. Адамға қоршаған ортада бағдар жасауына, оны өзгертуіне көмек беретін – ғылым. Дүниетаным ғылым жетістіктері негізінде қалыптасады, бірақ ол сонымен қатар, қоғамның тарихи тәжірибесіне, оның мәдениетіне сүйенеді, әлеуметтік дамудың жеткен деңгейі мен өмір сүру тәртібін бейнелейді. Мұның бәрі білімнің ерекше жүйесі – *философияны* игеруді қажет етеді.

Дүниедегі өзінің орны туралы, жеке және қоғамдық өмірдің мақсат-мүдделері туралы, өзінің өмірлік ұстанымы мен іс-әрекеті туралы ойлана отырып адам белгілі бір философиялық көзқарастар қалыптастырады. Өзінің мәдени деңгейіне байланысты, арнаулы немесе жалпы білім дәрежесіне орай, әр түрлі өзара әңгімелесудің әсерімен және бұқаралық ақпарат құралдары мен әдеби кітаптардан алынған мағлұматтарын жинақтай отырып, ол өзінің жеке өмірлік философиясын, жүйелі және ғылыми негізделген болмаса да өз дүниетанымын құрастырады. Кейде қарапайым тұрмыстық және өндірістік жағдайлардағы «бір сәттік» дүниетанымның өзі де қанағаттандыратын болуы мүмкін. Белгілі француз философы Огюст Конт (1798-1857) философияның дәуірі өтті деп санады. Қалыпты немесе, оның терминологиясы бойынша «позитивті» ғылымдар – физика, математика, химия және т.б. философияны керек етпейді. Олар барлық мәселелерді өздері шеше алады, олар «өздерінше» философия. Бұл көзқарас позитивизм деген атауға ие болады.

Сонымен бұл «сөз», бұл білім мен даналық не туралы дейтін болсақ, оның «жалпы бар нәрсе», өмір сүретін нәрсе туралы екендігі философия тарихынан белгілі болады. Ал біздің қабылдауымыздағы көнетін көрнекті не нәрсе нақты өмір сүреді?

Ежелгі Грекия философтары Парменид пен Гераклит дәуірлерінен бері бұл нәрсені «онтос» - «болмыс» деп атады. Біз өмір сүреді деп айқын қабылдайтындай не нәрсе болмады? Философиядағы классикалық ұғым «онтос» арқылы дәл осының құрылымын қарастыруға болады. Сондықтан философия құрылымын талдауды «философиялық білім құрылымының онтологиялық принципі» дейміз.

«Философия» термині үш мағынада қолданылады: бірінші, философия – ол көзқарастың бір түрі, екінші, философия - өзінің зерттеу пәні бар ерекше ғылым саласы, үшіншіден, философия адамзат өмірінде айырықша орын алатын адамының рухани қызметінің үлкен бір санасы, қоғамдық саланың ерекше формасы.

Философияның бұл үш мағынасы, оның тарихында проблема түрінде, немесе «философия» ғылым ба, әлде рухани қызметтің өз алдына саласы ма деген тұрғыда қойылып келеді.

Философия адамның дүниеде болуының саналуан формалары мен жолдарын, сол формалар мен жолдардың ең алдымен мәнділігі мен мәндігін айқындау, сол мәндерді адам көңіл күйінде, жан толғанысында игеріп, әркімнің жеке басының өзіндік рухани ырығы етудің түрі, соны жасаудағы рухани қызмет.

«Адам-әлем» қатынасы философияның көптеген проблемаларын қамтитын танымның жүйе субстанциясы. Сондықтан философияның негізгі табиғаты адамның дүниеде болуының белгілі бір мәнді жолдарын жасау, өмірдің осындай формаларын жарату және өмірде нығайту.

Адамның дүниеге қатынасы философияны болмыстың негіздерін танудың формасы ретінде анықтайды. Ғылымда да, философияны да, көркемөнерді де жасаушы адам.

Философияның негізгі мәселесі: ойлаудың болмысқа, рухтың табиғатқа қатынасы. Философияның бұл өзекті мәселесі философияның тарихының өне бойынан өтіп, оны мол рухани құндылық ретінде анықтайды.

Философияның мәдени жүйеде алатын орны зор. Философия мәдени-тарихи құбылыс ретінде, оның «Адам-әлем» жүйесіндегі көптеген проблемаларын, өзара қатынастарын, функцияларын /қызметін/ анықтайды.

Философия – жалпы методология, методтардың теориясы, ал теория білімнің адекватты формасы. Философиялық заңдардың, принциптердің, ұғымдар мен категориялардың табиғат, қоғам, адам ойлауының дамуын, жалпы дүниетаным үшін маңызы зор.

Философияның негізгі функциялары /қызметі/: рационализациялық, жүйелеу, сыншылдық, интегративтік, синтездеу, методологиялық, көзқарастық гносеологиялық, логикалық, гуманистік, аксиологиялық, адамгершілік – этикалық, тәрбиелік.

Философиялық білімді жіктеуде көптеген әдіс-тәсілдердің бар екендігін ескерткеніміз жөн. Мысалы, философиядағы ең кең танымалы – теориялық философия және практикалық философия деген бөлімдері. Оның біріншісіне болмыс теориясы (онтология) мен таным, білім теориясы (гносеология) жатады.

Екіншісінің өзегін, ең алдымен, этика құрайды, оған құқық философиясы, тарих философиясы және т.б. жатқызылады.

Философияның теориялық және практикалық деп бөлінуі өзінің бастауын антиктік классикадан алады. Аристотель үшінші бөлігін ерекшелеп, оны «поэтикалық философия» деп атады. Бұл шығармашылық мақсаттағы білімді көздейді, ал оның негізін сөз шығармашылығының эстетикасы – риторика және поэтика құрайды. Алайда, біз «философиялық білім құрылымының онтологиялық принципіне» қайта оралайық. Сонымен, табиғат болмысына қатысты, ондағы «заттар» мен «үрдістерге» қатынасты философиядағы білімнің ерекше саласы – натурфилософия. Натурфилософияның, сол сияқты онтологияның және басқа салаларының «отаны» метафизика болып табылады.

Ал табиғаттағы адам болмысы, оның іс-әрекетіне қатысты философиялық білім шеңберінде натурфилософиямен қатар философиялық антропология, яғни техника философиясы мен ноосфера концепциясы қалыптасты және өмір сүруде. Адам болмысының өзі «табиғаттан тыс» мағынасында көптеген «әлемдерден» тұрады. Бұл, мысалы, экономика. Тарих, мәдениет, саяси және құқықтық қатынастар әлемдері, әлеуметтік-топтық және этникалық қауымдастықтар әлемдері және т.б. Философияда бұлардың әрқайсысына сәйкес өзіндік салалары бар: мысалы, шаруашылық философиясы, мәдениет философиясы, саяси философия, құқық философиясы, философиялық антропология және т.б.

Өз кезегінде бірнеше «әлемдерге» бөлінетін адамзат рухының болмысына (наным-сенімдер әлемі, адамгершілік және эстетикалық құндылықтар әлемі, ғылым әлемі, ментальдық қабілеттер мен мүмкіндіктер әлемі және т.б.) қатысты философия мынадай салаларға бөлінеді, мысалы, дін философиясы, этика, эстетика, рух феноменологиясы, философиясы, философиялық герменевтика, жаратылысы жағынан философиялық болып табылатын психология және риторика, ғылым философиясы, және де философиялық антропология, сонымен қатар әрине, онтология секілді ежелгі философиялық білім салаларының бірі гносеология.

Мұның бәрін мынадай кесте түрінде келтіруге болады:

Табиғат болмысы – онтология (болмыстың барлық деңгейлері мен формаларын қоса алғанда). Натурфилософия (табиғат философиясы).

Адам болмысы – философиялық антропология.

Тарих әлемі – тарих философиясы.

Мәдениет әлемі – мәдениет философиясы.

Экономика әлемі – шаруашылық философиясы.

Құқық әлемі – құқық философиясы.

Саясат әлемі – саяси философиясы.

Қоғам әлемі - қоғам философиясы, оның қатынастары, құрылымы, байланыстары - әлеуметтік философиясы.

Рухани болмыс – адамгершілік әлемі – этика, мораль философиясы.

Дін әлемі – дін философиясы.

Ғылым әлемі – ғылым философиясы. Эпистемология.

Өнер, сұлулық әлемі – эстетика.

Таным – логика. Гносеология.

Әрине, кезкелген кесте бар нәрсе жағдайының тек жақындатылған, толық емес бейнесі ғана. Оның үстіне, біз қарастырған жағдайда философиялық білім салаларының арасындағы өзара байланыстар мен өзара қатынастар көрсетілмеген. Алайда, білім бөлімдерінің осылайша жүйеленуі көрнекті құрал ретінде болмысқа қатысты көзқарас қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сонымен, философия *болмыстың мәнін осылай игерумен* (немесе оны құрайтын заттардың, құбылыстардың, жағдайлардың, деңгейлердің, үрдістердің және түбі мәнділігі), *адамның әлемге қатынасының мәнін және ондағы адамның мәнділік орнын танумен айналысады.*

Бекітуге арналған сұрақтар:

1. Философияның құрылымы мен қызметі.
2. Қоғамдық ғылымдар жүйесінде философияның орны.
3. Философияның тарихи типтері.
4. Философия және дүние таным.

№2 Дәріс тақырыбы: Ежелгі дүние философиясы. Ежелгі Шығыс философиясы. Антика философиясы.

Дәріс жоспары:

1. Ежелгі Үнді философиясы.
2. Буддизм философиясы.
3. Ертедегі Қытай философиясы.
4. Антика философиясының кезеңденуі. Сократқа дейінгі философия.
5. Классикалық философия.
6. Эллинизм философиясы.

«Шығыс философиясы» деп бүкіл дүние жүзіне әйгілі үш өркениеттің: үнді, қытай және мұсылман әлемін айтамыз. Философия тарихында Батыс елінің еуропоцентризмі Шығыс философиясын өзінің көлеңкесінде ұстағандай. Өйткені, шығысқа тән пессимизм мен иррационализм, сакральдық шығыстың даналығын батыс деңгейіне көтермегендей болды. Біздің бұл пікіріміз Батысты Шығысқа қарсы қою емес, оны терең түсіне білу керек. Философияда «Еуропа Шығысты арабтар арқылы таныды» деген қағида бар, немесе ұлы Абайдың «Батысым Шығыс, Шығысым Батыс» болды деген сөзінен халықаралық байланыстың полимәдениеттілік сипатын көруге болады.

Шығыс философиясының қалыптасуына негіз болған көптеген ерекшеліктер бар, олар: өндіргіш күштердегі секіріс; ақшалай-заттай қатынастардың пайда болуы; рулық-тайпалық құрылымның әлсіреуі; алғашқы мемлекеттердің пайда бола бастауы; дәстүрлі діннің оппозициясының өсуі; тиісті адамгершілік ережелер мен түсініктердің сынға алынуы; ғылыми және ғылыми емес білімдердің алғышарттарының пайда болуы т. б.

Ежелгі үнді астрономдары Жердің шар тәрізді екендігі, оның өз осынен айналуы туралы ойларды айтты, математиктері санаудың он мәнді жүйесін, цифрларды белгілеуді ойлап тауып, тригонометрия негіздерін қалыптастырды.

Логосқа қарай батыл қадам жасаған ерте дүние ескерткіштерінің бірі Упанишад (б.д.д. 800-300 жылдар) болып табылады. Бұнда қоршаған әлемнің мәнін тереңірек ұғынуға деген ұмтылыс, діни, догматтық түсініктерге табан тірей отырып өрілген ақыл-ой басым болды. Болмыстың субстанциялық негізін рационалды іздеу, адамның рухани-құқықтық әлеміндегі күрделі ұғымдар мен категориялар, қайғы-қасіреттің мәнін түсінуге талпыныс – мұның бәрі Упанишадтың рационалды-рухани ізденістерінің өзегіне айналды.

Упанишад бойынша әлемнің бастапқы түпнегізі Брахма болып табылады. Брахма – бұл атманмен (адамның рухани мәнділігі) біртектес тұлғасыз мәнділік. Адам өмірі – сансарамен (өмірдің мәңгі айналымы) және кармамен (жазмыш заңдылығы) анықталатын әр түрлі қайта болулардың шексіз тізбегі. Карма – бұл жанның мәңгілікке көшуі мен қайта оралуының өнегелік заңын айқындайды. Адамның міндеті сансардың шеңберінен шығып, Брахманмен бірігу. Бұл үшін атман мен брахман бірегейлігін танып, санаға сіңіру қажет. Бұл жол деваяна (құдай жолы) деп аталады. Деваяна жолы – бұл адамның өзін-өзі ой елегінен өткізіп, өз артықшылықтары мен кемшіліктерін саналы түрде пайымдау жолы. Деваяна жолы – бұл бүкіл қоршаған әлемнің шарттылығын зердемен игеру арқылы өзінді меңгеруге ұмтылу. Бұл жолда адам барлық нәрсенің өткіншілігіне, бұл дүние қызықшылығының тұрлаусыздығына, ал ішкі субъективтіліктің тұрақтылығына көзін жеткізуі тиіс.

Үнді философиясының негізгі бағыттары: буддизм, жайнизм, даршандар, санкхья, иог жүйесі. Олар өздерінің философиялық мәселелерін адамгершілік-этикалық тұрғыдан алғанда адамның «Менінің» мәнділігін әлемнің танымдық тереңдігін анықтау барысында қарастырды.

Санкхья б.з.д. 7 ғасырда (негізін қалаушы Капила) пайда болып, ал б.з.д. 3 ғасырда дербес ілім ретінде толық қалыптасып бітті. Санкхья ілімі бойынша бүкіл әлем дүниедегі екі субстанцияның – пракрити және пурушидің өзара әрекеті нәтижесінде пайда болады. Егер пракрити – бұл мәңгі әрекеттегі және құбылмалы энергия, әр түрлі материалдық объектінің бастау көзі болса, ал пуруши – таза сананың немесе «Меннің» рухтың жеке болмысы. Пуруши мен пракритидің қосындысы әлемді құрайды және ғарыш эволюциясының себебі болып табылады.

Жалпы ішкі рухани жетістік және ішкі еркіндікке ие болу, сыртқы әлем мен рух арасындағы үйлесімділікке жету идеалдары өзге де даршандарға тән. Бұл бағыттағы батыл қадамды йога философиясы жасайды. Йога – бұл рухты тәннен және материалдық әлеммен сыртқы байланыс нәтижесінде туындайтын шектеулерден азат етуге мүмкіндік беретін теориялық қана емес, практикалық тұрғыда да негізделген философиялық мектеп. Йога адам миының жасырын әлеуетті мүмкіндіктері туралы ойды қалыптастырып, экстрасенсорлық қабілетті дамытудың әдіс-тәсілдері жүйесін ойлап тапты.

Ньяя және вайшешика философиялық жүйелері ведалық дүниетанымға жақындықтарына қарамастан, рационалдық таным принциптерін қалыптастырды. Мысалы, ньая дәйекті таным көздері, сезімнен тыс қабылдау, сөйлемнің логикалық құрылымы туралы ілімді қалыптастырды. Вайшешика

Әлемнің атомдық құрылымы туралы ойды дамыта отырып, сонымен қатар ньяя сияқты логика мәселелеріне көңіл қояды.

Миманса барлық даршандардың ішіндегі ортодоксальды мектеп болып табылады. Миманса атомдарды материалдық денелердің субстанциясы ретінде мойындайды. Веданта барлық мәнділіктің қайнар көзі ретінде Брахман-Атманның нақтылығын негіздейді. Осы аталған алты даршан Упанишад идеялары трансформациясы мен эволюциясының әр түрлі формаларын білдіріп, оның дамуының алты параллельді аспектісін байқатады.

Бұл алты даршан индуизмнің философиялық негізін құрап, ол б.з.д. 1 ғасырдан бастап үстем идеологияға айнала бастайды. Ертедегі үнді жеріндегі этникалық топтардың ұзаққа созылған рухани эволюциясы нәтижесінде, индуизмнің негізінде әр түрлі архаикалық культтар мен ведалық мәдениеттің синтезі жүзеге асады.

«Өзіңді өзің жеңу» буддизм философиясындағы адамның ең негізгі мақсатының бірі болып табылады. Ертедегі Үндіде буддизмнің пайда болуы ежелгі Грекияда Сократқа дейінгі философия қалыптасқан уақытпен бір мезгілде іске асты. Буддизмнің негізін қалаушы Сиддхарт Гаутама (б.з.д. 563-483). Гаутама діни ой-сананы теріске шығарады. Оның ілімі адамды азат етуге бағытталған. Бұл үшін барлық күйбең тіршілікке қатысты бағыныштылықтардан азат болып, нирванаға жету шарт. Сондықтан да Будда үшін философия – бұл нирванаға жету құралы. Бірақ, нирванаға жетпей тұрып, адам «төрт игілікті ақиқаттың» мәнін терең ұғынуы қажет: 1) дүние қасіретке толы; 2) барлық қасіреттің себебін адамның құлқынынан; 3) қасіреттің себептерін жою; 4) нирванаға жету. Ол үшін мына жолды ұстану қажет – дұрыс түсінік, дұрыс сөз, дұрыс ойлау, дұрыс жүріп-тұру, дұрыс өмір сүру тәртібі, дұрыс күш-жігер, дұрыс ой бағыты, дұрыс жинақтала білу.

Буддизмнен өзге, брахманизмге қарсы оппозициялық көңіл-күйдегі келесі бір мектеп – джайнизм (б.з.д. 6-5 ғ.) Веданың қасиеттілігін, әр түрлі діни әдет-ғұрыптар мен салттарды, адамзат тағдырына құдайлардың ықпал етуін теріске шығарады. Үндінің философиялық ойы сияқты қытай даналығы да өте ерте кездегі мәдени қабаттардан бастау алады. Мифологиядағы «Ян» және «Инь» туралы көзқарастарды ежелгі қытай ойшылдары дүниетанымдық ұғымға айналдырды және оны «ци» ұғымымен толықтыра отырып (б.з.д. 8-5 ғ.), «У-син» концепциясын (б.з.д. 5-3 ғ. – бес түпкі элемент туралы ілім) дамытты. Бұл көзқарастар Лао-Цзыдың (б.д.д. 6-5 ғ.) «Дао дэ Цзин» деп аталатын еңбегінде жарқын көрсетілген. Лао-Цзы пікірінше, дао – бұл ғаламдық заңдылық. «Цимен» бірге дао әлемдегі заттардың дамуы мен өзгеруіне ықпалын тигізеді. Әлем алуан түрлі және үнемі өзгерісте. Адам, даостардың пікірінше, Даомен кірігіп, жер пендесіне тән тәуелділіктен құтылуы қажет.

Ертедегі Қытай философиясының негізгі бағыттары: конфуцийшілдық /Конфуций/, даоистік /Лао-цзы/, легистік /Гуан Чжун, Шан Ян/, жаратылыстану /Сунь-Цзы/ ілімдері. Олардың философиялық ілімдеріндегі қағидалар «адам-әлем» жүйесіндегі бүкіл даналықты қамтиды десек артық емес. Олар бүгінгі тәлім-тәрбиенің, адамгершіліктің өмір мектебіне айналып, өзінің мәнін

эвристикалық педагогикалық іс-әрекетте көрсетіп, көзқарастық, танымдық және методологиялық концепцияларға айналып отыр.

Кун Фу – Цзы, аңыздардың айтуынша, Лао-Цзыды құрмет тұтып, оның әңгімелерінен көп өнеге алған. Бірақ Лао-Цзы даоны үлгі тұтып, жоғары қойса, ал Кун Фу – Цзы «бекзаттық ер мінезді» ең басты қасиет санап, «жэнь» мәселесіне көңіл қойды. Конфуций пікірінше, жэнь – бұл гумандылықтың идеалды қатынасы. Жэнь бекзат адамға тән барлық жақсы қасиеттерді жинақтайды. Жэнь – бұл ақыл-ой, жүрек, адамгершілік парасат. Жэньнің арқасында адам ешқандай зұлымдық жасамайды, жердегі адамдар мен барлық тіршілік иелерін жақсы көріп, халық пен қоғамға ешқандай зиян келтірмейді.

Егер жэнь – бұл гумандылық болса, «ли» - бұл адамдар арасындағы қатынастар мен байланыстардағы үйлесімділік. Ли – бұл өзге адамдарға деген құрмет, бұл ізгі ілтипат және сыпайылық.

Кун Фу – Цзыдың айтуынша «жэнь» және «ли» адамгершілік пен құрметтің өзара байланысының алғышарты. Парасаттылыққа жеткен адам – бұл адамгершілікті және тәрбиелі адам. Парасаттылыққа жету музыка мен поэзияны меңгеру арқылы жүзеге асады. Онсыз әлеуметтік қағидаларды игеру мүмкін емес.

Конфуций идеялары қытайдың рухани мәдениеті дамуына өзінің зор ықпалын тигізді.

Сонымен, ертедегі үнді және ежелгі қытай философиялары адамды тікелей болмыспен байланыстырады, адамның әлеммен үйлесімділігі мен тұтастығын үндейді.

«Антика философиясы» деген термин мың жылдан аса тарихы бар грек-рим философиясын білдіреді. «Антик» сөзінің латын тілінен аударғанда «көне» деген мағынаны білдіретінін ескерсек, бұл жалпы философиялық ой дамуының бастапқы кезеңін аңғартады еді. Алайда, қалыптасқан дәстүр бойынша антик дәуірі тек батыстың көне заманын білдіріп, осы грек-рим әлеміне қатысты айтылады. Ал, хронологиялық шеңберіне келер болсақ, антик философиясы өзінің бастауын б.з.д. 7-6 ғасырдан алып, ал оның аяқталуы б.з. 529 жылы император Юстинианның барлық христиандық емес философиялық мектептерді ресми түрде жаптырған датасымен байланыстырылады. А.С. Богомолловтың айтуынша оның ішіндегі үш ірі кезеңді айқындауға болады: антик философиясының қалыптасуы немесе Сократпен аяқталатын ерте классика (б.з.д. 7-5 ғ.); классикалық грек философиясы (б.з.д. 4 ғ.); эллиндік-римдік философия (б.з.д. 3 ғ. – б.з. 5 ғ.). Ал Дж.Реале мен Д.Антисери антик философиясы дамуының төмендегідей жетілдірілген жүйесін ұсынады:

Б.з.д. 6 және 5 ғасырлар аралығын қамтитын физис және космос мәселелерімен айналысқан натуралистік кезең. Мұның өкілдері қатарына иониялықтар, пифагоршылар, элеаттар, физик-плюралистер және физик-электиктер жатады.

1.Адам болмысының мәнін айқындаумен тұңғыш айналысқан гуманистік кезең. Бұл кезеңнің басты өкілдері – софистер және Сократ.

2.Сезімнен тыс әлемнің ашылуы және негізгі философиялық мәселелерді органикалық түрде қарастырған Платон мен Аристотельдің үлкен синтезі кезеңі.

3.А. Македонский жорықтары дәуіріндегі эллиндік мектептер мен пұтқа табынушылық заманы соңына дейін – кинизм, эпикурейзм, стоицизм, скептицизм, эклектицизм бағыттары кезеңі.

4.Антиктік пұтқа табынушылық дүниетаным ойының діни дәуірі – неоплатонизм және оның модификацияларының жандану кезеңі.

5.Христиандық ойдың қалыптасуы және грек философиясының категориялары тұрғысында жаңа дін догмаларын рационалды қалыптастыру кезеңі.

Ежелгі Грекия дүниетанымының жаңа формасы – философияны қалыптастырған негізгі үш мәдени орталықтың бірі болып табылады. Оның қалыптасуы да Ерте Үнді және Ежелгі Қытай жерлерінде байқалған заңдылықтарға сай жүзеге асты. Бірақ эллиндік ақыл-ойдың дүниеге келтірген жемісінің шығыстық философиямен салыстырғанда өзіндік түбірлі ерекшеліктері болды. Философияның қалыптасуына алғышарт болған грек өмірі формалары қатарына, тағы да басқа халықтардағы сияқты мифология, дін, ғылыми білімнің бастапқы түрлері, әдеттік сана және тіршілік даналығы жатады.

Философия тарихы адам баласының, бүкіл адамзат тарихының өзіндік санасы. Антикалық философия өзінің көптеген мектептерімен, бағыттарымен ерекшеленеді. Грек даналығы адамның дүние танымында ерекше орын алады. Дүниенің «алғашқы бастамасын» іздеу жолындағы танымдық іс-әрекетте көптеген философиялық «алғыр ойлар» қалыптасты. Олар: дүниенің бірлігі /біртұтастық/, материалдылығы, дүниенің шетсіз-шексіздігі, атомизм т.б. Бұл идеялардың эвристикалық маңызы бүгінгі философияда және ғылымда өте зор. Антикалық философияның космоцентрлік сипаты табиғат пен адам бірлігінің айғағы және дүниенің біртұтастығында.

Көне грек философиясы халықтың тарихи- әлеуметтік, экономикалық өмірмен тығыз байланысты бола отырып, демократиялық құлдық қоғамның дамуын сипаттайды. Бұл қоғам сол кездегі философияның әдебиет пен мәдениеттің кеңінен өркендеуіне жол ашты. Ғылымның алғашқы көздері пайда бола бастады. Грек философиясындағы жаратылыстану /фюзис/ саласы натурфилософияның /табиғат философиясы/ ерекшелігін айқындайды. Табиғаттың заттары мен құбылыстарына **танданудан**, оны **танудан** шыққан философиялық ойлар антикалық дәуірдің ұлы тұлғасы Аристотельдің жүйелеулік әрекетінің негізінде біртұтас философиялық тарихи кезең болып қалыптасты.

Түпнегіз (архэ) – бұл барлық нәрселердің шығу тегін, олардың мәнділік ретінде өмір сүруін және неге айналатынын білдіретін бастапқы негіз. Фалес барлық нәрсенің түпнегізін су деп пайымдаса, Анаксимандр өзі *apeйрон* деп атаған шексіздік пен белгісіздікті атайды. Архэ ретінде Анаксимен ауаны, Гераклит отты атаса, ал Пифагор – сандық қатынастарға аса мән береді. Бұлардың арасында Анаксимандр түпнегізді неғұрлым философиялық және абстракциялық тұрғыда түсіндіруге тырысады. Сократқа дейінгі алғашқы

философтар осы құдіретті түпнегізді әлемнен бөліп алмай, керісінше, әлемнің мәні ретінде түсіндіргендіктен «натуралистер» деп аталады.

Алғашқы грек ойшылдары әлемдегі бір-біріне үстемдік етуге ұмтылған қарама-қарсылықтарды аңғара білді. Гераклитте барлығын басқаратын логос түріндегі түпнегіз – от ретінде өзінің заңды жалғасын табады. Гераклит сонымен қатар, түпнегіздің универсалды динамизмі тақырыбын онан әрі дамытты. Оның «бәрі ағады, бәрі өзгереді» деген атақты тезисі осы ағын образынан туындайды. Осыған байланысты Гераклит мынадай терең де батыл түйіндерге тоқталады: бір қарама-қарсылықтан екіншісіне үнемі алмасу ретіндегі қалыптасу идеясы, олардың тұтастығы мен күресі идеясы, олардың үйлесімділікке бірігуі, ақиқат пен танымның көп қырлылығы.

Философия дүниеге келісімен құдіреттілік (Ксенофан) пен ақиқатқа (элеаттар) қатысты ғасырлар бойы қалыптасқан наным-сенімдерді бұзып, өзінің жаңашылдық күш қуатын байқатты. Әлейден шыққан ойшылдардың жаңашылдығы былайша сипатталады: космологияны онтологияға өзгерту, өзіндік философиялық категорияларды ойлап табу, диалектикалық тәсілдерді енгізу мен пайдалану арқылы философияда дәлелдеудің қажеттілігі мен оның тәсілдерін қолдануды мойындау.

«Кіші физиктер» немесе физик-плюралистер – Эмпедокл мен Анаксагордың көзқарастары элеаттардың осы апорияларын шешуге талпыныспен байланысты болды. Олардың плюралистік концепциялары әлейліктердің де, иониялықтардың да монизміне қарсы бағытталған. Бұл мәселені түсіндіруге келгенде ең жүйелі және мақсатты талпыныс Левкипп пен Демокрит ұсынған әлемнің атомистік картинасы болды. Әлемдегі барлық өзгерісті, қозғалысты түсіндіретін – атом (абсолютті, тығыз, одан әрі бөлінбейтін болмыс), бос кеңістік және олардың қозғалыстары. Атомдар формасына, реті мен жағдайына қарай ерекшеленеді, олар сезіммен қабылданбайды, тек ақылмен пайымдалады.

Антик философиясында ерекше орынды софистер (Протагор, Горгий, т.б.) алады. Әдетте, оларды теориялық тұрғыда тұрлаусыз, ақиқатқа жету жолындағы шынайылықтың орнына жеке мүддені ойлаушылар деп және тағы да басқа күнәлармен айыптайды. Шындығында софистика б.з.д. 5 ғасырдың екінші жартысындағы Грекия өміріне объективті әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамудың алғышарттарымен келген феномен болып табылады. Софистер өз заманының талабын дұрыс ұғып, оған форма мен дауыс береді. «Адам – бар нәрсенің өлшемі» деген Протагор аксиомасындағы релятивизм мен прагматизм Горгий нигилизміне ұласқанымен қатар, сөз өзінің шынайылығынан гөрі нандыру мен сендірудің құралы дегенге саятын теориялық жаңалыққа да әкеледі. Сондықтан б.з.д. 5 ғасырдағы Грекияда риторика немесе сендіру өнері «мемлекет қайраткерінің қолындағы нағыз штурвалға» айналады.

Алайда софистер адамның бұзылған дәстүрлі өмір сүру тәртібінің орнына тартымды жаңашылдық ұсына алмады. Мұны іске асырған Сократ болды, сондықтан оны антик философиясы тарихының «кіндігі», «философияның бел ортасы» деп те атайды. Сократ та софистер секілді өзінің басты назарын адам табиғатына аударғанымен қоймай, адамның мәні – ақыл-ойға негізделген

белсенділік және адамгершілік бағдар ұстанған әрекет ретіндегі оның жаны деген түйінге тоқталады. Байлық, даңқ, билік, сұлулық өз табиғаттарында ешқандай игілікке жатпайды, бірақ олар тек ғылыммен, таныммен және дұрыс пайымдаумен басқарылғанда ғана нағыз игілікке айналады. Сократ бойынша таным игілікті істің, қайырымды қылықтың қажетті алғышарттары. Сократ сондай-ақ бақыттың жаңа ұғымын да қалыптастырды: адам өз бақытының да, бақытсыздығының да ұстасы. Сократтың өзі күш көрсетпеу төңкерісін теориялық тұрғыда негіздеп қана қоймай, өз өлімінің дерегі арқылы да оған мәңгілік өмір сыйлайды. Жанды адамның мәнділігі ретінде белгілеуі, танымды нағыз ізгілік ретінде, өзін-өзі билей алуды ішкі еркінділік ретінде бағалауы – оның этикасының осы тұжырымдары индивид автономиясын жария етті.

Б.з.д. 4 ғасыр Грекия үшін «жоғарғы классика» дәуірі болып табылады. Бұл дәуірде антиктік философиялық ойдың айшықты көрінісін беретін екі философиялық жүйе – Платон және Аристотельдің философиялық жүйелері қалыптасты. Сократтың ең ғұлама шәкірті және Академияның негізін қалаушы Платонның ілімі әр деңгейлі және әр алуан қырларымен ерекшеленеді. Оның шығармашылығында философия мифке қайта оралады. Онда миф логосқа бағынбағанымен, оның қанат жаюына серпін береді.

Платондық метафизиканың кең ауқымды ерекшелігі, онда жаңа шындықтың ашылуымен байланысты, яғни физис философиясында бұрын-соңды сөз қозғалмаған сезімнен тыс, физикалықтан тыс кеңістіктің ашылуымен байланысты болады. Платонның дәл осы жаңалығы философия дамуындағы маңызды кезең болып саналады және батыстық даналықтың дамуындағы материалдық және материалдық емес, сезімге тән және сезімнен тыс деген айырмашылықтардың негізін қалады. Осы категориялар тұрғысында табиғат пен ғарыш өз алдында заттар түрінде емес, тек олардың құбылысы түрінде ғана көрінеді. Нағыз және нақты болмысқа заттардың мәнін, олардың парадигмасын білдіретін идеялар ғана ие болады. Платонның идеялар әлемі – бұл сатылы түрде ұйымдастырылған жүйе. Оның ең жоғарғы шыңында Игіліктің абсолюттік идеясы орналасқан. Физикалық әлем немесе сезіммен қабылданатын ғарыш әлемі мынадай кесте негізінде пайда болады: үлгі (идеалды әлем), көшірме (физикалық әлем), Жаратушы (демиург) - үлгіге сәйкес көшірменің авторы.

Платонның таным мәселесін жанда әуел бастан нақтылық түрінде ұштастыратын ақиқатты ажыратып алу ретінде қарастырады. Платон өнерді ақиқаттан ауытқан, риториканы ақиқатты мистификациялау ретінде қарастырса, ал риторика – абсолютке жетудің логикалық емес жолы. Платонның адам концепциясы дуалистік болғандықтан (жан мен тән), таным тазару ретінде, ал диалектика бетбұрыс ретінде қарастырылады. Жанның мәңгілігі Платон үшін ең маңызды мәселе болғандықтан метемпсихоз ұғымы әр түрлі мифтер түрінде сипатталады.

Платондық дүниетанымның інжу-маржаны оның бүкіл ой-толғамдарын қорытындылайтын «Мемлекет» диалогы болып табылады. Платонның түйіндеуінше, егер саясаткер философқа айналса, онда Ақиқат пен Игіліктің жоғарғы құндылықтарын негізделген шынайы мемлекет қалыптастыруға

болады. Ал Әділеттілік бүкіл басқа нәрселер соның төңірегінде айналатын негізгі өзек болып табылады. Идеалды мемлекетті практикалық тұрғыда қалыптастырудың бірнеше мүмкіндігі сәтсіз аяқталған соң Платон өзінің «Саясат» және «Заңдарында» «барлық нәрсенің өлшемі - Құдай» деп санайтын адамдардан құралған нақты мемлекеттің формасын табуға ұмтылады.

Платондық Академияның ең қабілетті шәкірті Аристотельдің рухани дүниесін платонизм мен метафизикадан бас тартып, натурализм мен эмпиризмге бет бұру деп түсінуге болады. Яғни, ол ұстазының жолын қайталамай, оның ілімін алға жылжыта отырып, оның теориясы шеңберінен шыға білген. Аристотельдің таланты мен ғылыми рухы оны тәсілдер дифференциациясына, органикалық синтез бен жүйелеуге алып келеді. Ол философиялық білімдердің – метафизиканың, физиканың, психологияның, этиканың, саясаттың, логиканың даму жолдарының негізін қалады.

Ғылымдарды классификациялауда Аристотель ең алдымен теориялық ғылымдарға басымдылық береді, оның ішінде барлық ғылымдардың шыңы ретінде ең маңызды орнын метафизикаға немесе «бастапқы философияға» беріледі. Бұл жалғандыққа жол бермейтін білімге деген таза құмарлық, ақиқатқа деген құштарлық. Оның мақсаты болмыстың төрт себебін зерттеу болып табылады, оның ішіндегі ең маңыздылары – барлық заттарды құрайтын форма (мәнділік, бастапқы субстанция) және материя. Және метафизиканы тәмамдайтын сезімнен тыс субстанция – бұл мәңгі және қозғалмайтын Бастапқы түпнегіз, Бастапқы қозғаушы. Аристотельдің өзінің физикасында сезіммен қабылданатын субстанцияларды зерттей отырып, оның ішкі сипаттамасы ретінде қозғалысты қарастырады. Оның психологиясы бірнеше трактаттарда мазмұндалған, оның ішіндегі ең терең және даралығымен ерекшеленетіні «Жан туралы» деп аталады. Стагирит жанды үш құрамда қарастырады: вегетативті, сезімдік және рационалдық, бірақ оның алғашқы екі құрамы барлық жанды заттарға тиесілі болса, тек адам ғана осы үш құрамның барлығында да бірдей ие.

Аристотель де Платон сияқты өзінің мектебін – Ликей немесе Перипатетиктер мектебін ұйымдастырды.

Эллиндік-римдік философия сегіз ғасырға жуық уақытты қамтитын антик философиясы тарихындағы ең ұзақ кезең болып табылады. Эллиндік дәуір гректердің саяси өмірімен қатар рухани әлемін де ұлы өзгерістерге алып келген А. Македонский жорықтарымен басталады.

Саяси дербестікті жоғалту гректің полистік жүйесінің дағдарысымен сипатталады. Эллиндік монархиялар жағдайындағы жаңа өмір тәртібі бұрынғы «құндылықтарды» қажет етпеді, мемлекет пен адам арасындағы ескі байланыс бұзылды. Азамат пен мемлекет арасындағы тығыз тұтастықтың бұзылуы бұл кезеңде этиканың саясаттан бөлінуіне әкеліп соқты.

Эллиндік адамның әлемге көзқарасы антик философиясы дағдарысын, деграциясын білдіретін философиялау сипатын айқындайды. Философия бірте-бірте өзінің шығармашылық сипатынан арылып, философия бет-бейнесіндегі акцент те өзгере бастайды. Басты назарға этика алынып, адамгершілік мәселесінде мынадай сұрақ алдыңғы орынға шықты: әлемнің

бұзылып жатқан тұсында қалай еркіндікті сақтап қалуға болады? Сондықтан да стоиктер философияны жеке бөліктерге бөле отырып, оны бақшаға теңейді, онда бақтың қорғаушысы – логика, ағаштары – физика болса, ал оның жемістері мен ұмтылатын мақсаты этика болып табылады.

Эллинизм дәуіріндегі ең танымал мектептердің бірі – кинизм болды. Кинизм байлық, атақ, даңқ, билік және тағы басқа да бақытсыздыққа әкелетін адамға тән иллюзияларды теріске шығара отырып, халық арасында үлкен табыстарға жетті.

Эллинизм философиясының жарқын беттерінің бірі Эпикур шығармашылығы және б.з.д. 4 ғасырдың соңында ол негізін қалаған «Бақ» мектебі өкілдерінің философиясы болды. Оның ілімінде каноника да, физика да бар, алайда олар этиканың функциясы арқылы ғана жүзеге асады. Яғни, бұл – адамның мақсаты туралы ілім, бақыт және оған жетудің тәсілдеріне негізделеді.

Б.з.д. 4 асырдың аяғында Афинада тағы бір атақты философиялық стоиктер мектебі пайда болды. Ол б.з. 3 ғасырына дейін өмір сүріп, дүниеге Зенон, Сенека, Марк Аврелий ұлы ойшылдарды әкелді. Стоиктер гераклиттік от - логосқа сүйенеді. Стоиктер ілімінде кедейлер мен құлдардан бастап императорға дейін пейіл бұруы оның кең танылуына себеп болды.

Эллиндік дәуірде стоицизммен салыстырғанда азырақ таралған тағы бір философиялық бағыт – скептицизмнің негізін қалаушылар Пиррон мен Тимон болды. Скептицизмнің идеалы - теория туралы пікірден бас тарту, практикада мүмкін болатын парасаттылыққа ғана, әдет-ғұрыпқа ғана сүйену.

Эллинизм дәуіріндегі пұтқа табынушылық даналықтың соңғы бағытының бірі б.з. 3-4 ғасырларында дамыған неоплатонизм болып табылады. Неоплатонизм өз дәуіріне тән философиялық бағыт болғандықтан сол заманның қоғамы мен адамының әлеуметтік тәжірибесін дәл ұғынып, оны абстракциялық философиялық формулаларда шебер көрсете білді.

Бекітуге арналған сұрақтар:

- 1.Ежелгі Шығыс философиясының негізгі бағыттары.
- 2.Ежелгі Шығыс философиясының ерекшеліктері, маңызы.
- 3.Ерте грек философияның дамуының негізгі кезеңдері.
- 4.Аристотель, Платон, Сократ т.б. философиялық көзқарастары туралы.

№3 Дәріс тақырыбы: Орта ғасырлық Шығыс және Батыс философиясы .

Дәріс жоспары:

- 1.Ортағасыр философиясының негізгі мәселелері.
- 2.Схоластикалық философия.
3. Әл-Кинди философиясы.
4. Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары.
5. Ибн Сина, Ж.Баласағұн, М.Қашқари философиясы.

Ортағасырлық батысеуропалық философия – дүниетаным дамуындағы өзіндік ерекшелігі бар кезеңдердің бірі. Бұл ерекшелік философиялық ой дамуының тікелей діни-теологиялық шеңбері ішінде, христиандық діни ілімнің апологетикасы төңірегінде өрбуімен сипатталады. Ортағасырлық батысеуропалық философияның қалыптасуы мен дамуына Муций Феликс,

Тертуллиан, Ориген сияқты апологеттер, неоплатонистер және Аврелий Августин өздерінің интеллектуалдық ықпалдарын тигізді. Рим шіркеуі Әулие Августинді (375-383) сенім мен ақылдың үйлесімділігі тұрғысынан христиандық діни ілімді негіздеуде орасан зор сіңірген еңбегі үшін «әкей» ретінде мойындаса, көптеген батыстық зерттеушілер оны «батыстық ортағасырлық мәдениеттің ұлы сәулетшісі» дейді. Аврелий Августин өзінің «Құдай қаласы туралы» еңбегінде атақты формуласын – «ұғыну үшін сенемін, сену үшін ұғынамын» формуласын негіздейді. Бұл “ақыл мен сенімнің өзара бірін-бірі толықтыру принципі” 5-15 ғасырлар аралығын қамтитын Батыс Еуропаның бүкіл ортағасырлық философиялық ойының ең негізгі дүниетанымдық кредосына айналады.

Егер Августин Аврелий Рим шіркеуінің “әкейі” болса, онда Боэций (480-526) М.Грабманның дәл сипаттамасы бойынша “соңғы римдік және бірінші схоласт” болып табылады және сонымен қатар Ортағасырлықтың негізін қалаушы ретінде де орынды саналады. Боэций антик дәуірінің рухани-философиялық мұрасын ортағасырлық мәдениетпен байланыстырушы, антиктік интеллектуалдық-философиялық дәстүрдің ортағасырлық руханиятпен сабақтастығын жүзеге асырушы қуатты транслятор болып табылады. Боэций аристотельдік ілімнің ұғымдық аппаратын рухани трансляция жасап қана қоймай, ортағасырлық философиялық ойлау мәдениетіне теологиялық проблематиканың негізгі қаңқасын да енгізді: универсалийлер мәселесі, тринитарни (Құдіретті Құдай, оның Ұлы және Қасиетті Рух арақатынастары), субстанция мәселесі және акциденция. Боэцийдің айтуынша субстанция – бұл барша атрибуттар мен акциденцияларды айқындайтын барлық мәнділіктер негізі. Егер субстанция – заттардың жалпы негізі болса, универсалийлер – бұл жалпы атаудың мәні. Олар ақыл-оймен абстракциялаудың нәтижесі болғанымен, әлемде бар және нақты өмір сүретіндерді бейнелейді.

Схоластикалық философияның басталуы И.С.Эриугенның есімімен байланысты (810-877). Эриугена өзінің “Табиғаттың бөлінісі туралы” деген жұмысында әлемдік үйлесімділік туралы идеясын негіздейді. Онда құдай барлық бастаудың түпнегізі бола отырып, болмыс үдерісін өзі аяқтайды: «Құдай өзі танылмағанымен өзі жаратқан нәрселеріне біршама ашылады, ал Құдайға иланудың өзі – таңғажайып жаратылыс» (Эриугена).

Ортағасырлық философиясының дамуына үлкен үлес қосқан Ансельм Кентерберийский (1033-1109) болды. Ол өзінің “Прослогион” деген еңбегінде Құдай өмір сүруінің априорлық немесе онтологиялық дәлелдерін негіздейді. Сол сияқты П.Абеляр (1079-1142) заттардың мәніне сәйкес келетін және сөздердің мағынасын білдіретін универсалийлер туралы идеяны дайындап шығарады.

Ф.Аквинский (1225-1274) өзіне дейінгі ойшылдардың универсалийлер туралы барлық идеяларын жүйелей отырып ортағасырлық схоластикалық ойлауда өзінің радикалды қадамымен ерекшеленеді. Бұл қайта пайымдаудың мәні табиғатты, адамды оның Құдайға қатынасын зерттеуге негізделеді. “Тән туралы ой жан туралы ойға, ал бұл ой Құдай туралы ойға жетелейді”, - деген Ф.Аквинскийдің кредосы аристотелизмді христиандық тұрғыда қайта

пайымдаумен сипатталатын схоластикалық философия дамуындағы жаңа кезеңді білдіреді. Ол сондай-ақ креационизм идеясын да ұсынады. Ф.Аквинскийдің ілімі – христиандық діни ілім мен перипатетизм философиясының, христиандық теология мен пайда болып келе жатқан жаратылыстанымның арасындағы ымыраға келушілік.

Бірақ бұл компромисс 14 ғасырда Дунс Скот (1270-1308) тарапынан сынға ұшырайды, томизм мен номинализм арасындағы пікірталасқа Р.Гроссетест (1168-1253), Р.Бэкон (1210-1294), У.Оккам (1290-1349/50) белсене араласады. Фомамен салыстырғанда У.Оккам концептуалды номиналист болып табылады. Әлемде санаға бағынышты емес заттар да өмір сүреді. Ұғымдар – бұл ментальды феномендер. Осы жағдайларда теориялық тұрғыда дамыта отырып, У.Оккам теологиялық спекуляция жасауға негізі жоқ деген шешімге келеді, өйткені олар универсалийлер туралы ойға сүйенеді. У.Оккам діни мәселелерді шешуде Папа сөзінің абсолюттілігі туралы тезиске оппонент болады. Оның пікірінше ақиқатқа жету жолында барлық нәрсеге де сын болуы шарт Универсалийлерді сынай отырып Оккам философия мен теологияның ара жігін ажыратады. Номиналистің пікірінше философия теологияның қолжаулығы. Философияның өз міндеті бар: тәжірибе арқылы табиғи әлемді зерттеу. Ал теологияның философиядан ерекшелігі – ол Құдайға бет бұрған және сенімге ғана сүйенеді.

Ортағасыр философиясының ең басты ерекшелігі, оның діни сипаты. Оған тән **теоцентризмнің** құрылымында анықтаушы орынды құдіреті күш ex nihilo атқарады.

Дүниенің жаратушысы құдай деген пікір христиандық онтологияның басты идеясы болды. Баршаның және барлық әлемнің анықтаушы субстанциясы ретіндегі «құдірет» әлем жаратушы абсолют болып есептелінді. Дін дүниені біртұтас қабылдаудың тәсілі болды. Әлемді жаратқан құдай идеясы табиғаттың да дүниедегі орнын анықтағандай болды. Сондықтан болар ортағасыр философиясы «жасаушының» философиясы болып қалыптасады. А.Августин мен Ф.Аквинскийдің ілімдерінде ортағасырлық дүниетаным мәдениетінде **сенім** танымның дәрежесі ретінде анықталды. Бұл философияның басты сипаты ғасырлар бойғы **реализм мен номинализмнің** күресінде айқын көрінеді.

Мұсылмандық Шығысты зерттеумен айналысқан тарихи-философиялық және мәдениеттанымдық еңбектерге қарағанда ислам әлемінің данышпандары ерте грек ғылымы, философиясымен қатар алдыңғы Азия, Орталық Азия және Шығыс мәдениеті мен философиясын қабылдай отырып, философиялық дәстүрлерді онан әрі жалғастырған. Егер ортағасырлық Батыс Еуропада христиандық дінді идеологияландыру, философиялық интоксикациялау және негіздеу үрдісі жүріп өтсе, ал мұсылман аймағында, әсіресе 7-10 ғасырларда философия мен ғылым өзінің гүлденген кезеңін бастан кешіреді. Бұл кезеңде ғылымның мынадай салалары қарқынды дамыды: тригонометрия, алгебра, оптика, психология, астрономия, химия, география, зоология, ботаника, медицина. Арнайы білім салаларының дамуына әл-Хорезми, әл-Бируни, Ибн Сина, Омар хаям т.б. ойшылдар өздерінің үлкен үлестерін қосты.

Ислам философиясының бастапқы негізін қалаушылар қатарына әл-Кинди және әл-Фараби жатады. Әл-Кинди ортағасырлық дәуірде “арабтардың философы” деп жиі атайтын. Әбу-Жүсіп Якуб ибн Исхақ әл-Кинди (800-879) Басра қаласынан шыққан, жетік білім алған, тек философ ретінде ғана емес, дәрігер, астроном, математик ретінде де белгілі, геометрия, оптика, психология, музыка салалары бойынша трактаттар жазды. Логикалық-гносеологиялық мәселелерге арналған жұмыстарымен қатар, мынадай трактаты белгілі: “Аристотель кітаптарының саны жөнінде және философияны меңгерудің шарты, бастапқы философия туралы бес мәнділік жайында кітап, пайда болу және жойылу себептерін түсіндіру туралы трактаттар”. Әл-Кинди мынадай мәселелерге зор көңіл қояды: Құдай мәселесі, ақыл-ой мәселесі мен философияның мәнін анықтау, ғылымдарды классификациялау. Өзінің шығармаларында әл-Кинди Құдайдың мынадай түсіндірмелерін береді: 1. Құдай түпнегіз, барлық нәрсенің абсолюттік бастауы ретінде; 2. Құдай мақсатты себеп ретінде; 3. Құдай кеңістіктегі абсолютті шексіздік және уақыттағы мәңгілік тереңде. Философтың пікірінше, Құдай материяны, форманы, қозғалысты және уақытты жаратқан. Пайда болған нәрсе қозғалыс нәтижесінде өзгереді және ақыры соңында жойылады, ол нәрсе мәңгілік емес, оның соңы бар. Адамға ақыл-ой берілгендіктен ол өзін-өзі танып қана қоймай, өзін қоршаған дүниені де таниды. Ақылдың көмегімен адам заттар мен құбылыстарды себептік байланысын, олардың мәнін ұға алады. Адамның әлемді танудағы ақыл ролін анықтай отырып, әл-Кинди ақыл-ойдың төрт түрін және танымның үш сатысы туралы идеяны айтады. Әл-Кинди мынадай төрт түрін ерекшелейді: активті, пассивті, жинақтаушы, жарғылаушы.

Егер әл-Кинди неоплатонизмге жақындау болса, ал әл-Фараби 10 ғасырдағы Аристотельдің ізбасары болып саналады. Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фараби-ат-Турки 870 жылы Сырдария бойындағы Фараб қаласында түрік отбасында дүниеге келеді. Фараби жоғары білімді оқыған адам еді, ол медицинаны, музыканы, математиканы, этиканы, саясатты, психологияны зерттеуге үлкен қызығушылық танытты. Фараби Аристотельдің алғашқы комментаторларының бірі. Ол Аристотельдің “Категориялар”, “Герменевтика”, “Аналитика. Софистика. Поэтика.” сияқты шығармаларына түсініктеме береді. Бірақ әл-Фарабидің дара философ ретіндегі даңқы басым болды. Фараби ғылыми болжамға, әлемді ғылыми танып білу мүмкіндігіне сеніп, қоғамдағы зорлық-зомбылыққа қарсы шықты. Ол зұлымдықтың жойылып, жер бетінде қайырымдылық бастаудың салтанат құратынын жазып, зорлық-зомбылықсыз, қанаусыз және соғыссыз қоғам идеясын, жер бетіндегі халықтардың бейбіт және достық қатынастарын идеялық, теориялық тұрғыда негіздеді. Өзінің “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары”, “Адамдық саясат” еңбектерінде Фараби саясат пен мораль мәселелерін қарастырады, феодалдық қоғамның және саяси жағдайын, қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастар мәселесін көтеріп, аббасидтер халифатындағы әлеуметтік қайшылықтары пайымдай отырып, оған теориялық түсінік береді. Әл-Фарабидың көптеген философиялық идеялары батысеуропалық философия идеялары мен концепцияларының қалыптасуына,

дамуына, әсіресе Б.Спинозаның философиялық көзқарасына теориялық ықпалын тигізді.

Философия мен ғылымның дамуына түркістандық Бұқарадан шыққан энциклопедист-ойшыл Әбу-Әли ибн Сина (980-1037) өзінің үлкен үлесін қосты. Ибн Сина әл-Фарабидің кейбір идеяларын шығармашылық тұрғыда онан әрі жалғастырады: эманация идеясын, ақыл-ой туралы идея және т.б. Ибн Сина надандыққа қарсы шығып, ақыл-ой үстемдігі үшін күрескен жан-жақты ғалым адам болды.

Шығыста да, Батыста да ең танымал оның “Медицина канондары” деп аталатын капиталды еңбегінде сол заманға орай жоғары деңгейде жүйеленген анатомия, физиология, терапия, хирургия, фармакология, профилактика мәселелері қарастырылған. Өзінің философиялық жүйесін ибн Сина платондық ілімнен бас тарта отырып, перипатетизм арқылы құрастырады. Оның жүйесіндегі ғылымдар классификациясы өз ерекшелігімен қызықтырады. Ибн Сина философиялық білімді екі салаға бөледі: теориялық және практикалық. Оның ойынша, егер теориялық философия ақиқатты игеруге ұмтылса, практикалық философия – игілікке жетуге ұмтылады. Теориялық философияға ибн Сина физиканы, математиканы, ал практикалық философияға саясатты, экономиканы жатқызады. Бұл ғылымдардың барлығын пысықтайтын логика, сондықтан ол инструменталды ғылымға жатады. Логика – бұл әлемді тану құралы, ол барлық ғылымдарға тәсіл береді. Барлық ғылымдардың шыңы метафизика деп санады.

Ғазалидің айтуынша ибн Сина “философиялаушы мұсылман” ретінде өзінің пайымдауларында кейде дінсіздікке жақын жағдайларға дейін барады. Шындығында, ибн Сина өз жауаптарында мынадай идеяларға келеді: егер философия ақыл-ой мәліметіне, дәлелге негізделген шындық туралы білім берсе, ал теологиялық білім сенімге негізделеді. Сонымен қатар ибн Синаның философия мен теологияның ара жігін ажыратқан, олардың статусы туралы идеясын онан әрі ибн-Рушд өзінің қосарланған ақиқат туралы теориясында жалғастырды.

Орталық Азиялық әлемнің келесі бір інжу маржаны – Баласағұн қаласынан шыққан түрік, “Құтадғу білік” деп аталатын атақты шығарманың авторы Жүсіп Баласағұн (11 ғасыр). Оның негізгі тақырыбы моральдық-этикалық мәселе. Баласағұн әл-Фарабидің ізгі қала-мемлекет туралы идеяларын қолдай отырып, мемлекеттің формасы билеушінің адамгершілік тазалығы мен асқақтығына, билеуші мен бағыныштылар арасындағы ізгілікті қарым-қатынастарға байланысты деп есептеді. Өз еңбегінде философ саяси дағдарыстар тұсындағы Қарахандар мемлекеті үшін қажетті билеушінің идеалды портретін беруге тырысты. Бұл жұмыс этика, саясат мәселелеріне арналып қана қоймай, философиялық, эстетикалық, ертедегі түріктердің діни наным-сенімдеріне байланысты материалдарға да толы.

Қарахан қағанатының гүлденген дәуірінде өмір сүрген тағы бір философ Махмұт Қашқари. Ол өзінің 1072-1083 жылдары жазылған “Дивани лұғат ат-тюрк” еңбегінде түрік рулар мен тайпаларының тілі, әдет-ғұрпымен қатар, олардың тарихы мен саяси өмірінен де мол мағлұмат береді. Ол адамдардың

қоғамдық өміріндегі адамгершіліктің, тәрбиенің, білімнің маңызына назар аударып қана қоймай, рулар арасындағы қарым-қатынасты реттеу мен бекітудегі қуатты тетік ретінде тілдің роліне де үлкен көңіл қояды. Қоғамдық өмір мен мемлекетті нығайтуда түрік философының айтуынша ер мінезділік, адалдық, патриотизм және т.б. адамгершілік қадір-қасиеттер маңызды орын алады. Сонымен қатар Түрік халықтарының бір-бірімен жақындасуы мен қатынасуының негізгі құралы ретінде Қашқари ана тілінің маңызды ролін баса көрсетеді.

Суфизмнің көптеген идеяларын мұсылман әлемінің әл-Газали (1058-1111) сияқты ірі теологы да қостады. Әл-Газалиге дейін өмір сүрген ойшылдар да, оның замандастары да мемлекеттік құрылым мәселесін айналып өте алмады. Әл-Газали өзінің бірқатар жұмыстарында мемлекетті басқару мәселесінде сұлтанға ұсыныстар береді, сұлтанның нақты билігін заңдастыру негізінде оны нығайту мәселесін көтеріп, халифты сынайды. Газали халиф пен сұлтан арақатынасы мәселесін жан-жақты сипаттап, имамат теориясын дайындайды. Газалидің пікірінше, мемлекет ислам мен мұсылманша өмір сүру тәртібін қорғауға тиіс. Ол “Философтарды терістеу” деген еңбегінде Фарабиді, ибн Синаны сынап, оларға “әлемнің еш нәрседен жаратылысы” туралы өз идеясын қарсы қояды. Бұл идеяда ол бүкіл қоршаған әлемге өзінің ықпалын жүргізетін құдайдың шексіз еркі туралы ойды негіздейді. Газали Фарабидің, ибн Синаның ақыл-ой ролі туралы позициясымен келіспейді. Мистиктің пікірінше, ақыл-ой тек реттеуші ролді ғана атқара алады, ол біздің ізденісімізді мақсатқа қарай бағыттап алғанымен, мәнділікті ешқашан да аша алмайды. Мәнділікті танудағы жалғыз тәсіл өзіне-өзі терең бағытталған мистикалық жағдай, сонда ғана мәнділік ашылады. Бұл мәнділік – Құдайдың болмысы.

Сопылық философия еуропалық дүниетанымға, еуропалық мәдениетке едәуір ықпалын тигізді. Көптеген идеялары батыстық әлемнің бірнеше ойшылдарының философиялық ой толғаулары үшін жемісті ықпал етті.

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің дамуында салмақта үлес қосқан ортағасырлық шығыс ойшылдары болды. Шығыс ренессансының тамаша ғалым-ғұламалары әлемге танымалы болған Аль-Кинди, Аль-Фараби, Ибн Сина, Аль-Газали, Ибн Рушд, Абу-Райхан Беруни және т.б. Олардың негізгі философиялық ой-толғамдары, дүниеге деген көзқарасы шығыс перипатетизмі, ислам, мұсылман ортодоксиясының философиясын құрайды. Өздерінің ілімдерінде олар антикалық, ортағасырлық білімді терең түсініп, тіпті шығармашылық деңгейге көтеріп көп еңбектер жазған.

2000 жылы Алматы қаласында өткен «Наследие Аль-Фараби и мировая культура» атты халықаралық конгрессте Аристотельден кейінгі **екінші ұстаз** аталған Аль-Фарабиді бүгінгі күнде Шығыстың **бірінші ұстазы** деп мойындау туралы қаулы қабылданды.

Бекітуге арналған сұрақтар:

- 1.Ф. Аквинскийдің философиялық көзқарастары.
- 2.Номинализм және реализм.
- 3.Орта ғасыр философиясының діни сипаты.

- 4.Эл-Фарабидің адамгершілік және саяси-құқықтық көзқарастары.
- 5.Аль- Киндидің философиялық көзқарастары
- 6.Ибн – Синаның «Сауығу» кітабының философиялық маңызы
- 7.Ибн- Рушдтың «Қос ақиқат» туралы ілімі

№4 Дәріс тақырыбы: Қайта Өркендеу дәуір философиясы.

Дәріс жоспары:

1. Қайта өрлеу дәуірінің негізгі принциптері.
2. Қайта өрлеу дәуіріндегі ғылым.
3. Дәуірдің утопиялық көзқарастары.

Бұл тарихи кезең өзін антикалық мәдениеттің, антикалық өмір салтының, ойлау тәсілінің және сезім талдығының жаңаруы, жаңғыруы деп сезінді. Сондықтан болар «Ренессанс» деген терминмен сипатталған.

Бұл кездегі философиялық ойлауды антропоцентрилік деп айтуға болады, өйткені оның өзегінде тұрған адам. *Антропоцентризм* – дүниетанымдық айқындама, оған сәйкес Адам дегеніміз - әлемнің орталығы және асқар шыңы. Адам әлемнің қақ ортасында тұр, яғни бүкіл әлем Адам үшін – шет аймақтар; Адам әлемнің ең ұшар басында тұр, демек бүкіл әлем деңгейі жөнінен де, маңызы жөнінен де адамнан төмен. Тек Адам ғана – субъект, ал бүкіл әлем оның объектісі ғана. Әлем Адам игілігіне, өз еркінше пайдалануына құрал ретінде ғана берілген. Батыс Еуропадағы қайта өрлеу дәуірі қоғамының белгілі бір бөлігінің көңіл күйі ретінде Адам осындай . Мұнда іс жүзінде әрбір суреткер – алып немесе тіпті құдірет, қалған бүкіл әлем соның төңірегінде шыр айналады.

Гуманизм Қайта өрлеу дәуірінде тиянақты идеялық қозғалыс ретінде қалыптасты. *Гуманизм* – адамның қадір-қасиеті мен құрметтеуді, оның жеке тұлға ретіндегі бағасын, адамның игілігіне, оның жан-жақты дамуына, Адам үшін қолайлы қоғамдық өмір жағдайын жасаған қамқорлықты білдіретін көзқарастардың жиынтығы. Бұл кезеңде гуманизм феодализмге және орта ғасырдың теологиялық көзқарастарына, қарсы көзқарастармен тығыз байланыста болды. Гуманистер Адам бостандығын жариялады, діни аскетизмге қарсы, Адам ләззаты мен өз мұқтаждықтарын қанағаттандыру құқы жолында күресті. Осы дәуірдің аса көрнекті гуманистері – Петрарка, Данте, Боккаччо, Леонарда да Винчи, Бруно, Монтень, Коперник т.б. – зиялы дүниетанымды қалыптастыруда маңызды роль атқарды. Әуел бастан-ақ гуманизмнің ішінде – Мор, Кампанелла, Мюнцер секілді өкілдері, кейінірек утопиялық социализмнің басқа да жақтаушылары еңбекшілер бұқарасының мүдделерін білдіретін ағым болып оқшау шықты. Олар қоғамның антигуманистік сипатын көре білді, оның кеселдерін сынады, мүліктік теңдікті талап етті. Сапалық жаңа гуманизм барлық адамдардың жан-жақты және жарасымды дамуы үшін, жеке адамның шын бостандығы үшін қажетті алғы шарт жасайды.

Осы дәуірде әлемнің гелиоцентрилік жүйесін жасаушы, поляк астрономы *Н.Коперник* болды. Ғылым тарихында Коперник ілімі шын мәніндегі революциялық іс болды, сол арқылы табиғат зерттеу істері өзінің діннен

тәуелсіз екенін паш етті. Жердің күнді айналуы туралы және Жердің бір тәулік ішінде өз кіндігін айналып шығуы туралы Коперник теориясы Птоломейдің геоцентрлік жүйесін және «құдайдың қалаулысы» ретіндегі жер туралы оған негізделген діни түсініктерден қол үзуді білдіреді. Бұл теория аристотельден бері келе жатқан және схоластикада пайдаланылған аспан мен жер денелерінің қозғалыстарын бір-біріне қарсы қоюды жоққа шығарып, дүниені құдай жаратқаны туралы шіркеу аңызына соққы берді, болашақта күн жүйесінің табиғи пайда болуы мен дамуы туралы ілімнің дүниеге келуін жеделдетті. Коперниктің заманының және одан кейінгі дәуірлердің озық ойшылдары оларды өздерінің жауынгерлік туына айналдырып, одан әрі дамытты.

Д. Бруно схоластикалық философия мен Рим католиктік шіркеуіне қарсы күрескер, ғылыми дүниетаным идеяларының жалынды насихатшысы. Пантеизм мүддесін қолдады. Ол өз заманының ғылыми жетістіктерін, әсіресе Коперниктің гелиоцентрлік теориясының ықпалында қалыптасты. Бруно жаратушы мен табиғаттың шексіз мәңгілігін үйлестіре отырып, келе-келе өз ұстазы Н.Кузанскийге де батыл пікірлер айтты. Ол табиғаттың шексіздігі туралы нақты тұжырым жасады. Коперниктің ашқан жаңалығына сүйеніп, Бруно осы философиялық принциптің физикалық және астрономиялық мән-мағынасын шындай түсуге күш салды. Сонымен бірге ол Коперник теориясындағы: әлемнің шектеулілігі, аспан әлеміндегі жұлдыздардың қозғалмайтындығы, Күн әлемінің мызғымайтын кіндігі делініп келген көзқарастарға түзету енгізді. Соның негізінде ол жұлдыздар әлемдерінің шексіз көптігін және оларда шексіз тіршілік иелерінің болатындығы туралы қорытынды жасады. Схоластиканың натурфилософиялық дуализміне қарсы шыға отырып, Бруно Жер мен аспан әлемінің біртектілігін, олардың топырақ, су, ауа, от және эфирден тұратындығын тұжырымдады. Бруно бірлік, байланыс және табиғаттағы қозғалыс атауларының универсалдылығы, шексіз үлкен және шексіз кіші мөлшерлердегі қайшылықтардың өзара ұласуы тұрғысындағы диалектикалық пікірлерді өрістетті.

Келесі ойшыл итальян физигі, астрономы және ойшылы *Г.Галилей* Аристотельдің беделіне көз жұмып табынуды, догмалық схоластиканы сынап, математиканы, атап айтқанда геометрияны тәжірибе түрінде ғылыми тәжірибені, табиғат құбылыстарын модельдеуді бірінші болып жүйелі түрде қолдана бастады. Галилейдің механикадағы басты жетістігі инерция заңын, салыстырмалылық принципін анықтау болды. Бұл принципке сәйкес денелер жүйесінің біркелкі және түзу қозғалысы осы жүйеде болып жататын процестерге әсер етпейді. Галилейдің астрономиялық жаңалықтарының діни догмаларға қарсы күресте аса зор маңызы болады, олар Коперниктің гелиоцентристік жүйесінің шынайылығын дәлелдеуде үлкен роль атқарды. Табиғатқа механикалық заңдарына бағынатын өзгермейтін атомдардың қатаң себептілігі негіз болған. Табиғатты танып білудің түп көзі бақылау мен тәжірибе болып табылады. Құбылыстардың ішкі қажеттілігін түсіну Галилейдің ойынша, білімнің ең жоғарғы сатысы. Галилей дәлме-дәл индукция дейтінді жасады. Алайда Галилей діни наным-сенімнен арыла алмай, алдымен құдай болғанын мойындады.

Қайта өрлеу заманында табиғатты зерттеуге бетбұрыс ерекше қойылады. Бұл кезде пантеистік бағыт ерекше орын алады. *Пантеизм* – құдай табиғаттан тыс бола алмайды, ол табиғатпен бара бар бастама дейтін философиялық ілім. Пантеизм құдайды табиғатпен тұтастай алып қарайды, табиғаттан тыс бастаманы теріске шығарады. Терминді Толанд енгізген (1705). Бұрын пантеизм деген желеумен көбінесе табиғатқа материалистік көзқарас көрініс тапқан болса, қазір ол дүниенің құдай арқылы өмір сүруі туралы діни-идеалистік теорияға айналды және ғылымды дінмен жақындастыру әрекеті болып табылады.

Қайта өрлеу дәуірінің утопиялық социализмнің негізін салушы *Т.Мор*. Осы дәуірдің гуманист рационализмі. Мордың басты шығармасы – «Золотая книга, столь же полезная, как забавная, о наилучшем устройстве государства и о новом острове Утопий» (1516); бұл кітапта әңгіме белгісіз Утопия еліне жасалған саяхат туралы. Мор жеке меншікке негізделген қоғамды, өз тұсындағы Англиядағы әлеуметтік-саяси қатынастарды жан-жақты сынады және қоғамдық меншікке негізделген қоғамдық құрылысты суреттеді; ол тұңғыш рет өндірісті қоғамдастыру идеясын дәйекті түрде баяндап, оны еңбекті ұйымдастырудың және бөлісудің коммунистік идеяларымен байланыстырды. Бостандыққа негізделген қиялдағы Утопия мемлекетінің негізі шаруашылық ұясы – отбасы, қолөнер өндірісіне негізделген. Утопиялықтар демократиялық басқару, еңбек теңдігі жағдайларында өмір сүреді. Адамдар күніне 6 сағат жұмыс істеп, қалған уақытында ғылыммен және өнермен шұғылданады. Адамның жан-жақты дамуына, теориялық оқуды еңбекпен ұштастыруға үлкен мән беріледі; ақыр соңында – тәрбие саласында социалистік көзқарастардың бастапқы идеяларын суреттеп береді. Мор социалистік мұратқа жету үшін техниканы өркендетуді қажет деп таппады. Жаңа қоғамға өтуді бейбіт жолмен іске асыруды армандады.

Т.Кампанелла итальян философы бастапқы утопиялық коммунизм өкілдерінің бірі. Кампанелла Телезионың натурфилософиялық көзқарастарына қосылды, схоластикаға қарсы шығып, сол кездегі алдыңғы қатарлы сенсуализм мен деизм идеяларын дамытты. Ол өзінің еркін ойлылығы үшін инквизицияның қудалауына ұшырады. Кампанелла адамзаттың бірлігі мен игілігін армандады. 1599 жылы Италияны Испан езгісінен азат ету мақсатымен көтеріліс ұйымдастыруға әрекет жасады. Астыртын әрекеті әшкереленіп, Кампанелла ауыр азаптаудан кейін түрмеге қамалып, онда 27 жыл отырды. Сонда отырып ол жеке меншіктен ада, жаппай еңбек молшылығына кепіл болатын, бірақ тұрмысты реттеп отыратын, шын мәнінде абыздар билігі теократтық сипат алған мінсіз қоғам туралы өз утопиясын «Күн қаласын» жазды. Ол 1623 жылы жарияланды. Кампанелла өзінің коммунистік мұратын парасаттың әмірімен және табиғат заңдарымен негіздеді. «Күн қаласы» - кейінгі қоғамдық ой-пікірлердің дамуына елеулі ықпал жасады.

Бекітуге арналған сұрақтар:

- 1.Философиядағы антропоцентристік бағыт.
- 2.Философиядағы пантеизм.
- 3.Адамға бетбұрыс және философияны дамытудағы жаңашылдық.

№5 тақырып. Жаңа дәуір философиясы.

1. Жаңа заман философиясының ерекшеліктері
2. Жаңа заман философтарының негізгі ілімдері
3. XVIII ғасырдағы Ағарту философиясы

XVII ғ бастап Батыс Еуропа топырағында капиталистік қатынастар қарқынды дами бастайды. Жалпы алғанда, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси ақуалы, қоғам мен табиғатты танып-білу қажеттіктері философия саласында онтологиялық (болмыстық) мәселелерден гөрі ғылымды дамыту қажеттіктері жаңа ұйымдардың, мекемелердің пайда болуына себеп болады.

Бұл уақыттағы жаратылыстану саласында алға озып шыққан **механика** ғылымы болды. Оның негізгі себебі - өндіргіш күштерді дамыту, жаңа машиналар мен неше-түрлі механизмдерді жасау қажеттіктері болатын. Әрине, жаратылыстану саласындағы мұндай күрделі өзгерістер философия саласына зор әсерін тигізіп **материализм** ағымының **механистік** түрін тудырды.

Ал жаратылыс тану ғылымдарының өзіне келер болсақ, онда бір-біріне қарсы тұрған екі әдістемелер (методтар) кеңінен қолданыла басталды. Ол - бір жағынан алғанда, табиғат құбылыстарын тәжірибелік жолмен байқап зерттеу, екінші жағынан, Дүниені математикалық-абстрактылық жолмен сараптау.

Ағылшын философы **Френсис Бэкон (1561-1626ж.ж.)** сол кездегі ақсүйектер тобынан шыққан, Кембридж университетінде білім алып, соңынан саясатпен, дипломатикалық жұмыспен айналысқан тұлға. Ф.Бэконның қол астынан шыққан еңбектерінің ішінде **“Ғылымдардың қадырлығы мен көбейуі жөнінде”, “Жаңа Органон”, “Жаңа Атлантида”** деген еңбектерін атап өтуге болады.

Ф.Бэконның шығармаларының ерекшеліктері - ол білімнің өмірге деген қажеттіліктен пайда болатындығын асыра көрсетуі. Ол әсіресе, табиғатты зерттеудің қажеттігіне көп көңіл бөледі, ал оның негізгі жолы - **тәжірибелік** зерттеулер. “Не іс-әрекетте пайдалы болса, ғылымда да ақиқатты”, ғылымның жетістіктері мен жемістері - оның ақиқаттығының көрінісі,- дейді ұлы ойшыл.

Ф.Бэконның ойынша, ғылым салаларында ғасырлар бойы қалыптасып, адамның дүние тануына кеселін тигізетін нәрселер бар. Ең алдымен оларды сыртқа шығарып әшкерлеу қажет. Сонда ғана жаңа әдістемелерге жол ашылып, зерттеулердің тиімділігі артады. Сол ғылымдағы кедергілерді Ф.Бэкон “идолдар”, я болмаса “елестер” дейді. Олар - төртеу.

Бірінші елес - **тектік** идолдар (idola tribus).

Екінші елес - ол **үңгір** идолы (idola specus).

Үшінші - **алан**, я болмаса **базар** елестері (idola fori).

Төртінші, соңғы елес - ол **театрлар** идолы (idola theatri).

Жекеден жалпылыққа өрлеуді - индуктивті әдістемені - алғаш рет Ф.Бэкон дүниеге келтірді десек, онда ол шындыққа лайықты болмас еді. Өз заманында ұлы Аристотель жалқыдан жалпыға көшу әдістемесін жасаған болатын. Орта ғасырларда да бұл әдістеме мүлде ұмыт болған жоқ-ты.

Ф.Бэконның бұл әдістемеге енгізген негізгі жаңалығы - тек қана белгілі бір ұғымды дәлелдейтін деректерді ғана емес, сонымен қатар оған қайшы келетіндерді де зерттеу, олардың себебін табу болды.

Жалқыдан жалпыға жету жолында үш таблица жасау керек. Олар - *tabula presentiae*, - деректердің болу таблицасы, екінші - *tabula absentiae*, - деректердің болмаған таблицасы, үшінші - *tabula graduum*, - деректердің азды-көпті болуының деңгейін көрсететін таблица. Зерттеу жолында бұл таблицалар толтырылғаннан кейін соларды салыстыру арқылы белгілі бір ұғымдарды тудыруға мүмкіндік пайда болады.

Сонымен, Ф.Бэкон жаңа дәуірдегі қалыптасып жатқан тәжірибелік ғылымның дамуына зор әсерін тигізген ұлы тұлға.

Француз философы **Рене де Карт (1596-1650ж.ж.)** - Жаңа дәуір философиясына өз үлесін қосып негізін қалаған ірі тұлға. Уақытында өз заманының жақсы оқу орындарында оқып білім алған. Егер біз оны Ф. Бэконмен салыстырсақ, ол бүкіл өмірін ғылым жолына арнаған тұлға.

Ұлы математик, механик, физиологияның негізін жасаушы, психолог, - Декарт Аристотельден кейінгі жан-жақты дамыған, философияны жеке ғылымдардың нәтижелерімен ұштастыра білген бірде-бір ойшыл болды. Негізгі еңбектері **“Диоптрика”** - күн сәулесін зерттеуге арналған, **“Метеорлар”** - метеорологиялық мәселелерге арналған, **“Геометрия”, “Философияның бастаулары”, “Әдістемелер жөніндегі ойлар” т.с.с.**

Егер Ф.Бэкон сезімдік, тәжірибелік білімді арқа тұтып ғылымдағы негізгі әдістемені индукциядан көрсе, Р.Декарт, керісінше, сезімдік білімнің құндылығын теріске шығарып, дедуктивті методты негізгі тану жолына айналдырды. Дедуктивті әдістеменің негізгі талаптары - ол, біріншіден, туа біткен интуиция арқылы ақиқатқа тек өте анық шынайы ой елегінен көрініп тұрғанды ғана алу; зерттелетін мәселені ой өрісі арқылы барынша ұсақ, тұрпайы бөлшектерге бөлу, содан кейін ғана жоғарыға қарай күрделікке өрлеу;

Негізінен алғанда, Р.Декарттың әдістемесі - ол интеллектуалдық интуиция арқылы алынған негізгі ұғымдарға сүйене отырып басқа ұғымдарды, тұжырымдарды тудыру. Егер интуицияда ақиқат тікелей ашық берілсе, онда дедукцияның дәнекерлігі арқылы ақиқатқа күрделі жол арқылы жетуге болады. Осы күрделі жолда бір ұғым байқалмай түсіп қалса, онда нәтижеге жету мүмкін болмай қалады. Сондықтан, бүкіл дедукция жолын ұқыпты есептеп бақылап отыру қажет. Дедуктивті әдістеме арқылы әр-түрлі нәтижелерге жетуге болады. Сондықтан, Р.Декарт оны жасанды тәжірибе қойып (эксперимент) тексеріп отыру қажет деген пікір айтады.

Томас Гоббс (1588-1679ж.ж.) - ағылшын философы, Оксфорд университетінде оқып білім алған. Негізгі еңбектері **“Азамат жөнінде”, “Левиафан, я Материя, шіркеу мен азаматтық мемлекеттің билігі мен бітімі” т.с.с.**

Жаңа дәуірдегі алғашқы философтармен салыстырғанда Т.Гоббс философия пәнін ақыл-ой арқылы дүние танумен теңеп, оның шеңберінен үзілді-кесілді теологияны шығарып тастады. Сонымен қатар, ол дінді, Құдайға сенуді

қарапайым халыққа керек нәрсе деп есептеді, әсіресе, ол оның моральдық жетілуінің тірегін құрайды. Т.Гоббстың **онтологиялық көзқарастарына** келер болсақ, ол Дүниені бүкіл өмірде болып жатқан барлық денелердің жиынтығы ретінде қарайды. Олардан басқа ешнәрсе жоқ. Гоббстың ойынша, нақтылы өмір сүріп жатқан дененің өзі сол субстанция. Ал дененің созылуы мен бітімі оның негізгі қасиеттеріне (акциденцияларына) жатады. Қозғалыс пен тұрақтылықты алар болсақ, олар, әрине, көп денелердің қасиеттері, бірақ, қозғалмайтын денелер де болуы мүмкін. Ал заттардың иісі, түсі, дыбысын алар болсақ, бұл қасиеттер пайда болып келесі сәтте-ақ жоғалып жатады. Олар көбіне заттардан гөрі соларды қабылдайтын адамдардың түйсігіне байланысты.

Т.Гоббстың гносеологиясы (таным ілімі) тәжірибелік тұжырымынан шығады. “Алғашында түйсікте толығынан, я болмаса жартылай болмаған, ұғымда да жоқ” деген сенсуализм қағидасын Т.Гоббс толығынан мойындайды. . “Адамның ақыл-ойының сәулесі - ол көпмағналықтан тазартылған, нақтылы анықтамасы бар сөздер”, - дейді ұлы ойшыл.

Т.Гоббс “Ойлаймын, олай болса, өмір сүремін”, - деген Р.Декарттың принципін өзінің танымдық ілімінің тұрғысынан қатты сынға алады. “Мен ойлаймын, олай болса, өмір сүремін” деген қағида бізді ойлана алатын дене бар екенін мойындауға әкеледі. Ал Р.Декарттың ойлайтын адам ойлауға тең деген пікірін “серуендеп жүрген адам серуен деген тұжырымға тең”, - деп материалистік тұрғыдан қатты соққыға жығады.

Т.Гоббс таным әдістемелері жөнінде де ерекше пікір айтады. Индуктивті және дедуктивті әдістемелерді бір-біріне қарсы қоймай, олардың екеуін де ғылыми зерттеулерде кең түрде қолдану қажет. Бірақ, индуктивті метод табиғатты зерттегенде басымырақ қолданса, математика саласында және этика мен саясатты зерттегенде дедуктивті әдістеме басым болуы қажет деген пікір айтады.

Р.Декарттың “Адам-машина” деген көзқарасын әрі қарай жалғастырып, Т.Гоббс адам да дене ретінде күрделі механизм деді. Өмір- бөлшектердің әртүрлі қозғалыстары”, “жүрек -пружина, жүйке-жіптер, адамның аяқ-қолдары-машинаның дөңгелектері сияқты бүкіл денеге қозғалыс береді” т.с.с. Егер Р.Декарт адамның денелік емес жан-дүниесін мойындаса, Т.Гоббс психиканың өзін механистік тұрғыдан түсіндіргісі келді.

Барух Спиноза (1632-1677ж.ж.) Амстердам қаласында еврей жанұясында дүниеге келеді. Ең алдымен ол діни училищеде оқиды, бірақ оны әкесі саудаға тартып, ол оқу орнын бітіре алмай қалады. Сондықтан, ол өз білімін дербес өзіндік дайындық арқылы толтырады. 1656 ж. Библияны сынағаны үшін оны жергілікті еврей қауымы өз қатарынын шығарып, оған лағнат атады. Сондықтан, ол жеке басын асырау үшін өмір бойы көзілдірік шыныларын өңдеп өте ауыр жағдайда өмір сүреді. 45 жасқа келгенде өкпе ауруына шалдығып өмірден ерте кетеді. Негізгі еңбектері **“Ақыл-ойды жетілдіру жөніндегі трактат”, “Этика”, “Саяси трактат” т.с.с.**

Спиноза болмыстың ең соңғы себебі Құдайда деп есептейді. “Құдай... барлық заттардың бірінші себебі және өз-өзінің себебі, өз-өзі арқылы

танылады". Ол Құдайдың болмысын дәлелдеу үшін онтологиялық дәлелдемелер келтіреді

Табиғатпен теңелген Құдай сонымен қатар субстанция ретінде қаралады. Егер Р.Декарт Дүниенің негізінде екі бір-біріне тәуелсіз субстанция жатыр, ал олардың үстіндегі Құдай екеуін бір-бірімен үйлестіреді деген болса, Б.Спиноза Құдай мен субстанцияны бір-бірімен қосып, оларды табиғатпен теңейді.

Таным мәселелеріне келгенде біз Б.Спинозаны рационализм бағытына жатқызамыз. Ол әрқашанда сезімдік танымды ой елегінен өткізген білімнен айыру керек екендігін басым айтқан. Сезімдік таным әрқашанда бұлдыр, көмескі. Тек ақыл-ой ғана айқын білім береді. Ғылымдардың ішіндегі ең айқыны - математика.

Ізгілік пен залымдық, жақсылық пен жамандық Б.Спинозаның ойынша нақтылы қалыптасқан әлеуметтік ақуалдан шығатын нәрселер. Оған Құдайдың ешқандай қатысы жоқ. Ізгілік, жақсылық дегеніміз - ол адамға пайда әкелетін, ләззатқа жетелейтін нәрселер, ал залымдық, жамандық дегеніміз -ол адамға, оның өміріне, алдына қойған мақсат-мұраттарға нұқсан келтіретін, зардаптық сезім тудыратынның бәрі. Моральдық саланың ең терең себептері адамның "өзін-өзі сақтау" заңында жатыр. Әрбір адамның өз мүдделері бар, сол үшін олар бір-бірімен күреседі.

Готфрид Вильгельм Лейбниц (1646-1716) - ХУІІ ғасырдағы неміс рухы туғызған терең де жан-жақты дамыған ғалым - философ. Екінші жағынан ол - математик, физик, саясаткер, тарихшы, құқтанушы. Лейпциг университетін бітірген. Онда ол құқтанумен қатар логика және математика пәндерімен айналысқан. Университетті бітіргеннен кейін екі ғылым саласынан докторлық диссертация қорғайды (логика мен құқтанудан). Аз уақыт дипломатикалық қызметте Париж қаласында болып, Германияға қайтып келгеннен кейін өмірінің аяғына дейін ғылыми жұмыстармен айналысқан.

Негізгі еңбектері **"Адам зердесі жөніндегі жаңа тәжірибелер", "Теодицея", "Монадология" т.с.с.**

Онтологиялық мәселелер.

Лейбниц алдында өткен философтардың (Декарт, Спиноза) болмыс жөніндегі ілімдері оны қанағаттындырмайды. Расында да, Декарттың екі бір-біріне тәуелсіз субстанциялары дүниені қаққа бөліп, олардың бірегейлігін дәлелдеу үшін ол Құдай идеясын енгізуге мәжбүр болды. Ал Спинозаға келсек, ол бір ғана субстанцияны мойындағанымен, оның екі атрибуты - созылу мен ойлау - бұрынғысынша бір-бірінен тәуелсіз болып қала берді. Бұл екі ұлы философтар дүниенің шексіз әр-түрлілігін өздерінің онтологиясында дұрыс түсіндіре алмады.

Олай болса, Лейбництің қойған негізгі мақсаты - түбі бір, сонымен қатар шексіз әр-түрлі субстанцияларды табу қажеттігінде болды.

Лейбництің ойынша, жаңғыз ғана субстанциядан қайталанбайтын шексіз әр-түрлі заттар пайда болуы мүмкін емес, сондықтан сапалы көптүрлік субстанция ұғымын мойындау қажет. Болмыстың терең табиғатының өзі көпсапалықтан тұруы керек. Сондықтан дүниедегі субстанциялардың саны шексіз және сапа

жағынан әр-түрлі. Бірақ, олар бытыраған (хаос) емес, белгілі бір тәртіпке келіп жүйеленген.

Мұндай ой-өрісі Лейбницті дүниенің негізінде жатқан өте ұсақ, өз-өзіне жеткілікті, іштей неше-түрлі күштерге толы **монадаларды** (monos,- грек сөзі,- бір) мойындауға әкелді. Монадалар негізінен алғанда физикалық ұсақ бөлшектер емес, онда ол Демокриттің атомына ұқсас болар еді. Олар кеңістікте ешқандай орын алмайды, оның заттық өлшемі жоқ. Монадалар - рухани-жандық, органикалық - сапалы нүктелер, әрбіреуі тек өзіне тән даму сатысында. Өзіне ғана тән ерекшеліктері бар, бір-бірін қайталамайтын тұлғалар сияқты, монадалар да әр-түрлі. Олардың бір-біріне ұқсастығы - тек қана олардың бөлінбейтіндігі мен мәңгілігінде.

Джон Локк (1632-1704 ж.ж.) - ХУІІ ғ философия ғылымына зор әсерін тигізген ұлы ағылшын ғалымы. Оксфорд университетінде оқып білім алған. Алғашында медицина ғылымымен айналысып, соңында саясатқа бетбұрыс жасаған. Өмірінің соңғы кезеңінде философияға көп көңіл бөлген тұлға.

Негізгі еңбектері **“Адамның зердесі жөніндегі тәжірибелер”, “Мемлекетті басқару жөніндегі екі трактат”, “Тәрбие жөніндегі кейбір ойлар” т.с.с.**

Өзінің Дүниеге деген жалпы көзқарасында Дж.. Локк тәжірибе арқылы зерттелетін заттарды эмпириалық субстанция дейді. Сонымен қатар, ол философиялық субстанция деген ұғымды тудырады - оған ол барлық материалды заттарды жатқызады.

Материя - орасан зор өлі кесек, ол өзінің күшімен ең ақыр аяғы қозғалысты да тудыра алмайды. Өлі материя оның сыртында тіршіліктен де соншалықты алыс.

Онда дүниедегі қозғалысты, тіршілік әлемін кім тудырды деген заңды сұрақ пайда болады. Өз заманындағы көп ойшылдар сияқты Дж. Локк бұл арада Құдай идеясына қайтып оралады. Осы жоғарыдағы көрсетілген қозғалыс пен тіршілік - Құдайдың құдіретті күші арқылы пайда болды. Бірінші, мәңгілікті ойлайтын пәнде жаратылған өлі материяның кейбіреулеріне белгілі бір дәрежедегі сезім, қабылдау және ойлау қасиеттерін беру мүмкіндігінен ешқандай қайшылықты көріп тұрған жоқпын,- дейді ұлы ойшыл. Сонымен, Құдай жаратқан Дүние әрі қарай өз заңдылықтарының негізінде дамиды.

Өзінің таным теориясында Дж. Локк сезімдік танымды (сенсуализм) білімнің қайнар көзіне жатқызады. Сондықтан, ол “адаммен туа біткен идеялар” жөніндегі ағымдарды сынға алады. “Егер біз қандай да болмасын білімнің пайда болған жолын көрсетсек, онда біз оның туа бітпегенін дәлелдейміз”, - дейді Дж. Локк. “Туа біткен білімді” сынау жолында ол балауса психологиясын, тарихи артта қалып қойған қоғамдардағы адамдардың психологиясындағы ерекшеліктерге өз назарын аударады.

Сонымен, егер адамның жан-дүниесінде ешқандай туа біткен идеялар болмағаннан кейін оны “таза тақта” (tabula rasa) ретінде қарауға болады. Адам өмірге келіп тәжірибе жыйнап сол “таза тақтаға” жазады. Мұндай сырттан алынатын тәжірибені Дж. Локк сезімдік тәжірибе (sensation) дейді.

Сонымен, Дж. Локктың ойынша, танымның негізінде түйсіктер мен ойлау қабілеті жатыр. Ең алғашында олар Дүние жөніндегі тұрпайы идеяларды

тудырады. Бұл жерде біз Дж.Локктың “идея” ұғымына жаңа мазмұн бергенін байқаймыз. Егер Платоннан бастап, Орта ғасырдағы схоластикада, Декартта идея ұғымына онтологиялық, яғни болмыстық дәреже берілген болса,- олар дербес өмір сүреді деп есептесе, Дж. Локк оларды тек Дүниенің кейбір жақтарын бейнелейтін ұғым, түйсік, тіпті қиял ретінде түсінеді.

Сыртқы және ішкі тәжірибені бір-бірінен айырып қарағаннан кейін Дж. Локк идеялардың бірінші және екінші сапасының бар екенін мойындайды.

Адам - бақытты өмірге ұмтылатын пәнде. Ізгілік, жақсылық дегеніміздің бәрі - адамды рахатқа, қуанышты сезімге әкелетін нәрселер. Жамандық пен залымдық дегеніміз - ол адамға зардап, қайғы, өкініш әкелетіннің бәрі. Адам бақытты болу үшін ең алдымен оның материалдық мүдделері іске асуы қажет.

Т.Гоббс сияқты Дж. Локк та қоғамның табиғи және азаматтық ақуалы жөнінде айтады.

Табиғи жағдайда адамдар ерікті, тең, бір-бірінен тәуелсіз өмір сүреді. Табиғи ақуалдағы адамдардың өзін-өзі сақтау жолында еңбек етіп, белгілі бір байлықтардың қайнар көзін ашатындығын Дж. Локк басым айтады. Сонымен, ол меншік мәселесін табиғи жағдайдағы адаммен өзара біріктіріп, оны қоғамның мәңгілік мәселесі ретінде қарайды.

Құдай адамға бүкіл өлі және тірі табиғатты бергенмен, олар өзінің ең пайдалылығын жеке меншілікке айналғанда ғана көрсете алады. Ал меншіктің өзі әуеден түспейді, оған тек қана еңбектің негізінде жетуге болады. Еңбек пен меншік қоғамның, бүкіл мәдениеттің негізін құрайды. Бір акр өңделген жер сол көлемді өңделмеген жермен салыстырғанда 10 есе қымбат, өйткені, өңделген жерге адамның еңбегі сінген. Еңбек қайсыбір құндылықтың, бағаның қайнар көзі.

Мемлекет мәселесіне келер болсақ, оның пайда болуы қоғамдық шартқа байланысты. Мемлекет пен бірге азаматтық ақуал пайда болады. Табиғи ақуалдан азаматтыққа өткенде адамдардың еріктігі мен қолындағы меншігі сақталуы қажет.

Мемлекеттің негізгі мақсаты - азаматтардың меншігін қорғау. Мемлекет түнгі қарауылшыға ұқсауы қажет. Күндіз азаматтар өздерінің меншігін өз еріктерімен пайдалануы керек. Тек мемлекет олардың іс-әрекеттерінің заңға сәйкестігін қадағалап отыруы қажет.

Дж.Локк алғашқылардың бірі болып өзінің саяси философиясында үкімет билігінің бөлінуінің қажеттілігін көрсетті. Заң билігі - парламентте, атқару билігі - сот пен армияда, федеративтік билік (басқа мемлекеттермен қарым-қатынас орнату) король мен үкіметтің қолында болуы қажет.

Дж. Локк өз заманының ойшылы ретінде діннің мемлекеттен бөлінуін, бір-бірінің істеріне өзара қол сұқпау керектігін басым көрсетеді. Адамдар басқалардың да дінін сыйлауы қажет - бұл салада үлкен төзімшілдік керек, өйткені қайсыбір қоғам діни-рухани тірексіз өмір сүре алмайды.

Міне, осымен ХУІІ ғасырда өмір сүрген ең ұлы философтардың Дүниеге деген көзқарастарын осымен аяқтап, келесі сөзді ХУІІІ ғасырға береміз.

№ 6. Дәріс тақырыбы: XVIII ғасырдағы Европаның Ағартушылық философиясы .

№ 7. Дәріс тақырыбы: Классикалық неміс философиясы..

Дәріс жоспары:

1. Канттың философиясы.
2. Гегельдің философиялық жүйесі.
3. Фейербахтың антропологиялық философиясы.

Ғылым мен мәдениеттің, әдебиет пен өнердің жоғары қарқында Германия еліндегі капиталистік қарым-қатынастың кеңінен дамуымен де байланысты.

Классикалық неміс философиясы бүкіл философия тарихындағы өзіне дейінгі мұраға сын көзбен қарап, философияның рухани дамуының байлығын бойына сіңіріп, алдыңғы қатарлы мәдениет пен ғылымға сүйене отырып, сол кездегі қоғамдық дамуды терең талдай отырып, жаңа диалектикалық әдістің, таным теориясының, логикалық шығуының қайнар көзі болды. Оның ірі өкілдері: И.Кант, И.Фихте, Ф.Шеллинг, И. В. Ф. Гегель, Л.Фейербах болды.

И.Кант (1724-1804) жаңа замандық парадигма желісін, эпистемологиялық проблематика бағдарын онан әрі жалғастырды. Эпистемология ретінде философияны негіздеу идеясын жалғастыра отырып, И.Кант өзінің трансценденталдық философиясы көмегімен эмпиризмнен, рационализм мен скептицизмнен асып өтуге тырысады.

Рационализм мен эмпиризмді синтездеуге тырысып Кант танымдағы субъектінің белсенділігін мойындады. Бұл белсенділік қабілет субъектінің объектіге әсерінен көрінеді. Және объект нәтижесі емес, бұл объект парасат пен ақылдың белсенді әрекеті нәтижесінде өзгеріп көрінеді. Канттың түйіндеуінше, кез-келген таным субъектпен сипатталады, яғни барлық таным оның ұйымдастырған тәжірибесінен басталады. Субъект объектке салған барлық әсердің формасы бар. Объект туралы тәжірибелік білімді біз сезімдік әсерлерді ұғымдық өңдеу нәтижесінде аламыз. Бұл формалар қатарына кеңістік, уақыт, себептілік жатады, өйткені олар таным мүмкіндігін қамтамасыз ететін алғышарттар болып табылады.

Кеңістік, уақыт, себептілік тәжірибеге дейін берілген, яғни априорлы. Оларды меңгеру жаратылыстану ғылымдарының танымдық шарттарына философиялық рефлексия жасау арқылы ғана мүмкін болады. Канттың пікірінше, барлық сезімдік әсерлер сыртқы нақтылықтан туындайды. Адамның танымдық әрекет аумағына енген сыртқы нақтылық объект деп аталады, ал танымдық қабілеттің тікелей бағытталған нәрсесін Кант зат деп атайды. Біз өзіміздің танымдық әрекетіміз аумағына енген нәрселерді ғана тани аламыз. Ал біздің танымдық қабілетімізден тыс жатқан нәрселер танылмайды және оларды Кант «өзіндік зат» деп атайды.

Кант танымның мынадай типтерін айқындайды: аналитикалық таным, синтетикалық таным, синтетикалық априорлы таным. Синтетикалық априорлы дегенді Кант тәжірибеге бағынбайтын таным деп түсіндіреді. Синтетикалық апостериори тәжірибеге бағынышты таным. Ал аналитикалық априорлы деп

ұғымдар арасындағы байланыстарды талдау нәтижесінде пайда болатын таным типін атайды. Синтетикалық априорлы танымға мынадай математикалық пайымдау мысал бола алады: «түзу сызық екі нүкте арасындағы ең қысқа қашықтық болып табылады». Канттың пікірінше математика мен жаратылыстану негізделген ғылымдар болып табылады, ал олардың пікірлері жалпы мәнді және қасиетті сипат алады. Бұл ғылымдардағы зерттелетін элементтерді белгілі тәртіпке келтіру үшін қолданылатын формалар барлық субъектке тән. Демек, Канттың пікірінше математика мен жаратылыстану берік негізге сүйенеді.

Кант Юмнің скептицизмін теріске шығарып, оның тұжырымдары кемшіліктерін айқындайды, сонымен қатар рационалдық интуицияға негізделген рационалистік догматизмді де теріске шығарады. Канттың пікірінше, рационалдық догматизмнің берік негізі жоқ, себебі рационалдық интуиция тек жалған меңгеру ғана болып табылады. Осы сәттен бастап Кант танымды зерттей бастайды. Ол дәстүрді рационализмді жалған ғылым деп есептейді, өйткені біз рефлексияны тек тәжірибе жағдайында ғана, оның шеңберінен шықпай ғана іске асыра аламыз. Ал рационалистер рационалдық интуицияның көмегімен сезімдік тәжірибе шекарасынан шығып кетеді, яғни трансценденттікке иек артады. Бірақ адам «трансценденттік» туралы біле алмайды, өйткені ол таным шарттарынан асып кетеді.

Өзінің көзқарасын негіздей отырып, Кант екі дәлел келтіреді: 1. Біз тәжірибе мүмкіндігіміз шекарасынан тыс жатқан нәрселерді сезіммен қабылдай аламыз. Сондықтан трансценденттік біздің танымымыз шекарасынан тыс орналасқан және ол таныла алмайды. 2. Рационалистер өз түйіндерін дәлелдеу барысында «растайтын» және «терістейтін» дәйектер келтіреді. Мұның екеуі де салмақты болғандықтан берілген жағдайды бірдей дәлелдейді де, теріске де шығарады. Мұндай «растайтын» және «терістейтін» дәйектеме бірдей мөлшерде дәлелденіп және теріске шығарылатын болғандықтан адамды априорлы теориялық тығырыққа әкеліп тірейді. Кант мұны антиномия деп атайды. Антиномиялар біздің трансценденттік туралы ешнәрсе біле алмайтындығымызды көрсетеді. Сонымен, таным үрдісінде метафизикалық сұрақтар үнемі туындап отырады, алайда оларға толық жауапты біз бере алмаймыз деп санайды Кант.

И.Кант өзіне дейінгі ойшылдардың эмпиризм мен рационализм саласындағы сынаржақтылығын ашып көрсетіп, адамның философиялық талдауы ойлауға, идеяға, ақыл-зердеге, субъектіге бағытталуы тиіс деді. Оның шығармашылығының «сынға дейінгі» және «сыншыл» кезеңдері философиялық даналыққа толы.

Гегель (1770-1831) Кант пен Фихтенің ерекше дара идеяларын шығармашылық тұрғыда танытуға тырысты, сонымен қатар өз құқығында ақыл-ойды негіз демекші болды, яғни Жаңа заман философтарының шығармашылық жетістіктерін жалғастырады. Егер Кант трансцендентальды алғышарттарды – қабылдаудың екі формасын, яғни кеңістік пен уақытты, он екі категорияны және априорлы субъект пен берілген себептілік принципін аштым және негіздедім деп ойласа, Гегель өз ілімін жаңа негіздерден алып шығады.

Кантпен салыстырғанда Гегель трансцендентальды алғышарттарды тарих құрастырады деп санады, өйткені ол Абсолюттік идея дамудың интерсубъективті үрдісі болып табылады. Абсолюттік идеяның өзіндік дамуын Гегель өзінің «Рух феноменологиясы» (1807) түсіндіреді. Ол бойынша бұл үрдіс екі деңгейде көрінеді: индивидтің санасы деңгейінде және тарих деңгейінде. Гегель әр түрлі формалар арқылы өзіндік санаға қарай бағытталған сананың салтанатты шеруін көрсетеді. Абсолюттік идеяның өзіндік дамуының бүкіл осы күрделі драмалық жолын қалыптасуы мен даму үрдісі ретінде қарастыруға болады және оның барысында индивидтің көзқарасы, санасы, тәжірибесі өзгеріп, болмысының «негіздері шайқалады». Сананың өзгерісі үрдісінде Гегель гносеологиялық теориялар мазмұнын, олардың шектеулілігін анықтай отырып, сыни тұрғыда қарастырады. Сонымен қатар ол танымның әр түрлі формалары арасындағы өткелдерді сипаттай отырып, танымды қалай пайда болғаны тұрғысынан баяндайды. Сананың пайда болу жолын анықтай отырып, Гегель ақиқат пен өзін-өзі тану күрделі диалектикалық үрдіс деген тоқтамаға келеді. Ақиқат өзгермейтін нәрсе емес және абсолюттік біліммен мәңгіге берілмейді, оған таным үрдісінде жетуге болады және ол әрекетпен байланысты.

Гегель бойынша адам әлемі өлі, дайын, өзгермейтін және абсолюттік заттар жиынтығы емес, өзінің адами әрекетінің нәтижесі болып табылады. Адам қоршаған нәрсенің бары - өзгертілген әлем, адам әрекеті барысында қалыптасқан әлем.

Гегельдің пікірінше, тарих – бұл адамның адам болу, әлеуметтену үрдісі және адамзаттың өткен жолы. Бұл оған өзін-өзі тану үшін қажетті негіз болып табылады. Сонымен тарих адамға қатысты алғанда сыртқы, онан тыс нәрсе емес, нақты тірі адамдар онда өмір сүретін, болатын, ойлайтын, сезінетін нәрсе. Адам тарихи өзіндік даму нәтижесі болғандықтан, осы алғышарт негізінде тарихты зерттеумен айналысады. Гегельдің түсінігінше тарих рефлексия үрдісі сияқты, оның барысында адам белгілі бір негізге келіп тоқтайды. Бұл рефлексия дамудың диалектикалық заңдарына бағынады.

Егер Гегельге дейінгі ойшылдар тарихты қателіктер мен адасушылықтар тарихы деп есептесе, Гегель салыстырмалы шындық ұғымын енгізе отырып, ақиқатты салыстырмалы шындықтарды анықтау және олардың даму үрдісі деп есептеп, ақиқаттың осы түсінігінсіз ғылымның мүмкін болмайтындығын айтады.

Гегельдің ойынша жоғары ақиқатты философия ашады, өйткені ол өзінің жеке даму жолына рефлексия жасай отырып, болмыстың шынайы мәніне қол жеткізеді. Ал өнерге, дінге, ғылымға келер болсақ, олар бізді ақиқатқа тек қана жақындатады. Тек философия, Гегельдің түйіндеуінше, болмыстың шынайы картинасын беріп, әлем негізін игереді. Ал әлемнің негізі болмыс пен ойлаудың бірегейлігі болып табылады. Ол «Логика ғылымында» (1812-1814) болмыстың идеалды негізі мен оның өзіндік даму тәсілдерін ашады. Гегель бойынша дамушы ойлау – мәнділіктің нақты негізі. Ақыл-ой танымының құралы – ұғым. Ұғым қозғалысы қайшылықтар арқылы жүзеге асады. Қоғам қозғалысы үрдісінің өзі қарапайымнан күрделіге қарай жүріп, абстрактылыдан нақтылығы,

бүтіндікке немесе категориялар жүйесіне шығуымен сипатталады. Білім жүйесін қалыптастыруға септігін тигізетін логика формасы диалектикалық логика болып табылады. Диалектикалық логика, - деп түйіндейді Гегель, әлемді қарапайым тұрғыда бақылаудан оның мәнін ғылыми түсінуге дейін көтерілуге мүмкіндік береді.

Фейербах философиясы өзінің қайталанбас ерекшелігімен байқалады. Фейербахтың дүниетанымы жаңа бағытқа, яғни материалистік бағытқа бет бұрды. Ол адамның сезімін, сезімдік танымын өте жоғары қойып, оның ішінде сүйіспеншілікке айырықша мән берді.

Фейербахтың философиялық эволюциясы Гегельдің адамның мән-мағынасына, оның өзіндік санасы арқылы түсіндіруіне сын айтудан басталады. Гегельдің философиясына жасалған бұл сын Фейербахтың жалпы идеализмнен бас тартқанын көрсетеді. Фейербах идеализмнің дінмен етене байланысын түсіне білген.

Фейербахтың антропологиясы бірінші кезекте адам проблемасын, оның ең басты бірден-бір және әмбебап пәні ең жоғарғы өлшемі. Бірақ, Фейербах адам мәселесінде толық материалистік көзқарас жүргізе алмады. Оның түсінігінше, адам – жеке индивидке тән абстракты жай ғана биологиялық тіршілік етуші.

Таным теориясында Фейербах эмпиризм мен сенсуализмді жақтады да, агностицизмге қарсы шықты. Бірақ ол ойлаудың дүниетаным процесіндегі ролін, мәнін жоққа шығарған жоқ, объектіні сипаттағанда осы субъектімен, яғни адамның ісімен байланыстыруға тырысты, адамның дүниетанымы мен оның ой-санасы туралы туралы бірталай құнды пікірлер айтты. Қорыта айтқанда Фейербах бұрынғы материализмнен, оның жай сезім арқылы берілетін тұрпатынан шығып кете алмады. Фейербахтың антропологиясы адамды табиғаттың қарапайым бөлігі деп қарастырады. Оның шеңбері табиғатпен шектелген яғни төменгі жағынан немесе табиғаттың материалистік, жоғарғы жағынан немесе табиғаттың материалистік, жоғарғы жағынан, яғни қоғамның идеалистік түсінігін береді.

Дін мәселесіне қатысты бұл ойшылдың өзіндік көзқарасы болды. Дін-көзқарас, дүниетаным ретінде анықталды. Ол дінді бүкіл адамзат мәдениетімен, әдебиетімен және философиямен тығыз байланысты деп қарады. Мұндай пікір бұрын соңды ашық айтылмаған. Бірақ, сол кездегі саяси әлеуметтік жағдайдың қайшылықтарын шеше алмағандықтан, Фейербахтың көзқарасы және оның дүниетанымы көптеген түсінбеушіліктерге байланысты өзінің тар өрістілігін көрсетті.

Дегенмен, классикалық неміс философиясы – адамзаттың мәдени-философиялық дүниетанымында ерекше орын алатын, аксиологиялық сипаттағы ерекше ілім.

Бекітуге арналған сұрақтар:

- 1.Неміс философиясындағы диалектика.
- 2.Метафизика және натурфилософия.
- 3.Кант философиясы.

№8. Дәріс тақырыбы: XVIII ғ. соңы -XXI ғ. басындағы философия.

Дәріс жоспары:

1. Феноменология.
2. Позитивизм философиясы.
3. Экзистенциализм философиясы.
4. Фрейдизм және неопрейдизм.

Қазіргі батыс философиясының аясында XIX ғасырдың аяғы XXI ғасырдың басындағы АҚШ философиясы мен батыс-европалық философиясы түсіндіріледі. Бұл дәуір – адамзаттың рухани және материалдық дамуына өз үлестерін қосып, өздерінің талғамды және терең идеалдарымен философиялық мәдениетті байытуға ұмтылған, керемет ойшылдардың ордасына айналған классикалық емес философия дәуірі болды. Осы кезеңдегі батыс философиясынан – сол қоғамның бетке ұстар философтары, көптеген мектептер, бағыттар мен концепциялар орын алды. Олардың ішіндегі ең негізгі бағыттарға мыналар жатады: феноменология, позитивизм, сыни рационализм, прагматизм, постпозитивизм, неокантианство, экзистенциализм, персонализм, структурализм, постмодернизм.

Феноменология – бұл философиялық бағыт, сірескен натурализмнен философиялық сананы азат ете отырып, рефлексивтік сананың өзіндік әрекеті мен ондағы мазмұндардың төркіні туралы философияның өрісін кеңейтіп, танымның негізгі көзін адамзаттың өмір сүруі мен мәдениетінен іздейді. Бұл бағыт өз бастамасын неміс философы Э.Гуссерльден (1859-1938) алады. Оның түсінігінше феноменология жаңа, қатаң философиялық ғылым ретінде яғни таза мән күйіндегі әлемді идеалды болмыс ретінде бейнелейтін сана феномені, сананы жекеленген нақты эмпирикалық мазмұндарынан тазартуға мүмкіндік беретін өз өзіне аян логикалық принцип. Бұл көп сатылы “феноменологиялық редукция” metodyның көмегімен жүзеге асып, нәтижесінде керек емесін тысқары тастап немесе “жақша ішіне алып” барлық қоршаған әлемді, барлық өмір сүруші көзқарасты, ғылыми теорияларды және зерттелудің пәніне айналып, отырған өмір сүру жөніндегі сұрақтың өзін қоса қарастырады. Осылайша біз реальдылық пен қатынастан босап, өз мазмұнының барлық байлығын сақтай отырып, сананың сферасындағы заттың өзіне қайта ораламыз. Бұндай редукция, яғни мәлімет, өзімен бірге негіздеу мен идеализациялау тәсілін ала жіреді. Демек, осы тұрғыдан қарағанда феноменология барынша байытылған және идеализацияланған ғылыми факта болалады. Гуссерльдің өзі оны дескриптивтік, не болмаса суреттеп беретін ғылым деп атаған болатын.

Феноменология таза, яғни затқа, таңбаларға дейінгі сананы бөлуге ұмтылады, немесе “субъективтік ағым”, және оның ерекшелігін анықтайды. Оның осылай болу себебі, сананың әртүрлі функциялармен күрделі қалыптасуында жатыр. “Таза” сананы бөле отырып, сананың жалпы мәнін түсінуге болады. Сананың басты сипаты жалпы оның әрдайым затқа деген бағыты, яғни қарқындылығы.

Позитивизм – бұл принципке негізделген, яғни барлығы шынайы дейтін философиялық бағыт. Позитивтік білім жеке арнайы ғылымның және олардың синтетикалық бірігуінің жемісінен келіп тууы мүмкін, сонымен қатар

философия ерекше ғылым ретінде ақиқатты өз бетімен іздеуді ұсынуға, ешқандай құқығы жоқ.

Позитивизмнің бірінші тарихи формасы ХІХ ғасырдың 30-40 жылдарында етек алды. Оның негізін салушы француз философы О.Конт (1798-1857ж.) болды. Конт бойынша, ғылымның ісі затты түсіндіріп беруде емес, бейнелеп беруде. Ғылым “Неге?” деген сұраққа жауап беруге дәрменсіз, ол барлық фактіні “Қалай?” деген сұрақтың маңайында өрбітуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана ғылым позитивті болалады. Бұл тек ғылымдарға ғана тиісті емес, философияға да қатысты. Философияның оңды міндеті нақты-ғылыми білімдерді, ғылымдардың рационалды классификациялық негізінде жүйелендіру болып табылады.

Позитивизмнің екінші тарихи формасы - эмпириокритицизм – шетелде ХІХ-XX ғасырда пайда болды. Оның алдыңғы қатардағы өкілдерінің бірі австрия физигі Э.Мах (1838-1916ж.) және швейцар философы Р.Авенариус (1843-1896ж.) “Бірінші позитивизмнен” “екінші позитивизмнің” ерекшелігі ғылымның басын таным теориясына тіреп таным процесінің теориялық моделін құрастыруға тырысты. Эмпириокритицизм “әдісті сынау” дегенді білдіріп және метафизикалық табиғатты иеленген әдісті барлық жағдайларынан “тазартуды” ұсынды. Мах бойынша, әдіс, “әлемнің элементі” болып саналатын түйсіктен тұрады деді.

Позитивизмнің үшінші тарихи формасы **неопозитивизм** – XX ғасырдағы философия бағыты болып саналады. Философиялық-методологиялық актуальды мәселелерді шешуді және талдауды ұсынып, қазіргі ғылымдардың дамуымен қатар алға жылжыды: ғылыми ойланудың таңбалық құралын атқаруға, ғылымның теоретикалық аппараты мен эмпирикалық базисінің қатынастарын арттыруға, білімнің формалдануы мен математикалануының табиғаты мен функцияларында көріне бастады. Неопозитивизм ошақтары ХІХ ғасырдың 20-жылдарында бір сәтте Австрияда, Англияда, Польшада пайда болды. Олардың көрнекті өкілдері: М.Шлик, Р.Карнап, Г.Рейхенбах, Л.Витгенштейн. “Үшінші позитивизмнің” өкілдері философияның не қандайда бір ақиқат жөніндегі, не таным теориясы жөніндегі ғылым еместігін айтады. Философия – табиғи және жасанды тілдерді логикалық талдаумен байланысты қызметтің ерекше түрі. Сондықтанда неопозитивизмнің бірінші варианты логикалық позитивизм деген атқа ие болды.

Прагматизм – бұл қазіргі философияның ағымы, өкілдері білімнің практикалық пайдалылығында қауіптің негізі жатқандығын айтып, адамзаттың бұл мәселесін шешуге тек философияның ғана шамасы келетіндігін айтады. Бұл бағыттың негізгі өкілдері американ философтары: Ч.Пирс (1839-1914), Ч.Джемс(1862-1910), Дж. Дьюи (1859-1952).

Прагматизмнің негізгі идеяларын бірінші айтушы Пирс, интуитивтік таным мен туа бітті идеяны теріске шығарды. Оның айтуынша таным көруге мүмкіншілік болған жағдайда ғана орын алады. Объект туралы ұғымға осы объектінің әрекетінен туындап отырған барлық тәжірибенің салдарын қарастыру арқылы жетуге болады. Объект туралы біздің білімдеріміз әрқашан аяқталмаған, жалған және болжаулы ғана болып келеді. Бұл тек қарапайым

білімге ғана қатысты дүние емес, сонымен қатар математиканы да, логикалық қорытындылар тәрізді жаратылыстану ғылымдарын да мысалдар арқылы жалпылама теріске шығаруы мүмкін. Ақиқат, Пирстің түсінігінше – бұл білімнің даму барысына қарсы келмейтін айқындылық пен анықтылық. Білімнің ақиқаттылығы практика жемістерінің сенімді шарттары болып табылады. Пайдалылық ақиқаттың мәні мен сенімділігін анықтайды. Практикалық қызығушылық ақиқатты іздеудегі біздің қызығушылығымыздың себебінен келіп туындайды.

Джемс бойынша, философия өз қабілетін болмыстың алғашқы бастамасын іздеуден емес, адамдардың өміріндегі әрдайым кездесіп отыратын оқиғаларды шешуге жарамды жалпы методты қалыптастырудан бастау керек. Тәсіл бізге анықталған зат ретінде әуел бастан берілмеген. Танымның барлық объектілері танымдық құдіретіміз арқылы тіршілік мәселелерін шешу барысында қалыптасады. Ойдың мақсаты табысқа жету жолындағы таңдап алынатын қажетті құрал болып табылады.

Философияның фундаментальдік ұғымы Дж.Дьюи бойынша тәсіл, яғни адамзат өмірінің барлық қырларының байқалар тұсы. Философияның міндеті, Дьюи бойынша, өмірлік тәсілді ұйымдастыруға, алдымен әлеуметтік болмыстың шенберінде, яғни адамдардың өмірін жақсартуға, олардың әлемдегі болмысын табуға негізделмек.

Оның құралы ақыл мен ғылыми метод болып, біздің прагматикалық талпыныстарымызға құрал, инструмент ретінде қызмет ету керек. Дьюи бойынша, идеялар, теориялар мен концепциялардың ақиқаттылығын, прагматикалық мақсаттағы жетістіктерге жетудегі жұмыстарда пайдалы жемістерін бере алғандардан ғана көруге болады. Осыдан келіп проблеманы шешуге қолайлы талданып алынған құрал субъективті немесе өндіргіш болуында емес, қойылған мақсат пен мәселенің байыбына жетуге жауап беруі керек. Прагматизм принциптері американдықтардың практикасы мен өмір сүруіне, сонымен қатар саясаттарына да барынша ықпалын тигізді.

Постпозитивизм. XX ғасырдың 50-жылдарының аяғы 60-жылдарының басында неопозитивизм философиялық бағыт ретінде ғылыми зерттелуден тысқары қала бастады. Оның орнына “төртінші позитивизм” немесе постпозитивизм, яғни философия мәселесін қайта қарап, оның ғылымдағы, қоғамдағы және ғылыми зерттеулердің методындағы ролін анықтай бастады. Оның ең ірі өкілдерінің қатарына К.Поппер, И.Лакатос, Т.Кун жатады.

Постпозитивизмнің басты мәселесі ғылыми білімнің динамикасы мен дамуы. Оны алдымен жаңа теориялардың пайда болуы, оларды ойшылдардың бірлесе отырып қабылдауы, бәсекеге түскен ғылыми концепциялардың салыстырылуы мен таңдалу критерилері, жалпы ғылыми білімнің әлеуметтік-мәдени детерминациясы қызықтырады.

Постпозитивизм эмпирикалық пен теориялық білімдердің өзара қарым-қатынаста болатындығын айтады. Теорияның эмпирияға тигізер ықпалы зор екендігін нақтылайды. Фактіні тағайындау үшін теория қажет, сондықтанда фактілер белгілі бір анықталған кезеңде теорияға тәуелді одан қалды сонымен анықталады.

Постпозитивизмнің көптеген концепцияларының келесі ерекшеліктері ғылыми танымның дамуын түсіндіру барысында оларды кумулятивизмнен бас тартуға алып келеді. Олар ғылымның тарихы революциялық қайта қалыптасу кезеңінен ешқайда қашып құтылмайтындығын айтады. Ғылыми революцияның нәтижесінде ертеде мойындалған және санадан орын тепкен білімдер, тек теориялар ғана емес, сонымен қатар методтарда, фактілерде қайта қарастырылуға тура келеді.

Постпозитивизм ғылыми білім мен философияның арасын бөліп-жарудан бас тартады. Ол философиялық ойлардың озықтығын мойындай отырып, олардың ғылымнан ешқашан тыс қалмайтынын айтады. Постпозитивизмнің кейбір өкілдері ғылым, философия мен миф араларындағы қандайда бір ерекшелікті көруден бас тартады.

Сыни рационализм – бұл қазіргі философиядағы қандайда бір “таза” рационалистік моделді өндеп шығарумен айналысатын, барлық уақытта да барығына сенімділік танытатын бағыт. Ол постпозитивизмдегі ең ірі ағымдардың бірі бола отырып, ғылыми танымның методологиялық мәселесін өңдеуге өз үлесін қосады. Оның негізін салушы ағылшын философы К.Поппер (1902-1988ж.). Ғылыми білімнің табиғаты тұтас болып келеді, оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Ғылыми білімдермен философиялық концепциялар өте тағы “қабыса” отырып және өзара байланыста болады.

К.Поппер ғылым заңдылықтарын аналитикалық пайымдау мен оларды бақылаудан анықталмайтындығы айтты. Яғни ақиқат еместің жалған екендігіне, ғылымға фальсификациялау принципі қажет. Фальсификация – бұл ғылымға қатысты кез-келген орныққан анықтаманы жалғанға шығару принципі. К.Поппер ақиқат деп тәсілмен теріске шығарылмаған дүниені айтуға болады. Егерде кейбір орын алған “атомарлық” анықтамалардың теорияларының немесе гипотезасының жалған екендігіне жағдай туылса, онда сол теориялар мен гипотезалар теріске шығарылмақ. Егер гипотезаның тәсілдік теріске шығарылуы орын алмаса, онда ол ақиқат немесе ақталып шыққан болып саналады. К.Поппер үшін фальсификация принципі – бұл эмпирикалық тексеріс тәсілі емес, ғылымның белгілі бір орын алуындағы ғылыми білімнің мазмұнына сыни талдау жасау, барлық оның жетістіктеріне әркез сыни көзбен қарап отыру қажеттігі. Ғылым – бұл әрдайым динамикалық процесс, яғни үздіксіз өзгеріс үстінде болатын.

Сыни рационализмнің өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқандардың қатарына сонымен қатар Т.Кун, И.Лакатос, П.Фейерабендтер жатады.

Неокантианство – ХІХ ғасырдың соңғы үшінші ширегі мен ХХ ғасырдың бірінші ширегінде орын алған философиялық бағыт, яғни оның өкілдерінің шешпек болған философиялық проблемаларының өзегі сонау классикалық неміс философиясының алғашқы өкілі И.Кант философиясын талдаудан келіп шығады. Ол Германияда ХІХ ғасырдың 60 жылдарында орын алды. Некантианстваның көпшілікке кең таралуы кезеңі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басы болмақ. Бұнда екі философиялық мектеп орын алады: Марбург және Баден немесе Фрейбург. Бұл мектептерге тән жалпы мәселелер Кант ілімінің ақылға сыйымды тұстарын қазіргі жағдайға қолайлы

философиялық принциптерге сүйене отырып, қоғам мен ғылымдағы өзекті мәселелерді шешуге, ғылыми танымның методтарын зерттеуде философияны ғылымның сыни теориясы ретінде түсінуге тырысты: шындықты түсіндірудегі трансцендентальдық методқа арқа сүйеуге, таным шындықты бейнелеу немесе реальдылықты ұсыну ғана емес екендігіне сәйкес түсіндіруге, жалпы ғылымдағы танымның предметін іс-әрекет ретінде қалыптастыруға бағытталды.

Бірақта неокантиандықтың әртүрлі мектептері бұл жалпы принципті талдауда бір-бірінен өзгешеліктері жетерлік. Марбург мектебінің өкілі – Г.Коген (1842-1918), П.Наторп (1854-1924), Э.Кассирер (1874-1945) танымның трансцендентальдық методын өңдеуге бар күштерін салып, ғылыми танымды психологизмнен, яғни ғылыми білімнің антропологиялық негіздегі бірлігінен босатуға тырысып бақты.

Баден мектебінің өкілдері – В.Виндельбанд (1848-1945) және Г.Риккерт (1863-1936) ғылыми танымның методологиясын өндей отырып, оның философиядағы мәніне аса назар аударды. Философия олардың ойынша аксиология- құндылық туралы, нормативтік ілім. Оның пәніне субъекті мен құндылықтардың қатынасын зерттеу жатады. Риккерт бойынша, құндылық өз алдына бір “патшалықты” қалыптастырып, субъект пен объектінің арғы жағында жатырған “трансцендентальдық әлемнің маңызын” көрсетеді.

Экзистенциализм - XX ғасырдың бас кезінде пайда болған және болмысты субъект пен объектінің тікелей бөлінбес тұтастығы ретінде түсіндіруге тырысқан қазіргі заманғы философиядағы иррационалистік бағыт. Экзистенциализм екі түрлі бағытқа бөлінеді, олар: діни экзистенциализм және атеистік экзистенциализм. Діни экзистенциализмнің өкілдеріне: К.Ясперс (1883-1969), Г.Марсель (1889-1973) жатады. Ал атеистік экзистенциалистерге: М.Хайдеггер (1889-1976), Ж.П. Сартр (1905-1980) және А.Камю (1913-1960) жатады.

Экзистенция латын тілінен аударғанда «өмір сүру», «тіршілік» дегенді білдіреді. Экзистенциализмде осы «өмір сүру», «тіршіліктің» өзі объект пен субъектінің тікелей бірлігі ретінде түсіндіріледі, субъектінің сыртқа бағыттылығын, бөгде адында ашықтықты, осы бөгделікке деген қозғалысты білдіреді. Діни экзистенциализмде осы бөгде – құдай деп түсіндіріледі де тұлға өз еркіндігінде осы құдайға қозғалып бағыттанады екен. Атеистік экзистенциализмде осы бөгде – ештеңе еместік деп түсіндіріледі, бұл дегеніміз адам өз еркіндігін жүзеге асыра отырып, өз өзін тудырады. Адамның алдында таңдау тұрады, оны жүзеге асыра отырып адам еркіндікті жасайды. Ол өз таңдауына жауапкершілікпен қарауы керек, ең алдымен өз өзінің алдында және әрдайым осы жауапкершіліктің ауырпашылғын алып жүру де қиын. Өйткені адам өз-өзін тудыра отырып, сонымен қатар басқа адамдар мен әлемді тұтас тудырады. Өзінің шынайы мәнінде адам осы әлемге «лақтырылып тасталған» ол әрдайым болашақ пен өлімнің алдына бетпе-бет келіп тұрады, өзінің әрекеттеріне жауапкершілік танытатын жағдайда жүреді. Экзистенция қорқыныш ретінде, экзистенциалды үрей шекаралық экзистенциалдық жағдай ретінде көрініс береді және мұнда Камюдың ойынша ең негізгі философиялық мәселе ол өз-өзін өлтіру жөнінде болады. Менің өлуім шындық екенін

түсінуім, менің қасіретте болуым, менің күресуім, менің жағдайларға тәуелділігім, менің сөзсіз күнәлілігім – бұлардың барлығы да «шекаралық жағдайлар» (Ясперс). Экзистенциализм жеке адамдар «басқаларға», яғни қоғамдық қатынастарға тәуелді. Экзистенциалистер болмысқа қарама қарсы «иємдену» ұғымын да қарастырды.

Персонализм – бұл тұлғаны алғашқы шығармашылық шындық және жоғарғы рухани құндылық деп, ал әлемді Құдайдың, жоғарғы тұлғаның шығармашылық белсенділігінің көрінісі деп мойындайтын қазіргі заманғы философиядағы теистік бағыт. Персонализм екі түрлі вариантта көрініс табады, олар: француз персонализмі, өкілдері: Э.Мунье (1905-1950) мен Ж.Лекруа және американ персонализмі, өкілдері: Б.П. Боун (1847-1910), Р.Флюэллинг (1871-1966) мен Э. Брайтмен (1881-1953).

Персонализмдегі негізгі зерттеу пәні адамның шығармашылық субъективтілігі болып табылады. Мұны тек адамның құдайға деген қатыстылығы арқылы ғана түсіндіруге болады. Адам ол әрқашан тұлға, персона; оның мәні оның жанында. Адамның жаны өзіндік саналы, ол өздігінен бағытталады. Тарих пен қоғам адамның тұлғалығы арқылы дамиды. Персонализмнің негізгі мәселесіне адамның адамгершілік тәрбиесі мен еркіндігі мәселесі жатады. Персонализмге сәйкес, егер де тұлға Құдайға, қайырымдылыққа ұмтылыс жасаса, ол дұрыс жолда келе жатыр. Моральдық өз-өзін жетілдіру, дұрыс адамгершілік пен діни тәрбие үйлесімді тұлғалар қоғамына әкеледі. Тұлға басқа адамдармен белсенді сұхбаттасу, қарым-қатынас процесінде персонаға айналады. Осыдан адамдардың әлемді өзгертуге қатыстыру ретіндегі коммуникацияның маңыздылығы көрініс береді.

Структурализм – (К.Леви-Стросс, Ж.Лакан, М.П. Фуко, Д.Альтюссер). Бұл философиялық ағымға әлеуметтік нақтылықтың, адамның ойлау жүйесінің әмбебаптық құрылымдарын айқындау арқылы жалпы философиялық тұжырымдар жасау және осы негізінде, олардың мәнін түсінуге талпыну. Структурализмнің ілімінше, құрылымдық тәсілдің негізінде кез-келген зерттеп отырған құбылыстарды өзгерткенде олардың құрылымының бір қалыпты болатындығын мойындау жатыр. К.Леви-Стросс әртүрлі халықтардың тайпалардың аңыз, ертегілерін, мифтерін зерттей келе, кез-келген бір миф жер жүзінің бір аймағында ешқандай айна қатесіз қайталанып жатады. Олай болса мифологиялық әр халықта белгілі бір логикаға бағынады деп ой қорытады. XX ғасырдың 40 жылдарынан бастап, структурализм ғылыми тәсіл ретінде лингвистикада, антропологияда, психологияда, социологияда, кейінгі кезде философиялық әмбебап тәсіл ретінде қолданылып жүр. Структурализм сыни рационализммен қатар позитивизмнің көрінісінің формаларының бірі болып табылады.

Фрейдизм және неофрейдизм – Австрияда кейін Европа мен Америкада XX ғасырдың 20 жылдары пайда болған психоаналитикалық философияның даму кезеңі болып табылады. Бұл философиялық бағыттың эмпирикалық базасы ретінде психоанализ көрініс береді. Алғашында Фрейдизм невроздарды түсіндіретін және емдейтін ілім ретінде қалыптасып, кейін келе дау-жанжалды жағдайға тап болған саналық пен санасыздық арасындағы қарым-қатынасты,

санасыздықтың өзіндік заңдылықтары мен әрекетшілдігін түсіндіруге бағытталған теорияға айналды. Фрейд адам психологиясының динамикасын түсіндіру үшін, оның психологиялық үштүпнегізін қарастырады. Олар «Мен», «Жоғарғы Мен» және «Ол». Фрейд өзінің басты идеясын жеке адамның «психосексуалдық даму» жөніндегі теория төңірегінде өрбітеді. Бұл теория бойынша, адамның еркінен тыс ұдайы конфликтілер жасап отыратын бір күш бар, соның нәтижесінде сана мен санасыздық арасында қақтығыстар болып тұрады. Қақтығыс (либидо) құмарлыққа ұмтылушы санасыздық пен саналы қалыптасқан, толысқан «шындық принципі» арасында болады. Фрейдизмнің қазіргі жақтастары неофрейдизм болса, Адам өзінің даралығын жоғалтатын, сыртқы дүниеден және өзінен жатқа айналатын, адамдық өлшемдерден арылатын, жеке адамның азғындауының және қоғамдық мүдде мен жеке мүдде арасындағы қайшылықтардың себептерін аша алмайтын қазіргі батыс қоғамына сын көзбен қарады. Мысалы, психоанализ идеяларын жалғастырушы К.Г.Юнг инстинктер биологиялық емес, символикалық мәнге ие деді. Өйткені символика психиканың өзінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Ұжымдық санасыздық – барлық нәсілдер мен халықтарға тән, жалпыадамзаттық тәжірибе. Ол адамға дейінгі жануар сипатын және адамзаттың бұрынғы жадысының жасырын іздерін көрсетеді. Ол мифологияда, халық эпосында, діни сенімдерде тұрақталған және қазіргі заман адамдарында түс көру арқылы жоғарыға шығады, көрінеді.

Неофрейдистер – А.Адлер (1870-1937), К.Хорни (1885-1952), Э.Фромм (1900-1980) осы философияның түп негізгі идеялары арқылы адамдардың өмірінің әлеуметтік құрылымын түсіндіруге тырысқан. А.Адлердің ойынша тұлғаның жүріс тұрыс мотивтерін түсіндіру үшін оның ұмтылыстарын «санасыз өмірлік жоспарын» соңғы мақсатын білу қажет. Осылардың арасында адам өмірінің қиыншылығын немесе өзінің сенімсіздігін жеңуге тырысады.

Адлерге сәйкес, индивид өзінің денесінің мүшелерінің дамуындағы ақаулары үшін толымсыздық немесе аз толымсыздық сезімінде болады. Осы сезімді асып өтуге және басқалар арасында өзіндік негізделуге ұмтылғанда, ол өзінің шығармашылық потенциясын белсендетеді. Бұл белсенділік компенсация немесе жоғарғы компенсация деген атқа ие. Жоғарғы компенсация ол толықсыздық сезіміне деген реакцияның ерекше формасы. Оның негізінде ерекше қабілеттерімен ерекшеленетін көрнекті тұлғалар, ұлы адамдар шығады.

Неофрейдизмнің көрнекті өкілі болып Э.Фромм саналады. Ол психоанализ, марксизм, экзистенциализм идеяларын біріктіруге тырысты. Ол тұлғада туа біткен ештеңе жоқ деді, ал барлық психикалық көріністер – ол тұлғаның әртүрлі әлеуметтік ортаға берілуінің салдары. Фромм тұлғаның әрбір түрінің қалыптасу сипатын әлеуметтік ортаның тікелей ықпалынан еместігін, ал адамзаттың өмір сүруінің екі жақтығын, яғни экзистенциалды немесе теоретикалықтан шығарады. Фромм тарихи қайшылықтарды жоюды жана гуманистік қоғам тудырумен байланыстырды.

Постмодернизм. Метафизиканың логикалық аяқталуын Хайдеггерден кейін Ж. Деррида (1930) жалғастырды. Метафизикаға сынмен қарап, ол сонымен бірге Ницше мен Фрейдтің ілімдерін дамытады. Осы ойшылдар

сияқты Дерриданың метафизикаға сыны бір уақытта барлық батыс ойларына сын болып табылады. Деррида іштен «деконструкция» көмегімен сынауға тырысады. Деконструкция – мәтінге деген қатынаста ерекше стратегия, ол өзіне оның «деконструкциясын» және оның реконструкциясын қосады. Деконструкцияның бастамасы – ол мәтіннен тыс болмау мүмкінсіздігі. Зерттеушінің мәтінге әрбір интерпретациясы мен сыны болмайтын болып саналады. Деррида мәтін немесе хат ұғымын кеңейткенде соңында тіл және барлығы «жазу» болып түсіндіріледі. Ол бұл кеңейтуді мәтінді және «жазуды» іс әрекет ретінде интерпретациялай отырып жасайды, яғни анықтайды және бөледі. Дерриданың ойынша метафизиканың басты қателігі ол үнемі негізді іздейді және оны тіршіліктен табады. Хайдеггерге сүйене отырып, Деррида осында негізді іздеудің нәтижесіздігін көрсетуге тырысады. Дүниеде бұл мағынада негіз болмайды. «Болмыс» формасында «қатыстылықтың» негізін іздеу, қарастыру пайдасыз.

Осы аспектіде «жазу», «айырмашылықты» сипаттайды. Жазу жаңа айырмашылықтар арасындағы үздіксіз сайыс болса пайда болады. Бұл ашық сайыста «басқа» үнемі негізгі орында болады. Мәтінді «деконструкциялау» идеясы әдеби сыншылдар арасында кең тарады. Постмодернизм термині «постструктурализм» терминінің аналогымен пайда болды.

Мишель Фуко (1926-1984) өзінің «Сөз және заттар» (1966) еңбегі арқасында көпшілікке белгілі болды. Онда мына құрылымдық көзқарас қорғалады: адам - әлеуметтік конструкция. Өзінің өзіндік негізіндегі шындығы – ол құрылымдар. Леви – Строссен бірге Фуко адамды автономды индивид ретінде түсіндіретін теорияларға сын айтады. Фуко «гуманитарлық ғылымдардың археологиясын», яғни осы дәуірдің негізгі құрылымдық байланыстарын іздейді. Ол осы дәуірге тән ойлауды, іс-әрекетінде анықтайтын детерминантын құрылымды эпистема деп атады. Фуконың «археологиялық» зерттеулерінің сипаты оның жұмыстарының терең ғылыми формасына қарамастан практикалық (саяси) негізде болатындығы. Негізі бойынша Фуко қоғамдық маргиналдар гомосексуалистер, тұтқындар, «психикасы дұрыс емес адамдар» т.б. жақтарында табылады.

Ричард Рорти (1931) аналитикалық философияны зерттеді. Ол эпистемология үшін дәстүрлі субъект пен объектінің айырмашылығын сынға алады. Сонымен қатар ол ақиқат ой мен зат арасындағы өзара бір қатынас ретіндегі идеяны сынға алады. Оның ұстанған жауабы прагматикалық сипатта, ақиқат идеясының пайдалылығын көрсетеді. Ол сол уақытта да ой спецификалық контекстте үнемі «ситуацияланғандығын» атап көрсетеді. Рорти осылайша контекстуалист болып табылады. Прагматизм мен контекстуализм бірге алынып Рортиді саяси дәстүрді философиядан гөрі жоғарырақ қоюға әкеледі. Солтүстік Америкадағы оның аумағына байланысты ол либералды және демократиялық дәстүрлерді жақтайды. Оның «контексті» анық базистік құндылықтарды және пайдалыны анықтайды. Сонымен бірге Рорти бұл құндылықтарды философиялық аргументтер көмегімен негіздеуге тырыспайды. Оның ойынша әрбір философиялық аргументация мүмкін емес. Классикалық

аналитикалық философиядан контекстуализмге өткенде, Рорти философиядан саяси мәдениеттің жоғарғы екендігіне келеді.

Рорти аналитикалық философияның бұрынғы жақтаушысы ретінде деконструктивистердің жұмыстарының әдістерін, позицияларын жақтайды. Рортидің ойынша философиялық мәтіндердің әдеби мәтіндерден артықшылығы жоқ. Оларды оқу қызықты, олар бізге позицияларды және көріністерді ашады, бірақ ақиқаттылыққа немесе жалпыға қажеттілікті көрсетпейді.

Соңында Рортидің еркешелігі ол жеке және көпшілік аумақтарына шек қояды. Жеке адам ретінде ол ұлы классиктерді оқу барысында білім алады және осыған байланысты білімді тұлға болып табылады. Қоғамның ұйымдасуы барысында ол көпшілік сфераны айтады. Бұл жерде Рорти либералды қоғамның жақтасы. Ницше мен Хайдеггерді оқығанда ол олардың талаптарына ирониямен қарайды. Саяси адам ретінде ол Ницше мен Хайдеггер типтес философтарды қауіпті ретінде қарастырады. Ол саясатта ашық және ағартушы либералды қоғамның жақтасы болып табылады. Сондықтан ол француз деконструктивистерін өмір философиясын саясатпен араластырғаны үшін сынға алады. (Деррида және Фуко). Саясатта философияға негізделген радикалды сыншылдардың жақтасы емес, үнемі либерал болуы керек.

Бекітуге арналған сұрақтар:

1. XX ғасыр аяғы – XXI ғасыр басындағы рухани мәдениеттің ерекшеліктері.
2. Жаңагегельшілдік, неопозитивизм, неотомизм.
3. Иррационализм бағыты.
4. Экзистенциализм. Позитивизм.

№9 Дәріс тақырыбы: Қазақ философиясы.

Дәріс жоспары:

1. Қазақ мәдениетіндегі шаман дінінің алатын орны.
2. Қазақ даласына ислам дінінің қанат жоюы.
3. Қазақ ойлау әдісінің метафоралығы.
4. Қазақ философиясының ерекшелігі.
5. Ағартушылық философиясы.
6. Абай философиясы.

Ертедегі қалыптасқан дін жораларының қарапайым түрі - шаман діні шықты. Шаман діні бойынша адам бір жағынан табиғатқа, табиғат құбылыстарына, көкке, Айға, Күнге, жұлдыздарға, отқа, екінші жағынан ертеректе өліп кеткен ата-бабалардың аруағына, көк тәңіріне табынды. Қазақ халқының этнографиялық тарихын зерттеген Ш.Уәлиханов бұл дін туралы былай дейді: «Шаман діні дегеніміз-жалпы алғанда дүниені зор тұтушылық болды, көк-аспан идеясы және оның барлық белгілері, яғни Күн, Ай, Жер және оның белгілері: таулар, өзендер, асыл тастар, ағаштар және басқалары идеясы болды».

Дін тарихы осы дінді көп құдайға табынушылық пен бір құдайға табынушылықтың аралығында пайда болды деп түсіндіреді. Сол аралық діннің негізіне фетиштік, тотемдік, анимистік, сиқырлық нанымдар мен ата-баба

аруағына табынушылық алынды. Табиғат заттары мен құбылыстарына табынушылықтың өзіндік себебі бар еді. Өйткені адамзаттың анасы да, асыраушысы да, кіндік кесіп тәрбиеленген бесігі де табиғат еді. Мұның үстіне табиғат адамдарға асқан құдіретті күш есебінде көрінді. Табиғаттың даму заңдылығын білмегендіктен, адамдар оған табиғаттан тыс қасиет бітірді, оны құдіретті күш есебінде көрінді. Сөйтіп, адам санасында, ақыл-ойында материалдық дүниенің даму заңдылығы бұрмаланған түрде бейнеленді. Сыртқы дүниенің адамның ақыл-ойында бұлайша бейнеленуін фетиштік нанымдар дейміз.

Осы түсініктен келіп адамды қоршаған айналадағы заттардың бәрі оның ақыл-ойынан тыс «киелі» заттарға айналады. Қазақтар кие дегенде өздерінің көшпелі тұрмыстарына пайдалы болатын жаратылыстың кейбір құбылыстары мен әртүрлі заттарға ерекше бір күш береді, сөйтіп оларды белгілі бір дәрежеде кереметке айналдырады. Осы кереметті құрметтеп отырса, олардың басына байлық, бақыт орнап, құт қонғандай, ал құрметтеп отырмаса - кедейлікке және бір қырсыққа шалдығатындай көрінеді.

Шамандық нанымның фетиштік формасы ислам дінінің құрамына еніп, оның элементтеріне айналды. Осы діндегі мұндай фетиштік сипаттағы нанымдарға Қағбаның қара тасын сүю, Меккенің маңындағы таулар мен алқаптарға бару, ауру адамның дерттен айығамын деп су басына, мола басына түнеуі, Айға қарап бата оқуы, табиғаттың басқа да көп заттарына табынуы жатады.

Тотемдік нанымдар ертедегі адамдардың негізгі кәсібі аң аулау мен жеміс теруге қатысты болған дәуірде қалыптасты. Қазақ даласында осыған байланысты кейбір жануарлар мен құстарды қадір тұтудың қалдықтары сақталып қалған. Қазақтар малдың кәрі жілігін қасиетті деп санайды. Олардың ойынша кәрі жілік малды ұры-қарыдан, қасқырдан қорғайды. Қазақтар үкіні қадір тұтады, өйткені үкінің басы мен қауырсыны жын-шайтаннан қорғайды. Сол үшін оларды киіз үйге, баланың бесігіне қадап қояды. Олар үкі қауырсынын сәндік үшін де қолданады. Қазақ халқының арасында тотемдік нанымдарға негізделген жануарлар календары (он екі жылдық) кең тарады. Бұл наным бойынша әрбір жыл жануардан басталады. Ол мал шаруашылығы мен егіншілік тағдырын белгілейді. Мұндай жануарларға тышқан, сиыр, қой, қоян, ит, мешін, тауық, тағы басқалары жатады. Қазақтар өздерінің туған жылын, сондай-ақ көрнекті адамдардың өмір сүрген уақытын осы календар адамның адамгершілігін қорлап, оның талабы мен жігерін діни ұғыммен шырмап, тежеп отырды.

Қазақтардың ерте кездегі діни нанымдарының негізі анимистік ұғымдар болды. Бұл бойынша шындық өмір екіге бөлінді. Оның бірі адамдардың күнделікті көріп жүрген дүниесі, екіншісі көзге көрінбейтін, сезілмейтін, сезімнен тыс дүние. Ақыл-ойда сезімнен тыс дүние шешуші рөл атқарады, ол заттар мен құбылыс атаулының қайнар бұлағы, сыртқы, дүниенің рухани бастамасы деп саналады. Өмір мен өлім туралы мәселе жан туралы діни нанымдарды тудырды. Табиғаттағы әрбір зат пен құбылыстар құдірет иесінің нәтижесі деп топшыланды. Адамдар бұл жұмбақ құбылыстың өздеріндегідей

қасиеті, тіпті жаны, санасы, ақылы бар деп ойлады. Сондықтан да олар өз өмірін осыларға байланысты етті және солардың еркінде болды. Адамдардың ойынша жан табиғатта да болады. Әрбір материалдық дүниенің жаны бар, жан денені өзгертіп отырады. Адамның іс-әрекетін, мінез-құлқын оның жаны билейді, ал табиғаттағы болатын өзгерістерге рух әсер етіп отырады. Денеден жан тұрғанда тіршілік болады, денеден жан кетсе адам өледі, денеден кеткен жан айналадағы дүниеге, тасқа, өсімдіктерге беріледі, о дүниеге барып өмір сүреді, оның о дүниеде елі, үйі, жан ұясы болғандықтан шаруашылықпен айналысады деп сенді.

Ата-баба аруағына арналған ертегілер көптеп кездеседі. Солардың бірі Баба түкті шашты Өзіз туралы аңыз. Кейіннен ислам дінінің ықпалымен ата-баба аруағына табынушылықтың орнын әулиелерге табыну салты басады. Ислам дінінің Қыдыр атаға табыну дәстүрі осындай салтқа жатады. Қыдыр ата ел кезіп жүрген, адам бейнелі әулие, ол адамдардың қамқоршысы, оларға бақыт, байлық, дәулет беруші болып келеді.

Адамдар ақыл-ойының балаң кезінде жын-шайтандар дегенге де көзсіз сенетін болды. Адамның ауру-сырқаты, малдың өлім-жітімі, су тасқыны, жасыл түсу, қуаңшылық - осылардың бәрі жын-шайтандардың араласуымен болады. Қазақ арасында жын-шайтанға сенушіліктің әсері әлі жойылып біткен жоқ: бір адам ақылынан адасса, иә миы шатасса қазақтар оны есінен танды демей, жынданды, яғни жын-шайтан жөніндегі осындай нанымдары кейіннен ислам дініне енеді. Құранның айтуынша, жын-шайтандар «таза оттан» (55,34) жасалған. Аллатағаланы тыңдамағаны үшін олар жұмақтан қуылады, құранның жын-шайтандар жөніндегі түсінігін, олардың зұлымдығы туралы аңыздарды, пұтқа табынушылықтың сарқыншағы деп қараған жөн.

Дін шырмауында болған басқа да халықтар сияқты қазақтар да аспан денелеріне табынды, соларға сиынды. Соның бірі – Айды тәңірі тұтушылық. Қазақтар жаңа туған Айды көргенде иіліп сәлем береді де, оған малдастай қарап отырып бата қылады. Әрине, ай бір тәңірі болған болса, Күн де сондай тәңірі болуға тиісті еді. Қазақтар Күнді де мінездеді. Күн көзінің жер бетін қыздырып, иә күйдіріп жіберуі, аспан әлемінде алай-дүлей дауыл соғып, боран болуы Күн күркіреп, найзағай ойнауы, нөсер құйып, бұршақ жаууы – осылардың бәрі олардың пайымдауынша күн көзінің «қасы мен қабағына» орай туған құбылыстар еді.

«Қазақтардың ұғымында аспан жұлдыздарының Жер үстіндегі заттарымен байланысы да болды. Мұны Темірқазық, Үркер, Жетіқарақшы деген кейбір жұлдыздардың аттарынан көруге болады. Түн қата жол жүрген жолаушылар жол бағытын Темірқазыққа қарап айырады. «Темірқазық» деген ат жұлдыздың қозғалмайтын қазық сияқты болып көрінуіне қарай белгіленген болуы керек», - дейді Шоқан Уәлиханов. Қазақтардың наным бойынша Жетіқарақшы күндіз ұрлық жасап, түнде күнәсін мойындаған жеті ұрының жаны, сондықтан олар өлгеннен кейін жеті жұлдызға айналып кеткен. Жетіқарақшының жанында Үркердің ұрланған қызы бар. Қазақтардың наным бойынша Үркер ұрланған қызын құтқарып алу үшін Жетіқарақшыны қуып барады. Үркерге қарап қазақтар түн мезгілі мен жыл мезгілін айырады. Осы

күнге дейін қазақтар қыз балаларының атын аспан денелерінің атымен байланыстырады. Қазақ қыздарының арасында Айсұлу, Күнзада, Шолпан деген аттар жиі кездеседі.

Көшпелі қазақ тайпалары Жерге де табынды. Олардың түсінігінше Жер әйелдер тәңірі – «ана тәңірі» болып саналады. Өйткені жер шаруашылығымен де шұғылданған алғашқыда әйелдер болды. Ертеректе Қазақстанды мекендеген сақтар «ана тәңірін» жүз жұлдыздан сәукелі, отыз құндыздың терісінен ішік киген етіп бейнеледі. Жердің құрметіне құрбандық шалынды, ол кездерде пұтқа табынушылар да болды. Пұттар рухтардың бейнесі ретінде ұғылды. Мысалы, сақтардың соғыс тәңірі болды, ол семсер болып саналды. Оның құрметіне құрбандық шалынғанда жерге семсер шаншылып, оған сүт немесе қан кұйды.

Қазақтардың ұғымында сыртқы дүние (табиғат пен қоғам құбылыстары), оның сан алуан тіршілік ету формасы «үлкен үйге» ұқсас болды. Ол тәңірі делінді. Ал тәңірі табиғат және аспан құбылыстары ретінде ұғылды. Тәңірінің екінші тобына хандар, сұлтандар жатты. Олар тәңірінің жер бетіндегі өкілдері деп саналды. Хандарға, сұлтандарға табынушылықтың өзі ата-баба аруағына табынушылықтың қалдығы болып табылады.

Шаман дініне негізделген табынушылықтың тағы бір тобына жергілікті әулиелер жатады.

Діни наным бойынша әрбір жер төбешіктің, алқаптың, даланың, орманның, судың өз қожасы, иесі болды. Олардың пайдалыларының, қасиеттілерінің аты: құт бақыт, дәулет, ырыс деп аталды да, зияндылары, қайыспандары: сор, бәле, қаза, қырсық, дерт, індет, жұт деп аталды. Бұл иелердің әрқайсысы түрлі жануар болып, көбінесе құс, адам, түрлі жәндік бейнелес болады да ел кезіп жүреді. Адамдарға кейбіреуі дариы, кейбіреулері қағып, қазаға ұшыратады деп түсінілді. Малдың әр түлегінің өз қамқоршысы, тәңірісі, иесі, пірі болады деген де наным бар. Мысалы, қой пірісі – Шопан ата, түйе пірісі – Ойсыл қара, жылқы пірісі – Қамбар ата, сиыр пірісі – Зеңгі баба дегендей.

Бұлардың әрқайсысы мал шаруашылығының бір саласына ғана қамқорлық етті. Қазақтар пірілерге жалынып, жалбарынды. Малдың көбеюін, аман болуын солардан тіледі.

Қазақстанды мекендеген ертедегі тайпалар суды да қадір тұтты. Олардың нанымы бойынша судың да тәңірі болады, ол су иесі – пері деп аталады.

«Шаман діні ғұрпының ішінен қазақ арасында осы кезге дейін кең өріс алып отырғаны отқа табынушылық». От адам өмірі үшін аса қажет боды. Өйткені от иесі адамға жылу береді. Осыдан қазақ тайпалары отты керемет күші бар құдірет иесі деп ұқты.

Қазақ даласына ислам дінінің қанат жоюы.

Ислам дінінің қазақ жеріне таралуы процесі ғылымда әлі күнге дейін тыңғылықты зерттелген жоқ. Ол ол ма, тіпті оның Қазақстанға қай дәуірде енгені жөнінде ізге келген белгілі пікір болмай келеді. Қазақ тарихын зерттеуші ғалым, тарих ғылымдарының докторы М.Ақынжанов өзінің “Ислам діні-езуші таптың құралы” деген мақаласында: “Қазақстан жеріне дінінің қай кезде келіп, қай уақытта орын тепкенін дәлелдейтін мәлімет жоқ”, - деп жазды.

Професор Е.Бекмаханов Қазақстанның солтүстік және солтүстік батыс облыстарында ислам діні ІХ ғасырдың аяқ кезінде тарай бастады десе, ислам дінінің зерттеуші ғалымдардың бірі Х.Ақназаров өзінің “Ислам діні және оның реакциялық мәні” деген еңбегінде былай деп жазды: «ІХ - Х ғасырларда мұсылман діні Қазақстанның тек оңтүстік аудандарын ғана, егіншілік аудандардың билушілері ғана қамтыды. Онда ол бұл дінді байлар, үстем топтар қабылдады, ал еңбекші бұқара көп уақытқа дейін бұрынғы діндерінде қалып келді”,-деген пікір айтады. Қазақстан тарихын зерттеуге ат алысып жүрген ғалымдар И.Е.Агеев пен В.Ф.Шахматов ислам қазақ жеріне түргештік Қарлұқ қағанаттары үстемдік жасап тұрған кезде тарады деген тұжырым жасады. Олар былай деп жазды: «Қарлұқ қағанатында феодалдық қатынастардың дамуына байланысты Орта Азия мен Қазақстан жерлеріне арабтардың алып келген феодалдық діні- ислам тарай бастады”.

Сөйтіп бұл авторлар ислам дінінің Қазақстан жеріне VIII ғасырда келгенін мойындады.

Ендігі жерде ислам дінінің қазақ еліне таралу тарихына тоқталып өтелік. Қазақ ойлау әдісінің метафоралығы. Әдебиетімізде өзіндік жанрлық белгі - сипаттары арқылы ертеден-ақ жеке сала болып дамыған ақындық және жыраулық поэзияның алатын орны ерекше. Көне дәуірлерден бергі фольклорлық туындылармен өзектесе, жарыса дамып келген бұл сала халқымыз бастан кешкен тарихи оқиғалардың көркем шежіресі істептес ел тұмысының сан алуан қырларын қамтып белгілеуге әр кез елеулі үлес қосып отырған.

Ақындық және жыраулық поэзияның өзіндік сипат - белгілерін бұлардың өмір шындығын суреттеудегі көркемдік тәсілдері мен белгілі бір тарихи кезеңде аренаға шыққан авторларының нақтылығын, ғасырлар бойы өзара үзілмей келе жатқан дәстүр жалғастығын танытатын стильдік ерекшеліктерінен көреміз.

Солай дегенмен ақындық поэзияның жыраулық туындылардан бөлініп, дараланатын өзіндік белгілеріде аз емес. Мұнда жыраулық поэзияда сирек ұшырасатын адамның ішкі сезім-күйі мен ой-толғанысына айрықша мән берілетіні мәлім.

Қазақ ауыз әуыз әдебиетінің бір бөлігі жыраулар поэзиясы. Ықылым замандардан табиғат пен талантын қатар ұштастырған ақын-жыраулар өз туындыларына деген күш қайратты, сөз байлығының дамуын, теңеулерін тек табиғаттан ғана тапқан сияқты.

Мәселен, ХҮ ғасырда өмір сүрген көрнекті жыраулардың бірі – Шалкиіз (1465-1560 ж.ж.). Оның шығармалары қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтары арасына кең тараған. Жырау шығармаларының алғаш қағаз бетіне түсуі XIX ғасырдың екінші жартысы.

Шалкиіз – жырау, жырау болғанда өлеңмен не қарасөзбен сөйлеу бір қисап, аузын ашса болды көмекейінен көмбірлеген жыр төгіле берген жыраудың классикалық үлгісі. Дала перзенті Шалкиіз ең алдымен импровизатор. Жырау шығармаларындағы, оның философиялық толғауларындағы көптеген сәттер мен қайталанбас образдар бұл туындылардың ұзақ ойланудың, тынымсыз еңбек нәтижесі екендігіне куә.

Далалық пәктік пен далалық сұлулықты бойына сіңірген дала жыршысы адамды табиғатпен теңей білген.

Борташұлы Жиёмбет (ХҮІ ғасырдың соңғы ширегі, ХҮІІ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген). Жиёмбет – Есім ханның әскер басы батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы. Сонымен бірге Жиёмбет – ел аузынан алынған тарихи әңгімелерге және өз шығармаларындағы кейбір сөздерге қарағанда, заманының ірі феодалы, мемлекет істеріне үлкен роль атқарып отырған қабырғалы би.

Жыраулар қатарындағы келесісі Ақтамберді жырау. Бір деректерде 93 жыл өмір сүріпті делінеді, яғни 1675 – 1768 жылдары дәуір кешкен. Ақындық даңқы жас кезінде шыққанына қарағанда, бізге мұрасы толық жетпеген делінеді.

Ақтамберді қазақтың көне жыраулық эпосының белді өкілдерінің бірі. Жарлылық пен жалғыздықтың тауқыметін көп көрген дейді. Адамдыққа, адалдыққа, әділеттілікке сүйсініп өскен. Тұрмыстың қыр-сырын, от-басы, елдік, жерлік мәселелерін жырларында жақсы көрсетеді. Жырау ақиқатты айтуға тай салмайды, шындық туралы шымыр шешендік сөздерді түйдек-түдегімен тастайды. Жоқшылықтың қол байлайтынын түсінген. Өмірдің өткінші екенін біле тұрсада, бардың берекелі екенін біліп ашудан жүрегі сөйлейді:

Қазақ халқының тағы бір асқарлы жырауларының бірі Бұхар жырауда адамның аты өлмейтіндігінің жолын тауып, оны табиғатқа теңей отырып суреттейді.

Қазақ халқы жақсы мен жаманның ерекшеліктерін жете түсінген. Сондықтан болар, оларды бөліп отырып өлең-жырларына көп қосқан. Мәселен, Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867) бабамыздың өлеңін жаза кетуге тура келеді:

Асқардан ұшқан су бүркіт
Еділдің аңын іле алмас.
Өліп жатқан сұңқардың
Жүніне қарға қона алмас.
Кешегі айтқан көп жаман
Бір жақсыдай бола алмас.

Табиғат қазақтың жүрегіне жақын болғандықтан одан өз сырласын табады, мұңын айтады. Яғни, оны Біржан Салдың (1834-1897) өлеңінен байқауға болады:

Аты жоқ құс болады көкек деген,
Алдында терезенің секектеген.
Ойымда үш ұйықтасам, барма менің,
Айрылып сені, сәулем, кетеді деген.
Кім сүймес шешек атқан көкек айын,
Бейне жаз, менің сүйген сәуле тайым.
Ақ қалқам отыр ма екен, жатыр ма екен,
Ей, көкек, ұшып барып білші жайын!
Шекеңе селдіретіп айдар тағып,
«Көкек» деп бос жүргенше секең қағып.

Қосайын өле-өлгенше мен әніме,
Қалқадан хабар әкел, ұшып барып.

Ал Ақан Сері (1843-1913) болса қазақтың көңілін өлеңі арқылы табиғаттан іздейді:

Ой, қалқа, біздің көңіл қайда жатыр,
Толқыған он төртінде Айда жатыр.
Ат тұрса, атан тұрса көз салмайтын,
Арғымақ мың теңгелік тайда жатыр.
Қош иісі жарқыратып көңіл ашқан,
Аққұйрық памилный шайда жатыр.
Гүл шашақ, жұпар иісті жайлауында,
Көңілім ел қонбаған сайда жатыр.
Қиядан торға түскен ақсұңқардай,
Көңілім қапаланған жарда жатыр.
Білетін асыл жайын жан болмаса,

Жаманды не қылайын жолда жатыр -деген сияқты ақын-жыраулар қашанда табиғатпен тілдескен және оның сыр мұңына үніле қарап ішінен адамның туған қасиеттерін іздеген. Міне, осылай қазақ халқы табиғатпен үйлесімдігін тапқан.

Алғашқы мифологиялық көзқарастар арқылы қазақ халқының дүниетанымы қалыптасқан кездегісі тұрмыс-салтымен тызыз байланысты еді. Көшпелі халық өзінің рухани дүниесін кең байтақ даласына теңейді. Көшіп – қонып жүріп мал шаруашылығымен айналысқандықтан табиғатқа жақын болғандығы үлкен бір жасырар құпия емес.

«Ашу- дұшпан болғанда, нәпсі жауың,

Ақыл – тұрған алдыңда асқар тауың» -деп, ақылын тауға теңей келіп өмірдің мәнін табиғаттан іздейді. Табиғатқа бір табан жақын болғаны бұл халықтың санасын, дүниетанымын жасады. Табиғатқа сүйсінумен қатар, одан қорқып сыйынды, оны пір тұтты.

Жаратушысын Көк аспан деді. Жер-Суға табынды, олардың құдіретті күштеріне бағынды. Ұмайдың билігіне көнді. Осылардың бәрі көнеден қалған діни наным-сенімдер еді. Өйткені, көшпелі өмір сүргендіктен осы бір күштерге еріксіздіктен бағынуға мәжбүр болды. Өзін қоршаған табиғатқа толық тәуелді болды.

Аңшылық кәсібі халықтың ауыз әдебиетінен тиісті көрінісін тапты. Бейне бір тіршілік иесіне, тіпті, тірі адамның өзіне ұқсатып бейнеледі. Қоршаған табиғат туралы ұғымын сана мен тілдің қалыптасуымен бірге өрбіп отырды. Әлемдегі ең бір талас-тартыс мол сауалдардың бір шоғыры осындай ойлаудың және сол ойлаудың бірден бір айғақ көрінісі болып есептелетін мифтердің қатынасы.

Қазақ халқының ежелгі тарихы табиғат үйлесімдігімен басталады. Ата-бабаларымыз өткен дәуірімен ой-санасының айғағы боларлық мифтер мен мифтік аңыздары ауызша сөз мұрасынан елеулі орын алады. Олар қазақ ән –күйлері, өлең-жырлар, аңыз-әңгімелер тағы басқа, бұл туындылар сан ғасырлық рухани азық болуымен бірге дала тіршілігінің

талап-талғамына лайық өңделіп, өзгеріп, халқтың үлкен бір мәдениетін жасай келіп, санасына қалыптаса берді. Қазақ «дала» немесе «дүние» деген ұғымдарының арасында, осы екі ұғымның тәрбиесі әсерінен қазақ санасына өмірді түсіну тәжірибиесі сіңіп кеткен. Яғни, осы ұғымдар көшпелі халықта табиғатпен үйлестіре отырып діни наным-сенімдерін жасайды.

Осындай қазақ халқының өз рухани тарихы бар. Сан ғасырлық руханияттары қазақ халқын жасады. Рухани дүниесі арқылы табиғатпен үйлесе білді. Әр халықтың өзінің әртүрлі ырымдары мен тыйымдары бар. Ерте заманда табиғат сырларын білмеген соң оларға әртүрлі себептер іздеп, кейде діни ұғымдарға тірелген. Бұлардың бәрі шын мәнінде жақсылыққа жақындау нышаны еді.

Табиғатты адамға теңеп өлең-жыр жазды. Адамды табиғаттан дәл тапты. Мінезін суреттей келе жақсы мен жаманды айыра білді. Сол арқылы табиғатпен үйлесімдікте болды.

Қазақ халқының философиялық дүниетанымы ойлау мәдениетінің шығу тегі көне түркі мәдениетінен V-VI ғасырларда басталған. Оны мәдениет тарихында мәдени мұралар Талас, Орхон, Енисей өзендері бойынан табылғандықтан Орхон, Енисей руна жазулары деп аталады. Негізінен түркі шығармаларымен таныссаңыз. Сол замандағы түркілер мен қазіргі қазақ санасының арасындағы терең рухани сабақтастық бар. Әл-Фарабиден бастап кейінгі ғұлама ойшылдар Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи т.б. жатады. Қазақ халқының қоғамдық санасының қалыптасуына бұл ғұлама ойшылдардың ықпалы өте зор болған.

Тарихи әлеуметтік жағдайларға байланысты ғылым техниканың философияның өркен жайып өрістеуіне кең жол ашқан XIX ғасырдың аяғы деп аталады. Орталықтан шеткерілеу жатқан отарлық елдердің өмір сүріп отырған қазақ халқының назарынан тыс қалған емес. Қазан төңкерісіне дейін бұларды қазақ зиялылары жақсы білген. Сонымен қатар көшпенділер (номадтық) деген бұрынғы қазақтардың мәдениетінің болғандығын айғақтайды. Синкретизм (гр. қосылу, біріктіру, үйлестіру дегенді білдіреді). Философия қазақ халқына сырттан танылған ілім емес, өзінің төл санасына жататын құбылыс. Философия халқымыздың әлеуметтік психологиясына, әлеуметтік дүниетанымына әбден сіңген.

Халқымыздың дүниетанымының ерекшелігі оның тұрмысынан аңғарылуы заңды дүние, сондықтан араб-парсы мистикалық философиясын қазақ халқы сол күйінде емес, өзінің өмір сүру тәсілі салтына, ерекшелігіне сай қабылдаған. Көшпелі қауымға негізінен мистика жат құбылыс, сондықтан араб мистицизмі қазақ халқының санасында оптимистік, өміршендік арнаға түсті.

Халықта даналығымен көзге түскен көптеген билер, ақындар, жыраулар болған. Мәселен аты алашқа әйгілі болған Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер көбінесе құбылысты астарлап ашып, тұспалдап сөйлейтін шеберлігін танытып отырған. Қазақ сөз түсінер, сөз ұғар, бір ауыз сөзге тоқтаған адамды тіршілікте өте жоғары бағалаған.

Жырау- әлі қоғамдық ғылымда зерттелмеген, сыры толық ашылмаған, күрделі ұғым. Оған Бұқар жырау, Қобылан жырау т.б. сияқты тұлғалар шығармашылығы кепіл. Жырау жеке басының ғана ар намысын, ұятын ғана ойлап қоймаған, негізінен оның мұңы халық мұңы. Ол хан мен халықтың арасындағы тұлға.

Сопылық (суфизм) дәстүр. Суфизм арабша суфи- жүн, суфий – жүннен тоқылған шекпен) исламда VIII-IX ғасырларда пайда болған араб халифаты елдерінде кең таралған діни-мистикалық ілім. Ертеректегі суфизмге жекелеген материалистік элементтері бар пантеизм тән болды. Кейіннен неоплатонизмнің, Үнді философиясының, кейбір христиан идеяларының ықпалымен суфизм аскетизмге және шын мәніндегі мистицизмге айналды. Құдайдың хақтығына шек келтірмей, ол айналадағы заттар мен құбылыстар оның эмоциясы дей отырып, суфизм сопылық дәстүр ізбасарлары өмірдің ең жоғарғы мақсаты адам жанының құдаймен бірігуі деп жариялап, жер бетіндегінің бәрінен (пендешіліктен) қол үзуді талап етті. Мысалы Платон, Аристотель, Лұқман Хакім, Сократ сияқты хакімдері Абай негізінен суфистер философиясы арқылы, одан бергілері Плутон шығармасы бойынша оқып білген. Суфистер философиясы арқылы қазақ даласына жеткен Платонның, Әсіресе Плотиннің құдайды ақылмен тануға болмайды деген ой жүйесінің ықпалы айқын сезіледі.

XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ хандығы қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастарындағы әлеуметтік-философиялық сарындар «жеті жарғы» қазақтардың байырғы әдет-ғұрып заңдарының жинағы. Бұл заңдар XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Тәуке хан билік құрған тұста қалыптасқан. Орыс тарихнамасында «Тәуке хан» заңдары деген атпен белгілі. «Жеті жарғының» негізгі нұсқасы қазақтың үш жүзі бас билерінің қатысуымен әзірленіп, белгілі ру басыларының Түркістандағы жиынына бекітілген. Жарғы феодалдық қоғамдық қатынастардың басты-басты салаларын қамтып, елді әбден жайлап алған жер дауы, жесір дауы, мал дауы, жан дауы, құн дауы, мүлік дауы, хандық пен билік т.б. мәселелерді мақсат еткен. Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «жеті жарғысын» білмек керек деп, бұл әдет-ғұрып заңдарын жұрт билеу, ел басқарудың негізгі жүйесі ретінде танытынын аңғартады.

Космология- гр. ғарыш- астрономияның бір саласы. Тұтас әлем ретінде шоғырланған ғарыш пен осы бірегей әлемнің астрономиялық бақылауға алынған бір бөлігін зерттейтін ғылым. Космология жөнінде алғашқы қарапайым, түсініктер сонау ерте кезде-ақ адамдардың дүниедегі өз орнын білуге ұмтылған тұсында пайда болды. Қазіргі кезде ғылымда 20 жылдары физик А.А.Фридманның жалпы салыстырмалылық теориясына негізделген моделі жаппай танылды деуге болады. Қазіргі космологиялық бұл модельдің мәні мынада- олар ментагалактиканың құрылымы және дамуы жөніндегі жалпы заңдылықтар туралы түсінік және ол шексіз әлемді танып білу процесіндегі маңызды қадам болып табылады. Антропософия гр. адам және даналық дегенді білдіреді. Мистикалық декоденттік ілім, теософияның бір түрі. Антропософияның негізі Пифагор мен Неоплотанизмнің мистикасынан, натурфилософиясынан алынған діни-философиялық идеялардың өзара

араласуы. Антропософия жүйесінің өзегінде- адамның тек бағышталғандарға ашық әспеттелген мәні бар. Антропософияның негізін қалаған Р. Штейнер (1861-1925). («Құпия ғылым» 1910, «Антропософия тезистері» 1925) .

Доспамбет жырау (1490 жыл, Азау қаласы-1523, Астрахань маңы) – ежелгі қазақ халқы қалыптасу кезеңінде өмір сүрді. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жорық жыршысы мұрасының дені жоғалған, ел аузында жекелеген қолжазбаларда сақталған туындылары XIX ғ. бас кезінде әр түрлі жинақтарға енді. Алдаспан антологиясында (1971) оның табылған шығармалары толық жарияланды. Доспамбет жырау жырларынан оның ой-өрісі, мұрат-мақсаты, рухани өмірі, ғибраттық қағидалары, философиялық көзқарасы айқын аңғарылады. Жауынгер жырау туындыларының рухы ескілігіне, көркемдеу әдісінің көнелігіне қарамастан көңілге әсер етерлік терең, тілге орамды.

Мұхаммед Хайдар Дулати 1464-1480 ж. Дулати жан-жақты білімді адам болған. Сол кездегі саяси оқиғалар мен қайраткерлерді, сондай-ақ Қазақстан мен Орта Азия, Монғолстанның өткен тарихын, әсіресе Дулат тайпасының Феодал топтарының тарихын жақсы білді. Дулати орта ғасырлардағы қазақтар тарихына байланысты өте құнды мәліметтер қалдырды. Монғолстан мен оның тарихы жөнінде аса құнды түп нұсқа болып саналатын- «Тарихи Рашидидің», «Джаханнама » дастанының авторы. Бұл еңбекте қазақ хандығы құрылғанға және одан кейінгі Жетісу мен Шығыс Дешті Қыпшақтағы оқиғалар, Монғолстанның құлауы, феодалдық, соғыстар, сыртқы жауға қарсы қазақтардың қырғыздармен және өзбектермен достық одағының қалыптасуы т.б. жайлы көптеген мағлұмат беріледі. Шығармада ХҮ-ХҮІ ғ.ғ. Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы мәдениеттері, Жетісудың тарихи географиясы туралы, орта ғасырлардағы қазақстан жайлы құнды деректер бар.

Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы 1835-1865- қазақ ойшылы, этнографы, тарихшысы, географы, ғұлама ғалымы және ағартушысы. Уәлихановтың философиялық ойшылдық қасиеті кез-келген сапарында тіршілік, жер қыртысы, салт-дәстүр көріністерін мүмкіндігінше толықтыруынан, тарихи деректер мен белгілі адамдар туралы естеліктерді пайдаланып, төл ойын білдіріп, қорытынды жасауынан айқын аңғарылады. Орта Азияны, Қазақстанды, Батыс Қытайды сол кездегі хандық дәуірдің бәріне ортақ саяси-экономикалық құрылымынан іздеуге талпынады. Шоқан мемлекет тарапынан қазақтардың құқығын қорғау мәселесіне тікелей араласады. Билер салтының демократиялығын дүние жүзілік соттар жүйесімен салыстыра отырып, оның артықшылығын ғылыми жолмен дәлелдейді. Уәлиханов «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қытай империясының батыс провинциясы мен құлжа қаласы» деген және т.б. зерттеулерінде тарихты қарапайым бұқара халық жасайды дейтін кемеңгер ойды түйіндейді. Бұл еңбектер Орта Азия мен Қазақстан тарихының алтын қоры.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889жж) қазақ халқының көрнекті ойшылы, жаңашыл педогог, жазушы, аудармашы, қоғам қайраткері. XIX ғасырдың 60-70 ж.ж. қазақ халқының өмірінде болған тарихи-әлеуметтік, үлкен өзгерістер мен сабақтас «Жаз», «Өзен» сияқты шығармалары Алтынсариннің нағыз талантты

ақын болғандығын көрсетеді. Уәлиханов пен Алтынсариннің философиялық идеяларының антропоцентризмi мен гуманистiк дүниетанымның яғни дүние адам үшін ештеңе емес. Тек адам ғана субъект, ал бүкiл әлем оның субъектiсi ғана. Барлық адамдардың жан-жақты және жарасымды дамуы үшін, жеке адамның шын бостандығы үшін қажеттi алғышарт жасайды. Қазақстанда экономикалық ой-пiкiрдiң өрiстеуiне үлкен роль атқарды. Алтынсариннің шығармалары, хаттары, баяндамалары дүниеге алдыңғы қатарлы көзқарас тұрғысынан жазылған.

Абай Құнанбаев (1845-1904жж) ақын, ағартушы, гуманист, ойшыл-философ. Абай дүниетанымы көркем образдар нақышы мен өрнектелген. Оның еңбектерiн оқығанда зароастризм, буддизм, махизм, христиан, ислам дiндерiндегi философиялық қағидалармен таныс болғанын аңғарады. Абай имандылық пен адамгершiлiк философиясын дамытты. Өйткенi адам проблемасы оның дүниетанымының өзегi болды. Абай еңбектерiнде Алла деген сөз жиi кездеседi. Ол 3 мәнде қолданылған. 1. Онтологиялық. 2. Космогониялық 3. Гносеологиялық тұрғыда. Абай өз шығармаларында Алла мен адамды қатар қойған.

Ш. Құдайбердиевтің философиялық шығармашылығы. Ш.Құдайбердиев (1858-1931) -XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы кезеңде қазақ даласынан шыққан гуманистiк, ағартушылық жолдағы ғұлама ойшыл, ақын, публицист, философ. Шәкәрiм шығармаларындағы дүниетанымның өзектi түйiнi таза ақылмен қол жеткен әр ғылымның iргетасы болып табылатын ұждан мәселесiне келiп тiреледi. Оның философиялық шығармалары мен «Үш анығында» осы таным толық көрiнедi. Оның материалистiк және идеалистiк дүниетанымдардың өткен тарихы мен де жете таныс әрi ол жайлы еңбектердi, әдебиеттердi жан-жақты қарастырған.

Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1870-1937) – қоғам қайраткерi, экономист, әдебиетшi, публицист, аудармашы. 1922 жылдан бастап Москвада тұрады. Москвада басылып шыққан Потаниннің өмiрбаяны (1923) «Ер Тарғын», «Манардың түсi», Толстой «Қажымұрат» (Москва 1924) аударма, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», Эзоп пен Толстой «Жетпiс жетi мысал» 1926 ж.

Ә. Бөкейхановтың мол еңбегiнiң бiр саласы қазақ халқының тарихы мен мәдениетiне арналған. 1903 жылы Киргизский край деп аталып, 1903 жылы Петербургте басылып шыққан (көлемi 478 бет), кiтапты жазуға А.Н.Сидельников, Л.П.Осипова, Ә.Н.Бөкейханов, С.Д.Чадов, Н.А.Бородин, Т.Т.Белогонов, В.П.Семенов, П.Н.Ситольнинский қатысқан.

Байтұрсынов Ахмет (1873-1938) – ғалым, тiлшi, түрколог, әдебиетшi, ақын, публицист, аудармашы, мемлекет қайраткерi. 1913-1918 жж арасында «Қазақ» газетiнде редактор болып, орасан зор әлеуметтiк тарихи қызмет атқарады, халық өмiрiнiң сан алуан көкейкестi мәселелерiн көтередi, елдi прогресске, өнер-бiлiмге үйретедi. Азапты толғаныс, өзгеру эволюциясынан өтiп барып, 1919 жылдың наурыз айында бұрынғы ұлт интеллигенциясының көптеген өкiлдерiн өзiмен бiрге алып, Совет өкiметi жағына өтедi. Қазақ өлкесiн басқару жөнiндегi әскери- революциялық комитеттiң мүшесi ретiнде оның жұмысына белсене араласады.

Дулатов Міржақып (1885-1935) – жазушы, ақын, драматург, журналист, қоғам қайраткері. М.Дулатовтың өмірлік мақсатының нысанасы, туған халқының бостандығы, өзін-өзі билеуі, отарлық езгіден құтылуы, ол қуғын-сүргін көріп, түрмелер азабын тартып жүрген азапты күндерінің өзінде ол жолдан тайған жоқ. Дулатовтың даңқын қазақ арасы ғана емес, Россиядағы түрік әлеміне тұтас жайған «Оян қазақ» 1909 ж. Қазақстан бостандық алғаннан кейін ғалымдар Міржақыптануға өз үлестерін қосты.

Торайғыров Сұлтанмахмұт (1893-1920) көрнекті қазақ ақыны және ойшылы. Философиялық көзқарасының бастауы- құдай, табиғат және адам арақатынастары туралы мәселе. Осы өзекті үш жақты мәселеге жауап іздеу барысында оның бүтіндей дүниетанымы, философиялық көзқарасы қалыптасты. Торайғыровтың философиялық көзқарасының мәні дүние мен адам арақатынасының өмірдегі гармониясын іздеу болып табылады.

Мұстафа Шоқай (1890-1941ж 27 желтоқсан Берлин)- аса көрнекті қазақтың саяси қайраткері. Ташкент гимназиясын бірінші дәрежелі атақпен бітіріп, Петербургтегі императорлық университеттің құқық факультетін бітірді. Қазақ халқының мүддесі үшін көп еңбек сіңірген жас ойшыл қайраткер еліне келіп, мақсаты ұлт күресін рухани жағынан күшейтуге зор еңбек сіңіреді. Бұл жолда Ә.Бөкейханов және М.Дулатов т.б. болды. М. Шоқайдың қоғамдық-әлеуметтік құрылымға деген философиялық көзқарастары «1917 естеліктерінің үзінділерінен» айқын көрінеді. Қазіргі түркілік тұтастыққа ұмтылып отырған идеялар ХХ – ғасырдың басында, ойшыл, сарапшы ғалым М.Шоқай ұсынған болатын. Осы ұлағатты ойлар елімізге келген тәуелсіздіктің арқасында жүзеге асты.

Жақып Ақбаев (1876-1934) Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі, қоғам қайраткері, қазақ халқынан тұңғыш шыққан право министрі. Санкт-Петербург императорлық университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген. 1919-1927жж. Алаш қозғалысына белсене араласып, осы партия жетекшілерінің бірі болды, әрі Алаш автономиясы бас прокурорының қызметіне ұсынылды, Кеңес өкіметі тұсында 1919-1928 жж. Семей Губревкосында істеді. 1922, 1929 жылы репрессияға ұшырап, Воронежге жер аударылды. Қазан төңкерісіне дейін де одан кейін де ұлттық сананың ХХ-ғасырда қазақ қауымы шығармашылығына еркіндікпен дамуына көптеген тосқауылдар болды. Маркстік философияның аса маңызды қырлары мен принциптері (диалектикалық әдіс, диалектикалық логиканың және таным теориясының бірлігі принципі және т.б.) жан-жақты дамытылып, тамаша қолданылған. Маркс «Саяси экономикаға сын жөнінде» деген еңбегінде (1859) тарихты материалистік тұрғыдан танудың мәнін қысқаша баяндап берді.

Қазақ ойшылдарының философиялық идеялары туралы.

Қазақстанда ХХ ғасырдың 60-ж. кәсіптік философияның қалыптасуына алғашқы қадамдар жасалынды. Қазақ философиясы адам және оның өмір сүру философиясы. Халықтың жалған өмір туралы түсінігі тек діни-пессимизмге құрылмаған, ол белсенді іс-әрекетті де жоққа шығармайды. Жалпы бостандықты еркіндікті сүйетін кең даласы сияқты кең пейілдігі бар халықтың соған сай философиялық дүниетанымы, ой-пікірлері болуы заңды дүние.

Қазақ философиясы өзінше бөлектеніп өмір сүрмек емес және оны дүниежүзілік мәдениет шеңберінде қарастырылғаны жөн. Ұлттық философияның пәні-ұлттық ойлаудың ұлттық болмысқа қатынасы, халықтың дүниетанымы. Өз тілінде философиясы болмаған халықты мәдениетті, өркениетті ел деп айту қиын.

Енді егемендік алған тәуелсіз мемлекет өзінің ұлттық қазынасын өзі тануға мүмкіндік алды. Ендігі жағдай зиялылардың өзіне байланысты.

Бекітуге арналған сұрақтар:

1. Қазақ мәдениетінің ерекшеліктері
2. Жыраулар дүниетанымы
3. Қазақ философиялық ойларының қалыптасуы.
4. Қазақ ойшылдарының философиялық тұжырымдары.
5. Абайдың философиялық тұжырымдары.

№10. Дәріс тақырыбы: Болмыс – онтологияның орталық категориясы.

Дәріс жоспары:

1. Онтология ұғымы.
2. Болмыстың түрлері.
3. Субстанция мәселесі.

«**Онтология**» термині грек тілінде екі сөз тіркесінен тұрады: онтос – болмыс, логос – ілім. Демек, онтология грек тілінен аударғанда болмыс туралы ілім дегенді білдіреді. Философияда бұл термин ХҮІІ ғасырдан бастап қолданылады, бірақ оның сол кезге дейінгі де тарихы бар. Екі жарым мың жыл бойы философтар әлемдегі адамның орны туралы ой толғап келеді, соның нәтижесінде философияда осындай ерекше сала қалыптасты.

Көптеген философиялық жүйелерде басқа да категориялар арасындағы ең маңыздысы «болмыс» категориясы болып табылады, өйткені ол заттардың мәнін бейнелейді. Бұл мәнділік «болудың» сипаттамасы болып табылады. Батыстық адам маңызды дүниетанымдық мәселелерді шешу барысында ой толғауды ең алдымен «барды», «болуды» түсіндіруден бастайды. Дүниеге келгеннен кейін адамды мынадай сұрақтар мазалайды: Қоршаған орта нені білдіреді? Оның шығу тегі қалай? Әлем мен адам болмысының шеткі түпнегізі не?

Философияның қалыптасуы да онтологияның пайда болуы мен дамуына арқау болған негіздермен байланысты. Көптеген философиялық жүйелерде басқа да категориялар арасындағы ең маңыздысы «болмыс» категориясы болып табылады. Болмыс батыстық рефлексияда базалық категория деп саналады, өйткені ол заттардың мәнін бейнелейді. Бұл мәнділік «болудың» сипаттамасы болып табылады. Батыстық адам маңызды дүниетанымдық мәселелерді шешу барысында ой толғауды ең алдымен «барды», «болуды» түсіндіруден бастайды және бұл ойлаудың негізгі азығы болып табылады.

Болмыс материя философияның түбегейлі категориялары болып табылады, өзінің негізінде жалпы реалдылықты, табиғат пен адамның, материалдық әлем мен адамзат рухының біртұтас негізін бейнелейді. Болмыстың өзі әртүрлі формаларға ие:

- 1.Заттардың, табиғат күйі процестерінің болмысы;
- 2.Адам болмысы;
- 3.Руханилық болмысы;
- 4.Әлеуметтік болмысы;

Заттар мен табиғи үрдістер болмысы ғарыш пен жердің, табиғилықтың күрделі жүйесі ретінде көрінеді. Бұл болмыс – бастапқы және Адам болмысының тарихи алғашқы негізі. Философиялық тұрғыда алғанда табиғи әлем объективті, заңдылықты, қажетті, Адам санасынан тәуелсіз, бүтіндей алғанда ғарыш – мәңгі, шексіз, ал жекелеген құрамдастар – шектеулі, өткінші. Табиғат пен ғарыш әлемі субстанционалды. Барлығының негізі – материя. Материя атрибутивті: қозғалыс, даму, өзгеріс, мәңгілік, шексіздік, таусылмастық, объективтілік және т.б.

Материя диалектикалық-материалистік тұрғыдан алғанда, объективті нақты және түрі жағынан алғанда сапалық-сандық алуан түрлі, өзінің акциденциалдық-функционалдық көрінісінде таусылмайды. Ол жалпы универсум, онда танымдық-зерттеушілік тұрғыдан үш деңгейді айқындауға болады: мега әлем, макроәлем және микроәлем. Материяның күрделі құрылым екендігі айдан анық. Дамудың диалектикалық концепциясы – универсумды пайымдаудың мүмкін болатын бір ғана позициясын ұстанатын тек философиялық парадигма ғана, ал әр түрлі жаратылыстанымдық-ғылыми концепциялар әлемнің әр түрлі құрамдастары туралы біздің көзқарасымызды тек қана кеңейте алады, мұның бәрі әлемнің бірбеткей иерархиясы тұрғысындағы салыстырмалы түрдегі білім ғана.

Адам болмысы – болмыстың екінші формасы ретінде әлемдегі тікелей біздің материалдық-тәндік-организмдік және психикалық дүниемізге қатысты. Дене ретінде Адам өзінің табиғи саласына оның құрамдас бөлігі ретінде енгізілген. Нақты дене ретінде біз өз болмысымызды үнемі гомеостаз ретінде көрінеміз, туылғаннан бастап біздің болмысымыз Ешнәрсеге – барлық тірі жанның табиғи өліміне бағытталған нәзік, тірі бүтіндік қана. Нақты денедегі өмір уникалды, қайталанбайды, тұлғалық-индивидуалды және өзінің өткінші өмірін бойындағы тұқым қуалаушылықпен сақталып келген биопсихикалық инстинктер, таңылған мақсаттармен басып тасталатындай әлеуметтік-саяси-оқшауланған социумда өткізетін болса, бұл өмір трагедиялығымен, драмалығымен де сипатталады. Өмірдің мәні жоғалту, босқа өткізген өмір, болмыстың жалғандығы – мұның бәрі нақты индивид экологиясындағы апатқа айналады.

Әлеуметтік болмыс, әлеуметтік философияның ұғымында мәдени-өркениеттік әрекеттің объективті-жалпы үрдісі ретінде, индивидтің өмір қамы үрдісі ретінде көрінеді. Бұл сананың қоғамдық формалары болмысының күрделі ұйымдасқан үрдісі және индивид санасының интеллектуалды адамгершілік бағдарындағы нақты формасы ретіндегі рухани болмысының стихиясы мен онтологиясы.

Осылайша, әлемдегі Адам болмысы мәңгілік пен өткіншіліктің, шексіздік пен шектіліктің, тұрақтылық пен өзгермеліліктің, субстанционалды анықтық

пен бос белгісіздіктің, мәнділік пен тіршіліктің және т.б. арақатынастарымен сипатталады.

Өз кезегінде болмыстың бұл формаларының өз деңгейлері болады. Әлемді философиялық тұрғыдан түсінудегі басты мәселе субстанция ұғымы, субстанция мәселесі «алғашқы бастама» жөніндегі идеяны негіздеуге бастаған ұмтылыс ретінде пайда болды. Субстанцияны қалай түсінуге байланысты – мәнділіктің өзі ретінде (антиктік гректерде) немесе жоғарғы және абсолюттік негіз құдай ретінде (ортағасырларда), немесе трансценденталдық негіз (Канта – тәжірибе мүмкіндігінің шарты ретінде), немесе Абсолюттік рухтың диалектикалық қозғалысы ретінде (Гегельде), немесе қоғамның экономикалық негізі ретінде (Марксте), немесе барлық табиғи түзілімдердің түпкі материалдық негізі ретінде (материалистерде), немесе билікке деген ерік ретінде (Ницшеде) және оны танудың әдістері мен тәсілдері мәселені баяндау мен мақсатты негіздеу ережелері ойлап табылып, жасалынды. Осы ұмтылысты жүзеге асыруда әр түрлі тәсілдер пайда болды, олар:

1.Монизм / материалистік немесе идеалистік/

2.Дуализм.

3.Плюрализм.

Монизм – бүкіл дүниедегі нәрселердің бір ғана бастамасын мойындайтын философиялық ілім. Материалистік монизм идеясы бойынша, негізгі ұғым материя болып табылады. Ұзақ тарихи уақыт барысында материя ретінде белгілі бір заттың негізгі қасиетін таныды, бұл материяны жаратылыстың ғылыми тұрғыдан анықтауының белгісі болды. Сонымен бірге, материя ұғымы материяны философиялық тұрғыдан анықтауда көрініс беретін философиялық аспектіге ие.

Материя мәселесінің қойылуы сана мәселесін тудырады, нақ осы екі ұғымдардың қатынасы философияның негізгі мәселесі болады. Материя, олардың болмыс түрлері: қозғалыс, кеңістік және уақыт бір-бірімен де тығыз байланысты.

Идеалистер барлық құбылыстардың бірден-бір бастамасын рух, идея деп санайды. Идеалистік монизмнің ең дәйекті бағыты Гегельдің философиясы болып табылады.

Дуализм – материалдық және рухани субстанцияларды өзара тең құқылы бастаулар деп есептейтін, монизмге қарама-қарсы философиялық ілім. Дуализмнің түп төркіні – материализм мен идеализмді ымыраластыру. Дуалистік сананы материядан бөліп алу, идеализмге соқтырады. Әсіресе дуализм Декарт пен Кант философиясына тән.

Плюрализм – дүниенің бастамасы ретінде көп субстанцияларды мойындайтын философиялық ілім.

Бекітуге арналған сұрақтар:

1.Болмыс тарихи қалыптасқан кең мағыналы, терең ауқымды философиялық ұғым.

2.Болмыстың негізгі түрлері: заттар, процестер болмысы, адам болмысы, рухани, әлеуметтік болмыс.

№11. Дәріс тақырыбы: Даму принципі: диалектика және синергетика.

Дәріс жоспары:

1. Диалектика ұғымының тарихи қалыптасуы.
2. Неміс классикалық философиядағы диалектика мәселесі.
3. Даму ұғымы.

Диалектика – болмыстың әмбебап байланыстары, оның өзгеруі мен дамуы жөніндегі ілім. «*Диалектика*» ұғымының пайда болуының мәселесі дербес, өз алдына бір философиялық мәселе болып табылады. Диалектиканың ғылыми тұрғыда ұғыну ұзақ уақытты қажет етті және бұл ұғымның өзі терминінің әуелгі мағынасын өңдеу тіпті одан бас тарту барысында пайда болды. Ежелгі философияда дүниедегі нәрсенің бәрі де құбылмалы екендігі атап айтылған шындықты процесс деп есептеп, бұл процеске кез келген қасиеттің қарама-қарсы айналуының қандай роль атқаратыны тұжырымдалған. Бұл сияқты зерттеулерде диалектика термині әлі қолданылмады. Диалектиканың алғашқы мәні сұхбаттасу, әңгімелесу / грек тілінен *dialego mai*/ деген ұғымды білдіреді. Аристотель диалектиканы ойлап тапқан Зенон Элейский деп есептейді, ол көптік және қозғалыс ұғымдарын ой елегінен өткізгенде келіп шығатын қайшылықтарға талдау жасаған болатын Аристотельдің өзі дәлелдеу туралы ғылым – аналитикадан диалектиканы ықтимал пікірлер туралы ғылым ретінде ажыратады.

Элеаттардың ізінше Платон шынайы болмысты бір қалыпты әрі өз өзімен барабар болады деп анықтайды. Әрі қарай диалектика қарама-қайшылықтар принципінен негізделген шындықты меңгерудегі тәсілдер мен әдістер жүйесі деген мәнге ие болып, дамудың жалпы заңдары жөніндегі ілім деп анықталды. “Софист” және “Парменид” сұхбаттарында жаратылыстағы жоғарғы буындағылардың кез келгенін бар әрі жоқ, өз-өзіне барабар әрі барабар емес, өзіне тепе-тең және өзінің “басқа” түріне өтіп отырады деп қана ойда көрсетуге болады деген диалектикалық тұжырымға келеді. Сол себепті болмыстың өзінде қайшылықтар болады: болмыс бірегей әрі көпше, мәңгі әрі өткінші, бірқалыпты әрі құбылмалы, тыныштық күйінде әрі қозғалыс үстінде болады. Қайшылық – рухты ойландырып – толғандыруға түрткі болатын қажетті шарт. Және бұл өнер, Платонның пікірінше, диалектикалық өнер болып табылады.

Неоплатоншылдар диалектиканы дамыту ісін жалғастырды. Феодалдық қоғамның философиясы – схоластикада – диалектика деп риторикаға қарсы қойылған формалдық логиканы атай бастады.

Қайта өрлеу дәуірінде қарама-қарсылықтардың үйлесімі туралы диалектикалық ойларды Н.Кузанский мен Бруно ұсынды. Жаңа тарих кезеңінде метафизиканың үстемдігіне қарамастан Декарт пен Спиноза диалектикалық ой үлгілерін жасады.

18 ғасырда Францияда диалектикалық идеяларының сонылығымен Руссо мен Дидро ерекшеленді. Диалектикалық дамудың аса маңызды кезеңі неміс классикалық идеализмі болды, оның метафизикалық материализмнен айырмашылығы – шындықты танылу объектісі деп қана емес, іс-әрекет объектісі ретінде де қарастырғандығы еді. Сонымен қатар субъектінің танымы мен іс-әрекетінің шынайы материалдық негізін білместігі неміс идеалистерінің

диалектикалық идеяларының өресіздігіне, жаңсақтығын көрсетті. Лейбниц монадаларының өздігінен дамуы туралы және таным принциптерінің қайшылықты бірлігі туралы ілімінде Кант физикалық және космогониялық процестердегі қарама-қарсы күштердің маңызын көрсетіп, алғаш рет метафизиканың шебін бұзды әрі Декарттан соң бірінші болып – табиғатты танудағы даму идеясын енгізді.

Классикалық неміс философиясы диалектиканы жеке мен жалпының, құбылыс пен мәннің, бөлік пен бүтіннің, элемент пен құрылымның, ұғым мен жүйенің, кездейсоқ пен қажеттіліктің, мүмкіндік пен шындықтың контекстінде, яғни детерминизм және диалектикалық заңдар концепциясында қарастырады.

Таным теориясында Кант диалектикалық идеяларды «антиномиялар» туралы ілімінде дамытты. Бірақ ақыл парасат диалектикасы Канттың пікірінше, алдамшы нәрсе және ойдың өзі құбылыстарды ғана танумен шектелген қолдану аясына оралысымен ақ диалектика жойылады. Бұдан кейін таным теориясында Фихте маңызды диалектикалық идеялары бар категориялар жасаудың «антитетикалық» әдісін жетілдіреді. Шеллинг Канттың ізінше табиғат процестерін диалектикалық тұрғыда ұғынуды ұсынды.

Диалектиканың асқар шыңы Гегельдің идеалистік диалектикасы болды. Гегель «тұңғыш рет бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүниені процесс түріндегі нәрсе деп: яғни үнемі қозғалуда, өзгеруде, қайта құрылуда және дамуа деп таныды, сөйтіп осы қозғалу мен дамудың ішкі байданысын ашуға тырысты». Гегельдің ойынша диалектика бір анықтаманың басқа анықтамаға айналуы, онда бұл анықтамалардың сыңаржақты әрі өресіз екендігі, яғни олардың бойында өздерін өздері терістеу бар екендігін көрінеді, пайымдаудың дерексіздік анықтамаларынан диалектиканың ерекшелігі осында Гегель ілімі бойынша, сол себепті диалектика ойдың ғылыми тұрғыда өрістеуінің қандайының да болсын қозғаушы күші және ол ғылымның мазмұнына ішкі байланыс пен қажеттілік енгізетін бірден бір принцип болып табылады. Дүниедегінің бәрінің өзін өзі терістеуге келуінің қажеттігі туралы Гегель ілімінде, өмірді де ойды да революцияландыратын негіз болады, сол себепті алдыңғы қатарлы ойшылдар Гегель диалектикасын «революция алгебрасын» көрді.

Гегельдің диалектикалық жүйесі сандық және сапалық өзгерістердің табиғатын көрсетеді: қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі, терістеуді терістеудің қайшылығы кез-келген жүйенің немесе құбылыстың даму процесі *«прогресс»*, *«регресс»*, *«даму»* ұғымы мен тығыз байланысты.

Сонымен бірге оның сыни – рефлексивтік функциясын да айта кету керек. Диалектикадан басқа ойлаудың басқа да тәсілдері бар, олар: метафизика, софистика, эклектика. Болмыстың универсалды байланыстары диалектиканың заңдары мен категорияларында көрініс береді. Диалектиканың негізгі заңдары бар, олар: сандық және сапалық өзгерістердің бір-біріне өту заңы; қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі заңы, терістеуді терістеу заңы.

Қайшылық диалектиканың басты категориясы болып табылады. Диалектиканы қайшылықтар туралы ілімде дамудың қандай түрінің болса да қозғаушы күші мен қайнар көзін ашып көрсетеді: диалектикалық дамудың

басқа да категориялары мен принциптерінің кілті осы ілімде, сандық өзгерістерінің сапалық өзгерістерге айналуы арқылы даму, біртіндеушіліктің үзілуі, секірістер, дамуың бастапқы сәтіне қатысты терістеудің өзін терістеу, бастапқы күйге тән белгілердің, қасиеттердің кейбірінің жоғары негізде қайталануы. Дамуды нақ осылайша түсіну диалектиканы реформистік теорияларға тән неше түрлі анайы - эволюционистік көзқарастардан ажыратады.

Даму – мәңгі, қажетті қозғалыс, уақыттағы өзгеріс. Кеңістіктегі орын ауыстырудың даму болатын себебі, онда уақыттағы өзгерістің түсірілген түрде сақталатындығында. Материяның өмір сүру тәсілі түріндегі қозғалыс еш нәрседен пайда болмайды және жоғалып та кетпейді, мәңгі өмір сүреді, басы да, аяғы да жоқ.

Жоғары өрлейтін және төмен түсетін даму болады. Сырттан ішке қарай, іштен сыртқа қарай, ескіден жаңаға және жаңадан ескіге, қарапайымнан күрделіге және күрделіден қарапайымға, төменгіден жоғарғыға және жоғарғыдан төменгіге, кездейсоқтықтан қажеттілікке және қажеттіліктен кездейсоқтыққа дамулар болады. Даму спираль тәрізді, қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресінде, санның сапаға ауысуы түрінде және керісінше өрбиді.

Дамудың әрбір жеке процесінің баспалдақтары: оның пайда болуының алғышарттарын әзірлеу, яғни, негізінен сыртқы қозғалыс; туу, яғни, ішкі қозғалысқа көшу; қалыптасу, Яғни дамудың жаңа процесі мен ол туған жағдайды өзгерту; өзіндік даму; немесе даму процесінің пісіп-жетілуі, яғни, оның өз бетінше өмір сүруі; процестің өшуі, күйреуі. Дамудың түпкі процесс ретінде әуел бастан ақ төмендегіден жоғарыға және жоғарыдан төменгіге жеткізетін тенденциялары жасырын күйде болады.

Диалектика табиғатты, қоғамды және танымды зерттеудің философиялық әдісі болып табылады. Тек диалектика тұрғысынан ғана объективтік ақиқаттың күрделі, қайшылықтарға толы қалыптасу жолын, ғылыми дамудың барлық сатыларында абсолюттік пен шарттылық, тұрақтылық пен құбылмалылық элементтерінің байланысын, тұжырымдаудың бір түрінен басқа, неғұрлым мазмұнды түріне өтуін түсінуге болады. Диалектиканың тоқырау мен сылбырлықтың қандайымен болса да ымыраласпайтын революция табиғаты оны қоғамдық дамудың тарихи мұқтаждарын, жаңа мазмұнға ескі формалардың үйлеспейтіндігін, адамзат прогресіне жағдай жасайтын жетілген формаларға өту қажеттігін объективті тұрыда ескеріп отыруға көмектесетін, қоғамды практика жүзінде қайта құрудың қаруы етеді.

Бекітуге арналған сұрақтар:

- 1.Диалектика элементтері жөнінде.
- 2.Диалектиканың заңдары мен категориялары.

№12. Дәріс тақырыбы: Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылыми таным ерекшеліктері.

Дәріс жоспары:

1. Ғылыми таным ерекшелігі.

2. Гипотеза ұғымы, түрлері.

Адамзат тарихының ұзақ уақыты барысында сана мәселесіне деген қызығушылық үздіксіз бақыланып келді, адамды өзінің мәні, дүниеге келуінің себептері және оның көптеген формалары қызықтырды. Бұл мәселенің философиялық аспектісі адамның саналы қызметінің тұтастығымен құндылығына бағытталған. Философия сананың адамның өмірлік қызметінің формасы, рухани бағыт-бағдардың тәсілі және танымдық қызметінің құралы ретінде қарастырады. Сананың пайда болуы жөнінде әртүрлі концепциялар бар, олар: 1. Теологиялық. 2. Идеалистік. 3. Ғылыми-материалистік.

Теологиялық концепция бойынша сананың негізі мен бастамасы құдай. Идеализм рухтың бастамасы мен абсолюттілігін көрсетеді.

Материализм болса ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып, сананы материаның ең жоғарғы ұйымдасқан қасиеті ретінде қарастырады.

Ғылыми тәсілдер бойынша материя сананы қалыптастырудың негізінде жатқан бейнелеу қасиетіне ие. Бейнелеудің эволюциясы оның жоғарғы формасы болып табылатын сананың пайда болуына әкеледі. Сана ойлау, жады, ерік, эмоция сияқты психикалық қызметтердің басқада формаларымен тығыз байланысты. Ең күрделі мәселелердің бірі санамен тілдің қатынасы жөніндегі мәселе болып табылады. Сананың өз құрылымы бар, оның негізгі элементтері қоғамдық және индивидуалдық сана. Қоғамдық сана өзін түрлі формаларда көрсетеді:

1. Адамгершілік сана, моральдық қатынастар саласын қарастырады.
2. Эстетикалық сана, әсемдік пен ұсқынсыздық саласын қарастырады.
3. Діни сана, әлемді құдайға сенімнің символы арқылы бейнелейді.
4. Саяси сана, қоғамдағы саяси қатынастарды идеологиялық және психологиялық тұрғыдан бейнелейді.

Құқықтық сана, адамдардың қатынастарын заңда бекітілген құқықтық ерекшелер арқылы бейнелейді.

Танымды жалпы түрде адамның әлемге әлеуметтік, тарихи тұрғыдан дамыған қатынасы деп анықтауға болады. Танымның деңгейі мен мәні қоғам дамуының деңгейіне байланысты. Сондықтан ол тарихи тұрғыдан өзгермелі болады. Танымдық процестің негізгі элементтеріне танымның объектісі мен субъектісі жатады. Осының барысында танымның объектісі табиғи объектімен сәйкеспейді, қайта адамның субъективтік мүдделері мен мақсаттары көрініс беретін бөлігі болып табылады. Таным сезімдік және рационалдық болып табылатын екі түрлі негізгі деңгейлерде жүзеге асырылады. Танымның сезімдік деңгейі мына формаларға ие – түйсік, қабылдау, елестету. Ал, танымның рационалдық деңгейіне ұғыну, пайымдау, ой қортындылау жатады. Танымның осы деңгейлерінің арасында диалектикалық өзара байланыс бар. Таным процесіндегі негізгі мәселе ақиқат болып табылады. Ақиқат өзін абсолютті және салыстырмалы формада көрсетеді. Таным ғылыми және ғылыми емес деңгейлерде де жүзеге асырылады. Танымның ғылыми емес деңгейі-қарапайым, діни, көркемдік.

Ғылыми таным дегеніміз- жүйелілік, білімдердің негізділігі, ғылымның тілі, ғылыми зерттеулердің әдістері мен құралдары сияқты ерекше белгіге ие

танымның түрі болып табылады. Ғылыми таным танымның әдістерімен формаларын екі түрлі деңгейде қолданады, олар:

1.Эмпирикалық таным әдістері

2.Теориялық таным әдістері

Кейде ғылыми білім өзге білім салаларымен салыстырғанда өзінің жоғарғы дәлділігімен ерекшеленеді деп айтылады. Бұл рас болғанымен шешуші роль атқармайды. Дәлділігі нақтылыққа қатынастың белгілі бір тәсілі ретінде күнделікті өмірге де енеді. Ғылыми таным абстрактылы ұғымдармен жұмыс жасаса, көркемдік таным нақты тірі адамды бейнелі, көрнекілік тұрғыда қарастырады деген пікір қалыптасады. Бұл тұжырым белгілі мөлшерде әділ болғанымен, ол да ғылыми таным ерекшелігін көрсете алмайды. Бір жағынан, күрделі ғылыми абстракциялар құрастырумен айналысатын ғылымға көрнекі бейнелерге, аналогия мен метафораларға жиі жүгінуге тура келсе, екінші жағынан, суретшілер өз шығармашылықтарында дәл, логикалық, кіршіксіз ұғымдарға, пікірлер мен әдістерге сүйеніп отырады. Білім формасы түріндегі және оның өзге формалардан артықшылығын, ғылымның теориялық білімдер жүйесі түрінде өмір сүруінде. Ғылыми білімнің ең жетілген формасы теория болып табылады.

Теория – бұл тәжірибенің, практиканың немесе бақылаудың қорытындылануы деп жиі айтылады. Осы дұрыс па? Мысалы, суық бөлменің ішінде пешке от жаққанда, уақыт өте келе пештің суи бастағанын, ал бөлмедегі ауаның қыза бастағанын аңғарамыз. Біз мұны қорытындылай отырып мынаған келеміз: а) қыздырылған пеш жалыны жеткіліксіз болғандықтан суи бастайды; б) бөлмедегі ауа мен пештің температурасы бірдей болған жағдайда суыну тоқталады. Бұл білім де қорытындылау нәтижесінде алғанымен, оны теориялық деп айтуға келмейді. Кезкелген қорытынды жекелеген заттармен, жағдайлармен және үрдістермен бірқатар бақылаулар, эксперименттер мазмұнын құрайтын ортақ жалпылықты ерекшелеп бекітеді.

Бірақ барлық қорытынды ғылыми теория қалыптастыратындай теориялық бола алмайды. Оның себебі, ғылыми қорытындылар бақылаулар мен эксперименттердегі ортақ жалпылықтарды ерекшелеп қана қоймай, бірқатар ерекше логикалық тәсілдерді қолдануында да болып шығады.

Бастапқыда көптеген ғылым заңдары гипотеза формасында көрінеді. Гипотезалар бұл толығымен бекітілмеген, дәлелденбеген, белгілі мөлшерде ғана негізделген болжамдар, жорамалдар. Өзінің логикалық формасында олар, әдетте мына түрдегі пікірлер кейпінде болады: «егер А және В арасында R қатынасы болса, онда олардың арасында Q қатынасы да болады» және т.б. Гипотезалар екі үлкен топқа бөлінеді: айғақтық және теориялық. Алғашқылары – жекелеген заттар, жағдайлар мен үрдістер туралы болжамдар мен жорамалдар. Екінші топтағы гипотезаларға, мысалы, Д.И.Менделеевтың химиялық элементтер қасиеттері өзгеріп және мерзімді түрде қайталанып отырады деген бастапқы болжамын жатқызуға болады. Осы жорамал негізінде жаңа химиялық элементтер мен олардың қасиеттері болжанады. Бұл болжамдар дәлелденгеннен кейін гипотезаны ұсыныс ретінде емес, берік, ғылыми дәлелденген заң ретінде қарастыра бастады.

Теориялық білімдер өз құрамына практикада дәлелденген, бекітілген, орныққан ғылым заңдарын ғана емес, сонымен қатар объективті шындық ретінде мойындалмаған, бірақ теріске де шығарылмаған айғақтық және теориялық гипотезаларды да, әр түрлі эмпирикалық түйіндерді де кіргізеді. Олардың арасындағы бұрынғы бекітілген заңдарға қайшы келмейтін және жоғарғы дәрежеде дәлелденген гипотезалар ғана белгілі бір теория құрамына ене алады. Теория осылайша теориялық білімдердің неғұрлым қатаң және тексерілген бөлігі болып табылады. Логикалық формасы жағынан өзара бір-бірімен белгілі бір логикалық қатынастармен байланысқан пікірлердің жүйесі болып көрінеді. Мұндай қатынастар қатарына ең алдымен эквивалентті және туындамалы немесе логикалық жалғастық қатынастар жатады. Теорияны құрайтын пікірлер күмәнсіз, дәлелденген, объективті шынайы болуы тиіс. Олар өздерінің шынайылығы мағынасында эквивалентті. Теорияның негізгі маңызы оны құрайтын пікірлердің бастапқы, түпкі ұсыныстардан таза логикалық немесе математикалық жолмен шығарылатындығында. Мұндай түйін нәтижесінде алынған пікірлер теория салдарлары деп те аталады.

Салдарлар өз мазмұны жағынан қарастырылар теорияның заңдары болуымен қатар, белгілі бір жағдайларды, ахуалдар мен үрдістерді сипаттайтын эмпирикалық тұжырымдар да болуы мүмкін. Салдарлар туындайтын ұсыныстар әдетте теория постулаттары, принциптері немесе аксиомалары деп аталады.

Танымның ерекше түріне әлеуметтік танымды жатқызамыз. Мұндағы ең маңыздысы зерттелетін объектілерге объективті түрде сипаттама беріліп қана қоймай адамның құнды мәніне де көңіл бөлінеді.

Ғылым адамзат қызметінің басқа да салаларымен тығыз байланысты және қазіргі замандағы жалпы адамзаттық мәселелерді шешудегі жетістіктерді анықтайды.

Ғылыми танымның қандай артықшылықтары бар екенін айқын аңғаруға болады. Адамның кезкелген әрекеті қандайда бір міндеттерді және мәселелерді шешуді білдіреді.

Қазіргі ғылыми таным қалыптасуы барысында ғылыми теориялар көмегімен мұндай шешімдердің іске асу уақытын ондаған және жүздеген есе қарастыруға мүмкіндік туды. Ол үшін тек ғылыми теория ғана құру қажет, онан белгілі ережелерге сәйкес салыстырмалы түрде аз уақыт ішінде көптеген берік салдарларды алуға болады. Шындығында теория құрудың өзі орасан зор күш-жігерді талап етеді және қоғам үшін қымбатқа түседі, яғни ғалымдарды дайындауға, құрал-жабдыққа, экспериментке орасан зор шығын кетеді. Оның есесіне, ең құнды нәрсе уақытты ұтуға болады. Бүгінгі күнгі техникалық дамудың өте жедел қарқыны күннен күнге ашылып жатқан ғылыми жаңалықтар үдемелі жылдамдықпен өндіріске еніп жатуымен де сипатталады.

Бекітуге арналған сұрақтар:

1. Ғылыми таным логикасы мен методологиясы.
2. Ғылым этикасы.

№13 Дәріс тақырыбы: Философиялық антропология.

Дәріс жоспары:

1. Тарих философиядағы адам мәселесі.
2. Философиядағы тұлға мәселесі.

Адам болмысы философиядағы басты проблемалардың бірі болып табылады. Адамның табиғаты, мәні, бағыт-бағдары философиядағы антропологиялық мәселелердің өзектілігін және ерекшелігін анықтайды.

Адамның философиялық концепциясы ғылымдардың жалпы философияның негізі ретінде көрініс бере отырып, еңбек, сана, ұжымдылық деген сияқты адамның тектік мәнінің негізгі формаларын талдайды. Мұнда антропосоциогенез процесінде сананы, сонымен бірге заттық- практикалық қызметті қалыптастыратын негізгі факторлар болып табылатын тіл мен еңбектің роліне көп көңіл бөлінеді. Адамның тіршілігін үйлестіруге, оның құндылығы мен мәнін анықтауға деген ұмтылыстар идеалды адам концепцияларында жүзеге асырылып, философияда гуманистік дәстүрді тудырды. Адамның индивидуалды тіршілігінің ақыры, өмірі, өлім және өміршендік /бессмертия/ мәселелері, «өлуге құқылы» / Эвтаназия/ мәселесі, адам өмірінің әлеуметтік және биологиялық және әлеуметтік жалғастығы сияқты философиялық гуманизмнің классикалық мәселелері қазіргі заманымызда да актуальды.

Бірыңғай әлемдік қауымдастықты қалыптастырып, дамыту сияқты интеграциялық процестер қазіргі заманда адамзат тағдырын ғаламдық тұрғыдан қарастыруды біргеілі идеясын адам мен адамзаттың бір-біріне өзара қарым-қатынасының философиялық негіз етіп алады.

Адам туралы алғашқы идеялар философия пайда болғаннан көп уақыт бұрын айтыла бастады. Бұл туралы біздің заманымызға жеткен мифтер мен алғашқы қауымдық діни түсініктер мәлімет берді. Адамды философиялық тұрғыда түсінудің іргетасы осы қалыптасқан түсініктер, идеялар, образдар мен ұғымдар негізінде және қалыптаса бастаған философия мен мифология арасындағы сұхбат нәтижесінде қаланды. Дәл осылайша адам туралы алғашқы ілімдер ежелгі Шығыс мемлекеттерінде пайда болды.

Ежелгі Үнді философиясында адам әлемдік жанның бөлігі ретінде пайымдалды. Жанның көшуі туралы ілімде тірі жандар мен құдайлар арасындағы шекара шартты және өтпелі. Алайда өзінің эмпирикалық болмысындағы құмарлықтардан азат болып, еркіндікке ұмтылу тек адамға ғана тән. Упанишад бүкіл Үндістанда адам философиясы дамуына орасан зор ықпал етті. Әсіресе, ол джайнизм, буддизм, индуизм, санкхья, йога ілімдеріне мол әсерін тигізді.

Ежелгі Қытай философиясы да адам туралы өзіндік ілім қалыптастырды. Оның ең көрнекті өкілдерінің бірі Конфуций болып табылады. Оның түпкі тұжырымы ретінде “аспан” концепциясын алуға болады, өйткені ол әлем мен адам дамуын анықтайтын тек табиғат бөлігі ғана емес, жоғарғы рухани күшті де білдіреді. Бірақ оның философиясы негізін аспан, немесе жалпы табиғи әлем емес, адам, оның жердегі өмірі мен тіршілігі құрайды, яғни антропоцентристік сипат алады. Конфуций ең алдымен адамның адамгершілік әрекетіне назар

аударарды. Ол аспан мархабатымен белгілі бір этикалық қасиеттерге ие болған адам мораль заңына - даоға сәйкес қылық жасауы тиіс және бұл қасиеттерді оқу үдерісінде жетілдіру тиіс деп жазады. Оқытудың мақсаты Конфуций концепциясына сай “идеалды адам”, “қайырымды ер” деңгейіне жету болып табылады. Ол деңгейге жақындау үшін әрбір адам бірқатар этикалық принциптерді сақтауы керек. Олардың ішіндегі негізгісі “өзіңе қаламағанды өзгеге жасама” деген ережеге сай отбасы мен мемлекеттегі адамдар арасындағы идеалды қатынастар заңын білдіретін өмір концепциясы болып табылады. Келтірілген ереже адамгершілік императив ретінде кейінірек әр түрлі нұсқаларда Ежелгі Грекияда, Инжілде, Кантта кездеседі.

Ежелгі Шығыстың адам философиясын сипаттай отырып, оның маңызды бөлігі жеке тұлғаның әлеуметтік әлемге де бірдей өте құрметті және гуманды қатынас жасайтын бағдары екендігі атап өтуге болады. Сонымен бірге бұл философиялық дәстүр адамның ішкі әлемін жетілдіруге бағытталған.

Ежелгі грек философиясында адам бастапқыда өз-өзінен өмір сүрмейді, тек абсолюттік тәртіп және ғарыш ретінде қабылданатын белгілі бір қатынастар жүйесінде өмір сүреді. Өзінің барлық табиғи және әлеуметтік ортасымен, көршілерімен, полиспен, жанды және жансыз заттармен, жануарлармен, құдайлармен бірге ол біртұтас, ажырамас әлемде өмір сүреді. Ғарыш түсінігінің өзі мұнда адамдық мәнге ие болады, сонымен қатар адам тірі ағза ретінде, макрокосмос ретінде, ғарыштың бір бөлігі ретінде пайымдалады.

Тікелей антропологиялық проблематикаға өту софистердің сыншыл, ағартушылық әрекетімен және философиялық этиканың негізін қалаған Сократтың еңбегімен байланысты болады. Сократ үшін негізгі мәселе адамның ішкі әлемі, оның жаны мен қасиеттері болып табылады. Ол “игілік - білім” деп тұжырымдай отырып, алғаш рет этикалық рационализм принципін негіздейді. Сондықтан да қайырымдылық пен әділеттілікті таныған адам жаман және әділетсіз қылық жасамайды.

Демокрит – адам туралы ілімдегі материалистік монизмнің өкілі. Оның ойынша, адам – табиғаттың бөлігі, табиғат сияқты ол да атомдардан тұрады. Адамның жаны да атомдардан құралады. Тәннің өлуімен бірге жан да жойылады. Оның айтуынша өмірдің мақсаты – бақыт, бірақ ол тәннің ләззат алуы мен өзімшілдік емес. *Бақыт* – бұл ең алдымен рухтың қуанышты және жақсы көңіл күйде болуы. Оның маңызды алғышары – ақыл-ой.

Аристотельдің концепциясында адам қоғамдық, мемлекеттік, саяси деп қарастырылады. Және адамның бұл әлеуметтік табиғаты оны жануарлардан да, “адамгершілік тұрғыда жетілмегендерден” де, “жоғарғы адамнан” да ерекшелендіреді. Сондықтан ол былай деп жазады: “егер кімде-кім өзіне өзін жеткілікті санап, ешқандай қарым-қатынасқа түсуге қабілетті болмай, оған деген қажеттілікті де сезінбесе, онда ол мемлекет элементін құрамайтын не жануар, не құдай болғаны”. Адамның тағы бір ерекше белгісі – оның ақылдылығы, “адам – бұл ең алдымен ақыл-ой”. Сонымен Аристотельдің пікірінше, адам – ақылға ие қоғамдық жануар.

Ерте грек философиялық антропологиясы да Ежелгі Шығыс философиясы сияқты мифология мен дін таңбасын өзімен бірге ала жүреді

және олармен тікелей сұхбаттаса дамиды. Оның шығыстық философиядан басты ерекшелігінің бірі, мұнда адамның әлемге қатынасы ашық және қоғам мен оны өзгертуге қатысты белсенді позиция ұстанылады.

Ортағасырларда адам ең алдымен құдай бекіткен әлемдік тәртібінің бөлігі ретінде қарастырылады. Ал ол туралы көзқарас христиан дінінде көрсетілгендей, адам *“құдайдың бейнесі және соған ұқсастығы”* түсінігіне саяды. Әлеуметтік тұрғыда ортағасырларда адам құдіретті тәртіптің бей-жай қатысушысы деп жарияланды және құдайға қатынасында ол төмен әрі бейшара жан болып табылады.

Жаңа заманның философиялық антропологиясы пайда болып келе жатқан капиталистік қатынастардың, гуманизм деп аталатын жаңа мәдениет пен ғылыми білімнің ықпалымен қалыптасты. Жаңғырту дәуірінің философиясы адамды жерге түсіріп, оның мәселесін осы түбірде шешуге тырысады. Адамның әуел бастағы күнәкарлығы туралы ілімге қарсы, ол адамның қайырымдылыққа, бағытқа және үйлесімділікке табиғи ұмтылысын бекітеді. Бұл философияға гуманизм мен антропоцентризм тұтастай тән.

И.Канттан бастап немістің классикалық философиясы адамды философиялық зерттеулердің негізгі объектісіне айналдырады. Канттың пікірінше, адам бір жағынан табиғи қажеттілікке жатса, екінші жағынан адамгершілік еркіндік пен абсолюттік құндылықтарға жатады. Сезімдік әлемнің құрамдас бөлігі ретінде ол қажеттілікке бағынса, ал руханилықтың тасымалдаушысы ретінде ол ерікті. Кант адамды автономды және тәуелсіз бастау ретінде, өзінің теориялық, практикалық әрекетінің қожайыны ретінде айқындауға ұмтылады. Адам әрекеті мен қылығының түпкі принципі категориялық императив болуы тиіс. Категориялық императив – кез келген тұлғаның өзіндік мақсаты өзіндік жетілу болғандықтан, ол ешқашан да, қандайда бір міндеттердің, тіпті игілікті міндеттердің де жүзеге асу құралы ретінде қарастырылмауы тиіс деген тұжырымға негізделген формальды ішкі талап.

Гегельдің антропологиялық концепциясы, оның бүкіл философиясы сияқты рационализмнен тұнып тұр. Адамның жануардан артықшылығының өзі, ең алдымен адамзатқа оның адамдығы туралы хабар беретін ойлауында. Ол адамды рухани әрекет субъектісі және жалпы маңызды рух мен ақыл-ойдың тасымалдаушысы ретіндегі жағдайын аса зор күш-жігермен дәлелдеп берді. Тұлға индивидпен салыстырғанда адам өзінің “шексіз, жалпы және еркін” жан екендігін сезінгенде ғана басталады. Әлеуметтік тұрғыда оның ілімі индивидтен әлеуметтік бүтіндіктің басымдылығы принципін айшықты түрде көрсетеді.

Маркс адамды түсінуде ең алдымен еңбек әрекетін алға тартады. Қоғамдық болмыс қоғамдық сананы анықтайды. Қоғам тұлғаның қасиеттерін детерминациялайды.

Өмір философиясы (Дильтей, Ницше) адам ерекшелігін бірде органикалыққа, биологиялыққа жақындайтын, бірде мәдени-тарихи мәнде түсіндірілетін өмір феноменінен көреді. Өмір философиясы алдыңғы орынға

ақыл-ойдан тыс қабілеттері шығады: сезім, ерік, интуиция. Көбіне санаға адам қылығының терең қайнар көзі болып саналатын бейсаналық қарсы қойылады.

Экзистенциализм, ең біріншіден, индивидуалды адам өмір сүруінің шынайылығына мазасызданады. Ол еркіндікті табиғилықтан да, барлық тұлғасыз күштерден де іздейді. Алдыңғы орынға сезім, бірақ жай ғана сезім емес, сезіну, алаңдау, мазасыздану үдерісі шығады. Бір мезеттік сезімдер орнына ұзақ уақыттарға созылатын сезімдік көңіл-күй келеді.

Гуссерль феноменологиясы тұлға тұйықтығын игеруге ұмтылады. Көңіл-күй әуел бастан сыртқы әлемге бағытталғандықтан, ол интенционалды деп есептеледі.

Өмір философиясы мен Гуссерль феноменологиясында негізгі қаланған үрдістерді дамыта отырып, XX ғасырдың 30 – жылдары Германияда Шелер мен Плеснер жұмыстары арқасында адам проблематикасымен айналысатын ерекше философиялық пән – философиялық антропология қалыптасты.

Тұлға мәселесі философияда және жаңа заманғы қоғамдық практикада маңызды мәселе болып табылады. Тұлғаның даму деңгейіне көбінесе олардың жалпы адамзаттық мақсаттарын түсіну мен өздерінің қоғамдық функцияларын атқарудағы жауапкершілік қатынастары әсер етеді.

Тұлға ұғымының мазмұны «адам», «индивид» деген ұғымдармен тығыз байланысты, бірақ олармен тең емес. «Адам» жалпы тектік статусты бейнелесе, «индивид» текке индивидуальдық тұрғыдан қатыстылығыты бейнелейді. Тұлға ұғымы өте терең және күрделі, сондықтан адамның өмірлік қызметіндегі қоғамдық көрсеткіштердің байлығын, яғни оның әлеуметтік мәнін бейнелейді. Сондықтан тұлғаның қалыптасуында әлеуметтік ортаның маңызы зор. Сонымен бірге тұлғаның қоғамнан салыстырмалы тәуелсіздігін ескеру керек, өйткені бұл тұлғаның қалыптасуындағы қажетті шарт болып табылады.

Тұлға қоғамдық өмірдің объектісі және субъектісі ретінде көрініс беруі мүмкін. Тарихтың барысында тұлғаның ролі көбінесе қоғамдық еңбек бөлінісіне байланысты болып, адамның ерекше белгісі ескерілмеді. Тұлғаның жан-жақты дамуы гуманистік идеал және адамзат тарихының мән-маңызын құрайтын бастама ретінде көрініс береді. Сондықтан, қоғамдық дамудағы тұлғаның еркіндігі мен тарихи қажеттіліктің диалектикасын ескерту өте маңызды. Қоғамдық өмірдегі еркіндік пен қажеттіліктің диалектикасы адамның еркіндігі мен жауапкершілігінің диалектикасында көрініс береді.

Тұлға мәселесін, оның сыртқы және ішкі еркіндігін қарастыру кезінде жатсыну мәселесін, оның себебін, мәні мен тарихи формаларын философиялық тұрғыдан талдау өте маңызды. Осы мағынада тұлғаның еркіндігін жатсынуды болдырмау, жою проесі ретінде қарастыру керек,

Бекітуге арналған сұрақтар:

1. Адам және оның болмысы.
2. Адам проблемасының философия тарихында қойылуы.
3. Адамның рухани әлемі, діни және ғылыми тұжырымдар.

№15 Дәріс тақырыбы: Әлеуметтік философия.

Дәріс жоспары:

1. Әлеуметтік философияның пәні.
2. Әлеуметтік философияның функциялары.
3. Қоғам ұғымы, дамуы.

«Әлеуметтік философия» терминін айналымға қашан және кім енгізгені туралы дәп басып, дәл жауап беру қиын. Біздің ойымызша оның философияға енуі ХІХ ғасырдың екінші жартысы – соңғы ширегінде іске асуы мүмкін. Бұл мәселенің шешімі әлеуметтік философия немен айналысатынын., пәндік ерекшеліктерін, оның философиядағы орны мен негізгі функцияларын талдауға онша ықпалын тигізе қоймайды. Бұл сала қоғамдық өмірдің мәні және іргелі заңдылықтарымен, социум болмысының логикасымен, қоғам мен тұлғаның өзара байланысы және өзара қатынастарымен, жалпы әлеуметтік таныммен қатар, қоғам мен адам туралы философиялық пайымдар принциптері және логикасы, заңдылықтары, ерекшеліктерімен байланысты болды. Осы сала *әлеуметтік философия* деп атала бастады.

Әлеуметтік философияға ерекше анықтама берген орыс ойшылы С.Л. Франктың пайымдауына тоқталайық.

1929 жылы ол өзінің негізгі шығармаларының бірі - «Қоғамның рухани негіздері» атты кітабын жариялады. Ол бұл еңбегінде әлеуметтік философияға мынадай анықтама береді: “ әлеуметтік философия мәселесі – бұл қоғам деген не, ол адам өмірінде қандай мағынаға ие болады, оның шынайы мәні неде және ол бізге қандай міндет жүктейді деген сұрақтарға жауап береді”.

С.Л. Франктың әлеуметтік философияға қатысты негізгі ойлары мынадай сұрақтарға жауап беру төңірегінде:

1. Қоғамдық өмір деген не?
2. Адам өмірінде қоғамдық өмір қандай орын алады және оның шынайы мақсаты неде?
3. Адам өзінің қоғамдық болмысы формасын құра отырып неге ұмтылады және неге жетуі мүмкін?
4. Адамның қоғамдық өмірі әлемдік, ғарыштық болмыста қандай орын алады? Қоғамдық өмір болмыстың қай саласына жатады және оның нағыз мәні неде?
5. Қоғамдық өмірдің жалпы өмір негізін құрайтын абсолюттік бастаулар мен құндылықтарға қатынасы қандай?

Оның айтуынша әлеуметтік философия – “қоғамдық болмыстың жалпы мәңгі негіздерін” зерттеумен айналысатын философиялық таным. “Әлеуметтік философия қоғамдық шындықты оның нағыз, барлығын қамтитын құрамы мен нақтылығында көруге ұмтылу болып табылады”. Мұнан шығатыны: *әлеуметтік философия адамның қоғамдық өмірінің барлық “әлемдерінің” – тарих, мәдениет, дін, саясат, құқық, экономика және т.б. әлемдерінің түпкі, онтологиялық негіздерін зерттейтін философиялық ілім саласы.*

Бұдан әлеуметтік философияны әлеуметтік құбылыстар мен үрдістерді танудың теориялық-методологиялық мәселелері, заңдылықтары, социум

болмысының логикасы қызықтыратыны туралы тұжырымдаманы қосайық. Және ақырында, С.Л.Франктың анықтауынша, әлеуметтік философияның зерттеу аймағы – *қоғамдық өмірдің мәні, оның индивидуалды адам өмірімен қатынасы және қоғамдық өмірдің құндылық қырларының жалпы өмірдің фундаментальды құндылықтарына қатынасы*. Осылайша, “әлеуметтік философияның” көпқырлы, көпөлшемді “түпкілікті формуласын” тауып және тегі жағынан тарихи, табиғаты жағынан философиялық болып табылатын әлеуметтанумен, мәдениеттанумен салыстырғанда оның немен айналысатынын біле аламыз.

Бұл формуладан шығатыны - әлеуметтік философия функцияларын тек философиялық жүйеде ғана емес, бүкіл әлеуметтік-гуманитарлық білім жүйесінде де жеткілікті түрде айқын жеткізуге болатындығы. Ең алдымен, әлеуметтік философия бойынша оқулық және арнайы әдебиет авторларымен толық келісе отырып, оның *дүниетанымдық* қызмет атқаратынын тиянақтауға болады, өйткені ол “әлеуметтік әлемді” бейнелеп қана қоймай, оның саналы бейнесі ретінде “оны жаратады да”. Әлеуметтік философия әлеуметтік әлемнің тек картинасы, бейнесі ғана емес. Ол сонымен қатар, әлеуметтік идеалдар мен құндылықтарды нақты шындықпен салыстыра отырып, оның нақты өмірмен байланысын анықтай отырып, осы әлемді жаратады да.

Екіншіден атқаратыны – *методологиялық функция*. Әлеуметтік философия мұны пәндік және теориялық форма ретінде қызмет ете отырып және әлеуметтік құбылыстарды тануда методологиялық бағдарлар мен жалпы философиялық принциптерді пайдаланудың үлгісі бола отырып жүзеге асырады. Олардың қатарында *диалектика принципі* мен *синергетика принципі* жатады. Әлеуметтік философия әлеуметтік-гуманитарлық білімдерді пәндік тұрғыда ұйымдастыра отырып, оның методологиялық өзегі ретінде көрінеді.

Әлеуметтік философияның үшінші функциясы оның *танымдық, эвристикалық* қызметі болып табылады. Ол танымдық мәдениеттің элементі ретінде шындықты тек бейнелеп қана қоймай, қоғамдық өмірдің заңдылықтары мен принциптерін қалыптастыра отырып, бір нәрсені ашуға қабілеті бар, белгілі бір эвристикалық ерекшеліктерімен айрықшаланады.

Төртіншіден, әлеуметтік философия әлеуметтік болмыстың құндылық негіздерін пайымдай отырып, *аксиологиялық* қызметті атқарады. Оның ішінде белгілі бір дәрежеде *тәрбиелеуші* функция да кіреді: әлеуметтік функция, біріншіден, танымның, гуманитарлық ойлаудың белгілі бір мәдениетін тәрбиелейді; екіншіден, адамдардың және бүтіндей қоғамның белгілі бір құндылық бағдарларын тәрбиелейді.

Бесіншіден, әлеуметтік философия кейбір философиялық концепциялардағы әлеуметтік болжау сәтсіз және ғылыми негізі жоқ деп жарияланғанына қарамастан, *болжамдық* қызмет те атқарады.

Қоғамды зерттеу тек философия үшін ғана емес сонымен бірге басқада қоғамдық ғылымдар үшін күрделі мәселе болып табылады. Қоғам мағналы ұғым болып табылады. Философия қоғамды біртұтас, яғни адам болмысының әлеуметтік тәсілі, адамдардың бір-бірімен өзара әрекеттесуінің жемісі, адам

шығармашылығының нәтижесі ретінде қарастырады. Философия үшін қоғамды қызмет арқылы, яғни әлеуметтік тұрғыдан қарастыру өте маңызды.

Қоғамға деген көзқарастардың тарихи эволюциясы нарутиализм, идеализм, материализм деген сияқты теориялық үлгілерде көрініс береді. Қоғам мәнін дұрыс түсіну үшін «материалдық», «руханилық», «практикалық» ұғымдарының ара қатынасы ең маңызды болып табылады. Қоғамдық дамудың негізінде қоғамның жүйелілігін құрайтын қоғамдық қатынастар жатыр, өйткені мұнда қызметтің экономикалық, саяси және т.б. формалары көрініс береді.

Қоғамның дамуы революциялық немесе эволюциялық сипатқа ие. Философия қоғамның дамуын әлемдік тарихтың бірлігімен алуан түрлі принципі арқылы қарастырылады, өйткені мұнда жалпылықпен жекеліктің бір-бірімен өзара байланысының жалпы диалектикалық заңы көрініс береді. Қоғамдық дамудың басты мәселесіне қоғамдық прогресс ұғымы мен оның өлшемдері жатады.

Қоғам дамитын жүйе ретінде өзінің қозғаушы болады. Тарихи процестің субъектісі және қозғаушы күші әр түрлі философиялық бағыттарда қоғамды рухани және материалдық тұрғыдан негіздеуде көрініс береді. Қоғам дегеніміз мүдделері, құндылықтары және мақсаттары әр түрлі адамдар қауымдастығымен әр түрлі әлеуметтік топтардың жиынтығы болып табылады. Осыған орай тарихи процесс күрделі және ықтималды сипатқа ие. Сондықтан тарихтағы жекелеген тұлғалардың, сонымен бірге әлеуметтік топтардың ролін зерттеу өте маңызды. Осы диалектиканың арқасында тарихи процесс стихиялық пен саналылықтың бірлігінде жүреді.

Әлеуметтік философия бүгінгі күні де сөздер мен пікірлер шырмауынынан шығып, адамның қоғамдық және индивидуалдық өмірінің мағынасы мен мақсаты, ерекшеліктері, принциптері, мәні туралы қандай да бір нағыз сөзге ұмтылуда. Бұл тұрғыда ол адамның өзіне өз санасы көмегі арқылы ие болу формасы ретінде, өзін «жинақтауға» деген саналы рухани жігер ретінде көрінеді. Мұның барысында ол қазіргі «дәуір талабына» жауап іздеу негізін құрайтындай кейбір сүйеніш болар теориялық-методологиялық конструкцияларды, терминдерді, категорияларды іздейді және табады.

Бекітуге арналған сұрақтар:

1. Қоғам көптеген ғылымдардың зерттеу объектісі.
2. Әлеуметтік философияның негізгі принциптері, түсінігі.
3. Қоғам жүйесі, әлеуметтік кеңістік және уақыт.

№15. Дәріс тақырыбы: Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін философиялық пайымдау.

Дәріс жоспары:

1. Жаһандану (глобализация) үрдістерінің философиялық астары
2. Жаһандану үрдісі шеңберіндегі өзекті мәселелер

Мыңдаған жылдар бойы өркениеттік даму шеңберіндегі адамдардың арманы, бір жағынан, басқа ұлттар және ұлыстармен кездесу, мәдениет үлгілерімен алмасу, бірге бейбіт өмір сүру т.с.с. болса, екінші, шамасы, ешқашанда орындалмайтын – Ғарыштағы басқа саналы тіршілікпен, яғни

рухпен жүздесу қиялы болатын. Осы тұрғыдан алғанда, көне заманның атақты императоры, ғұлама Аристотельдің тәрбиесінде болған Ескендір, Орта ғасырдағы теңдесі жоқ ұлы Шыңғыс хан, Иван Грозный т.с.с. саяси қайраткерлердің іс-әрекеттерінің астарында «жаһандану идеясы» жатса керек. Мүмкін, олар оны саналы түрде пайымдамаса да, ішкі «көкей көзімен» сезген болар.

Тек бүгінгі таңда, XX ғ. аяғы мен XXI ғ. Басында бұл идея бүкіл адамзаттың жан дүниесінде тұрақты орын алған сияқты. Кейбіреуге ол ұнауы, я болмаса ұнамауы да мүмкін, бірақ бірде-бір мемлекет одан оқшау өмір сүре алмайды. Олай болса, жаһандану идеясы философиялық тұрғыдан қажетті түрде қаралып, сарапталуы керек.

Жаһандану дегеніміз – бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы. Ол – біздің көз алдымызда өте тез қарқынмен жүріп жатқан үрдіс. Мысалы, бүгінгі Қазақстан қоғамы басқа елдермен экономикалық сауда-саттық қарым –қатынасқа түсіп, дамып келеді. Алысқа бармай-ақ, өзіңіз бен өз үйіңізге қараңызшы. Үстіңізде Еуропа елдерінің бірінде тігілген костюм, аяғыңызда Турциядан әкелген туфли, астыңызда Германия, немесе Америкадан шыққан жеңіл мәшине, үйіңізде Ресейдің тоңазытқышы, Оңтүстік Кореядан шыққан шаңсорғыш, Жапонияда шығарылған магнитофон, арабтардың тоқыған кілемі, ас дайындайтын бөлмеңізде Үндістан елінен келген шай, Мароккодан келген апельсин, Ираннан әкелінген финиктер, АҚШ-тан келген тауықтың аяқтары, Қытайдан әкелінген ыдыс-аяқ т.с.с. Мұндай мысалдарды шексіз келтіре беруге болады. Сонымен қатар біз басқа елдерге мұнай мен газды, жүн мен мақтаны, қара және түрлі түсті металдар мен таскөмірді т.с.с. жіберіп жатқан жайымыз бар.

Бұл сауда-саттықтың құрылымына қарағанда, әрине, көкірегі ояу азаматқа неше түрлі ауыр ойлар келеді. Мүмкін, біз, шынында да, «жаңа бодандық» ауруына шалдыққан болармыз? Алайда ондай тұжырымға келуге әрі ертерек сияқты. Өйткені біздің дербестік алып, дамып жатқанымызға басы-аяғы он жылдан сәл артық қана уақыт болды ғой. Бүгінгі өкімет неше түрлі инновациялық бағдарламалар қабылдап, «ұлттық қаржы қорын» жасап, өндірісті дамытуға бел байлап, сол жұмыстарға нақтылы кірісіп жатқан жайы бар. Оған халқымыз да дайын.

Енді саяси салаға келер болсақ, Қазақ елі бүкіл дүниежүзілік қауымдастықпен терезсі тең қарым-қатынас орнатуда. Біздің ел дербес мемлекет ретінде мойындалады. Саяси салаға «көп партиялық», «адам құқтары», «құқтық мемлекет» т.с.с. ұғымдар кіріп, өзгеріске ұшырап жатыр. Біз тек қана БҰҰ-ға ғана кіріп қоймай, басқа да халықаралық ұйымдардың толыққанды мүшесіне айналып жатырмыз.

Бүгінгі таңда Қазақ елі өз төл мәдениетімен біршама халықтарды таныстырып, солардың қошеметіне ие болды. Сонымен қатар «бұқара мәдениеті» деген ұғым сөздігімізге кіріп қана қоймай, соның «отандық үлгілері» жасалуда.

Жоғарыда келтірілген Қазақ елі өмірінен алынған деректердің бәрі де Жер бетінде жүріп жатқан жаһандану үрдістерімен байланысты екенін бір қарағанда-ақ байқауға болады.

Қоғамды материалистік тұрғыдан қарау методологиясының тұрғысынан алып қарағанда, жаһандану үрдісінің негізінде ғылыми-техникалық революция жетістіктерін пайдалану арқылы өндіргіш күштердің күрт дамуы (тек XX ғ. өндіргіш күштердің дамуы өткен 5000 жылдан асып түсті!), млрд. тонна тауарлардың бір елден екінші елге өтуі, байланыс жүйелерінің жетілуі т.с.с. құбылыстар жатыр. Екінші жағынан, табиғи ресурстардың Жер бетінде әртүрлі шоғырлануы, сондықтан елдердің бір-бірімен осы байлықты бөлісу, алмасу мәселері де жаһандану үрдісіне өз ықпалын тигізбей қоймайды.

Жер бетіндегі мемлекеттердің бір-бірімен жақындасуына, олардың арасында пайда болатын қайшылықтарды шешуге екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), оның әртүрлі салаларды бақылауға арналған мекемелері (ЮНЕСКО, ЮНКТАД т.с.с.) үлкен ықпал жасауда. Бүгінгі таңда жүздеген аймақтық ұйымдар жұмыс істеуде (Еуропа Одағы, ТМД, АСЕАН, ОАЕ т.с.с.)

Жер бетіндегі ұлттар мен ұлыстардың бір-бірімен жақындасуына бұқаралық ақпарат тарату мекемелері (БАҚ) өз үлесін қосуда. Бүгінгі таңда бірді-бір алыс-жақындағы ел, тіпті сонау Тынық мұхитында орналасқан аралдардағы халықтарға дейін адамзаттың назарынан тыс қалмайды. Жұмыстан кейін үйге келіп, теледидар, я болмаса радио, интернет арқылы сол күні тек өз елінде ғана емес, бүкіл жер бетінде қандай маңызды оқиға болғаны жөнінде ақпарат алып, соны өзімізше сараптаймыз, өйткені біз оларға немқұрайды қарай алмаймыз. Адамзат жетістіктеріне сүйсіне қараймыз да, қателіктеріне бірге өкінеміз. Бүгінгі адамзат – «Ғарыш кеңістігінде Жер деген «кемемен» ұшып жатқан біртұтас астронавтар командасы», - дер едік.

Келесі назар аударатын нәрсе – жаһандану үрдісі бүкіл адамзатты «бір қалыпқа» салғандай әсер етіп жатыр. Өйткені барлығы да компьютерлік есептеуден өтіп, белгілі бір стандарттарға сай болуы керек. Олай болмайынша, сіз өндірген тарауды сырт елдерге шығаруға болмайды. Сондықтан миллиондаған адамдардың киген киімінде, жүретін машиналарында, үйіндегі жиһаздарда, тіпті демалатын орындарда, музыка мен өнерде әсіресе бұқаралық мәдениетте біркелкілікке деген ұмтылысты байқаймыз.

Сонымен қатар бүгінгі адамзат әртүрлі мата қиықтарынан жасалған кәдімгі қазақтың көрпесіне де ұқсас. Өйткені әр елдің, халықтың мыңдаған жылдар бойы жинаған мәдениет үлгілері, тілі, діні, әдет-ғұрпы бар. Ол оған аса қымбат. Біз оның тіпті бағасы жоқ дер едік, өйткені өз төл мәдениетінен айырылған халық тарих асхнасынан жоғалып кетеді. Ал ондай жағдайдың болуы адамзаттың өшпес күнәсі болар еді. Әр халық басқа елдерге ең алдымен өз мәдениеті, өмір салтымен қызықты. Бүгінгі таңдағы адамзатты шыны мен бетоннан жасаған биік ғимараттармен таңғалдыра алмайсың, ол оған таңсық емес. Ал Біржан-сал, Тәттімбет, Сегіз-серінің т.с.с. ұлы перзенттердің өлеңдері, ғұлама Абайдың қара сөздері, көне заманнан сақталған эпос, дастандар оларды,

шынында да, таңғалдырып, осындай бабаларымызды тудырған халыққа деген ізгі ықыласын оятатынына біздің күмәніміз жоқ.

Жаһандану үрдісі әртүрлі елдермен жақындасу, бүкіл адамзаттың ортақ тағдырын сезіну, ұлттық мәдениет жетістіктері, жаңа технологиялармен алмасуға әкеледі.

Сонымен қатар жаһандану үрдісі біршама бүкіл адамзаттық теріс салдары бар проблемаларды тудырады. Енді оларды қысқаша сипаттайық.

2 . Жаһандану үрдісі шеңберіндегі өзекті мәселелер

Ең бірінші орында ядролық соғыс қару-жарақтарының жетілуі мен халықаралық бақылаудың шеңбері шығып кетуі жатыр. Бұрыннан келе жатқан ядролық қаруы бар бес мемлекетке бүгінгі таңда Үндістан, Пәкістан, Оңтүстік Африка, Израиль сияқты елдер қосылды. Біршама елдер ядролық технологияны меңгеру үстінде (Иран, Солтүстік Корея). Әңгіменің қиындығы –бұл қосылған жаңа елдер халқаралық шиеленістер аймағында орналасқан. 2001 ж. Үндістан мен Пәкістан арасындағы қақтығыстар сол елдердің мемлекет қайраткерлерінің «ядролық қаруды қолдануымыз мүмкін» деген жантүршігерлік қорқытуымен аяқталғанын білеміз. Бұл проблеманы шешудің негізгі жолы-барлық ядролық елдерді (соның ішінде ешкімге де артықшылық жасамай) халқаралық бақылау негізінде жаппай қарусыздандыру болмақ. Атомның күш-қуаты тек АЭС-терді салу арқылы бейбіт жолға қойылуы керек. Өкінішке қарай, ядролық мемлекеттердің «өзімшіл пиғылы» бұл мәселені үзілді –кесілді шешуге кедергі жасауда. Алайда бұл мәселе ертелі-кеш шешілмейінше, бүкіл адамзат үстіндегі «ядролық дамокл қылышы» сол үрейінде тұра бермек.

Екінші үлкен мәселе –бүгінгі қалыптасқан тәндік-сезімдік өмір бағыт негізінде тойымсыздық, табиғи ресурстарды өлшелсіз пайдалану, қоршағын ортаны ластау – адамзатты болашақ экологиялық апатқа әкелу мүмкіндігі. Біз бұл мәселеге толығырақ тоқталғанды жөн көрдік.

Қайсыбір қоғам -өте күрделі, өзін-өзі ұйымдастырып дамыта алатын жүйе. Өйткені қоғамның «атомы»-адам. Оның денесімен қатар, ішкі рухани дүниесі ой-өріске, қиял-арманға, шаттық пен әсерге, қайғы –мұң мен махаббатқа, неше түрлі жарқын және күңгірт сезімдерге толы. Әр адам өз өмірінің шеңберінде алдына неше түрлі мақсат –мұраттар қойып, соларға жетуге ұмтылады. Егер жануарлар табиғатпен бірге, соған сәйкес өмір сүрсе, өзін табығатқа қарсы қоя алмаса, адам өзінің санасы арқасында айнала қошаған ортаны өз мұқтажына сай етіп өзгертеді,оны таза табиғат қанағаттандыра алмайды. Осы ерекшелікке сай, етіп бүгінгі таңда жер бетінде мыңдаған қалалар, миллиондаған шақырым асфальт және теміржолдар, бүкіл жер бетін қамтитын интернет, теледидар, ұялы телефондар жүйесі, жасанды су қоймалары, алып зауыттар мен фабрикалар т.с.с. адамның шығармашылық еңбегі арқылы дүниеге келген заттарды көреміз. Сонымен қоғам табиғатпен сан алуан байланыстарға түсіп, өмір сүреді. Ал осы байланыстарды жете түсіну үшін «табиғат» ұғымын талдаудан бастайық.

«Табиғат» ұғымы, негізінен, үш мағынада қолданылады. Ең кең түрде алғанда Дүниеде табиғаттан басқа еш нәрсе жоқ (Құдай идеясын жақшаға

алсақ). Қазіргі американ астрофизиктерінің деректеріне сүйенсек, бұл Дүние осыдан 13 млрд. Жыл бұрын «Үлкен Жарылыстың» негізінде пайда болды. Яғни Ғарыштың бір шеті мен екіншісіне дейінгі қашықтық - 13 млрд. Сәулелі жылдар.

Ең тар мағынада алғанда «табиғат» ұғымы «мән» категориясымен теңеліп кетеді. «Осы заттың табиғаты неде деген сұрақ «Осы заттың м әні неде деген сұраққа тең.

Үшінші мағынада «табиғат» деп Жер бетін, оны қоршаған атмосфера, тропосфераны, сан алуан тіршілікті, қоғамды қоршаған ортаны айтамыз. Міне, осы мағынада біз табиғат ұғымын пайдаланамыз.

Бірінші жақындағанда біз табиғатты екіге бөлеміз. Олар - өлі және тірі табиғат. Өлі табиғатқа неше түрлі механикалық, физикалық-химиялық, магниттік, электрлік т.с.с. үрдістерді жатқызуымызға болады.

Ал Жер бетіндегі тіршілікке келер болсақ, ол – Дүниеде болып жатқан бір ғажап оқиға. Олай дейтін себебіміз, осы уақытқа дейін, теориялық тұрғыдан Ғарыштың басқа да кеңістігінде тіршілік болуының мүмкіндігін мойындасақ та, тек Жер бетіндегі тіршіліктен басқасын таба алмадық. Кең түоде алғанда, тіршілік деп қоршаған ортамен заттық, энергетикалық (күш-қуаттық), ақпараттық алмасуға түсіп, өзін-өзі сақтап жетілетін, сонымен қатар өмірін жалғастыра алатын күрделі жүйені айтамыз. Тіршіліктің жер бетіндегі дүниеге келгеніне 3,5 млрд. Жыл болыпты. Осы уақыттың шеңберінде сансыз әртүрлі тіршілік формаларын тудырды. Оның ең биік теңдесі жоқ түрі – сана сезімі бар рухани пенде – адамның өзі.

Жер бетіндегі миллиардтаған жылдар бойы бір-бірімен өзара байланыста, сәйкестікке келген тіршілікті біз Үлкен Жүйе деп атауымызға болады. Оның, негізінен алғанда, 3 құрамдас бөлігі бар. Олар: а) өсімдіктер әлемі; в) жануарлар әлемі; с) микроорганизмдер әлемі. Олар, әрине, салыстырмалы түрде дербес болғанымен, бір –бірімен тығыз байланыста болып, Үлкен Жүйені құрайды.

Өсімдіктер әлемін көркем түрде аса теңдесі жоқ күн сәулесін қорландыратын десек те болады, өйткені олар жапырақтарын күнге қарай бұрып, тамырлары арқылы жер астындағы неше түрлі минералдарды бойына тартып, фотосинтез арқылы өз денесіне айналдырады.

Жануарлар сол өсімдіктермен қоректеніп, олардың денелеріндегі қорланған энергия мен минералдық элементтерді өз бойына сіңіріп, өсіп-өніп, сонымен қатар кеңістікте қозғалуға мүмкіндік алады.

Енді көзге көрінбейтін тірі организмдер – микробтар мен вирустар әлеміне келер болсақ, оларсыз жоғарыдағы екі әлем де өмір сүре алмас еді. Күзде шөптер сарғайып, шірі бастайды. Микроорганизмдер оларды қайтадан табиғатқа минералдық тұздар мен элементтер ретінде кіргізеді. Жануарлар жегендерін микроорганизмдер болмаса қорыта алмас еді, ал олар өлгенде, олардың денесін шірітіп, қайта табиғатқа қосатын да – сол микроорганизмдер.

Сонымен, қарап отырсақ, осы үш тіршілік әлемі бір-біріне өмір сүре алмайды екен. Бұл үлкен жүйені ғылыми тілде биосфера (тіршілік аймағы) дейді. Биогеоценоз дейтін екінші ұғым – белгілі бір географиялық аймақта

миллиондаған жылдар бойы үйлесімді қалыптасып қалған тіршілік әлемін көрсетеді. Мысалы, Қазақстан көлдері мен өзендерінде қолтырауын деген жануар өмір сүрмейді. Ол экватор бойындағы өзендер мен көлдеорде ғана өмір сүреді. Сонымен қатар тропиктегі көп өсімдіктер мен микроорганизмдер, жануарлар да біздің жерімізде өмір сүре алмас еді. Өйткені бұл жердегі қоршаған ортаға олар бейімделмеген.

Енді табиғат пен қоғамның өзара байланысын талдайтын уақыт та келді. Көне тарихта табиғат қоғамның қалыптасуы мен дамуына екі түрлі әсер тигізді. Біріншіден, табиғаты өте бай, ауа райы жұмсақ жерде, сонымен қатар табиғаты өте қатал, ауа райы суықжерлерде қоғамның дамуы тоқырап, бір орында тоқтап қалғандай болды. Оның негізгі себептері мынада. Экватордың тұсындағы көп аралдарда адам өзіне керекті нәрселердің бәрін де даяр түрде гүлденген табиғаттан тауып алады. Табиғат адамды жас бала сияқты әлпештейді. Ол теледидардан көрсететін «Баунти» жарнамасындағы көрініс сияқты. Адам ұйқылы-ояу, оған еш нәрсені ойлап шығару тіпті де қажет емес.

Ал енді солтүстіктегі артта қалған халықтарға келер болсақ, ондағы табиғаттың қаталдығы соншалықты, бүкіл адамдардың бірлесе жасаған іс-әрекеттері мен күш-қуаттары тек өмірде тірі қалуға ғана жетеді, сондықтан айнала қоршаған қатал табиғатты өз еркіне көндіруге мүмкіндіктері болмай қалады.

Тіпті алысқа кетпей-ақ, біздің арға бабаларымыздың өмір салтына көз жіберсек, мыңдаған жылдарға өзгермей созылған көшпенділік дәстүрінің өзі Сары Арқаның қатал табиғатынан шықпай ма?

Сондықтан қоғамның дамуына жақсы жағдай табиғаты жұмсақ, суы мол, бірақ еңбек етуді талап етіп, оның қайырымы мол жерлерде дамыды. Олай болса, алғашқы көне цивилизациялардың жұмсақ табиғаты бар ұлы өзендердің жағасында орналасуы – заңды нәрсе. Олар – Тигр мен Ефрат, Ганг пен Инд, Хуанхе мен Янцзы өзендерінің екі ортасы, Нилдың бойында т.с.с. жерлерде дүниеге келіп, дамыды.

Мыңдаған жылдардың шеңберінде адамзат өндіргіш күштерді дамытып, қаншалықты айнала қоршаған ортаны өзгерткенмен, Табиғат өзінің ішкі тұрақтылығын сақтап, шаруашылық қоқыстарын өз мүмкіндіктерін пайдаланып қорытып, қайтадан өз бойына сіңіріп отырды. Тек тарихқа Жаңа Дәуір келіп, қалалар күрт өсіп, мыңдаған зауыттар мен фабрикалар миллиондаған тонна өндіріс қоқыстарын қоршаған ортаға шаша бастаған кезде, табиғаттағы экологиялық тепе-теңдік бұзыла бастады. Адам қоршаған ортаны өз еркіне көндіріп, оны қайта құру жолында тез дами бастады. Алғашқы кездерде табиғатқа жасалған жаралар тіпті байқалған да жоқ, оған қоғамдық сан да көп көңіл бөлген жоқ-ты.

Табиғат пен қоғамның арасындағы ахуал әсіресе XX ғ. күрт өзгере бастады. Ол ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін өндірісте кеңінен қолданып, соның негізінде қоғамдық-материалдық байлықты өсіріп, адамдарға жақсы жағдай жасау әрекетінен шығатаны сөзсіз. Бір жағынан, адам өз шаруашылық іс-әрекетінің нәтижелілігін күрт өсірді, оның тұрмысыжақсаорды, орташа өмір ұзақтығы да біршама өсті. Екінші жағынан,

тек өз қамын ойлау, табиғатты тек қана белгілі бір ресурс, шикізат ретінде пайдалану өзінің теріс салдарларын өмірге әкелмей қоймайды. Табиғаттың жүйелі ұйымдасқанын ескермей, оның кейбір элементтерін өзгерту айнала қоршаған ортаның сапасынтөмендете береді. Өзінің мақсаттарын іске асырудағы қоғамның алғашқы жоспарлары мен нақтылы өмірдегі өзгерістердің салдарлары жер мен көктей болып, үлкен қайшылықтағы салдарларын (көбіне теріс) көп жағдайларда ескере алмайды. Тек бірнеше ғана мысал келтірейік. Соңғы 100 жылда ауадағы көмірқышқыл газдың үлесі 20 % -ға дейін өсті, теледидар мен радионың дамуы жер бетіндегі метрлік толқындағы радио – сәулелерді 1 млн. есе өсіріп, Күндегі радиосәулелермен теңдеді. Қоршаған ортада миллиондаған тонна улы заттар айналымда. Тек қана 1 тонна мұнай теңізге төгілгенде

12 кв км. Қоршаған ортаны ластаудың нәтижесінде ананың организмінде мутациялар болып, туа мүгедек балалардың саны бүкіл жер бетінде жыл сайын үрейлі түрде өсуде.

Әсіресе экологиялық ахуал бұрынғы Кеңес Одағында қатты бұзылды. Капиталистік қоғамдық жүйемен жарыс барысында алып өндіріс ошақтары жоспарланып салынғанда, оның әкелетін экологиялық салдарларына мән беріледі. Тек қана бірер мысал келтірейік. Кремльдегі қартайған партия лоигархтары 60-шы ж. ж. біз күріш пен мақта өндіруді дербестік дәрежеге жетуіміз керек деген жалған ойды басшылыққа алып, Амудария мен Сырдария суын Өзбекстан мен Қазақстанның шөл далаларына ағызды. Соның нәтижесінде 30 млн. жыл бойы өмір сүрген Арал теңізі құрып, ширек ғасырдың шеңберінде экологиялық апат осы аймаққа келіп жетті. Орталық Қазақстанның әйгілі киігі Байқоңырдан ұшырылатын ракеталардың жағатын уға толы жанармацының салдарынан толығынан құрып кету жағдайында. Семей аймағындағы радиация мыңдаған адамдардың өмірін қысқартып, практикалық түрде геноцидке әкеліп жатыр. Мұндай деректердің санын жүздеп келтіруге болар еді. Оның көпшілігімен оқырман да таныс болар.

Соңғы жылдары ешқандай ғылыми зерттеулеріміз-ақ жер бетіндегі fef райының өзгеріп жатқанын байқауға болады. Теңіз бен мұхитқа жақын елдер неше түрлі цунами, тайфундардың зардабын көруде. Аляскадағы мұхит жағалауындағы қалашықтар су астында қалып, көшірілуде. Орта Азия мен Қазақстанның fef райы да өзгеріске түсуде. Әсіресе аянышты жағдай Африка континентінде байқалуда. Ал бұл деректердің өзі экологиялық мәселелердің бүкіладамзаттың мүдделеріне әсерін тигізетінін көрсетеді. Оның негізгі себебі ауаның, өзен мен теңіздің суларының ұлттық шекарасының жоқтығынан шығады. Егер бір жер ластанса, ауа мен су арқылы ол басқа жерлерге де тарайды. Сондықтан бүкіл адамзаттың басы бірікпей, экологиялық мәселелерді шешу мүмкін емес.

Бұл арада бүгінгі таңда кейбір мемлекеттердің ұлттық жақын арадағы мүдделері мен адамзат арасында қайшылықтар пайда болуда. Мысалы, Бразилия тез қарқынмен дамып, Сельвадағы (ну орман) құнды ағаштарды қырқып, босаған жерлерге кофе плантацияларын отырғызып жатыр. Ал атмосфераға оттегін беретін – мұхит пен теңіз, Сібір мен Сельва –дағы ну

ормандар. Яғни ол Бразилияға пайда әкелгенмен, бүкіладамзат мүддесіне қайшы келеді. Сол сияқты, Каспий теңізіндегі мұнайды Қазақстан, Әзірбайжан, Ресей мемлекеттері аса тез қарқынмен игеруде. Ал Каспийдің мұнайдан тыс биологиялық байлығы 500 млрд. доллардан асады. Сондықтан Каспийдің табиғи байлығын құртып алу үрейі осы арада тұрып жатқан халықтарды алаңдатуға.

Соңғы жылдары бірнеше бүкіладамзаттық деңгейге көтерілген ғылыми конференциялар (Рио-де-Жанейро, Киото, Буэнос-Айрес) өтіп, жақсы шешімдер жасалды. Бірақ, өкінішке қарай, олар орындаламауда. Мысалы, Киото конференциясында анықталған атмосфераға шығаратын улы лас түтіннің мөлшерін қысқарту шешімін АҚШ – көш басындағы дамыған ел – орындамай отыр. «Ол біздің ұлттық мүддемізге қайшы келеді», - дейді олар. Мұндай жағдайда экологиялық мәселелерді шешу қиын шаруаға айналмақ.

Табиғат пен қоғам арасындағы қайшылықтарды шешу жолында қоғамдық санада, негізгінен, екі пікір қалыптасты. Біреуі – сциентистік (ғылыми), екіншісі – антисциентистік, гуманитарлық бағыттар.

Сциентистік бағыттың өкілдері – бүгінгі адамзат ғылыми мен техниканың дамуының алғашқы сатысын ғана бастан кешуге. Жас кезінде неше түрлі бала ауруларынан өтіп есейген адам сияқты, болашақта неше түрлі экологиялық қайшылықтардан өтіп, адамзат сол ғылым мен техниканың дамыған сатысында барлық мәселелерді шешуге мүмкіндік алады, сондықтан экологиялық үрейлерден қорықпау керек деген оптимистік өміршендік пікір ұстауда.

Екінші антисциентистік бағыт – барлық экологиялық қайшылықтардың түп-тамыры ғылым мен техниканың дамуынан көріп, оларды құмыраның ішінен шығып кетіп, адамның өзіне, бүкіл тіршілікке үрей туғызып отырған жынға теңейді. Сондықтан олар жаңа өндіріс кешендерін салуды дереу тоқтату керек, өйткені тіршілік әлемі оның қысымын әрі қарай көтере алмайды деген пікір айтады.

Бұл пікірлердің сыңаржақтығын, бір қарағанда, байқауға болатын сияқты. Біріншіден, ғылыми-техникалық революцияны тоқтату мүмкін емес, оның өз объективті даму заңдылықтары бар. Керісінше айту – адамдардың шығармашылық еңбегін тоқыратуға тең, онда адамдардың өмірінің мәнағынасы, оның басқа тіршіліктерден негізгі ерекшелігі жойылар еді. Екінші жағынан, жаңа ғана дамып келе жамқан елдерге өндіріс кешендерін салмандар деу олардың мәңгі артта қалуымен тең бағаланып, практикалық түрде үлкен қайшылықтар тудырып, ондай шешімдерге ешбір ел құлақ салмас еді.

Біздің ойымызша, шындық осы екі пікірдің ортасында болса керек. Қазіргі дамыған бай елдердің тәжірибесі энергияны аз қабылдайтын, экологиялық таза технологияларды өмірге енгізіп, көп мәселелерді шешуге болатынын дәлелдеп отыр. Алайда біз мынаны ұмыт қылмауымыз керек. Қазіргі дамыған елдер, практикалық түрде, көп экологиялық зияндықтары бар шикізат өндірісін жаңа ғана дамып келе жатқан елдердің үлесіне өткізіп, өздері аса биік технологиялық дәрежеге көтерілген өндірісті ұстап отыр. Сондықтан олардың өндіретін заттары басқаларға қарағанда ондаған есе қымбат. Тағы бір

естен шығармайтын нәрсе – байлықтың күрт өсуіне байланысты тұтыну қоғамы пайда болып, тойымсыздыққа, соның негізінде бақталастыққа жол ашылды. Егер осы жолмен барлық елдер дамыса, онда адамзат тіршіліктің ішіне кіріп, соны құртып жатқан қатерлі ісікке айналады.

Бұл айтылған ойлардан шығатын бірауыз сөз – ол қазіргі адамзаттың рухани тоқыраудан тезірек шығу қажеттілігі, Батыс технократизмі мен сциентизмінің болашағының жоқтығы, бұл жолда адамзаттың бірде-бір негізгі мәселелерінің шешілмей-тіндігі болса керек.

Біздің ойымызша, бұл жолда көшпенділердің тарихи тәжірибесі қазіргі адамзатқа ауадай қажет сияқты. Қазақ санасында «қанағат» ұғымы үлкен орын алады. Өмір бағытына келер болсақ, онда «алуан» гөрі бабаларымыз «болуды» биік ұстаған. Біздің ойымызша, Қазақстан кезектітарихи жаңару сатысында бүкіладамзаттық өрлеу үрдісіне сай келу, экологиялық мәселелерді шешу үшін жаңа технологиялардыигеріп қана қоймай, олардың жаңа түрлерін тудыра алатын дәрежеге көтерілуі қажет. Ол үшін жоғары білім беру саласы ғылым мен техниканың дамуы жаңа дәрежеге көтерілуі керек. Сонымен қатар жалаң еліктеушіліктен арылып, өз жеріміз, еліміз, руханиятымыздың ерекшеліктерін ескере білуіміз қажет. Қазақстан тіпті де Бразилия, я болмаса Оңтүстік Корея, Австралия т.с.с. емес. Адамның өмір сүру құны бізде біршама қымбат, өйткені жылына жеті ай бойы от жағу қажет. Біздің елімізге шикізат өндірісіне ғана шетел қаражаты келуінің себебі де – осында. Қолдағы байлықты бағалай біліп, оны әртүрлі деңгейде өңдеп сатудың тиімділігі анағұрлым артық. Ол үшін отандық іскерлер тобының қорланған қаражаттарын біріктіріп, ұлттық экономиканың әлсіз жақтарына жұмсау қажет.

Ерекше атап өтетін кемшілік – Батыстағы тұтыну қоғамының үлгілеріне тамсана қарап, соған еліктеу болса керек. Бұл жолда біз сәтсіздікке ұшырауымызмүмкін. Біріншіден, біз олардықуып жету барысында олар бір тұрып қалмас. Екіншіден, Материалдық тәндік-сезімдік өмір жолында өз руханиятымыздан жұрдай болып қалуымыз мүмкін. Үшіншіден, «Мерседес» мініп, уланған, жараланған аянышты табиғатымыздың ортасында масаттанып жүргеніміз бізге лайықты болмас.

Сондықтан табиғат пен қоғамды өзара үйлесімді дамыту үшін біз болашақта өзіміздің рухымызға негізделген жаңа өмірдің сапасын тудыруымыз қажет. Яғни адамға керек негізгі қажеттіліктер толығынан өтелуі керек. Олар: ішетін таза су, дем алатын таза ауа , сапалы тамақ, биік дәрежедегі барлық адамдар пайдалана алатын білім беру және денсаулық сақтау, мәдениет, спорт жүйелері т.с.с. Оның сыртындағы байлық табиғатты тазартуға, оны аялауға жұмсалуды қажет.

Бүгінгі таңда аса керекті нәрсе – табиғаттың,яғни болашақ ұрпақтардың құқын заң жүзінде қорғау болмақ. Өйкені адамның өзі – табиғаттың ең әсем гүлі, ол адам арқылы ғана зө-өзін сезініп, түсіне алады. Табиғатты бүлдіретін де, оны аялайтын да – адам. Олай болса, сапалы жасалған қатаң экология заңдары қажет. Әсіресе шикізат өндірісіне қойылатын экологиялық талаптар өте қатал болуы керек, өйткені олар – қоршаған ортаны ластауға негізгі «үлес»

қосады. Өндіріске енгізілетін бірден-бір кешен экологиялық талаптарды орындамай, іске қосылмауы керек.

Соңғы – халықтың экологиялық санасын биік деңгейге көтеру. Ол жұмыс мектеп табалдырығынан басталып, барлық ұжымдарда жүйелі түрде жүруі қажет. Күнбе-күнгі ақпарат құралдарында бұл мәселе өз орнын тауып, қоғамдық сананың өткір сұрағына айналуы қажет.

Жас дос, қорыта келе, сіз де өз Отанын, оның сұлу да қатал табиғатын жан аямай қорғайсыз ғой деп сенеіміз.

Үшінші – демографиялық мәселелер, яғни жер бетіндегі халықтың тым тез қарқынмен өсуі. Егер соңғы мыңжылдықта жер бетіндегі халықтың саны 15 есе өссе, оның бірінші рет екі есеге өсуі 700 жылда болса, соңғысы – 40 жылда (егер 1956 ж. жан басына 2,8 морд. Халық өмір сүрсе, 2004 ж. – 6,3 млрд.) Әрине, бұл деректер үлкен ойға қалдырады. Бұл өсімнің 9/10 даму барысындағы елдерге жатады. Сонымен қатар дамыған елдердегі халықтың құрылымын алар болсақ, онда кәрілердің саны өсіп (жақсы жағдайдағы өмір ұзақтығына байланысты), сонымен қатар туу деңгейі тым төмендеп кеткен. Сондықтан ол елдерде халықтың өсуі түгіл, оны ескі деңгейде сақтау үлкен мәселеге айналуға мұқтаж.

Демографтардың болжауынша, алдағы уақытта Үндістан халқының саны 1,5 млрд. дейін жетуі мүмкін. Халқы тез өсіп жатқан даму үстіндегі елдердегі өндіргіш күштердің төмендігі, тұрғындардың жалпы мәдени деңгейі, білім беру саласы – бәрі де сын көтермейтін жағдайда. Мұндай ахуал бұрыннан келе жатқан өмір салтын ұстау, бала тууға шек қоймау әдетімен байланысты екені айдан анық. Сондықтан бұл үрдіс таяу арада бәсеңдейді деу артығырақ болар. Дегенмен де Қытай еліндегі соңғы 15 жыл шамасында жүргізілген демографиялық саяхат өз күшін көрсетті. Ертелі-кеш басқа елдер де сондай саяхатқа көшуі мүмкін.

Жаһандану үрдісі «Солтүстік пен Оңтүстік» проблемасы тудырды. Бұл – төртінші мәселе. Жалпылай келе, экватордан жоғары орналасқан елдердің даму қарқыны мен өмір сүру деңгейі төмен жатқан елдерден гөрі анағұрлым биік. Егерде дамыған елдерде тойымсыздық жолына түскен «алтын млрд.» тұрып жатса, жер бетінде осы күнге дейін тағы 1 млрд. жуық адам, басқа қажеттіліктерді өтеуді айтпағанның өзінде, күнбе-күн азық- түлікке жарымай отыр, ал 75 млн. адам аштықтың зардабынан жыл сайын дүниеден кетеді. Бұл дамыған елдер мен дамып келе жатқан елдердің арасындағы қайшылықтың өсуімен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда дамып келе жатқан елдердің дамыған елдерге 1 трлн. Доллардан артық берешегі бар!!! Олар оны өтеу түгіл, оның өсімінің өзін төлеуге қиналады. Сондықтан да Кубаның көсемі Ф.Кастро БҰҰ-ның мінбесінен осы борышты сызып тастауға шақырады. Алайда дамыған елдер ондай шараға барар емес. Ал мұндай жағдайдың өршуі кедей елдердің назарылығын тудырып, неше түрлі экстремистік қозғалыстарға дем береді.

Әрине, дамыған елдер оларға көмек жасағандай болды. Жылнама шамамен 50 млрд. долларға жуық қаржы бөлінеді (салыстырыңыз: 2003-2004 жж. АҚШ бір ғана Ирактағы соғысқа 200 млрд. артық қаражат жұмсалды). Өткен ғасырдың екінші жартысында дамыған елдер «көмек» ретінде ауыр да

кір өндіріс салаларының біршамасын дамып келе жатқан мемлекеттерге аударды. Нәтежесінде олар үш ұтысқа ие болды: өз елдерінің экологиясын дұрыстады, екіншіден, арзан жұмыс күшін пайдаланып, табыстарын өсірді, үшіншіден, ол елдердің шикізаттарын пайдаланады. Дегенмен де ол кезде дамыған елдер мен дамып келе жатқандардың арасындағы айырмашылық бірте-бірте қысқарады деген үміт болатын-ды. XX ғ. 70-80 жж. Бұл айырмашылық, керісінше, күрт өсе бастады. Өйткені себебі, біршама дамып келе жатқан елдер және компьютерлік бағдарламаға негіздеген технологияларды игеруге халықтың жалпы білімдердің төмендігінен қол жеткізе алмады. Ғалымдардың есебі бойынша, кейбір елдер дамыған мемлекеттен 150 есеге дейін қалып қойыпты!!! Егерде, шикізатқа бай елдер табиғи байлықтарын сатып күн көрсе, жоқ елдер дүниежүзілік сауда үрдісінің шетіне ысырып, қайыршылық ауыр зардабын көруде. Сонымен, құрметті оқырман, халықаралық терроризм мен экстримизмнің негізгі қайнар көзі Ислам дінінде емес, дамып келе жатқан елдердің аянышты әлеуметтік – экономикалық жағдайында екенін түсінген боларсыздар.

Енді бірінші мәселеге келер болсақ, жоғарыда көрсетілгендай, халықтың білім деңгейін көтермей, бүгінгі технологияларды игеру мүмкін емес. Адам тіпті әріптерді танып, оқи алғаның өзінде де «функционалдық надандықта» болуы мүмкін. Яғни ол компьютерлік технологияларды игеріп, жұмыс істей алмайды. Олай болса, білім беру мәселесін де жаһандау үдісінің негізгі проблемаларының біріне айналып отыр. Екінші жағынан, надандық демографиялық мәселені шешуге де кедергі тудыратыны белгілі. Дүниежүзілік практика «отбасын джоспарлар» тек суатты, салатты да білімі жоғары елдерде ғана іске асатынын көрсетеді.

Алтыншыдан, соңғы кезде ғалымдар жаһандану үдісін негізгі проблемалары ретінде денсаулықты сақтау мәселесін атауда. Өйткені бүгінгі таңда адамзаттың қоршаған ортаны түбегейлі өзгертуі мен адамдардың денсаулығы төмендеуінің арасындағы байланысты анықтап отыр. Оның куәсі ретінде жүрек, бүйрек, бауыр, мұрыннан қан кету, СПИД, қатерлі ісік т.с.с. «цивилизация ауруларын» келтіруге болады. Егерде, дамыған елдердегі аурулардың көбі тамақты ішу, аз қозғалыста болу, шылым шегу тәндік-сезімдік өмір бағытын ұстаудағы жолда байлықты өсіремін деп жүйкені тоздыру т.с.с. себептерден болса, дамып келе жатқан елдерде қоршаған ортаның ластануы, баспана қиындығы, ішетін асу сапасының төмендігі туберкулез, малярия т.с.с. «әлеуметтік ауруларды» тудырады. Жаһандану үрдісі миллиондаған адамдардың бір елден екіншіге, бір континенттен келесіге миграция жасауына әкеліп жатыр. Сондықтан жұкпалы аурулар бүкіл Дүниеге кеңінен тарап, адамзаттың үрейін туғызуда...

Жаһандану мәселелерін шешу жоладрын зерттеуде, негізінен, екі бағыт қалыптасты. Олар: технооптимизм (болашақ жарқын) және техноопессимизм (болашақ қасіретті).

Технооптимистік көзқарастар өз мәресіне XX ғ. 60 жж. жетті. Ол кезде ғылыми-техникалық революция (ФТР) жетістіктерін кеңінен өндірісте пайдалану қарқындалған болатын. Дж. Гелбрайт, Р. Арон т.б. ғалымдар ғылым

мен техниканың дамуы «бұқаралық нарықты» тудырып, болашақта Жер бетіндегі барлық халықтарға тамаша өмір әкеледі деген ой тастады. 80 жж. Д. Бэлл, Ж. Фурастье, А.Тофлер сияқты ғалымдар «ғылымның негізгі өндіргіш күшке» айналуына байланысты, барлық жер бетінде қорланған мәселелер- ді компьютерлік технологияларды өмірге енгізу арқылы шешуге болатынын айтты. Алайда жақын арада-ақ, ҒТдың теріс салдарлары да айқындала бастады. Көп елдер экологиялық дағдарысқа ұшырады. Шикізат қорлары шексіз еместігі анықтала бастады. Дамыған елдер мен артта қалған елдердің арасында қайшылық өсе бастады т.с.с. Әрине, бұл теріс өзгерістер технопессимистік көзқарастарды тудырды.

Технопессимизм (Г.Маркузе, К.Лоренц, Д.Гудмен т.б.) қазіргі қоғам адамдарды ғылым мен техниканың ұлына айналадырады даген пікір айтты . К.Лоренц ҒТР адамдарды мыңдаған жылдар бойы беімделген табиғи қошаған ортадан жұлып алды, «тастан жасаған джунглиге» қамады. Кейбір адамдар жылдар бойы табиғатқа шыға алмайды. Автоматтар адамдарды ауыр қара жұмыстан босатқанмен, оның жүйкесін анағұрлым тез тоздырады. Қиындығыжоқ жеңіл өмір адамның күшті сезімдерін, өмірге деген жігерін әлсіретіп, зерігуге әкеледі. Іші пысқан адам не істерін білмей, өз өміріне қанағаттанбай, нашнмен әуестене бастайды...

Технопессимистер тәндік-сезімдік өмір бағдарламасынан бас тарту, тойымсыздық пиғылды жою, қанатқа келу мәселелерін көтерді.

Батыста, Рим қаласында, 1968ж. көрнекті ғалымдар «Рим клубын» құрып, адамзат алдында тұрған орасан зор қиын мәселелерді зерттеуге кірісті. Нәтижесінде «жарылған бомбадай» дүниежүзілік қауымға әсерін тигізген “Өсудің шегі» (The Limit of Growth) деген баяндама 1972 ж. дүниеге келді. Бұл баяндамада Табиғат байлықтарының шектелгені жөнінде, әрі қарай жаңа өндіріс кешендерін салу экологиялық теңдікті жойып, адамзатты апатқа әкелу мүмкіндігі баса айтылды. Осы клубтың бірінші президенті А. Печ- чеи адамзатқа ең керекті нәрсе – руханияттылық, әсіресе – адамгершілік. Тек сонда ғана қорланған мәселелерді шешуге болады. Деген пікірге келеді. Орыстың ұлы ғалымы Н.Моисеев: «XX ғ. Адамзатқа ескерту жасады. Егер ХХІ ғ. Ол оған мойын сұқпаса, құрып кетуі мүмкін», - деген ой тастайды.

Әрине, бүгінгі таңдағы ұлы ғалымдар алаңдауының терең себептері бар. Уақытында ағылшын ойшылы лорд Честертон айтқандай, байлық адамды аздырады. Өкінішке қарай, материалдық байлықтың өсуі, көп жағдайда соншалықты рухани өрлеуге әкелмейді. Керісінше, рухани құлдырау байқалады. Оны бүгінгі таңдағы өз өмірімізден-ақ көріп жатырмыз. Бұл қайшылықты жою адамзаттың қолынан келер ме екен? Болашақ өмір оны көрсетер деген ойдамыз.

Бекітуге арналған сұрақтар:

1. Глобалдық проблемалар аясы, маңызы.
2. Әлеуметтік болжамдардың алғы шарттары және факторлары.
3. Әлеуметтік болжам және болашақ.

СЕМИНАР САБАҒЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ.

Тақырып №1 Философиялық білім ұғымы. Философия мен жеке ғылымдардың арақатынасы.

Сабақтың мақсаты: Философияның мән-жайын, ерекшелігін, мәдениет аясындағы орнын, қоғам мен адам өміріндегі рөлін ашып көрсету. Философияның негізгі анықтамасы - даналық екендігін, даналықтың қоғам, адам үшін рухани азық болып табылатынын, даналықтан әркімнің нәр алуы керектігін студенттерге түсіндіру. Философияның ерекшелігін сипаттау, оның ғылыммен арақатынасын, ғылыми жолын, ғылыммен шектелмейтіндігін ашу;

Көзқарас ұғымын талдау. Философиялық көзқарастың ерекшелігін ашу, студенттердің философиялық көзқарасын қалыптастыруға қадам жасау.

Көзқарастың тарихи түрлерін талдап, философияның, мифологияның, діннің адамның дүниемен қарым-қатынасын жүзеге асырудағы орны мен рөлін ашып көрсету. Студенттерге философияның басты нысанасы, пәні адам екенін түсіндіріп, сонымен бірге философияның адамды оны қоршаған дүниемен бірлікте, қарым-қатынаста қарастыратынын түсіндіру; Философияның әр заманда әртүрлі мәдени, тарихи ортада әртүрлі функциялар атқарып келгенін аша отырып, студенттерге философияның теориялық, методологиялық, тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық, сыни, аксиологиялық функцияларын суреттеу.

Семинар сабағының жоспары:

1. Философияның ерекшелігі және негізгі анықтамалары.
2. Философия – даналық.
3. Философия – ғылым.
4. Философия - көзқарас.
5. Көзқарастың тарихи түрлері. Мифология. Дін. Философия.
6. Философияның пәні: Адам және Дүние.
7. Философияның негізгі функциялары.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Философияға бірыңғай және біржолата анықтама беруге бола ма?
2. Философия мен ғылымның арақатынасын ашып беріңіз.
3. Философия классиктерінің қайсысы философияны даналық ретінде қарастырады?
4. Философия классиктерінің қайсысы философияны ғылым ретінде қарастырады?
5. Даналықтың білімнен айырмашылығын түсіндіріңіз.
6. Түсініктің танымнан айырмашылығы қандай?
7. Философиялық рефлексияның мәні неде?
8. Дүниеге көзқарастың түрлерін атаңыз.
9. Философияның пәні қандай?
10. Философияның қызметтерін атаңыз.

Негізгі ұғымдар (гlossарий):

Философия- грек сөзі, даналыққа құмарлықты аңғартады, "мәдениеттің жаны" (Маркс), сан қырлы, күрделі рухани дүние.

Даналық- адамның дүние, өмір, адам, адамдардың қарым-қатынасы жөніндегі түсінігі, ақыл-парасаттың көрінісі, өмір тәжірибесінің түйіні.

Түсінік- адамның ішкі жан дүниесіне, философиялық, әдеби, діни туындылардың, классикалық дүниелердің мазмұнына үңілу, бойлау, "адамның сыртқы дүниені танып-білу тәсілі емес, сол дүниеде өмір сүру тәсілі" (Хайдеггер).

Ғылым- табиғат, қоғам, таным құбылыстарының ішкі байланысын, қатынастарын, заңдарын зерттейтін қоғамдық сананың түрі.

Көзқарас- адамның өзі, дүние, өзінің дүниеге қатынасы, дүниедегі орны жөніндегі ойы, пікірі, түсінігі.

Адам- философияның басты нысанасы, "барлық заттың өлшемі" (Протагор), неге көңіл бөлсе де бәрін де философия адам тұрғысынан қарастырады.

Дүние- 1) шетсіз, шексіз объективтік реалдылық; 2) адамды қоршаған табиғи, әлеуметтік орта.

Мифология-(грек. миф - сөз, аңыз) - мифтер жөніндегі ілім, құдайлар, рухтар, батырлар жөніндегі аңыз-әңгімелер жиынтығы; көзқарастың синкреттік сипаттағы байырғы түрі.

Дін- (лат. религаре - біріктіру, байланыстыру) абсолютке (құдайға, рухқа) және онымен тікелей қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне сенумен байланысты қалыптасатын адамның ойы, сезімі және қарекеті.

Гносеология- (грек. гнозис - білім және логос ілім) - таным теориясы, дүниені (объекті) танудың мүмкіндіктері мен шектерін анықтайтын, танушы субъект пен танылатын объекттің қарым-қатынасының нәтижесі болып табылатын білімнің ақиқаттығының шарттарын көрсететін философияның саласы.

Эпистемология-(грек. эпистеме - білім, ғылым) таным, жөніндегі, жаңа білімге апарар таным жолдары жөніндегі ілім.

Онтология- грек. онтос - болмыс, бар нәрсе және логос - ілім) - болмыс жөніндегі ілім, болмыстың іргелі функцияларын және жалпы формаларын қарастыратын философияның саласы.

Антропология- (грек. антропос - адам...) адам табиғаты мен мәні жөніндегі ілім, адам философиясы.

Аксиология- (грек. аксиа - құндылық...) құндылықтар, олардың табиғаты мен пайда болуы, адам және қоғам өміріндегі орны мен рөлі жөніндегі философиялық ілім.

Идеология-грек. идея - ұғым, көрініс) - қоғамның, қоғамдық күштердің, таптардың мүддесін бейнелейтін саяси құқықтық, философиялық, моральдық, діни, эстетикалық идеялардың, көзқарастардың жүйесі.

Жаттығулар, жағдаяттар. Ойланыңыз:

1. Неміс ағартушысы Г.Лессинг: «Егер Құдай мені өзіне шақырып: «Бір қолымда Дүние жөніндегі толық ақиқат, екіншісінде ақиқатқа деген іңкәр бар. Қайсысын тандап аласың?» - десе, мен: «О, Жаратқан, бүкіл ақиқаттың иесі сенсің, маған тек сол ақиқатқа іңкәрлікті берсеңіз болғаны», - дер едім» - дейді. Осы көркем сөзбен берілген ойды сіз қалай түсінесіз?
2. «Ешкім де философияны жастық шағында ысырып тастап, қартайғанда одан шаршамасын. ... философия жасқа да, кәріге де керек, біріншіге жастық жігерді болашақ алдындағы пісіп-жетілген батылдықымен ұштастыруға, екіншіге өмірдің соңында рухани жаңарып, өткенге қуану үшін» деген пікірді грек философы Эпикур айтқан екен. Бұл ойдың маңызы неде?
3. Француз ағартушысы Д.Дидро айтқандай, «Ең тамаша ойшылдар философиямен ғасырлар бойы айналысты. Бірақ соған қарамастан, онда бірде-бір дау туғызбайтын пікір жоқ». Неге олай?
4. «Жалғыздықтың шеңберінде өмір сүру үшін я жануар, я болмаса Құдай болу керек» - дейді Аристотель. Бірақ үшінші бар, ол - философ», - дейді Ф.Ницше. Бұл пікірді қалай түсінуге болады?
5. «Қайғы таныммен бірге басталады», - дейді француз ойшылы А.Камю. Сіз бұл пікірді қалай түсінесіз?
7. «Философия қоғамға тәуелді болмауы керек, керісінше, қоғам философияға тәуелді болуы керек», - деген екен орыс философы Н.Бердяев. Бұл тұжырым қазіргі өтпелі қоғамда қандай ойларды туғызуы мүмкін?
8. «Егер өлім болмаса, адамдар философиямен айналысар ма еді?» - дейді неміс философы А.Шопенгауэр. Оған қалай қарайсыз?

Мәнжазба тақырыптары

- 1.Философия және миф.
- 2.Философия және дін.
- 3.Философия және өнер.
- 4.Философияның негізгі бағыттары: материализм, идеализм, реализм.
- 5.Философия - дүниеге деген ерекше көзқарас.
- 6.Философия құндылықтары және бүгінгі өтпелі қоғам.
- 7.Философияның жоғары білім саласындағы алатын орны.
- 8.Философия мен жеке ғылымдардың байланысы.
- 9.Философияның танымдағы әдістемелік қызметі.
10. XX ғасырдың аяғындағы адамзат тудырған жалпы мәселелерді шешудегі философияның рөлі.

Әдебиеттер:

- 1.Әбішев Қ. Философия. Студенттер мен аспиранттарға арналған оқулық. Алматы, 2001.
- 2.Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Адамға қарай бет бұрсақ. Оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 1992.
3. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. Алматы. 1999.
- 4.Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері (философия тарихына шолу) - Алматы, 1999

5. Рысқалиев Т.Х. Даналық. Ұлттық энциклопедия "Қазақстан" Т.3. Алматы, 2000
6. Философия. Оқулық (проф. Т.Ғабитовтың ред.) Алматы, 2002.
7. Философиялық сөздік. - Алматы, 1996.

Тақырып №2 Ежелгі Шығыс философиясы.

Сабақтың мақсаты: Ежелгі Шығыс философиясының дүниетанымдық ерекшелігін, кейінгі әлемдік философияның дамуына қосқан үлесін түсіндіру. Ежелгі Шығыс философиясының негізгі бағыттарын, мектептерін ашып көрсету. Ойшылдардың өмірі мен қағидаларын айта отырып, студенттерді адамгершілікке, білімсүйгіштікке тәрбиелеу.

Семинар сабағының жоспары:

1. Ежелгі Қытай философиясының ерекшеліктері.
2. Ежелгі Қытай философиясының негізгі бағыттары мен мектептері. Конфуцийшілдық, даосизм және легистер (заңгерлер).
3. Ведалар және олардың мәні.
4. Жайнизм, буддизм және локаята (чарвака) мектебі.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Ежелгі Қытай философиясының Ежелгі Үнді философиясынан айырмашылығын көрсетіңіз?
2. Ежелгі Қытайдағы философиялық мектептердің ерекшеліктері қандай?
3. Ежелгі Үнді философиясының негізгі мектептерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктері неде?

Негізгі ұғымдар (гlossарий):

"Цзюнь- цзы"- өнеге арқылы әлемдегі тепе-теңдік пен реттіліктің болуына септігін тигізетін "тұрақты", "қалыпты" ,"қайырымды жігіт" деген мағынаны білдіретін Конфуцзы философиясындағы ұғым.

Чжи- парасат-білім, даналық, интеллект.

И- парыз - әділетілік, парыз сезімі, парасаттылық, адалдық. Конфуций философиясындағы іргелі ұғымдардың бірі.

Жэнь- адамгершілік , адам сүйгіштік, қайырымдылық..

Дэ - дао, барлық нәрсенің этикалық себебінің негізін құрайтын көне ұғым.

Дао- жол, барлық нәрселердің негізін білдіретін дүниетанымдық ұғым, әлемдік үйлесімділік.

Инь – Ян - Көне қытай философиясындағы жұптық күйдегі әлемнің қарама-қарсылығын, үйлесімділігін, дамуын бейнелейтін ұғым.

Сансара- жанның бір денеден екінші денеге көшіп жүруі.

Карма - әділ жаза заңдылығы.

Дхарма - Көне үнді философиясындағы адамның әлеуметтік ортадағы әдептілік нормаларын қадағалайтын моральдық заң.

Нирвана - адамның рух еркіндігіне жетуі, түрлі сезімдік күйлерден (құмарлық, ләззат) өзін-өзі ажырата білуі. Көне үнділік діни философиядағы идеал.

Веданта - индуизм негізін құрайтын қуатты әрі әсерлі діни- философиялық жүйе.

Брахман- Көне Үнділік діни философиядағы әлемнің рухани негізін құрайтын таза болмыс, Абсолют.

Локаята- Көне Үнділік философиялық ілім.

Архэ - барлық нәрселердің бастапқы негізін, шынайы өмір сүру мәнін білдіретін ұғым (Анаксимандр термині).

Жағдаяттар:

- 1.Ешқашанда бұл дүниеде өшпенділік өшпенділікпен жойылған жоқ; тек қана өшпенділіктің жоғы оны тоқтатады. Бұл – мәңгілік Дхамма. Бұл Будданың сөзін қалай бағалайсыз?
- 2.Жау жауға не істесе де, жалған бағытпен жіберілген ой одан да жаман істейді.
- 3.Даосизмнің диалектикалық идеялары: Барлық дүние болмыстан туады. Болмыс бейболмыстан туады. Бірдеңені құрту үшін ең алдымен оны гүлдету керек. Біреуден бірдемені алу үшін оған ең алдымен беру керек; Бақытсыздықта бақыт жатыр. Бақытта бақытсыздық бар. Кім оның шекарасын біледі?
- 4.Адамдарды білетін – дана; өзін-өзі білетін – ағарған.
- 5.Аспанның тілегі – адамдар бірін-бірі сүю керек және бір-біріне пайда әкелулері керек (Мо-Цзы).
- 6.Пайда іздегендер адалдықты ұмытады; Ең биік адамды сүюшілік туысқандық байланыстарды ескермейді (Чжуан-Цзы).
- 6.Аспан қарапайым адамдарды елбасы үшін тудырмайды, ол елбасын таққа қарапайым адамдар үшін отырғызады (Сюнь-Цзы).

Мәнжазба тақырыптары

1. Көне қытай философиясының әлемдік мәдениеттегі орны.
- 2.Дао философиясындағы дүниетанымдық тәжірибелер.
3. Моистер.

Тақырып. №3 Антикалық философияның даму кезеңдері, негізгі философиялық мектептер.

Сабақтың мақсаты: Көне Грек философиясының әлемдік философиялық мәдениеттегі орнын, жаратылыстанымдық және қоғамдық ғылымдардың дамуына қосқан үлесін түсіндіру.Антикалық философияның қалыптасу ерекшеліктерін, даму кезеңдерін ашып көрсету. Антика даналығы мен түсінігін түсіндіру.

Семинар сабағының жоспары:

- 1.Антика философиясының қалыптасу ерекшеліктері.
- 2.Антика философиясындағы алғашқы бастама мәселесі. Фалес, Анаксимандр, Анаксимен, Анаксагор, Пифагор, Демокрит.
- 3.Гераклит. Қарама-қарсылық және қалыптасу жөніндегі ілім.
- 4.Элей мектебі. Ксенофан, Парменид, Зенон. Болмыс және болмыс емес. Зенонның апориялары.
- 5.Сократ адам мәні жөнінде. Сократтың әдісі.

6.Платон, Аристотель философиясының мәні.

Бақылауға арналған сұрақтар:

- 1.Аристотельдің ойынша философияның басқа ғылымдардан айырмашылығы неде?
- 2.Левкипп пен Демокриттің философиядағы материалистік бағыттың қосқан үлесі?
- 3.Аристотель философиясындағы болмыс мәселесі?
- 4.Көне грек философиясындағы қозғалыс проблемасы?
- 5.Парменид пен Зенон философиясындағы болмыс түсіндірмесі ?

Негізгі ұғымдар (гlossарий):

Логос- сөз, ой, ақыл- парасат. Гераклит ілімінде бұл ұғым дүниенің даму заңдылығының ретті және қажетті өлшемі, рухани бастауы секілді онтологиялық негізде түсіндірілді. Стоиктерде логос – тек қана онтологиялық бастауғана емес, ақиқат принципі, этикалық норматив.

Эрос- махаббат. Көне Грек философиясында эрос түсінігін алғаш жүйелеген Платонизм. Платонның түсіндіруінше эрос- жоғарғы сезім мен сезім арасын жалғаушы күш, абсолютке жетудің логикалық емес жолы.

Логика- логика, ойлаудың заңдары туралы, логос және оның қозғалысы жөніндегі рефлексия.

Мифос- миф. Философиялық зерттеулердің объектісін құрайтын нәрселердің фантастикалық - поэтикалық түсіндірмелері.

Апория- көне грек философиясында шешуі қиын проблеманы білдіретін ұғым.

Антикалық философияға жалпы сипаттама.

Антикалық философия – бұл ежелгі гректер мен ежелгі римдіктердің VІІ ғ. бастап б.д.д. аралықта қамтитын философия. Антикалық философия Кіші Азия, Жерорта теңізі, Қырым мен Қара теңіз жағалауында, Грекияның өзінде – Афинада, Африка мен Азияның эллинистік мемлекеттерінде, Рим империясындағы гректік полистерінде (сауда-қолөнерлік қала мемлекеттерде) пайда болды. Антикалық философия әлемдік өркениеттің дамуына ерекшеліктер енгізді. Мұнда еуропиялық мәдениет пен өркениет, батыс философиясы мен оның барлық дерлік ізбасарлық мектептердің, идеялары мен ойларының қайнар көздері туды.

Ерекшеліктері Антикалық философия арнайы философиялық зерттеулердің аймағы ретінде емес, математикалық, жаратылыс-ғылыми, саяси ұғымдарды шешу, сондай-ақ мифология мен өнер сияқты ғылыми білімдермен ажырамас байланыста болғандықтан туған. Б.д.д. VІІ-IV ғ.ғ. –да рухани даму мифология және діннен, ғылым мен философияға өтті.

Философиялық көзқарастың негізгі екі түрі – материализм («Демокриттің» бағыты) және идеализм («Платонның» бағыты) пайда болды.

Ойлаудың екі негізгі қарама-қарсы әдісі – диалектика және метафизика пайда болды. Антикалық философия диалектикалық философияның алғашқы тарихи формасы болып табылады.

Мәнжазба тақырыптары

1. Ксенофанның философиялық ойлары.
2. Протагор көзқарастарының философиялық мәні.
3. Эмпедоклдің философиялық қағидалары.
4. Анаксагордың философиялық ойлары.
5. Киниктер философиясының ерекшеліктері.
6. Стоиктер философиясы.

Әдебиеттер:

1. Алтай Ж., Қасабек А., Мұхамбетәли Қ. Философия тарихы. Оқулық. Алматы: Жеті жарғы, 1999 жыл
2. Кішібеков Д. Философия. Оқулық. Алматы: Рауан баспасы, 1991 жыл
3. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. Оқулық. Алматы: 2000 жыл.
4. Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. Оқулық. Алматы: Білім, 2001 жыл
5. Философиялық сөздік. А., 1996.
6. Современная философия: словарь и хрестоматия. Ростов - на- Дону, 1996.
7. Ғабитов Т. Философия. А., 2004.

Тақырып №3 Ортағасырлық мұсылман және христиан философиясы.

Сабақтың мақсаты: Орта ғасырлық мұсылмандық философия ойшылдарының еңбектері мен трактаттарын дүние танымдық және методологиялық тұрғыдан бағалауға, студенттерге пікірталас ретінде мәнін ашуға үйрету. Сонымен бірге түркі суфизмінің ерекшеліктерін ашып көрсету.

Семинар сабағының жоспары:

1. Орта ғасыр философиясының негізгі белгілері мен кезеңдері: апологетика, патристика және схоластика.
2. Орта ғасырлық мұсылмандық философия: Әл - Фараби, Ибн - Сина, Ибн - Рушд.
3. Түркі суфизмінің ерекшеліктері (Қ.А. Яссауи).

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Орта ғасыр философиясы неше кезеңнен тұрады ?.
2. Патристика дегеніміз не?
3. Схоластика дегеніміз не?
4. Реализм бұл қандай ілім?
5. Универсалийдің анықтамасы қандай?
6. Номинализм бұл қандай ілім?
7. Оригеннің адам, жан, рух туралы ілімін қалай түсінесіз?.

- 8.Аврелий Августиннің сенім мен сана гармониясы туралы ілімін қалай түсінесіз?
- 9.Фома Аквинскийдің шынайы ақиқат туралы ілімін.қалай түсінесіз?
- 10.Араб мұсылман философиясының Батыс Европаға тигізген әсері қандай?

Негізгі ұғымдар (гlossарий):

Патристика- I –III ғғ христиан ойшылдарының теологиялық, философиялық және саяси - әлеуметтік доктриналарының жиынтығы.

Схоластика- логикалық мәселеге баса көңіл аударған және теологиямен байланысқан догматтық рациональды әдіске ие діни философияның бір түрі.

Теоцентризм - дүниедегі шынайы ақиқат, дүниенің негізі Құдай болып табылады деп жариялайтын ілім.

Реализм - заттар емес керісінше жалпы ұғымдар универсалийлер шынайы ақиқат өмір сүреді деп көрсететін ілім.

Универсалийлер- заттарға дейін өмір сүреді, олар ақыл – ой, құдай санасындағы идея, осы сананың арқасында заттардың ішкі мәні.

Номинализм- жалпы ұғымдардың онтологиялық мәнін жоққа шығаратын және олар тек қана санада өмір сүреді деп қарайтын философиялық ілім.

Мәнжазба тақырыптары.

- 1.Ф Аквинскийдің іліміндегі құдай идеясын негіздеу.
- 2.П. Абелярдың концептуализмі.
- 3.Орта ғасырлық христиан философиясындағы тұлға мәселесі.
- 4.Орта ғасырлық христиан ойшылдарының философиялық жаңалықтары.
- 5.Орта ғасырлық христиан ойшылдары тарихтың және адам өмірінің мәні туралы.
- 6.Орта ғасырлық христиандық философиясындағы адам және табиғат.

Әдебиеттер:

- 1.История философии /под ред проф В.И. Кирилова. проф С.И.Попова. М.,2001.
- 2.Ж.Алтай. А.Қасабек. Философия тарихы. А.,1999.
- 3.Ж.Алтай. А.Қасабек. Философия және мәдениеттану. А., 1999.
- 4.Сpirкин А. Философия. М., 1999.
- 5.Гайденко П.П. Смирнов Г.А. Западно – европейская философия в средние века. М.,1989.
- 6.Бергсон А. Два источника морали и религии. М.,1992.
- 7.Соколов В.В. История философии. М., 1986.
- 8.Чанышев А. Из истории философии с древнейших времен до наших дней. М.,1998.

Тақырып №4 Қайта Өркендеу дәуірі философиясы .

Сабактың мақсаты: Студенттерге қайта өрлеу дәуірі философиясының ерекшеліктері мен бағыттарын ашып түсіндіру; Негізгі ұғымдардың мазмұнына толық талдау жасау арқылы дүниетаным деңгейін жоғарылату;

Қайта өрлеу дәуірінің әлемдік өркениеттегі орнын анықтай отырып, тарихи маңызын айқындау; студенттерді гуманизм рухында тәрбиелеу.

Семинар сабағының жоспары:

1. Қайта өрлеу дәуірінің негізгі сипаты және оның философияда бейнеленуі.
2. Жаңа космологияның, пантеизмнің, ренессанстық ойлаудың қалыптасуы және оның ерекшеліктері: Н. Кузанский, Э. Роттердамский, Н. Коперник, Г. Галилей, Дж. Бруно.
3. Философия және өнер (М. Монтень, Л. да Винчи).
4. Тарих философиясы, саясат философиясы, әлеуметтік-саяси утопиялар (Н. Макиавелли, Т. Мор, Т. Кампанелла).

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қайта өрлеу дәуірі философиясы мен мәдениетінің ерекше белгілерін атаңыз.
2. Қайта өрлеу дәуірінің гуманистік ойларының негізгі идеялары қандай?
3. Гуманистердің дінге және шіркеуге қатынасын сипаттаңыз.
4. Реформацияның негізгі мазмұны және оның нәтижесі қандай болды?
5. Н. Коперниктің ашқан жаңалығының мәні және оның философиялық ой дамуындағы рөлі қандай?
6. Н. Кузанский мен Дж. Бруноның натурфилософиясын сипаттаңыз.

Негізгі ұғымдар (гlossарий):

Гуманизм - (лат. humanus-иманды)-кең мағынада алғанда, адамның қадір - қасиеті мен құқын құрметтеуді, оның жеке тұлға ретіндегі бағасын, адамның игілігіне, оның жан-жақты дамуына, адам үшін қолайлы қоғамдық өмір жағдайын жасаған қамқорлықты білдіретін көзқарастардың жүйесі; тар мағынада алғанда, қайта өрлеу дәуіріндегі идеялық қозғалыс.

Антропоцентризм- дүниетанымдық айқындама, оған сәйкес адам дегеніміз- әлемнің орталығы және асқар шыңы.

Гелиоцентризм -(гр. gelios-күн)- поляк астрономы Н. Коперник жасаған жүйе, әлемнің орталығы Жер емес, орталық денені Күн деп қарау.

Пантеизм- (гр. pan- бәрі және theos- құдай)- құдай табиғаттан тыс бола алмайды, ол табиғатпен барабар бейқам бастама дейтін философиялық ілім.

Реформация-(лат. resormare-өзгерту, жөндеу)- Еуропада ХҮІғ.-дың І-жартысында протестантизм негізін салған антифеодалдық және антикатоликтік қозғалыс.

Утопия- (гр. u-ештеңе де емес, жоқ; және topos-орын, "еш жерде жоқ орын")-ойдан шығарылған идеалды қоғамдық құрылысты бейнелеу. "Утопия" ұғымын Т. Мор (1516) енгізген.

Ойланыңыз:

1. Фортуна өте мейірбанды адамдардан гөрі, не болса сол болсын деп батыл кірісетін адамдарды сүйеді (Эразм Роттердамский)
2. Менің адалдығым мен сенімділігімнің кепілі-менің кедейлігім. (Н. Макиавелли)

- 3.Қайсыбір философияның бастауында таңғалушылық,дамуында зерттеулер,соңында білместік жатыр.(М.Монтень)
- 4.Сен өздеріңнің қағидаларыңмен Дүниені төңкеріп тастағың келеді,-дейді біреулер.Бірақ төңкеріліп жатқан бұл Дүниені төңкергеннің несі жаман.(Дж.Бруно)
- 5.Адам-көп түрлі өзгеретін табиғаты бар жануар.(Пико делла Мирандолла)
- 6.Қандай қиындық болса да,өмірден бас тартпа.(М.Монтень)
- 7.Білімге деген іңкәрліктен артық батылдық жоқ.(М.Монтень)
- 8.Құдай басқа тіршіліктердің бәрінің бейнесі қалпын шеңберлеп, олардың алатын орнын анқытаған. Тек сен ғана, адам, ешқандай шеңбермен қысылған жоқсың, сондықтан өз бейнеңді өз шешіміңмен анқытай аласың (Пико делла Мирандолла).

Мәнжазба тақырыптары

- 1.Италия гуманистері Данте және Ф.Петрарканың адам мен әлем құрылымын жаңаша түсінуі туралы.
- 2.Н.Макиавеллидің "Государь" атты еңбегінің негізгі идеялары.
- 3.Л.да Винчи шығармашылығы.
- 4.Қайта өрлеу философиясындағы тұлға мәселесі.
- 5.Ренессанс дәуіріндегі өнер мен философияның өзара байланысы.

Әдебиеттер:

- 1.Антология мировой философии. Т.2.- М.,1970
- 2.Бруно Д. Диалоги. М.,1949
- 3.Бруно Д. О героическом энтузиазме. М.,1953
- 4.Виндельбанд В. История древней философии. Киев,1995
- 5.Винчи Л. Избранные естественнонаучные труды. М.,1955
- 6.Горфункель А.Х. Философия эпохи Возрождения. М.,1980
- 7.Данте А. Божественная комедия. М.,1967
- 8.Кампанелла Т. Город Солнца. М.,1954
- 9.Кузанский Н. Соч. в 2-х т. М.,1979
- 10.Мор Т. Утопия. М.,1978
- 11.Монтень М. Опыты. М.-Л.,1957-60
- 12.Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері (Философия тарихына шолу). А.,1999
- 13.Философиялық сөздік. А.,1996

Тақырып 5. Жаңа дәуір философиясы.

Сабақтың мақсаты: Студенттерге жаңа заман философиясының философия тарихында алатын орнын, ерекшелігін ашып көрсету. Осы дәуірде пайда болған бағыттардың негізгі идеяларының мазмұнын ашу. Негізгі терминдер мазмұнын ашып, оларға түсініктеме беру. Сонымен қатар жаңа заман философтарымен жақын танысып, олардың қарастырған проблемаларын зерттеу.

Семинар сабағының жоспары:

- 1.ХҮІІғ. философия және ғылыми революция.
- 2.Метафизикалық онтология: субстанция проблемасы (Р.Декарт, Б.Спиноза, Г.Лейбниц).
- 3.Таным методы проблемасы: эмпиризм және рационализм, материализм және идеализм (Ф.Бэкон, Р.Декарт, Б.Спиноза, Дж.Локк).
- 4.Т. Гоббстың философиясы және әлеуметтік-саяси көзқарастары.

Бақылауға арналған сұрақтар:

- 1.Жаңа заман философиясы дамуының алдыңғы дәуірлердегі философиялардан айырмашылығы қандай?
- 2.Рационализм және эмпиризм ғылыми пікірталасының мағынасы неде?
- 3.«Картезиандық күмандану» идеясы мен Р.Декарттың рационалистік әдісінің мәні неде?
- 4.Спинозаның рационалистік метафизикасының негізгі идеясы неде?
- 5.Теоретикалық ғылымның және философияның мүмкін еместігін түсіндіру үшін Д.Беркли мен Д.Юм қандай аргументтер келтірді?
- 6.Г.Лейбниц монадалогиясы дегеніміз не және оның универсалды әдісінің мағынасы неде?

Негізгі ұғымдар (гlossарий):

Монизм-тек бір ғана алғашқы бастаманы мойындайтын философиялық ағым.

Дуализм-(лат. Dualis-екіжақты)-екі ғана бастаманы (материя және сана) мойындайтын философиялық ағым.

Плюрализм-көп түрлі бастаманы мойындайтын философиялық ағым.

Эмпиризм-танымның қайнар көзі тәжірибеде деп санайтын философияның бір ағымы.

Рационализм-танымның қайнар көзі ақыл-ойда деп санайтын философияның ағымы.

Монада-бірлік. Кең мағынасында космостық немесе индивидуалдық өмір сүрудің бейне бір бөлшегі. (Мысалы, Лейбництің ілімінде немесе теософияда).

Индукция-жеке ұғымнан жалпы ұғымдарға қарай бағыттталып ойқорытынды жасау.

Дедукция-жалпы ұғымдардан жеке ұғымдарға қарай бағыттталып ойқорытынды жасау.

Мәнжазба тақырыптары

- 1.Капитализмнің құрылуы. Жаратылыстану ғылымдарының дамуына деген қажеттілік.
- 2.Ф.Бэкон философиясындағы натуралистік дүниетаным.
- 3.Т.Гоббстың механикалық материализмі.
- 4.Т.Гоббстың мемлекет туралы ілімі.
- 5.Р.Декарт философиясындағы рационализм.
- 6.Дж.Локк сенсуализмі.
- 7.Жаңа заман философиясындағы адам мәселесі.

Әдебиеттер:

- 1.Философия: жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық /Құрастырған Т.Ғабитов. – А.: Раритет, 2004.
- 2.Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. – А.: «Білім», 2001. Философия в схемах и таблицах: Учебное пособие для вузов /С.Р.Аблеев. – М.: Высшая школа, 2004.
- 3.Философия тарихы: Оқулық. /Ж.Алтай, А.Қасабек, Қ.Мұхамбетәли. – А.: Жеті жарғы, 1999.
- 4.Краткий философский словарь. Под редакцией А.П.Алексеева. Издание 2-е, переработанное и дополненное. – ПБОЮЛ, М.А.Захаров, 2001.
- 5.Соколов В.В. Европейская философия.ХУ-ХУІІІ вв. М., 1996.
- 6.Рассел Б. Спиноза Б. Избранные. Минск «Попури», 1999.
- 7.Мудрость Запада. М., 1998.

Тақырып 7. Классикалық неміс философиясы.

Сабақтың мақсаты: Студенттерге немістің классикалық философиясының ерекшеліктері мен тарихи маңызын түсіндіру. Неміс философиясын Батыстағы идеалистік философиясының ең жоғарғы сатысы ретінде сипаттау. Неміс философиясының, соның ішінде И.Канттың, Г.Гегельдің Л.Фейербахтың философиялық ілімдерінің ішкі қайшылығын, консервативтік және прогрессивтік жақтарын ашу;

Кешегі Кеңес дәуірінде И.Кант ілімінің лайықты бағасын ала алмағанын, теріске шығарылып келгенін ескере отырып, оның құнды, жаңашыл қағидалары мен идеяларына баса көңіл бөлу; студенттерге философияда Кант жасаған "коперниктік төңкерістің" мәнін түсіндіру;

Студенттерге Г.Гегельдің ілімін батыстағы классикалық шынайы философияның үлгісі ретінде таныстыру, Гегель негіздеген объективтік идеализмнің нақты шындыққа жақындығын көрсету. Гегель философияның ғылыммен, дінмен, өнермен, тарихпен, құқықпен, саясатпен байланысы қандай болатынын, қандай болуы керектігін көрсетті. Гегель ілімінде философия теориялық пайымдау, ғылым дәрежесіне көтерілді. Гегель негізін қалаған идеалистік диалектиканың мәні мен маңызын және сыңаржақтылығын студенттерге түсіндіру;

Л.Фейербахтың өзінің ұстазы Гегельдің ілімін және христиан дінін қатал сынауының мәнісін ашу. Фейербах философиясының антропологиялық бағытын түсіндіру;

Семинар сабағының жоспары:

1. ХУІІІ-дың 2 жартысындағы және ХІХ ғасырдың 1 жартысындағы неміс философиясының классикалық сипаты.
2. Неміс философиясының негізін қалаушы И.Канттың өмірі мен шығармашылық қызметі.
3. И.Канттың философияда жасаған "коперниктік төңкерісі.
4. Г.Гегельдің идеалистік жүйесі.
5. Г.Гегельдің диалектикалық тәсілі.

6. Л.Фейербахтың идеалистік философия мен дінді сынауы.
7. Л.Фейербах философиясының антропологиялық сипаты.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. "Сыни" кезеңге дейін И.Кант қандай мәселелермен көбірек айналысты?
2. Канттың философияда жасаған "коперниктің төңкерісінің" мәнісі неде?
3. "Өзіндік зат" деген Канттың ұғымы нені аңғартады?
4. Канттың этикасының басты қағидалары.
5. Канттың "Антропологиясының" негізгі сұрақтарын талда.
6. Немістің классикалық философиясындағы И.Фихтенің орны қандай?
7. Ф.Шеллингтің қандай идеялары дүниенің қазіргі ғылыми көрінісіне сай келеді?
8. Г.Гегельдің философиялық идеяларының жаңашылдығы неде?
9. Гегель тарихты қандай позиция тұрғысынан түсіндіреді?
10. Гегельдің: "Шындықтың бәрі ақылға сыйымды, ақылға сыйымдының бәрі шындық" деген қағидасын түсіндір.
11. Маркс пен Энгельс Гегель ілімінің "рациональдық дәні" неде деп білді?
12. Л.Фейербах діннің мәнін қалай түсінеді?

Негізгі ұғымдар (гlossарий):

Классикалық философия- философиялық пайымдаулардың үлгісі болып табылатын, философияның барлық білімдері мен бағыттары, принциптері мен категориялары жүйелі түрде қарастырылған және негізделген, әлемдік философияға оңтайлы ықпал етіп келе жатқан философия.

Субъективтік идеализм- сыртқы дүниенің, оның қасиеттері мен қатынастарының адам санасына, субъектіге, "Менге" тәуелді екенін паш етеді.

Объективтік идеализм- идеяның, зерденің, рухтың яғни рухани бастаманың материядан ғана емес, адам санасынан да тәуелсіз екендігін паш етеді.

Диалектика- (грек. диалогос - әңгіме өткізу) алғашқыда, Сократ тұсында әңгімелесу, пікір алмасу өнері, кейін неміс философиясында даму теориясы және даму процесін қарастыру тәсілі, объективтік дүние мен танымның қалыптасуы және дамуы, жалпы заңды байланыстары жөніндегі ілім.

Идеалистік диалектика- Гегель негізін қалаған рухани бастаманың (идеяның, зерденің, рухтың) сыртқы әсерге тәуелсіз өздігінен дамуы жөніндегі ілім.

Материалистік диалектика- Маркс негіздеген табиғаттың, қоғамның және адамзат танымның дамуы жөніндегі ілім.

Объективтік диалектика- "заттар диалектикасы" (Ленин), объективтік дүниенің қозғалысы және дамуы.

Субъективтік диалектика- "ұғымдар диалектикасы" (Ленин) ұғымдардың, ойлаудың, танымның дамуы.

"Өзіндік зат"- Кант іліміндегі санадан тыс және санаға тәуелсіз өмір сүретін, субъектпен қарым-қатынасқа енбеген, сондықтан танылмаған зат жөніндегі ұғым.

Агностицизм- (грек. агностос - танылмайтын) - ғылым және өмір тәжірибесінде кездеспейтін затты тану мүмкіндігін жоққа шығаратын ілім.

Априоризм- (лат. - а priori - бұрынғыдан) - тәжірибеден тыс және тәуелсіз пайда болатын білім жөніндегі Кант ілімі.

Категориялық императив- Кант ұсынған адамгершілік заңы: сен өзіңе басқаның қиянат жасағанын қаламасаң, сен де басқаға қиянат жасама.

Субъект және объект- немістің классикалық философиясында негізделген таным мен практикалық іс-әрекеттің субъекті мен объекті бейнелейтін ұғымдар.

Рух- идеальдық құбылыстар (тіл, адамгершілік, идеология, саясат, дін, өнер, философия т.б.) комплексін бейнелейтін ұғым.

Әлемдік рух- тұтас дүниенің негізі және жаратушысы болып табылатын объективтік идеалдық бастаманы бейнелейтін Гегель философиясының ұғымы.

Феноменология- (грек. фαιнеменон - пайда болатын) - Гегель философиясында сананың, рухтың қалыптасып, дамып жетілуі. Гегельдің "Рух феноменологиясын" Маркс "Гегель философиясының түпкі мәні және құпиясы" деп атады

Жаттану (жатсыну) - Гегель ілімінде әлемдік рухтың даму барысында өзінің қарама-қарсылығына, табиғатқа айналуы, басқа болмысты құруы.

Антропологиялық принцип- Фейербахтың пікірінше, адамды бетке ұстайтын жаңа философияны - адам философиясын құруға мүмкіндік береді.

Мәнжазба тақырыптары

- 1.Немістің классикалық философиясының қалыптасуының тарихи жағдайлары.
- 2.Канттың өмірі мен шығармашылық қызметі.
- 3.Кант - жаратылыстанушы - ғалым.
- 4.Кант ойшыл ретінде.
- 5.Кант антропологиясының басты сұрақтары.
- 6.И.Г.Фихте тұлғасы.
- 7.Ф.В.И.Шеллингтің натурфилософиясы.
- 8.Г.Гегельдің "Абстракты ойлайтын кім?" деген еңбегі.
- 9.Гегельдің "Рух феноменологиясындағы" еңбек мәселесі.
- 10.Гегель диалектикасының тарихи маңызы.
- 11.Гегельдің тарихты идеалистік тұрғыдан түсінуі.
- 12.Гегель және Маркс: олардың ілімдерінің бірлігі және қарама-қарсылығы.
- 13.Немістің классикалық философиясының тарихи маңызы.

14.Маркс пен Энгельстің Гегельге қатынасы (Ф.Энгельстің "Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры" деген еңбегі бойынша).

15.Маркс пен Энгельстің Фейербахқа қатынасы (Ф.Энгельстің "Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры" еңбегі бойынша).

Әдебиеттер:

- 1.Алтай Ж., Қасабек А. Философия тарихы. Алматы, 1999
- 2.Әбішев Қ, Әбжанов Т. Философия тарихындағы таным теориясы және метод проблемасы. Алматы 1990.
- 3.Нысанбаев Ә, Әбжанов Т. Ой. Ақыл. Адамгершілік. Алматы, 1994.
- 4.Нысанбаев Ә, Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. Алматы. 1999.
- 5.Кант И, Гегель Г.В.Ф., Шеллинг Ф.В.И. Немецкая классическая философия Т.1. М., 2000 (серия "Антология мысли").
- 6.Фихте И.Г., Шопенгауэр А. Немецкая классическая философия Т.2. М., 2000 (серия "Антология мысли").
- 7.Гулыга А.В. Кант М., 1981 ("ЖЗЛ")
- 8.Гулыга А.В. Шеллинг М., 1984 ("ЖЗЛ")
- 9.Гулыга А.В. Гегель М., 1970 ("ЖЗЛ")
- 10.Гулыга А.В. Немецкая классическая философия 2-изд. М., 2001.
- 11.Ж.Абдильдин Диалектика Канта// Ж. Абдильдин Собр. соч. в 5 т. Т.Ү, Алматы, 2001.
- 12.Ф. Энгельс. Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры. Алматы, 1986.
- 13.Философия. Оқулық (проф. Т. Ғабитовтың ред.)
- 14.Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері (философия тарихына шолу). Алматы, 1999.
- 15.Рысқалиев Т.Х. Гегель. Ұлттық энциклопедия "Қазақстан" Т.2. Алматы, 1999.

Тақырып 8. XVIII ғ соңы -XXI ғ. басындағы Батыс Европа философия.

Сабақтың мақсаты: XIX ғ. ортасында және екінші жартысында марксизмнің, XX-ғ. бірінші жартысында экзистенциализмнің пайда болуының әлеуметтік-тарихи және философиялық-теориялық алғышарттарын ұғыну; маркстік философияның әлеуметтік ойлаудың басқа ағымдары мен бағыттарынан ең басты, принципті айырмашылықтарын түсіну; экзистенциализмнің неліктен "дағдарыс философиясы" деп аталатындығын және оның батыс қоғамында 20-ғ. тек қана философиялық қауымдастық арасында емес, жалпы зиялы-рухани өмірде кең тарағанын ашу. XX-ғ. батыс қоғамының әлеуметтік-тарихи және рухани дамуының ерекшеліктерін, олардың философияда бейнеленуін қарастыру; ең белгілі бағыттар - неопозитивизмнің формаларын, неотомизм мен герменевтиканы талдау, және алғышарттарын ашу.

Семинар сабағының жоспары:

1. XX-ғ. ортасындағы және екінші жартысындағы қоғамның әлеуметтік - тарихи дамуындағы ерекшеліктер мен қайшылықтардың философияда бейнеленуі.
2. Неопозитивизм мен рационализмнің түрлері.
3. Неотомизм - Батыс діни философияның негізгі бағыты.
4. Герменевтика және оның негізгі мәселелері.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Махизм "позитивизмнің екінші түрі" деп неліктен аталады?
2. Махизм сонымен қатар "Эмпириокритицизм" деп неліктен аталады?
3. "Вена үйірмесінің" басты өкілдерін атаңыз.
4. Ғылым философиясының басты мақсатын постпозитивизм нендей мәселе деп жариялады?
5. "Герменевтика" сөзі қайдан шыққан? Этимологиясын табыңыз.
6. Қазіргі діни философияда қандай бағыттар бар?
7. Неотомизмнің орталық идеясы - "сенім мен парасаттың үйлесімділік принципі" - нің мәні неде?
8. Лингвистикалық философия дегеніміз не?
9. Прагматизм бойынша ақиқаттың критерийі неде?

Негізгі ұғымдар (гlossарий):

Неокантиандық- XIX-ғ. 60-жылдарында Германияда, материализм мен позитивизмге қарсы жауап ретінде пайда болған философиялық бағыт. Ол. И. Канттың іліміне сүйене отырып, саяси-этикалық, методологиялық, логикалық-гносеологиялық мәселелерді шешуге тырысу болды.

Сондықтан да осы бағыттың осылай аталуы.

"Кантқа қайта оралу!" - неокантиандықтың бастаушыларының бірі - О.Либманның "Кант және эпигондар" атты кітабында ұсынған ұраны.

"Баден мектебі"- неокантиандықтың ішкі баағыттарының бірі. Оның өкілдеріне (В.Виндельбанд, Г.Риккерт т.б.) канттық "өзіндік нәрсе" ұғымынан бас тартып, кез келген нәрсенің болмысын санадағы болмысы ретінде қарастыру тән. Сонымен қатар бұл бағыттың танымның нәтижесі - эмбебап, қажетті, трансценденталды білім деп санап, субъективизмді де терістейді. Баден мектебі М.Вебердің әлеуметтануына әсерін тигізді.

Марбург мектебі- батыстық философиядағы 19-ғ. соңғы үштігінде, 20-ғ. бірінші үштігінде пайда болған бағыт. Негізгі өкілдері - Г.Коген, П.Наторп, Э.Кассирер. Бұл мектеп канттық философияны априорлық (тәжірибеден бұрынғы) түрлер арқылы мәдениетті, ғылымды, құлықтылықты, өнерді, дінді құрастыру туралы ілім деп қарастырған. Канттық "өзіндегі нәрсенің" парасатты мағынасының бар екендігін терістей отырып, бұл мектептің өкілдері таным процесінде априорлық формаларды қолданудың объективті негізін табуға ұмтылған.

Экзистенция- адамдық "Мен" - нің орталық ядросын нақтылы, қайталанбас жеке тұлға ретінде белгілейтін экзистенциализм философиясының негізгі ұғымдарының бірі. Экзистенция субъект пен объектінің бөлінбес тұтастығын көрсетеді. Осы тұрғыдан ол рационалды ойлаудың субъект пен объектіні бір біріне қарсы қою әдісіне қарсы шығады. Адам өзін экзистенция ретінде өлім алдында, науқастанғанда, апатқа ұшырағанда, жалпы және ең алдымен "шекаралық жағдайларда" сезінеді.

"Шекаралық жағдай"- К.Ясперстің енгізген ұғымы. Ол адам үшін ерекше маңызды кезеңдерді - өлім мен өмір арасында, адам өзін өзі ретінде сезінгенде, жоғары болмыспен жанасқандағы жағдайды белгілейді. Ясперс бойынша, адам өзін экзистенция ретінде "Мен" ретінде атап айтқанда дәл осы жағдайларда ғана аша алады.

"Өзі-үшін-болмыс"- Ж.-П. Сартр философиясының орталық ұғымы. Ол адам үшін жоғары реалдылықты, ең алдымен оның өзінің ішкі дүниесінің басымдығын белгілейді. Дегенмен, адам өзіне тек қана "өзге -үшін-болмыс" арқылы сезіне алады, яғни, адам үшін басқа адамдармен әртүрлі қатынастардың экзистенциалдық маңызы бар.

"Das Man"- М.Хайдеггер философиясының басты ұғымдарының бірі. Ол адам болмысының шынайы еместігін, орталанғандығын, жекесіздігін көрсетеді.

Сандырақ- А.Камю бойынша, адам өмірі - оны күнделікті күйбең тұрғысына да, оның дүниедегі орны тұрғысынан да қарастырсақ та, сандырақ мағынасыз.

Неотомизм- ортағасырлық философ Фома Аквинскийдің іліміне негізделген қазіргі уақыттағы теологиялық философияның ең беделді бағыты.

Неотомизм материя мен идеяның, танымның эмпириялық пен рационалдық түрлерінің қайшылықтарынан жоғары көтерілуге тырысады. Неотомизмнің мақсаты неотомизмді қазіргі жағдайларға бейімдеу, қарапайым адамдар мүддесіне, қоғам дамуының өзекті мәселелеріне бет бұру. Негізгі идеялары: дүниені құдай жаратқан (креационизм), мән мен өмір сүру бір-бірінен бөлек (эссенция және экзистенция), құдайлардың мәні мен өмір сүруінің бірлігі, адамның құдай тәріздестігі, адамдағы материалды және рухани субстанция бірлікте. Неотомизмнің басты принципі: "сенім мен парасат үйлесімділігі"; Басты Өкілдері: Э. Жильсон, Ж.Маритен, Ю.Бохенский, Рим Папасы Иоанн Павел II.

Креационизм- дүниені құдай жаратқандығы туралы ілім. Оның түбірі - ежелгі мифтер. Креационизмді иудаизм, христиандық, ислам қолдайды.

Персонализм- жеке тұлғаны мәдениеттің жоғары құндылығы, ал дүниені - тұлғалық шығармашылық белсенділіктің көрінісі ретінде қарастырған қазіргі философия бағыты. Персонализм жеке тұлғаны бүтіндік және жоғары мәдени құндылық ретінде қарастырып, адамға прагматикалық көзқарасты терістейді. Қазіргі персонализм - экзистенциализмнің, марксизмнің, христиандық антропологияның әртүрлі қағидаларының күрделі жиынтығы. Орталық ұғым "жеке тұлға" бірегей, қайталанбас субъективтік, адамзат тарихының критеріі және мақсаты ретінде қарастырылады.

Неопозитивизм- О.Конт пен Дж. С.Мильдің классикалық позитивизмінің жалғасы және қазіргі түрі. Оның негізінде позитивті ғылымның құндылығына сенумен қатар жаңа тенденциялар, атап айтқанда, ғылыми танымның логикасына қызығушылық та бар. Неопозитивизмді аналитикалық философия деп жиі атайды. Негізгі өкілдері - Р.Карнап, Б.Рассел, М.Шлик т.б. Неопозитивизмнің өкілдері ғылымды философияға қарсы қойып, дәстүрлі философиялық мәселелерді мағынасыз, жалған деп санап, тек арнайы ғылыми білім ғана шынайы білім болуы мүмкін деп есептеген.

Фальсификация принципі- теорияның жалғандығын эксперимент нәтижесінде немесе теориялық талдау арқылы тексеру. Бұл принципті ғылыми айналымға енгізген К.Поппер. Фальсификация принципі бойынша, ғылыми теория болып тек қана принципті түрде терістелетін, өзінің жалғандығын дәлелдей алатын теория саналады.

Верификация принципі- теорияның растығын оны шындықтың фактілерімен салыстыру арқылы тексеру. Сезімдік, эмпириялық тексеруге келмейтін теориялар немесе гипотезалар ғылыми мағынасыз болып саналады. Фальсификация принципі сияқты, бұл принципті де неопозитивизм ұсынған.

Структурализм- структуралық (құрылымдық) әдісті қолданумен байланысты ғылыми және философиялық идеялар жиынтығы. 20-ғ. 20-жылдарында пайда болып, 60-жылдары кең тарады. Өкілдері: Леви-Стросс, М.Фуко, Ж.Деррида, т.б. Структуралық әдістің негізін структура (құрылым) ұғымы құрайды, яғни белгілі жүйенің ішкі элементтерінің өзгермейтін, тұрақты қатынастарының жиынтығы. Сондықтан да басты назар жүйенің элементтері мен олардың қасиеттеріне емес, элементтер арасындағы қатынасқа аударылады. Әдіс ретінде структурализм көптеген әлеуметтік – гуманитарлық пәндерде қолданылады.

Герменевтика- түсіндіру, өзінше пайымдау теориясымен практикасын зерттейтін қазіргі философияның негізгі бағыттарының бірі. Осы бағыттың негізін салушы Г.Гадамердің пікірі бойынша, герменевтика - гуманитарлық ғылымдардың методологиясы, онтологиясы және философиялық ойлаудың әмбебап тәсілі. Герменевтиканың басты мәселелері - түсінуге қалай болады?" "болмыс қалай құрылған?" "түсінудің мәні неде?".

Герменевтиканың зерттеу нәрсесі әдетте мәтін (текст), бұл жерде мәтін кең мағынада қарастырылады: тек әртүрлі философиялық немесе басқа шығармалардың сөзбе-сөз мәтіні ғана емес, адам тәжірибесінің барлық жиынтығы, адамның барлық тарихы.

Герменевтикалық шеңбер- қазіргі герменевтиканың негізгі ұғымдарының бірі. Ол бүтін мен бөлшек диалектикасына негізделген мәтінді түсіну принциптерін белгілейді. Түсіну жеке бөлшектерді түсінуден тұрады. Ал жеке бөлшектерді түсіну үшін бүтінді алдын-ала түсіну қажет.

Деконструкция- франциялық философ Ж.Деррида ұсынған термин. Оның мағынасы: гуманитарлық мәдениеттің әртүрлі мәтіндерін аналитикалық

бөлшектеу, олардағы тіректік ұғымдарды анықтау, сонымен қатар өткен мәдени дәуірлердің метафоралық қабаттарын табу.

Мәнжазба тақырыптары

- 1.Махизм (эмпириокритицизм) позитивизмнің екінші түрі ретінде.
- 2.Пьер Тейяр де Шарден және оның ілімі.
- 3.Бостандық теологиясы католиктік діни философияның латынамерикалық варианты ретінде.
- 4.Прагматизм, оның негізгі өкілдері мен басты идеялары.

Әдебиеттер:

- 1.Витгенштейн Л. Логико-философский трактат. М., 1958.
- 2.Гадамер Г.Г. Истина и метод. М., 1992.
- 3.Джемс В. Прагматизм. СПб., 1910.
- 4.Дильтей В. Описательная психология. М., 1924.
- 5.Кассирер Э. Познание и действительность. СПб, 1912.
- 6.Конт.О. Курс позитивной философии. Т.1.СПБ.,1900.
- 7.Леви-Стросс К. Структурная антопология. М., 1973.

Тақырып 9. Қазақ философиясы: тарих және қазіргі заман.

Сабақтың мақсаты: Қазақ философиясының ерекшеліктерін даналық пен түсінік тұрғысынан анықтау, оның мазмұны мен сыр-сипатын ашу, XV – XX ғ. қазақ философиясының даму тарихынан хабардар ету.Студенттердің ой өрісін, дүниетанымын кеңейту, халық даналығынан сусындату.Қазақ ойшылдарының шешендік сөздері мен өсиеттерін тағылым ете отырып, гуманизм рухында тәрбиелеу.

Семинар сабағының жоспары:

- 1.Қазақ философиясының ерекшеліктері.
- 2.Ақын – жырау және билер даналығы мен түсінігі.
- 3.Қазақ ойшылдарының шешендік өнері.
- 4.Қазақ ағартушы – ойшылдары: Ш.Уәлиханов және Ы. Алтынсарин.
- 5.Абай Құнанбаев, оның қазақ философиясы тарихындағы ролі мен орны.
- 6.ХХ ғ. басындағы қазақ философиясы.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қазақ философиясының қандай ерекшеліктері бар?
2. Қазақ философиясындағы экзистенциалдық дегенді қалай түсінесіз?
3. Қазақ философиясы бастауын қайдан алады?
4. Қазақ қоғамындағы ақын – жырау, би – шешендердің орны қандай болды?
5. Билер философиясы жөнінде не білесіз?
6. Ағартушылық философиясының мәні неде?
7. Ш. Құдайбердиевтің қазақ философиясындағы орны қандай?

8. Абай дүниетанымының өзегі мен қайнар көздері.
9. “Үш анық” еңбегінің философиялық маңызы.

Негізгі ұғымдар (гlossарий):

Даналық- философия мен адамды жақындастыратын қажетті буын, олардың арасындағы рухани көпір (Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері / Философия тарихына шолу / Алматы, 1999).

Экзистенциалдық– (лат.өмір сүру, тіршілік ету деген сөзден шыққан) қазақ философиясының бір ерекшелігі. Қазақ дүниетанымында өмірдің мәні, өмір мен өлім, адам болмысы т.б. экзистенциалдық ұғымдарға терең мән беріледі.

“Көшпенділер философы” - Ш. Уәлиханов Асан Қайғыны осылай атаған. Толық аты - Хасен Сәбитұлы (XV ғ) аңыз кейіпкеріне айналған өз заманының асқан ойшылы.

“Мен”- философиялық позиция. Қазақ философиясында билер мен шешендердің, ақын – жыраулардың өз атынан сөйлеп, өз ойын, түсінігін “Менін” паш ете отырып, өздерін ақыл – ойдың субъектісі ретінде көрсетуі.

Жалған дүние– қазақ ойының философиялық сипатын аша түсетін экзистенциалдық ұғымдардың бірі. Бәрі өткінші, дүние бір күйде тұрмайды. Орыс әдебиетінде, “Тауратта” ”суета сует” деген осы қазақ ұғымына балама болып келетін сөз бар.

Жарық дүние– қазақтың дүниеге көзқарасының оптимистік сыңайын танытатын ұғым. Бір жағынан, бүкіл әлемді бейнелесе, екінші жағынан, адам әлемін, адамның туғаннан өлгенге дейінгі тіршілігін аңғартады.

Тәуба– философиялық ұғым, ол қандай да бір құбылыстың рухани өлшемі.

Ағартушылық– XIX ғ. бірінші жартысы мен XX ғ. басында қоғамдық сананың дамуында жетекші роль атқарған ой.

“Толық адам”– Абай, Шәкәрім, Иассауи философиясында тұжырымдалған жетілген адам (араб тіліне аударғанда ал – инсан ал – камил, жәуанмәртлік).

“Адам бол!” – Абайдың этикалық – гуманистік принципі.

“Мен” және “менікі” - Абай философиясындағы экзистенциалдық ұғымдар (тән мен жан, рух).

Мәнжазба тақырыптары

- 1.Қазақ философиясының қалыптасуының тарихи, әлеуметтік – мәдени алғышарттары.
- 2.Жеті жарғы және қазақ қоғамының құқықтық негіздері.
- 3.Қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі дүние туралы түсінігі.
- 4.Асан Қайғы шығармашылығындағы экзистенциалдық сарын.
- 5.Бұқар жырау шығармашылығындағы әлемді түсіну.
- 6.Зар заман ақындарының әлеуметтік философиясы.
- 7.Махамбеттің “Мен” позициясы.
- 8.Абай шығармашылығындағы гуманизм.
- 9.Ә. Бөкейхановтың философиялық идеялары.

- 10.М. Дулатовтың әлеуметтік – антропологиялық ойлары.
- 11.М. Жұмабаевтың шығармашылығындағы экзистенциалдық мәселелер.
- 12.М. Әуезовтің философиялық көзқарастары.
- 13.Ш. Құдайбердиев философиясындағы сенім және парасат мәселесі.
- 14.Ш. Құдайбердиевтің ар ілімі.

Әдебиеттер:

- 1.Абай. Шығ. жинағы .Алматы, 1995
- 2.Алтынсарин Ы. Мұсылманшылық тұтқасы. Алматы, 1991
- 3.Ахан Бекжан. Билердің дүниетанымы. Алматы ,2000
- 4.Әуезов М. Шығармалар жинағы. Т.14-15. Алматы ,1974
- 5.Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы ,1991
- 6.Бес ғасыр жырлайды.2 томдық. Алматы,. 1989
- 7.Бөкейханов Ә.Таңдамалы. Алматы, 1995
- 8.Даланың дара ділмарлары. Алматы, 2003
- 9.Досмұхамедов Х.Аламан. Алматы ,1991
- 10.Дулатов М.Шығармалары. Алматы ,1991
- 11.Есімов Ғ. Хакім Абай. Алматы ,1994
- 12.Есім Ғ. Сана болмысы (саясат пен мәдениет туралы ойлар). кітап,(екінші басылым). Алматы,1992
- 13.Жұмабаев М.Таңдамалы. Алматы,1992
- 14.Қазақ. Бас ред. Ә.Нысанбаев.Құрастырған Ү.Сұбханбердина және т.б. Алматы,1998
- 15.Қазақ даласының ойшылдары IX-XIIғ.Қорқыт,
- 16.Әл-Фараби,Ж.Баласағұн,М.Қашқари,Қ.А.Иассауи. Алматы,1995
- 17.Қасабеков А., Алтаев Ж. Қазақ философиясы.Алматы,1996
- 18.Құдайбердиев Ш. Шығармалары.Алматы,1988
- 19.Рысқалиев Т.Х.Даналық пен түсініктің үлгілері. Алматы,1999
- 20.Сегізбаев О.А. Казахская философия XV начала XX века. Алматы,1996
- 21.Нұрланова К. Человек и мир:казахская национальная идея.Алматы,1994
- 22.Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы.Алматы,1996.

Тақырып 10. Философиядағы «болмыс» және «сана» ұғымдары.

Сабақтың мақсаты: Студенттерге болмыс және материя философиялық ұғымдарының методологиялық мәнін түсіндіру. Қозғалыс пен тыныштық арасындағы байланысты анықтау. Кеңістік пен уақыттың материяның өмір сүру формалары ретінде болатындығын, олардың арасындағы диалектикалық байланысты көрсету.

Адамның өмір сүру тәсілі, рухани бағдарын анықтау мен дүниені өзгерту құралы ретінде сана ұғымының мәнін жан- жақты ашып түсіндіру. Оның пайда болуын, қоғамдық тарихи мәнін зерделеу арқылы студенттердің дүниетаным деңгейін көтеру.

Семинар сабағының жоспары:

- 1.Болмыстың философиялық түсінігі
- 2.Материяның ғылыми-философиялық ұғымының қалыптасуы
- 3.Материяның және қозғалыстың бірлігі. Қозғалыс пен тыныштық ара-қатынастары
- 4.Кеңістік және уақыт материяның өмір сүру формалары ретінде
- 5.Бейнелеу материяның жалпыға ортақ қасиеті ретінде.
- 6.Сананың пайда болуы. Сананың қоғамдық - тарихи мәні.
- 7.Идеалдылық пен материалдық мәселесі. Гнесеологиялық образ.
- 8.Өзіндік сана және адамның әлеуметтік белсенділігі.

Бақылауға арналған сұрақтар:

- 1.Философия тарихындағы болмыс категориясы
- 2.Адам болмысы. Адам болмысының ерекшеліктері
- 3.Философия тарихындағы материя ұғымының қалыптасуы
- 4.Қозғалыс пен тыныштықтың диалектикалық қатынасы
- 5.Материяның кеңістіктік - уақыттық қасиеттерін зерттеудегі философияның және жаратылыстанудың байланысы
- 6.Философия тарихындағы сана проблемасын қалай түсінесіз?.
- 7.Нақты ғылымдардағы сана проблемасын түсіндірініз?
- 8.Сананың қалыптасуы жөнінде қандай гипотезалар бар?
- 9.Бейсаналық проблемасын қалай түсінесіз ?
- 10.Адамдар әрдайым саналы іс - әрекет жасай ма?
- 11.Тіл мен сананың байланысы қандай?

Негізгі ұғымдар (гlossарий):

Болмыс- бұл өмір сүретін нәрселердің барлығы

Материя - бұл адамзат санасынан тыс өмір сүріп, санада бейнеленетін объективті реалдылық..

Қозғалыс- бұл жалпы алғандағы барлық өзгеріс. Қозғалыс абсолютті.

Тыныштық– бұл қозғалыстың бір формасы. Тыныштық салыстырмалы

Кеңістік– бұл бір уақытта өмір сүретін объектілердің орналасу тәртібін білдіретін, материя өмір сүруінің объективті жалпы формасы.

Уақыт – бұл болмыстың ұзақтығын және объектілер жағдайының бір – бірін алмастыруының жалғасымдылығын білдіретін, материя өмір сүруінің объективті жалпы формасы

Сана - субъективтік реалдылық, шындықты мақсатты бейнелеу, адам миының тілмен байланысты функциясы.

Гилозоизм-(гр.hyle және zoe - зат және өмір) - материяның әмбебап тіршілігі туралы философиялық ілім.

Солипсизм-(лат. solus - жалғыз, дара және ipse - өзі) - тек адам және оның санасы ғана өмір сүреді, ол объективті дүние, оның ішінде адамдарда , жеке адам санасында ғана өмір сүреді дейтін субъективтік- идеалистік теория.

Панпсихизм-(гр.pan - барлығы және psyche- жан) - барлық табиғатқа жандылық, психика тән делінетін идеалистік көзқарас , анимизмнің философиялық тұрғыдан айтылуы.

Өзіндік сана - адамның өзін- өзі объективті дүниеден бөлуі, өзінің дүние мен қатынасын, өзінің істерін, әрекеттерін, ойлары мен сезімдерін, тілектері мен мүдделерін, өзін тұлға деп ұғынуы және бағалауы.

Қоғамдық сана - тарихи процестің рухани жағы. Тарих жинақтаған ілім, саяси және құқықтық идеялар, өнер жетістіктері, мораль, дін және қоғамдық психология тұтас қоғамдық санаға кіреді.

Мәнжазба тақырыптары

- 1.Болмыс ұғымы. Болмыстың формалары және олардың ерекшеліктері
- 2.Қазіргі ғылымдағы материяның шексіздігі проблемасы
- 3.Болмыс, субстанция, материя категориялары. Философиялық танымдағы олардың мәні және алатын орны
- 4.XIXғ. соңы – XXғ. басындағы жаратылыстану ғылымындағы төңкерістердің мәні және жаратылыстанудағы философиялық негіздемелердің дағдарысы
- 5.Арнаулы ғылымдардағы кеңістік және уақыт концепцияларының философиялық мазмұны
- 6.Бейнелеу - материяның жалпы қасиеті ретінде.
- 7.Адамның санасы мен оның әлеуметтік негізі.
- 8.Сананың физиологиялық механизмі.
- 9.Сананың қалыптасуындағы еңбектің ролі.
- 10.Қоғамдық сана мен қоғамдық психология.
- 11.Қоғамдық сана мен жеке сана, олардың өзара байланысы.
- 12.Иллюзиялық сана феномені.
- 13.Сананың шығармашылық белсенділігі.
- 14.Тіл - ой қызметінің материалды формасы.

Әдебиеттер:

- 1.Диалектическая логика. Т.2. – А.,1987.
- 2.Доброхотов А.Л. Категория бытия в классической западноевропейской философии. – М.,1986.
- 3.Какабадзе З.М. Проблема человеческого бытия. Тбилиси – 1986.
- 4.Хайдеггер М. Время и бытие. – М.,1993.
- 5.Ленин В.И. Материализм и эмпириокритицизм. Т.18.
- 6.Әбішев Қ. Философия. – А.,1997.
- 7.Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. – А.:»Білім»,2001.
- 8.Ахундов М.Д. Концепция пространства и времени: истоки, эволюция, перспективы. М.,1982.
- 9.Рычков А.К., Яшин Б.Л., Философия: 100 вопросов – 100 ответов: Учеб. пособие для студ. вузов. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2002.
- 10.Мартынов М.И. Философия: вопросы и ответы /Мартынов М.И., Кравченко Л.Г., Киселева С.А. – Изд. 2 – ое, стер. – Мн.:»ТетраСистемс»,2002.

Тақырып 12. Таным туралы ілім. Ғылыми танымның ерекшелігі.

Сабақтың мақсаты: Студенттерге философиядағы таным проблемасының қалыптасу үрдісін және танымның негізгі формалары мен категорияларынның ішкі диалектикалық байланысын түсіндіру.

Семинар сабағының жоспары:

- 1.Таным шындықты бейнелеу формасы. Танымның объектісі және субъектісі.
- 2.Ақиқат ұғымы. Ақиқат өлшемі.
- 3.Ғылым танымның арнаулы формасы ретінде.

Бақылауға арналған сұрақтар:

- 1.Таным дегеніміз не ?
- 2.Ақиқатқа жетудің танымдық көздері неде?
- 3.Ғылым дегеніміз не?
- 4.Философиялық білімнің дамуындағы гносеологияның атқаратын қызметі қандай?
- 5.Танымдағы түсінік пен баяндаудың, рефлексиямен байланысын қалай түсінесіз?
- 6.Рационализм мен сенсуализмнің айырмашылығы мен ұқсастығы неде?

Негізгі ұғымдар:

Гносеология- адамның таным процесіндегі субъект пен объектінің арақатынасын , адам білімінің шындыққа қатынасын , адамның дүниені танып- білу мүмкіндігін , танымдық білімдердің ақиқаттылығын зерттейтін философиялық ілім.

Таным- бұл рухани іс- әрекет, адамның алға қойған мақсатының негізін құрайтын білімдерді қалыптастырушы , адамның шығармашылық қызметтерінің көғамдық- тарихи өрісі.

Сана- адам танымына тән объективті шындықты бейнелеудің жоғарғы формасы.

Сезім- адамдардың бір - біріне, объективті дүниеге көзқарасын білдіретін, шындықты бейнелеудің ерекше формасы.

Сенсуализм- танымның қайнар көзі, бастауы , тек қана түйсік деп есептейтін гносеологиялық ілім.

Рационализм- танымдағы зерде қызметінің белсенділігін, білімнің логикалық белгілерін, жалпылық пен қажеттілікті ақылға тән ұғымдар деп танитын гносеологиялық ілім.

Тіл- кез келген табиғи құбылыстың, адамның іс- әрекеті процессінде танымдық және коммуникативтік қызметін атқаратын белгілер жүйесі.

Тітіркену- барлық тіршілік иесінің сыртқы ортаның әсеріне құрылыстық және функциялық жағынан жауап қайыруынан көрінетін қасиет.

Рефлексия - адамның ойлаушы жан ретіндегі маңызды қасиеті.

Ұғым- дүниені таны білу сатысындағы белгілі бір тұтастықта қарастырылып отырған нәрсенің мәнін, оның танымдағы қалыптасу жолын, анықтайтын рационалдық танымның категориясы.

Эмпиризм- сезім тәжірибесін білімнің бірден- бір көзі деп есептейтін, барлық білімнің тәжірибеге сүйенетіндігін және тәжірибе арқыл алынатындығын мойындайтын таным теориясындағы бағыт.

Идеализация- кейбір абстракциялық объектілердің пайда болуынан туындайтын, негізінде тәжірибе мен шындыққа жанаспайтын ойлау актісі.

Мәнжазба тақырыптары

- 1.Философиядағы сана жөніндегі ойдың дамуы.
- 2.Иррационализм.
- 3.Сананың материалистік тұжырымдамасы.
- 4.Еңбек және сана.
- 5.Тіл және сана..
- 6.Әлемнің тұтастығы мен көп қырлылығы.
- 7.Философиядағы таны объектісі мәселесі.
- 8.Философиялық танымның функциялары.
- 9.Таным субъектісі.
- 10.Рационалдық таным.

Әдебиеттер:

- 1.Әбішев Қ. Философия А., 1999.
- 2.Әбішев Қ., Әбжанов Т. Философия тарихындағы таным теориясы және метод проблемасы. А., 1990.
- 3.Қариев З. Даму. А., 1993.
- 4.Гайниев И. А. Размышления о познании. М., 1996.
- 5.Кун Т. Структура научных революций. М., 1983.
- 6.Любути́н К. Н. Проблема субъекта объекта в немецкой классической философий М. 1983.
- 7.Ильенков Э. В. Диалектическая логика; Очерки, истории и теории. М. 1989.
- 8.Философиялық сөздік А., 1996.

Тақырып 13. Философиядағы адам мәселесі.

Сабақтың мақсаты: Адам мәселесінің 20-ғасырда философияда орталық орын алу себептерін және философиялық антропологияның теориялық негізін қарастыру; адамды зерттеудегі философиялық антропологияның жетістіктері мен сәтсіздіктерін ашу; құндылықтар мәселесіне және олардың өмірлік әрекетін реттеудегі ролі.

Семинар сабағының жоспары:

- 1.Қазіргі философиялық антропологияның пайда болуының әлеуметтік-тарихи жағдайлары және оның негізгі өкілдері: М.Шелер, А.Гелен, Х.Плесснер.
2. М.Шелер бойынша антропологиялық ілімдердің типтері және адамды әртүрлі анықтау.
3. Адам мәдениетті жасаушы және мәдениет туындысы.
4. Философиялық антропологиядағы құндылықтар мәселесі. Аксиологиялық дағдарыс мәселесі.

Бақылауға арналған сұрақтар:

- 1.Философиялық антропология дегеніміз не?
- 2.Ежелгі грек философтарының қайсысы адам мәселесін өзінің қарастыруының ортасы етті.
- 3.Философиялық антропологияның басты өкілдерін атаңыз.
- 4."Индивид", "Жекелік", "Жеке тұлға", "Адам" ұғымдарының мазмұндарындағы айырмашылықты көрсетіңіз.
- 5.Антропосоциогенез ұғымы нені белгілейді?
- 6.Жеке тұлғаны қалыптастыратын негізгі факторлар қандай?
- 7.Жалпы қабылданған тәртіп нормаларын бұзатын адамдарды жеке тұлға деп атауға бола ма (қылмыскерлер, нашақорлар т.т.).
- 8.Жеке тұлғаның құрылымына қандай элементтер кіреді?
- 9.Адам әрекетінің қозғаушы факторы қандай?

Негізгі ұғымдар (гlossарий):

Философиялық антропология- кең мағынада - адам табиғаты және мәні туралы философиялық ілім; тар мағынада - 20ғ. 20-жылдарында пайда болған, негізін салушы М.Шелер саналатын, философиялық бағыт. Бұл тұрғыда, философиялық антропология жаңа методологиялық тұжырымдамалармен емес, ең алдымен өзінің объектісімен - өз болмысы, өз мәдениеті арасындағы адам арқылы айырықшаланады. Қазіргі батыс философтарының антропологиялық көзқарастарын мынаған саялауға болады: адам болмысының, адам жекелігінің, шығармашылық мүмкіндіктерінің негіздері мен сфераларын анықтауға тырысу, сол арқылы және содан адам табиғатын, сонымен қатар қоршаған дүниенің мәні мен мағынасын түсіндіру. Философиялық антропологияның мынадай бағыттарын шығаруға болады: биологиялық, мәдени, діни, педагогикалық және т.б.

Адам- тіршіліктің жердегі ең жоғарғы сатысын, қоғамдық-тарихи дамудың нәтижесі әрі субъектін, табиғи және әлеуметтік, материалды және рухани белгілер жиынтығы мен бірлігін белгілейтін ұғым.

Индивид - адам тегінің дербес өкілін белгілейтін ұғым.

Жеке тұлға- әлеуметтік сипаттары бар, ерекше әлеуметтік белгілер мен рольдер атқаратын, қоғамдағы және дүниедегі өзінің орнын саналы сезінетін және өз іс-әрекетіне жауапты адам.

Жекелік- тек өзіне ғана тән қайталанбас белгілері мен сипаттары бар адам, индивид.

Құндылықтар- адамдардың қоғамдық-тарихи әрекеті жүйесіндегі жағымды мағыналы ерекше әлеуметтік феномен. Құндылық - белгілі қоғамдық жағымдылық, нәрселердің, құбылыстардың адамдар әрекетінің мақсаты және құралы ретіндегі қызметі.

Аксиология- құндылықтарды зерттейтін философиялық пән.

Жаттану- әртүрлі гуманитарлық ғылымдарда қолданылатын ұғым.

Маркстік философияда жаттану деп адам әрекетінің және оның нәтижелерінің адамға дұшпан, дербес күшке объективті айналуы және адамды бағындыруы айтылады. Қазіргі батыстық философиялық ойлауда жаттану - адамның өзінің мәніне қарама-қарсылығы, тасталғандық сезім, бейтарап, жау дүниеде қажет еместігін көрсететін объективті жағдай. Тар мағынада, жаттану деп заттардың адамға үйлесімділігі, тауарлық - ақша қатынастарының, техника мен технологияның адамға қожалығын айтамыз, кең мағынада - жаттану дегеніміз адамдардың барлық әлеуметтік қатынастарының жиынтығының сапалық сипаты.

Мәнжазба тақырыптары

1. Қазіргі философиялық антропологияның идеялық көздері - Фихте, Кант ілімдері.
2. Құндылықтардың адам өміріндегі ролі және қазіргі аксиологиялық дағдарыс.
3. Сүйіспеншілік - құндылық ретінде.
4. Қажеттіктер адам әрекетінің қозғаушы күші ретінде.
5. Философиялық антропология және фрейдизм.
6. Э.Фромм ілімі және философиялық антропология.
7. Адам табиғат әлемінде.
8. Философиялық антропология өмір мағынасы туралы.
9. Жеке тұлға, қоғам, мәдениет.
10. Жеке тұлға өтпелі қоғамда: мәселелері мен қайшылықтар.
11. Адам әрекетінің детерминанттары - қажеттіктер, мүдделер, құндылықтар және олардың өзара байланысы.

Әдебиеттер:

1. Проблема человека в западной философии – Общая ред. Ю.Н.Попова. М., «Прогресс», 1988.
2. Г.Скирбек, Н.Гилье. История философии. – М., Владос, 2001.
3. П.В.Алексеев. Социальная философия. Учебное пособие – М., «Проспект», 2003.
4. Философия. Часть первая. История философии. Учебное пособие – М., Юрист, 2001.
5. Б.М.Марков. Философская антропология. Очерки истории и теории – Санкт-Петербург, 1997.

- 6.Л.С.Николаева, С.И.Самыгин, Л.Д.Столяренко. Философия. Экзаменационные ответы для студентов вузов – Ростов-на-Дону, «Феникс», 2002.
- 7.Современная западная философия. Словарь – М, 1991.
- 8.Философия. Учебник – М, ТОН/ТОНЕ, 1998.
- 9.Философский энциклопедический словарь – М, Советская энциклопедия, 1983.
- 10.Әлеуметтік философия. Хрестоматия. - Алматы, 1999.

Тақырып 14. Қоғам философиясы.

Мақсаты: Қоғамды анықтаудың әртүрлі тұрғысын қарастырып, олардың мәнді айырмашылықтарын ашу; қоғамдық дамудың формациялық және өркениеттік концепцияларының мазмұнын көрсету; қоғамның құрылымдық элементтерін талдап, ерекшеліктері мен өзара байланысын ашу; қазіргі заманның глобальді мәселелеріне, оларды шешу жолдарына және "Шығыс" пен "Батыс" өзара қарым-қатынасына ерекше назар аудару.

Семинар сабағының жоспары:

1. Қоғам ұғымы. Қоғамды әртүрлі тұрғыдан анықтау.
2. Қоғам дамуының натуралистік концепциялары.
3. Әлеуметтанудағы географиялық бағыт.
4. Қоғам дамуының идеалистік концепциялары.
5. Формациялық көзқарастың басты идеялары.
6. Қоғам дамуының өркениеттік концепциялары.

Бақылауға арналған сұрақтар:

- 1."Қоғам" ұғымының әртүрлі мағынада қолдану мысалдарын келтіріңіз.
- 2.Философиялық тұрғыдан қоғам дегеніміз не?
- 3.Фатализм мен волюнтаризм дегеніміз не?
- 4.Маркстік қоғамдық-экономикалық формациялар теорияның басты ұғымдары қандай?
- 5.Қоғам әруақытта прогрессивтік бағытта дами ма?
- 6.Қазіргі глобальді мәселелердің қайсысы, сіздің ойыңызша, ең бастысы және неліктен?
- 7.Мәдениет дегеніміз не?
- 8.Қазіргі Қазақстанды неліктен транзиттік қоғам деп жиі атайды?
- 9.Қоғамдық өмірдің негізгі салалары қандай?

Негізгі ұғымдар:

Қоғам- адамдардың біріккен практикалық әрекетінде қалыптасатын, белгілі тарихи ортада өмір сүретін қоғамдық қатынастар жүйесі. Сонымен, қоғам дегеніміз индивидтердің барлық өзара байланыстары мен қатынастары.

Әлеуметтанудағы географиялық бағыт- халықтар мен елдердің дамуында олардың географиялық жағдайы мен қоршаған табиғи орта басты роль атқарады деп есептейтін натуралистік ілімдер.

Фатализм- адамның әрбір ісі мен әрекеті алдын-ала жазмышпен, тағдырмен анықталған деп санайтын көзқарас.

Волюнтаризм- болмыстың жоғары бастамасы ретінде ерікті қарастыратын философиялық ілім. Тұрпайы түсінудің түрі - қоғамдық жүйенің тарихи процесінің жүзеге асуындағы объективті заңдары мойындамайтын, барлығы да адам еркінде деп пайымдау.

Қоғамдық келісім теориясы- адамдардың табиғи жағдайының орнына барлығы қабылдайтын, келісілген билік, яғни саяси ұжым - мемлекеттің пайда болуы жайында концепция. Қоғамдық келісімнің мәні - адамдардың өзара қауіпсіздігі үшін, меншік кепілі және басқа да пайда үшін өздерінің еркімен өз бостандығын шектеуі. Қоғамдық келісім теориясының белгілі өкілдері - Руссо, Гоббс, Кант.

Қоғамдық-экономикалық формация- тарихты материалистік пайымдаудың бастапқы және орталық ұғымы. Бұл - қоғамдағы басым өндірістік қатынастар заңдары бойынша қызметін атқаратын және дамитын қоғамдық тарихи тип, әлеуметтік организм. Бұл ұғым маркстік әлеуметтік философияның шешуші ұғымдарының бірі. Тарихи бес қоғамдық-экономикалық формация орын алады: ол - алғашқы қауым, құл иеленушілік феодализм, капитализм, коммунизм.

Өндіргіш күштер және өндірістік қатынастар- материалдық өндірістің екі жағын сипаттайтын категориялар. Өндіргіш күштер - материалдық құндылықтарды жасауға қолданылатын, белсенді, өзгертуші факторлар. Бұған еңбек құралдары мен осы құралдарды іске қосатын адамдардың өзі жатады. Өндірістік қатынастар - материалдық өндіріс процесінде адамдар арасында пайда болатын қатынастар.

Базис және қондырғы- қоғамдық-экономикалық формацияның негізгі элементтері. Базис дегеніміз - қоғамдағы билікті және басым экономикалық қатынастардың жиынтығы. Қондырғы дегеніміз - идеялардың (саяси, құқықтық, моральдік, көркемдік, философиялық), мекемелердің және қатынастардың жиынтығы. Жалпы алғанда, қондырғы базиске қызмет етеді, оның дамуына көмектеседі, алайда бұл процесті механикалық және догматикалық емес, диалектикалық тұрғыдан пайымдау қажет.

Мәдениет- адамдардың материалдық және рухани әрекетінің жиынтығы мен нәтижелер жүйесі, және белгілі қоғамның өмір сүру тәсілі.

Мәнжазба тақырыптары:

1. Қоғам жүйе ретінде.
2. Қоғамдық дамудың формациялық, өркениеттік және мәдениеттік концепциялары.
3. Қоғамдық болмыс пен қоғамдық сана диалектикасы.
4. Қоғам және табиғат: өзара байланыс мәселесі.

- 5.Қоғам дамушы жүйе ретінде: эволюция және революция.
- 6.Қазақ ағартушылары: А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлихановтың әлеуметтік-философиялық көзқарастары.
- 7.Ұлттық даму және ұлттық өзіндік сана.
- 8.Қазіргі глобалді мәселелер және оларды шешу жолдары.
- 9.Техника философиясы.
- 10.Философия және ғылым.
- 11.Қазіргі қоғамдығы діннің орны мен ролі.
- 12.Мәдениет философиясы.
- 13.Қазіргі Қазақстан транзиттік қоғам ретінде: қиындықтар, мәселелер және қайшылықтар.
- 14."Батыс" және "Шығыс" - диалог па әлде өркениеттік қарсылық па?

Әдебиеттер:

- 1.Философия. Часть первая. История философии. Учебное пособие – М., Юрист, 2001.
- 2.Б.М.Марков. Философская антропология. Очерки истории и теории – Санкт-Петербург, 1997.
- 3.Л.С.Николаева, С.И.Самыгин, Л.Д.Столяренко. Философия. Экзаменационные ответы для студентов вузов – Ростов-на-Дону, «Феникс», 2002.
- 4.Современная западная философия. Словарь – М, 1991.
- 5.Философия. Учебник – М, ТОН/ТОНЕ, 1998.
- 6.Философский энциклопедический словарь – М, Советская энциклопедия, 1983.
- 7.Әлеуметтік философия. Хрестоматия. - Алматы, 1999.

Тақырып 15. Қазіргі заманның өзекті мәселелерін философиялық талдау.

Сабақтың мақсаты: Студенттерге қазіргі заманның жаһандық мәселелерін сипаттау. Рим клубының құрылуы- жаһандық мәселелерге назар аудару және оларды шешу жолдарын іздеу талпынысы туралы түсінік беру. Қазіргі заманғы жаһандық сананың ерекшелігі туралы ұғындыру.

Семинар сабағының жоспары.

1. Көз жетер болашақ және алыстағы көкжиек.
2. Ғылыми- техникалық революция және болашақ проблемалары.
3. Жаңаша ойлау.

Бақылауға арналған сұрақтар.

- 1.Адам және адамзат ауқымды проблемалар алдында.
- 2.Жаһандану дегеніміз не?
- 3.Дүниежүзілік қауымдастық шеңберіндегі Қазақстан қоғамы.
4. Жаһандану үрдісі шеңберіндегі өзекті мәселелер.

Тапсырмаларға арналған тест сұрақтары.

1. Философия анықтамаларының бірі:

- A) табиғаттың, қоғамның және танымның дамуының жалпы заңдары туралы ғылым.
- B) жоғарыдан ашылатын ақиқаттарға сенім.
- C) табиғатты тану.
- D) қоғам туралы ғылым.
- E) аспан денелері қозғалысының теориясы.

2. Көзқарас дегеніміз:

- A) дүниеге, адамның дүниеде алатын орнына деген көзқарастардың жүйесі.
- B) адамның дүние, өзі, өзінің дүниеге қатынасы, дүниедегі орны жөніндегі ойы, пікірі, түсінігі.
- C) адамгершілік принциптерінің жүйесі.
- D) дүниені танып-білуді білдіретін қағидалардың жиынтығы.
- E) дүниеге діни көзқарас.

3. Философияның бетке ұстар нысанасы:

- A) дүниенің құрылымы.
- B) өмірдің мәні.
- C) жерден тысқары өркениет.
- D) Адам және Дүние.
- E) экологиялық дағдарыс.

4. Философиядағы негізгі екі бағыт:

- A) материализм мен идеализм.
- B) апологетика мен патристика.
- C) реализм мен номинализм.
- D) позитивизм мен неокантшылдық.
- E) скептицизм мен стоицизм.

5. Философиялық танымның негізгі бөлімдерін атап беріңіз:

- A) онтология, гносеология, логика, аксиология.
- B) өнертану, лингвистика, шығыстану.
- C) софистика, эклектика, догматизм.
- D) идеология, космология, мифология.
- E) социология, мәдениеттану, политология.

6. Дүниеге көзқарас типтерінің тарихи тізбегі қандай?

- A) миф, дін, философия.
- B) миф, философия, дін.
- C) дін, философия, миф.
- D) философия, дін, миф.
- E) философия, миф, дін.

7. Философиялық танымның ерекшелігі неде?

- A) жалпылығында, әмбебаптығында, өмірмәндік толыққандылығында.
- B) практика қажеттерінен қол үзіп алыстатылғандығында.
- C) сезімдік - эмоционалдық нақтылығында.
- D) абстрактылы теоретикалығында.
- E) реалдылықты объективті бейнелеуінде.

8. Философияның негізгі мәселесі (Ф.Энгельсше):

- A) ойлаудың болмысқа қатынасы.
- B) бостандық пен өмір.
- C) әлемдегі кеңістік қандай.
- D) жасанды интеллект деген не?
- E) адам дегеніміз кім?

9. Бір де бірегей бастаманы мойындайтын философиялық ілім?

- A) монизм.
- B) плюрализм.
- C) релятивизм.
- D) дуализм.
- E) конвенционализм.

10. Философия пайда болды және қалыптасты:

- A) Көне Грекияда.
- B) Вавилонда.
- C) Көне Мысырда.
- D) Көне Иранда.
- E) Көне Римде.

11. Конфуцийшылдардың негізгі көңіл аударған, айналысқан қоғамдық мәселелері:

- A) адамдар арасындағы қарым-қатынас, тәрбие мәселесі.
- B) адамдар арасындағы қатынас, басқару мәселесі.
- C) мемлекетті басқару және мәдениетті өркендету мәселесі.
- D) тәрбие мәселесі, оқу-білім және оны ұйымдастыру жұмыстары.
- E) адам және табиғат арасындағы қатынас.

12. Кун фу-цзы ілімінше, ең жоғары жаратушы күш:

- A) аспан.
- B) күн.
- C) ай.
- D) құдай.
- E) жер.

13. Конфуцийшылдар көп көңіл аударған ұғымдар:

- A) тең орта, адамгершілік және өзара сүйіспеншілік.
- B) іс-әрекет, мінез-құлық, адамгершілік.
- C) дәстүр, адамдардың қарым-қатынасы, табиғат.
- D) өзара сүйіспеншілік, адам мәселесі, болмыс.
- E) болмыс, тең орта, құдай.

14. Тең орта деген не?

- A) адамдардың сабырсыздық пен сақтықтың арасындағы іс-әрекеті.
- B) ата-анасын құрметтеу, сыйлау.
- C) адамдардың батырлығы мен қорқақтығының арасындағы іс-әрекет.
- D) үлкен ағаларын сыйлау.
- E) өзара сүйіспеншілік арқылы қарым-қатынас әрекеті.

15. Конфуцийшылдардың пікірінше адамгершілік негізі неде?

- А) "жэнь" - "ата-анасын құрметтеу және үлкен ағаларын сыйлау, жалпы алғанда үлкендерді сыйлау.
- В) мемлекетті басқарушыларды құрметтеу және оларды сыйлау.
- С) мемлекетте қалыптасқан заңдарды құрметтеу және оларды мүлтіксіз орындау.
- Д) бұрынғы ұлттық салт-жораны, дәстүрді мадақтау және оларды тарату.
- Е) құдайға құлшылық істеу, құрбандық шалу

16. Конфуцийшілдердің әдептілік қағидасы қалай айтылады?

- А) өзің қаламайтын нәрсені басқа біреуге тілеме.
- В) өзің қаламайтын нәрсені басқа біреуге жаса.
- С) өзің қаламайтын нәрсені басшылыққа алып, іс-әрекет жаса.
- Д) мемлекеттік заңды орындау басты әдептілік қағидасы.
- Е) басқаларды сүймесеңде өзінді сүй, туысқандарыңды сила.

17. Барлық нәрсе өзгерісте болады, уақыт тоқтамай өтіп жатады"- деген кім?

- А) Кун Фу-цзы
- В) Мэн-цзы
- С) Сюнь-цзы
- Д) Лао-цзы
- Е) Шан Ян

18. Аспанның еркі - адамдардың жігер-еркі арқылы көрінеді деген пікірді кім айтқан?

- А) Мэн-цзы.
- В) Лао-цзы.
- С) Кун Фу-цзы.
- Д) Хань Фей-цзы.
- Е) Сюнь-цзы.

19. Әлем жөніндегі Сюнь-цзының басты пікірі:

- А) әлем өзінің табиғи заңдылықтарымен өмір сүреді, оны зерттеп, сырын ұқса, өз қажетіңе жаратуға болады.
- В) әлем жоғары күш аспанның басшылығымен өмір сүреді, оны өзгерту мүмкін емес.
- С) әлем жаратушы құдайдың әмірімен өмір сүреді.
- Д) әлемді өзгертуге болады, ол үшін адамзаттың ақыл-ойы дамуы қажет.
- Е) әлем түсінуге болмайтын күрделі құбылыс, сондықтан оны танып-білуге ұмтылудың қажеті жоқ.

20. Дао дегеніміз:

- А) Бәрін қамтитын жалпы дүниетанымдық ұғым, алғашқы бастама, алғашқы түпнегіз.
- В) Қытайдың дамуы мен әдептілікті жетілдірудегі негізгі ұғым.
- С) Адам және оның мәдениеті жөніндегі ілім.
- Д) Қытайдың әлеуметтік-экономикалық даму жолы.
- Е) Адамның адамгершілік, саяси мінез-құлқы.

21. Фалес дүниетанымның бәрі неден пайда болады деді?

- А) Бәрі судан пайда болады және суға айналады деді.

- В) Бәрі оттан пайда болады деді
- С) Бәрі ауадан пайда болады деді.
- Д) Бәрі даодан пайда болады, ол бәрінің көзі, негізі деді
- Е) Бәрі топырақтан пайда болады деді.

22. Анаксимандр дүниенің алғашқы негізгі бастамасы:

- А) апейрон деген.
- В) ауа деген.
- С) су деген.
- Д) аспан деген.
- Е) құдай деген.

23. Анаксимен дүниеде бар нәрсенің бәрінің бастапқы біртұтас материалдық негізі:

- А) ауа деген.
- В) от деген.
- С) құдай деген.
- Д) су деген.
- Е) жер деген.

24. Гераклиттің ілімі бойынша, дүниеде бар нәрселердің бәрінің материалдық негізі:

- А) от.
- В) су.
- С) ауа.
- Д) жер.
- Е) эфир.

25. "Барлығы да қозғалады, бәрі де өзгереді" деген диалектикалық ой-пікірді айтқан кім?

- А) Гераклит.
- В) Демокрит.
- С) Платон.
- Д) Кант.
- Е) Спиноза.

26. Ежелгі Грецияда идеализмнің ең алғашқы негізін салған Пифагор барлық заттардың мәні:

- А) олардың санында, сандық қатынастарында деді.
- В) идеялар жүйесінде деді.
- С) ауаның қатты қозуында деді.
- Д) жер мен аспанның арақатынасында деді.
- Е) жұлдыздардың қозғалысында деді.

27. Демокрит дүниедегінің барлық негізі:

- А) сансыз көп атомдарда деді.
- В) сансыз көп сандарда деді.
- С) сансыз көп адамдарда деді.
- Д) отта деді.
- Е) суда деді.

28. "Ешнәрсе жоқтан пайда болмайды" - деген нақыл сөздің иесі кім?

- A) Лукреций.
- B) Сократ.
- C) Гераклит.
- D) Аристотель.
- E) Пифагор.

29. "Өзіңді өзің танып - біл" деген қағида қалдырған кім?

- A) Сократ.
- B) Гомер.
- C) Платон.
- D) Фейербах.
- E) Ленин.

30. Платонның ілімі бойынша шын дүниеге:

- A) жалпы идеялар - "идеялық мәндер" жатады.
- B) жеке сезімдік заттар мен құбылыстар жатады.
- C) шын дүниенің көлеңкесі, сәулесі жатады.
- D) аспан мен жер ғана жатады.
- E) ләззат.

31. Ортағасырларда маңызды ғылым болып саналған:

- A) Теология.
- B) Гносеология.
- C) Логика.
- D) Онтология.
- E) Аксиология

32. Ортағасырлық философияның бағыты болып табылған реализмді сипаттаңыз:

- A) Жалпы ұғымдар емес, бірлі жарым ғана заттар реалды.
- B) Берілген екі сипаттамада дұрыс.
- C) Заттардың негізі жалпы ұғымдар және олар затқа дейін өмір сүреді.
- D) Заттардың негізі шынайы емес.
- E) Дұрыс жауап жоқ.

33. Ортағасырлық философияның бағыты болып табылған номинализмді сипаттаңыз:

- A) Жалпы ұғымдар немесе универсалийлер ғана шынайы ақиқатқа ие.
- B) Универсалийлер барлық заттарға дейін өмір сүреді.
- C) Жалпы ұғымдар тек қана атаулар болып табылады.
- D) Заттар мен ұғымдар шынайы релды емес.
- E) Барлық жауаптар дұрыс.

34. Ортағасырлық дүниетанымдағы адам мен құдайдың қатынасы қандай?

- A) Адам – Құдайдың жаратылысы.
- B) Құдаймен адамды біріктіру.
- C) Адамның Құдайдан жоғарылығы.
- D) Адам Құдайдың өзі.
- E) Адам мен Құдай антогонизм.

35. Діннің негізгі қызметін атап көрсетіңіз?

- A) Компенсаторлық.
- B) әдістемелік.
- C) Реттеушілік.
- D) Дүниетанымдық.
- E) Прогностикалық.

36. Құдайға наным – сенімді және о дүниені жоққа шығаратын көзқарас қалай аталады?.

- A) Нигилизм.
- B) Атеизм.
- C) Скептицизм.
- D) Солипсизм.
- E) Агностицизм.

37. Реализм мен номинализмнің теориялық келіспеушілігінің мәні неде?.

- A) Жалпы ұғымдардың табиғатын түсіндіруде.
- B) Индивидтің таным шекарасын белгілегенде.
- C) Әсемділіктің қалыптасу проблемасы жөнінде.
- D) Білімнің ақиқаттық критериясын көрсеткен кезде.
- E) Таным принциптерін ойластыруда.

38. Теоцентризм дүниетаным ретінде:

- A) Табиғаттың, адамның, қоғамның өмір сүруін көрсететін құдай – абсолют.
- B) Жердегі өмірдің ұзақ еместігін көрсететін ілім.
- C) Дүниені мәнгі айналада деп көрсететін ілім.
- D) Болмыстың әрдайым қайталантындығы туралы ілім.
- E) Жердегі өмірді мадақтау.

39. Августиннің «Тәубеге келу» деген кітабында көтерген проблемасы:

- A) Реалды дүниеден жоғарғы дүниені тану.
- B) Идеалды қоғамды құру.
- C) Адам еркін.
- D) Адамгершілік.
- E) Адам күнәсі туралы.

40. «Құдай қаласы» деп аталатын еңбектің авторы кім?

- A) Фома Аквинский.
- B) Абеляр.
- C) Киприан.
- D) Августин.
- E) Кант.

41. Жаңа уақыт (XVІІ ғ.) философиясының ерекше тән белгісі:

- A) теоцентризм;
- B) пантеизм;
- C) космоцентризм;
- D) ғылыми центризм
- E) антропоцентризм;

42. Эмпиризмнің негізгі қағидасы:

- A) зерде дүниені танып-білудің негізгі қайнар көзі болып табылады.
- B) құдай ашылу танымның қайнар көзі болып табылады.

- С) танымның ең жоғары түрі – интуиция.
- Д) дүниені танып-білуге болмайды.
- Е) адамның барлық білімі тәжірибеге негізделеді.

43. Рационализмнің негізгі қағидасы:

- А) дүниені принципті түрде танып-білуге болмайды.
- В) адамның танымдық іс-әрекетінде алдыңғы роль зердеге жатады.
- С) ғылымда басты ролді тәжірибе, эксперимент атқарады.
- Д) таным Құдай ашылу арқылы ғана мүмкін болады.
- Е) дүниені танып-білу екі талай, күдік туғызады.

44. Ф.Бэкон қай философиялық бағыттың негізін салушы?

- А) агностицизмнің
- В) плюрализмнің
- С) эмпиризмнің
- Д) монизмнің
- Е) дуализмнің

45. Ойлаудың индуктивтік методіның негізін қалаушы кім?

- А) Б.Спиноза.
- В) Р.Декарт.
- С) Дж. Локк.
- Д) Ф.Бэкон.
- Е) Т.Гоббс.

46. "Білім - күш деген афоризмнің" авторы кім?

- А) Ф. Бэкон.
- В) Дж. Беркли.
- С) Дж. Локк.
- Д) Г.Лейбниц.
- Е) Д.Юм.

47. Барлық адамдардың табиғи теңдігі жөніндегі тұжырымды құрған:

- А) Ф.Бэкон.
- В) И.Кант.
- С) Л.Фейербах.
- Д) Т.Гоббс.
- Е) Дж. Локк.

48. Төменде келтірілген философтардың қайсысы дуализмнің өкілі болып табылады?

- А) Д.Юм.
- В) Р. Декарт.
- С) Т.Гоббс.
- Д) П. Гольбах.
- Е) Ф. Бэкон.

49. Р.Декарт ойлаудың қай методіна сүйенген?

- А) софистикалық.
- В) схоластикалық.
- С) дедуктивтік методқа.
- Д) индуктивтік.

Е) аксиоматикалық.

50. "Мен ойлаймын, демек өмір сүремін" дейтін қанатты сөздердің авторы?

А) И.Кант.

В) Гоббс.

С) Ф.Бэкон.

Д) Декарт.

Е) Спиноза.

51. Қайта Өрлеу заманы философиясының атақты бір өкілі:

А) Бердяев.

В) Фома Аквинский.

С) Авиценна.

Д) Аристотель.

Е) Николай Кузанский.

52. Қайта өрлеу заманы философиясының өкілдері:

А) Н.Кузанский, Дж. Бруно, Н.Коперник.

В) Ф.Аквинский, П.Абеляр, Д.Скот.

С) Гераклит, Демокрит, Зенон.

Д) Ф.Бэкон, Р.Декарт, Дж. Локк.

Е) Вольтер, Руссо, Дидро.

53. Дүниенің гелиоцентрлік жүйесінің негізін қалаушы, Қайта өрлеу заманы философиясының өкілі:

А) Архимед.

В) Птоломей.

С) Коперник.

Д) Лаплас.

Е) Галилей.

54. Қайта өрлеу дәуіріндегі әлемнің шексіздігі жөніндегі философиялық қағиданың авторы кім?

А) Ньютон.

В) Бруно.

С) Кеплер.

Д) Галилей.

Е) Коперник.

55. Шіркеу тарапынан еркін ойлары үшін "еретик" аталып, өртеліп жіберілген Қайта өрлеу заманының көрнекті өкілі:

А) Т.Кампанелла.

В) Н. Кузанский.

С) Л. Валла.

Д) Дж.Бруно.

Е) Л. Да Винчи.

56. Қайта өрлеу дәуіріне сай келетін адам түсінігі:

А) адам - жасампаз суреткер.

В) адам - ойлай білетін жан иесі.

С) адам - құдайдың жан бітіріп берген жасамысы.

D) адам - қоғамы жан иесі.

E) адам - микрокосм.

57. Қайта Өрлеу дәуірі философиясының басты ерекшелігі:

A) теоцентризм.

B) технократизм.

C) сциентизм.

D) антропоцентризм.

E) космоцентризм.

58. Қайта өрлеу дәуірі ойшылдарының қайсысы "Государь" атты кітаптың авторы болып табылады:

A) Никколо Макиавелли.

B) Мишель де Монтень.

C) Эразм Роттердамский.

D) Леонардо да Винчи.

E) Томас Мор.

59. Қайта өрлеу дәуірінде бастапқы әлеуметтік утопияға философиялық көзқараспен ден қойған:

A) Данте.

B) Т.Мор.

C) Э.Роттердамский.

D) Ф.Петрарка.

E) Л.Валло.

60. "Тарих саясатты жасайды",-деп тұжырымдаған:

A) Ж.Руссо.

B) Н.Макиавелли.

C) В.Ленин.

D) Т.Кампанелла.

E) Т.Гоббс.

61. Неміс классикалық философиясының негізін қалаушы:

A) Кант.

B) Гегель.

C) Фейербах.

D) Шеллинг.

E) Фихте.

62. Сыни кезеңге дейін Кант негізінен

A) ғалым.

B) философ.

C) ағартушы.

D) жазушы.

E) ұстаз.

63. Философтар есімдерінің тізбегінде жетіспей тұрған буынды толтырыңыз: Кант-Фихте - Шеллинг....Фейербах:

A) Гегель.

B) Гердер.

C) Гете.

- Д) Маркс.
- Е) Лейбниц.

64. И.Кант ілімін сипаттаңыз:

- А) таным табиғатын ашқан, философияда төңкеріс жасаған ілім.
- В) объективтік идеализм.
- С) панлогизм.
- Д) антропологиялық материализм.
- Е) гносеологиялық оптимизм.

65. И.Кант бойынша дүниені бірегей тұтастығында ойлауға, сөйтіп өзіндік заттар дүниесін тануға бет алған ақыл-ой кезігетін шешілмейтін қайшылық қалай аталады?

- А) антиномия.
- В) апория.
- С) дилемма.
- Д) антитезис.
- Е) триада.

66. Таным белсенділігі жөніндегі идеяны алғаш ұсынған:

- А) Кант
- В) Фихте
- С) Гегель
- Д) Фейербах
- Е) Маркс

67. Пайымның категориялары тәжірибеге дейін берілген және өзіндік заттар дүниесіне ешқандай қатынасы жоқ дейтін И.Кант:

- А) априоризм.
- В) монизм.
- С) реализм.
- Д) гилозоизм.
- Е) пантеизм.

68. Категориялық императив ұғымын ұсынған:

- А) Кант.
- В) Спиноза.
- С) Фихте.
- Д) Гегель.
- Е) Маркс.

69. "Өзіндік зат":

- А) танылмаған нәрсе
- В) утопиялық ұғым
- С) ешқандай мәні жоқ атау
- Д) сыртқы дүниедегі нәрсе
- Е) идеалистік ұғым

70. И.Фихтенің негізгі шығармасын көрсетіңіз?

- А) "Ғылым-ілім".
- В) "Логика ұғымы".
- С) "Христиандықтың мәні".

D) "Таза ақылды сынау"

E) "Табиғат философиясының идеялар".

71. Тарихтың материалистік түсінігін тарихта алғаш жасап берген кім?

A) Г.В.Плеханов

B) Л.Фейербах

C) К.Маркс

D) Вольтер

E) Ж.Ж.Руссо

72. К.Маркстің негізгі еңбегі қалай аталады?

A) "Табиғат диалектикасы"

B) "Этика"

C) "Тарих философиясы"

D) "Капитал"

E) "Логика ғылымы"

73. К.Маркс ілімі бойынша қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың арақатынасы қандай?

A) қоғамдық болмыс қоғамдық сананы анықтайды.

B) қоғамдық сана қоғамдық болмысты анықтайды.

C) олар бір-бірімен абсолютті түрде байланысты емес.

D) олар өзара антогонистік қатынаста.

E) олар бір-бірімен толық.

74. Марксизм философияның негізін қалаушыларды көрсетіңіз:

A) Левкипп пен Демокрит.

B) К.Маркс пен Ф.Энгельс.

C) Ф.Бэкон мен Р.Декарт.

D) Г.В.Плеханов пен В.И.Ленин.

E) П.Гольбах пен К.Гельвеций.

75. Ф.Энгельстің өз заманы тұсында жаратылыстанудың жаңалықтарын философиялық тұрғыдан топшылаған шығармасының аты:

A) "Табиғат философиясы"

B) "Анти-Дюринг"

C) "Философиялық дәптерлер"

D) "Табиғат диалектикасы"

E) "Математикалық қолжазбалар".

76. Марксизм философиясының басты ұғымы

A) сана.

B) ойлау.

C) идея.

D) материя.

E) құдай

77. Ленин басты, негізгі деп санаған диалектика заңы

A) сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге ауысу заңы.

B) қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі заңы.

С) Терістеуді терістеу заңы.

Д) мән және құбылыс заңы.

Е) жеткілікті негіз заңы.

78. "Материализм мен эмприокритицизм" еңбегінің авторы кім?

А) В.И.Ленин.

В) К.Маркс.

С) Н.Г. Чернышевский.

Д) Н.Федоров.

Е) Н.Бердяев.

79. Тарихи процесті жіктеудің формациялық концепциясының авторы кім?

А) К.Ясперс.

В) К.Маркс.

С) О.Шпенглер.

Д) П.Сорокин.

Е) Гегель.

80. Марксизм философиясында дүниенің бірлігі қалай түсіндіріледі?

А) дүниенің бірлігі оның бар болуында.

В) дүниенің бірлігі оның біртұтастығында.

С) дүниенің бірлігі оның материалдылығында.

Д) дүниенің бірлігі құдайдың жасампаз қызметінің нәтижесі екенінде.

Е) дүниенің бірлігі абсолюттік рухта.

81. " Философиялық хат " трактатының авторы, Ресейдің кейін қалуын сынаушы , белгілі орыс ойшылы:

А) Грибоедев.

В) Бакунин.

С) Герцен.

Д) Огарев.

Е) Чаадаев.

82. Орыс консерватизмінің философиялық идеясын анықтаңыз:

А) дамудың органикалық теориясы.

В) дамудың революциялық теориясы.

С) деспотизм.

Д) материализм.

Е) Республиканизм.

83. Н. Г. Чернышевскийдің, Н. А. Добролюбовтың, Д. И. Писаревтің әлеуметтік - саяси позициясы қандай ?

А) революциялық демократия.

В) консерватизм.

С) славяншылдық.

Д) монархизм.

Е) республиканизм.

84. Төменде аты көрсетілген философтардың қайсысын орыс космизміне жатқызуға болады?

А) Чижевский.

- В) Чернышевский.
- С) Бердяев.
- Д) Чаадаев.
- Е) Белинский.

85. 1922 ж. Советтік Ресейден қудаланған көрнекті орыс философы, XXғ. басындағы орыс діни философиясының бір өкілі, "Еркіндік философиясы", "Шығармашылық мәні", "Тарих мәнісі" және т.б. шығармалардың авторы:

- А) Н.А. Бердяев.
- В) В.И. Вернадский.
- С) П.А. Флоренский.
- Д) Л.Н. Толстой.
- Е) В.С.Соловьев.

86. Белгілі орыс жазушысы, публицист әрі ойшыл, Ш.Уәлихановтың досы, "Қылмыс пен жаза" романының авторы:

- А) Ф.М. Достоевский.
- В) Н.А. Добролюбов.
- С) Н.Г. Чернышевский.
- Д) Л.Н. Толстой.
- Е) В.С. Соловьев.

87. Славяндар мен батысшылдар арасында тартыс тудырған мәселені анықтаңыз:

- А) ресейдің және орыс халқының тарихи тағдыры.
- В) қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың арақатынасы.
- С) жалпы ұғымдар табиғаты.
- Д) дүниені танып-білу мәселесі.
- Е) экологиялық мәселе.

88. Төменде аталған ойшылдардың қайсысы XIX-XX ғғ. орыс діни философиясының өкілі болып табылады?

- А) В.С. Соловьев
- В) Н.П. Огарев
- С) М.А. Бакунин
- Д) А.И. Герцен
- Е) В.Г. Белинский.

89. Ресей тарихының кеңестік кезеңінде философиялық ойдың қай бағыты үстем болды?

- А) маркстік-лениндік.
- В) неопозитивистік.
- С) неотомистік.
- Д) орыс космизмі.
- Е) эмпириокритикалық.

90. "Ноосфера" термині нені сипаттайтынын көрсетіңіз:

- А) зерде саласын.
- В) еңбек саласын.
- С) космостық өркениет саласын.

D) микробөлшектердің өзара әсерлесу саласын.

E) геосфераны.

91. Қазақ философиясын сипаттаңыз:

A) бұл даналық және экзистенциалдық философия

B) бұл онтология

C) бұл ғылым

D) бұл әдіснама

E) бұл логика

92. Ежелгі түрік тайпаларының IX – X ғ. Сыр бойында ғұмыр кешкен ұлы ойшылы, жырауы, қобызшысы:

A) Асан Қайғы

B) Қорқыт

C) Ықылас

D) Доспамбет

E) Қазтуған

93. “Көшпенділер философы” (Ш. Уәлиханов) атанған қазақ ойшылы:

A) Шалкиіз

B) Бұқар

C) Асан Қайғы

D) Абай

E) Шәкәрім

94. “Диуани Хикмет” атты философиялық – теологиялық поэманың авторын көрсетіңіз:

A) Әл – Фараби

B) Әл – Ғазали

C) А. Иассауи

D) X. Дулати

E) Ж.Баласағұн

95. “Төрт тұғырық” өлшемдік қағида (әділет, дәулет, ақыл, қанағат) қай шығарманың құрылымдық арқауы болды?

A) “Ақиқат сыйы”

B) ”Даналық кітабы”

C) ”Хакім ата”

D) ”Құтты білік”

E) ”Түркі тілдерінің жинағы”

96. Қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салушылардың бірі, XV – XVI ғ. өмір сүрген новатор - жырау:

A) Қорқыт

B) Бұқар

C) Ақтамберді

D) Шалкиіз

E) Дулат

97. “Зар заман” ақындары атанып кеткен қазақ ойшылдары:

A) Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет

B) Шортанбай, Дулат, Мұрат

- C) Ақтамберді, Бұқар, Шалкиіз
- D) Абай, Шәкәрім, Мағауия
- E) Махамбет, Шалкиіз, Шал ақын

98. “Зар заман” философиялық толғауының авторы:

- A) Дулат
- B) Шортанбай
- C) Асан Қайғы
- D) Қазтуған
- E) Махамбет

99. Біздің заманымызға дейінгі VII ғ. өмір сүрген, сақтан шыққан ойшыл, “жеті ғұламаның” бірі:

- A) Майқы би
- B) Қорқыт
- C) Тоныкөк
- D) Анарыс
- E) Геродот

100. Абылай ханның жәрдемші серігі, ойшыл ақын, жырау өнерінің көрнекті өкілі:

- A) Бұқар жырау
- B) Асан Қайғы
- C) Махамбет
- D) Қазыбек би
- E) Шортанбай

101. Ғылыми танымның негізгі принциптерінің бірі ретінде позитивизм нені есептейді?

- A) интенционалдық (бағыттанғандық)
- B) инструменталдық (аспаптық)
- C) верификация (растау)
- D) детерминация (себептеу)
- E) интерпретация

102. Мәтіндерді және сөйлемдерді пайымдауға негізделген философиялық бағыт қалай аталады?

- A) экзистенциализм.
- B) позитивизм.
- C) аналитикалық философия.
- D) прагматизм.
- E) герменевтика.

103. Қандай философиялық бағыт адам өмірін сандырақ деп санайды:

- A) экзистенциализм.
- B) постпозитивизм.
- C) неотомизм.
- D) эмпириокритицизм.
- E) философиялық антропология.

104. "Болмыс пен және уақыт" атты философиялық шығарма авторы кім?

- A) Ж.-П. Сартр.
- B) М.Хайдеггер.
- C) А.Камю.
- D) Л.Витгенштейн.
- E) Б.Рассел.

105. Қандай философиялық бағыт жеке тұлғаны жоғары құндылық деп санайды:

- A) неотомизм.
- B) персонализм.
- C) лингвистикалық философия.
- D) махизм.
- E) феноменология.

106. Төмендегі ұғымдардың қайсысы маркстік әлеуметтік философияның орталық ұғымдарына жатады:

- A) деконструкция.
- B) шекаралық жағдай.
- C) қоғамдық-экономикалық формация.
- D) "өзі-үшін-болмыс".
- E) "билікке ерік".

107. "Экзистенциализм" термині қалай аударылады?

- A) мән философиясы.
- B) болмыс философиясы.
- C) өмір сүру философиясы.
- D) сүйіспеншілік философиясы.
- E) ғылым философиясы.

108. Қазіргі діни философияға қай бағыт жатады?

- A) экзистенциализм.
- B) феноменология.
- C) структурализм.
- D) герменевтика.
- E) неотомизм.

109. Позитивизмнің үшінші түрі болып қай бағыт саналады:

- A) неопозитивизм.
- B) феноменология.
- C) постпозитивизм.
- D) эмпириокритицизм.
- E) постпозитивизм.

110. "Болмыс пен ештеме" атты шығарманың авторы кім?

- A) Ж.-П.Сартр.
- B) М.Хайдеггер.
- C) К.Маркс.
- D) А.Камю.
- E) Б.Рассел.

111. «Материализм және эмпириокритицизм» еңбегінің авторы:

- A) В. И. Ленин.

- В) Г. В. Плеханов.
- С) Н. Ф. Федоров.
- Д) Н. Г. Чернышевский.
- Е) В. И. Вернадский.

112. Болмыс туралы философиялық ілім:

- А) Гносеология
- В) онтология
- С) антропология
- Д) социология
- Е) аксиология

113. «Материя» категориясы нені бейнелейді ?

- А) объективті реалдылықты
- В) атомдар мен элементарлы бөлшектерді
- С) субъективті реалдылықты
- Д) қоғамдық құбылыстар жиынтығын
- Е) адамның идеялары мен идеалдарын

114. Материя қозғалысының ең жоғары формасы:

- А) биологиялық
- В) физикалық
- С) химиялық
- Д) әлеуметтік
- Е) механикалық

115. Қозғалыс ұғымына философиялық анықтама беріңіз:

- А) қозғалыс – бұл кез – келген өзгеріс
- В) қозғалыс – бұл кеңістіктегі денелердің орын ауыстыруы
- С) қозғалыс – бұл адам түйсіктерінің жиынтығы
- Д) қозғалыс – бұл физикалық – химиялық процестер
- Е) қозғалыс – бұл саналар ағымы

116. Қозғалыстың әлеуметтік формасы – бұл:

- А) қоғамдық қатынастар және байланыстар
- В) белокты денелердің қатынастары
- С) кеңістіктегі денелер қозғалысы
- Д) атомдардың және молекулалардың байланыстары
- Е) оптикалық құбылыстар

117. «Болмыс және уақыт» деген еңбектің авторы:

- А) В. И. Ленин
- В) К. Маркс
- С) Ф. Энгельс
- Д) М. Хайдеггер
- Е) Н. Гартман

118. Кеңістік пен уақыт, ол –

- А) материяның негізгі өмір сүру формалары
- В) қоғамдық қатынаста
- С) физикалық денелер
- Д) табиғи құбылыстар

Е) қозғалыстың негізгі формалары

119. Материализмнің түрлерін көрсетіңіз:

А) тұрпайы, механикалық – метафизикалық, диалектикалық

В) тұрпайы, диалектикалық, антикалық

С) механикалық – метафизикалық, натурфилософиялық, диалектикалық

Д) орыс диалектикасы, тұрпайы, гегельдік

Е) диалектикалық, маркстік, метафизикалық

120. Салыстырмалылық теориясының авторы:

А) А. Эйнштейн

В) И. Ньютон

С) В. И. Ленин

Д) Ф. Энгельс

Е) В. И. Вернадский

121. Диалектика – философиялық ілім:

А) Күн жүйесінң шығу тегі туралы.

В) Әлемнің өзгермейтіндігі туралы.

С) Дамудың жалпы заңдары туралы.

Д) Болмысты танып білу туралы

Е) Кеңістік пен уақыттың относительділігі туралы .

122. Диалектикаға қарама – қарсы методты көрсетіңіз

А) индукция

В) анализ

С) метафизика

Д) дедукция

Е) синтез

123. Даму туралы философиялық ілім:

А) метафизика

В) релятивизм

С) догматизм

Д) эклектика

Е) диалектика

124. Құбылыстардың жалпы заңдылықты себептік уәжділігі туралы ілім:

А) индетерминизм

В) фатализм

С) детерминизм

Д) конвенционализм

Е) кондиционализм

125. Категориялар дегеніміз не?

А) табиғаттағы, қоғамдағы және ойлаудағы жалпы байланыстарды бейнелейтін ең жалпы ұғымдар , практикалық қыметтің идеалдық формалары

В) табиғаттағы, қоғамдағы жалпы байланыстарды бейнелейтін ең жалпы ұғым.

С) ойлаудағы, қоғамдағы жалпы байланыстарды бейнелейтінең жалпы ұғымдар, практикалық қызметтің идеалдық формалары.

Д) ойлаудың және табиғаттың жалпы байланыстарын көрсететін жалпы ұғымдар

Е) табиғат пен адамның арасындағы жалпы байланыстарды көрсететін жалпы ұғымдар.

126. Қай категориялар диалектикаға қатысты :

- А) мазмұн және форма
- В) тап, ұлт, жанұя
- С) күш, энергия, жылдамдық
- Д) ақпарат, байланыс, басқару
- Е) ақша, кіріс, табыс

127. Диалектиканың негізгі принципін көрсетіңіз:

- А) даму принципі
- В) мазмұн және форма
- С) қажеттілік пен кездейсоқтық
- Д) себеп пен салдар
- Е) мән мен құбылыс

128. Материалистік диалектика дегеніміз не?

- А) Ол - табиғаттың, қоғамның және адам ойлауының дамуының ең жалпы заңдарын зерттейтін ғылым.
- В) Ол - табиғаттың және адам дамуының негізгі заңдылықтарын зерттейтін ғылым.
- С) Ол - адамның адам психологиясы мен логикасының даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.
- Д) Ол - табиғаттың және қоғамның дамуының ең жалпы заңдарын зерттейтін ғылым.
- Е) Ол - қоғамның және адамның арасындағы негізгі қатынас заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

129. Дамудың дұрыс анықтамасын көрсетіңіз:

- А) Даму - объектінің сандық өзгерісі
- В) Даму - кез-келген қозғалыс
- С) Даму - шеңбер бойынша қозғалыс
- Д) Даму - жүйенің хаостық қозғалысы
- Е) Даму - төменгі жағдайдан жоғарырақ жағдайға қарай қозғалыс.

130. Философиядағы метафизикалық әдістің ең маңызды белгісін көрсетіңіз:

- А) қандай болсын дамуды, қозғалысты терістеу
- В) дамудың ішкі қайнар көзін терістеу
- С) сыртқы күшті дамудың қайнар көзі деп мойындау
- Д) дамудың шексіздігін терістеу
- Е) метафизикалық әдіс тек қана тілмен байланысты.

131. Көрсетілген элементтердің қайсысы өндірістік қатынастардың мазмұнын құрайды:

- А) әділеттік қатынастар;
- В) қаржылық қатынастар;
- С) меншіктік қатынастар;
- Д) тұтыну қатынастары;
- Е) құқықтық қатынастар;

132. Тарихты материалистік пайымдау принципін кім қалыптастырған:

- А) К.Маркс;
- В) Г.В.Ф.Гегель;
- С) Э.Гуссерль;
- Д) В.И.Ленин;
- Е) К.Ясперс;

133. Төменде көрсетілген элементтердің қайсысы қоғамның саяси жүйесіне жатады:

- А) мемлекет;
- В) отбасы;
- С) халық мәдениеті;
- Д) өнер;
- Е) мораль;

134. Мораль қоғам өмірінің қай саласына жатады:

- А) саяси;
- В) экономикалық;
- С) демографиялық;
- Д) әлеуметтік;
- Е) рухани;

135. Қоғам базисі дегеніміз не?

- А) материалды игіліктер өндіру;
- В) өндірістік тәсіл;
- С) өндіргіш күштер;
- Д) өндірістік қатынастар жүйесі;
- Е) мәдени дәстүрлер мен нормалар;

136. Адам әрекеті алдын-ала берілген тағдыр, жазмышпен анықталады деп санайтын көзқарас қалай аталады:

- А) волюнтаризм;
- В) фатализм;
- С) детерминизм;
- Д) субъективизм;
- Е) эсхатология.

137. Көрсетілген мәселелердің қайсысы глобальді болып саналады:

- А) экологиялық;
- В) элементарлық бөлшектер физикасы;
- С) әлем құрылымы туралы;
- Д) Қазақстандағы табиғатты қорғау;
- Е) тұрақтылықтың математикалық теориясы.

138. Қоғамдық сананың қай түрін этика зерттейді:

- А) дін;
- В) өнер;
- С) саяси сана;
- Д) ғылым;
- Е) мораль.

139. Мәдениеттің ақыры туралы идеяны XX-ғасырда жариялаған кім:

- А)А.Швейцер;
- В)О.Шпенглер;
- С)А.Шопенгауэр;
- Д)Л.Шестов;
- Е) Шри АуробиндоГхоил.

140. Адамға "ойнаушы адам" - деп анықтама берген кім:

- А)Аристотель;
- В)К.Юнг;
- С)Ф.Ницше;
- Д)Л.Хейзинга;
- Е)К.Маркс

Реферат тақырыптары:

- 1.Философия және миф.
- 2.Философия және дін.
- 3.Философия және өнер.
- 4.Философияның негізгі бағыттары: материализм, идеализм, реализм.
- 5.Философия – дүниеге деген ерекше көзқарас.
- 6.Философия құндылықтары және бүгінгі өтпелі қоғам.
- 7.Философияның жоғарғы білім саласындағы алатын орны.
- 8.Философия мен жеке ғылымдырдың байланысы.
- 9.Философияның танымдағы методологиялық қызметі.
- 10.ХХ ғасырдың аяғындағы адамзат тудырған жалпы мәселелерді шешудегі философияның рөлі.
- 11.Қытай философиясының негізгі ерекшеліктері.
- 12.Даосизмдегі диалектикалық көзқарастар.
- 13.Қытайдағы бүгінгі реформалар мен конфуциандық идеологияның байланысы.
- 14.“Фа-цзя” мектебі мен ХХ ғасырдағы тоталитарлық мемлекеттер (тарихи салыстыру)).
- 15.Үнді мифологияларындағы негізгі түсініктер.
- 16.Джайнизм философиясының қағидалары.
- 17.Буддизм - үнді философиясы.
- 18.Грек натурфилософиясы.
- 19.Платонның философиялық көзқарастары.
- 20.Аристотельдің онтологиялық ілімі.
- 21.Адам дүниенің өлшемі бола алама (Протагор мен сұхбаттасу).
- 22.Аристотельдің саяси-этикалық көзқарастары.
- 23.Демокриттің атомистік көзқарасы.
- 24.Стой философиясы.
- 25.Орта ғасырлық философияның адамзаттың рухани өміріндегі алатын орны.
26. Августин - Орта ғасырлық философиясының ұлы тұлғасы.
- 27.Фома Аквинскийдің сезім мен ақыл-ой байланысы жөніндегі ойлары.
- 28.Аль-Фарабидің әлеуметтік-саяси көзқарастары.
- 29.Ибн-Синаның философиялық көзқарастары.
- 30.Ибн-Рошдтың потенциалды интеллект жөніндегі ілімі.
- 31.Орта ғасырдағы номинализм мен реализмнің арасындағы қайшылықтар.
32. Схоластикалық бағыттың философияға сіңірген қызметі.
33. Ибн-Халдунның адам жөніндегі ілімі.
- 34.Ибн-Халдун және қазіргі әлеуметтік философия.
- 35.Қайта Өрлеу Заманы философиясындағы гуманистік ағым.
- 36.Николай Кузанский - Қайта Өрлеу Заманының көрнекті философы.
- 37.Н. Макиавеллидің әлеуметтік-саяси көзқарастары.
- 38.Н. Макиавеллидің саясат пен моральдың қарым-қатынасы жөніндегі көзқарастары.

39. Діни реформация - Қайта Өрлеу Заманындағы рухани өзгерістердің айқын көрінісі
40. Л. Да Винчи - Қайта Өрлеу Заманындағы жан-жақты дамыған тұлға
41. Н.Коперниктің ғылымдағы жасаған төнкерісі.
42. Дж. Бруно және оның философиялық көзқарастары.
43. Протестантық этика және оның маңызы.
44. Қайта Өрлеу заманындағы фатум және фортуна мәселері.
45. Ф.Бэкон - Жаңа дәуірдегі философияның негізін қалаушы.
46. Р.Декарттың рационалдық философиясы.
47. Б.Спинозаның пантеистік ілімі.
48. Ф.Бэконның танымдағы елестері.
49. В.Лейбництің монадологиясы.
50. Дж.Локктың жеке меншік пен азаматтық қоғам жөніндегі ойлары
51. Дж.Локктың танымдық ілімі.
52. В.Лейбництің теодицеясы.
53. Ф. Бэконның танымдық теориясы
54. Т.Гоббстың мемлекет жөніндегі ілімі.
55. Т.Гоббстың мемлекет жөніндегі ілімі.
56. ХУІІІ ғ “Ағарту философиясының ерекшеліктері.
57. Д.Толанд пен А. Коллинздің деистік көзқарастары.
58. А.Шефтсберри мен Б.Мандевильдің моральдық философиялары.
59. Ф.Вольтердің философиялық көзқарастары.
60. Француз энциклопедияшылары.
61. Ш.Монтескьенің мемлекет билігін бөлу принципі.
62. Ж.Ж. Руссоның “қоғамдық шарт” тұжырымдамасы.
63. Маркстік философиядағы материалистік көзқарастың ерекшеліктері.
64. Диалектика және коммунизм идеясы.
65. Ф.Энгельстің “Табиғат диалектикасы”.
66. К.Маркстің қоғамдық-экономикалық формация теориясы
67. ХХ ғ марксизмнің тағдыры.
68. Бейклассикалық философияның дүниеге келуінің негізгі себептері.
69. А.Шопенгауер және оның әлемдік пессимистік философиясы.
70. С.Кьеркегор - экзистенциалдық философияның алғашқы өкілі.
71. О.Конт - позитивизмнің негізін қалаушы.
72. Лингвистикалық философия
73. Постпозитивизм және оның негізгі өкілдері
74. Э.Гуссерль - феноменологияның негізін қалаушы.
75. Герменевтика ілімінің негізгі қағидалары.
76. Ф.Ницше және оның билікке деген еркі.
77. З.Фрейдтің психоанализ ілімі.
78. Э.Фромм: болу, я алу ма?
79. Экзистенциализм ұғымының негізгі қағидалары.
80. ХХ ғ діни философия.
81. Ресей философиясындағы славянофильдер мен батысшылардың бір-бірімен күресі;

82. В.С.Соловьевтің философиялық көзқарастары;
83. Н.А.Бердяевтің философиясы;
84. В.И.Вернадскийдің ноосфера идеясы;
85. Ғарыш философиясы және оның негізгі өкілдері;
86. Қазақ мифологиясының ерекшеліктері.
87. Анахарсис- жеті грек даналарының біріне айналған түркі баба.
88. Ж.Баласұғын және оның философиялық-этикалық ойлары.
89. А.Жұйнекидің нақыл сөздері
90. Сопылық философияның ерекшеліктері
91. қ.Яссауидің діни-этикалық көзқарастары.
92. Асан қайғы - алғашқы қазақ жеріндегі утопист.
93. Бұқар жыраудың дүниетанымдық көзқарастары
94. Ш.Уәлихановтың ағартушылық ойлары.
95. Абайдың адам философиясы
96. Абайдың саяси-құқық көзқарастары.
97. Шәкәрімнің “ар-ұждан философиясы» және оның бүгінгі адамзатқа қажеттігі.
98. ХХғ басындағы ұлттық демократиялық бағыттағы ойшылдар
99. А.Байтұрсынұлының ағарту ісіне қосқан еңбегі.
100. Кеңес заманындағы Отандық философия.
102. Егемен Қазақстандағы философияның дамуы.
- 103.Философиядағы болмыс ұғымы;
- 104.Көне Шығыстағы болмыс мәселесі;
- 105.Парменидтің болмыс ілімі;
- 106.Жалқылық пен жалпылық;
- 107.Тәуелсіздіктің болмыстық мән-мағнасы;
- 108.Сан мен сапалық өзгерістер;
- 109.Өтпелі қоғамдағы секіріс көріністері;
- 110.“Аса ешнәрсе”, - деген нақыл сөздің мән-мағнасы;
- 111.Қозғалыстың қайнар көзі;
- 112.Биологиялық қозғалыс формасының ерекшеліктері;
- 113.Кеңістік пен уақыт жөніндегі субстанциялық көзқарас;
- 114.Әлеуметтік кеңістік пен уақыт мәселесі;
- 115.Даму ұғымы;
- 116.Даму мен қозғалыс;
- 117.Синергетика ілімі;
- 118.Жүйе және элемент;
- 119.Мүмкіндік пен шындық;

- 120.Детерминизм ілімі;
- 121.Қажеттік пен еріктік мәселесі;
- 122.Материя жөніндегі қазіргі жаратылыстанудағы деректер;
- 123.Сана мен тіл;
- 124.Сана мен ми;
- 125.Сана және компьютер;
- 126.Философиядағы “рух” ұғымы;
- 127.Философиядағы таным ілімі;
- 128.Танымның практикалық табиғаты;
- 129.Танымдағы ақиқат мәселесі;
- 130.Сезімдік танымның ерекшеліктері;
- 131.Рационалдық танымның құрылымы;
- 132.Қазіргі ғылымның ерекшеліктері;
- 133.Танымның жалпы методтары;
- 134.Диалектика және метафизика;
- 135.Абстрактылықтан нақтылыққа өрлеу таным жолы;
136. Синергетика ілімінің методологиялық мүмкіндіктері;
- 137.Философия тарихындағы қоғам жөніндегі ойлар;
- 138.Қоғамды материалистік тұрғыдан түсіну ерекшеліктері;
- 139.Аграрлық цивилизация және оның ерекшеліктері;
- 140.Индустриалдық цивилизация;
- 141.Постиндустриалдық цивилизация ерекшеліктері;
- 142.Цивилизациялық тұрғыдағы Қазақстан қоғамының сипаты;
- 143.Қоғам өмірінің негізгі салалары;
- 144.Қоғам және табиғат;
- 145.Қазақстанның экологиялық ақуалы;
146. Меншік және әлеуметтік теңсіздік мәселелері
- 147.Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:
- 148.Қоғам дегеніміз не?
- 149.Қоғамның өндіргіш күштеріне не жатады?
- 150.Қоғам өміріндегі технологиялық және экономикалық қатынастардың айырмашылықтары неде?
- 151.Қоғам және мемлекет ұғымдарын айыра аласыз ба?

152.Билік дегеніміз не?

153.Постиндустриалдық қоғамның оң және теріс жақтарын айыра аласыз ба?

154.Қазақстан қоғамындағы болған жаңа топтану (рестратификация) қандай салдарларға әкелді?

155.Көне философиядағы адам мәселесі;

156.Орта ғасырлық философиядағы алам мәселесі;

157.Қайта Өрлеу заманындағы адам мәселесі;

158.Л.Фейербахтың адам жөніндегі философиялық ойлары;

159.Маркстік философиядағы адам мәселесі;

160.Адамның био-әлеуметтік табиғаты;

